

«Ежелгі дәуір әдебиеті»

«Алып Ер Тұңға» дастаны

- ★ **Тақырыбы:** Алып Ер Тұңғаның ерлігін, батырлығын, беделін, басынан кешкендерін сыр шерту(жоқтау)
- ★ **Идеясы:** Тұран елін сыртқы жаудан қорғау, түркі жұртын ішкі ынтымақ-бірлікке үндеу, туған жердің абырой-даңқын арттыру.
- ★ **Жанры:** Дастан, жоқтау жыры

- ★ **Кейіпкерлері:(қосымша)**

Алып Ер Тұңға - Тұран елінің көсемі, «алып» сөзінің мағынасы қаһарман, мықты қол-басшыға берілетін әскери титул. «Тұңға» сөзінің мағынасы жолбарыс текті аң.

Барысхан деген ұлы мен **Қаз есімді қызы болған**(Қазойын - серуен құрған шаһары, екінші қаласы - Қазсуы, Ілеге құятын өзен бойында).

Қаздың күйеуі - Сияуыш.

- ★ **Маңызды деректер:**

- «Тұран» – Тұр елі – түркілер елі деген сөз. Иран патшалары мен Афрасиабтың соғысы Сейхұн (Сырдария) – Жейхун (Әмудария) шегарасында болған.
 - Алып Ер Тұңға өлімінен бастау алатын жоқтау.
 - «Замана түгел күйреді,
Білімді жақсы сиреді...»
«Білімді батыр жүнжіді,
Замана аты жаншыды.
Ізгілер тәні жидіді,
Жерге тиіп сүртілер,...» - деген жолдарда Алып Ер Тұңға өлімін жалпы замана, өмңрге байланыстыра жырлаған.
 - Халықтың қайғысы қатты болғанын «Бөрідей жұрт ұлысып» деп жеткізген.
 - Батырынан айырлған халықтың қандай күйге түскенін «Замана түгел күйреді» деп сипаттаған.
 - **Көркемдік құралдар:** жоқтау, арнау, кейіптеу, градация, метафора, теңеу, эпитет және т.б.
- ★ Алып Ер Тұңға өлді ме?
Опасыз дүние қалды ма?
Заман өшін алды ма?
Енді жүрек жыртылар...

Бектер атын болдырып,
Қайғы оларды солдырып,
Меңді жүзі сарғайып,
Запыран рең сүртілер.

Бөрідей жұрт ұлысып,
Айқаймен жаға жыртысып,
Өкірген үнін өшіртіп,
Жылаған көзден жас өрер.

Көңілім ішті жандырды,
Жазылған жара жаңғырды.
кешкен күндер көзге ұрды,
Күн-түн демей ізделер.

Тағдыр кезін келтірді,
Ұры тұзағын ілдірді.
Бектердің бегін ап кетті,
Қашса қалай құтылар?

Тағдырдың күнін тербетер,
Пенденің күшін меңдетер,
Пәниді жұрттан тазартар,
Қашсаң, тағы артылар.

Тербетер салты мұндай-ақ,
Бұдан да басқа сыр көп-ақ,
Заман атса кезеп-ақ,
Таулардан басы күйрелер.

Оған атса дәл кезеп,
Кім тоқтатар көлбеу кеп?
Тауды атса көзден кеп,
Шың шатқалы қарқырар.

Замана түгел күйреді,
Білімді жақсы сиреді.
Жаман-жәутік түптеді,
Ізгі бектер шертілер.

Білімді батыр жүнжіді,
Замана аты жаншыды.
Ізгілер тәні жидіді,
Жерге тиіп сүртілер.

★ Шеңгелін ажал салды ма,
Ер Тұңғаны алды ма,
Сұм дүние артта қалды ма...
Қайғылы жүрек жыртылды-ау.

Сұм ажал бүгін жылатты,
Құрығын салып құлатты,
Бектердің бегін сұлатты.
Қыршын да ғұмыр қырқылды-ау.

Өмірдің күні зырлайды,
Адамның күшін ұрлайды,
Ғұмыр да мәңгі тұрмайды,
Құтылмас ешкім ажалдан.

Тәңірім торын құрғанда,
Тұтылмай адам тұрған ба,
Кертілер алып шыңдар да,
Тағдырдың оғы қадалған.

Ажалмен тәңірім сынаған,

Тұра алар қарсы кім оған,
Құздар да одан құлаған,
Құтылып ешкім кетпедің.

Аш арландай аларып,
Қадалғаннан қан алып,
Нұрлы жүздер қабарып,
Тұр қайғыға қамалып
Жауға шабар бектерім.

Ерлікті қаза сынады,
Бектерім жасын бұлады,
Бөрідей ұлып жылады,
Жоқтады жыртып жағасын.

Көңілімді қайғы жандырды,
Жазылмас жара қалдырды,
Кешегі күнге зар қылды,
Кеткенді қайдан табасың?

Жалғанның туып заманы,
Жауыздар қаптап барады,
Ашылды сұмның араны,
Сиреді қайран бектерім.

Біліктілер қалмады,
Заман оны жалмады,
Сүрінді бектің тарланы,
Салды жанға жараны.

Ажал жұтып ағаны,
Жауыз жайлап барады,
Жақсының өшіп жанары,
Дүние азып барады. (Аударған Фариза Оңғарсынова)

- ★ **Ұлттық құндылық:** Жоқтау жыры көрініс табады.
- ★ **Түсінік+өз ойым:** Алып Ер Тұңғаны жоқтау түркі халқының ежелгі дәуірдегі ерлігін баяндайтын қаһармандық жырдың бір бөлігі ғана болып табылса да келер ұрпаққа мол мұра болып қалады және оның есімін еш уақытта ұмытпауға шақырады.
- ★ **Ұқсас шығарма:** Фирдоуси «Шаһнама»(Афрасиаб - «дүлей қара күш иесі»)

«КҮЛТЕГІН» жыры

- ★ **Тақырыбы:** Ерлік пен ел қорғау, тәуелсіздік жолындағы күрес.
- ★ **Идеясы:** Күлтегін батырды Түркі қағандығында құдіретті тұлға ретінде көрсету, Түркі елінің билеушілерін дәріптеу.
- ★ **Жанры:** Жыр
- ★ **Ұлттық құндылық:** Ежелгі дәуір әдебиетінен сыр шертеді.
- ★ **Түсінік+өз ойым:** Мәңгілік ел болу идеясының темірқазығы іспеттес шығарма, батырлық жырлардың қалыптасуына әсер еткен.

★ **Ұқсас шығарма:** «Тоныкөк», «Онгин» ескерткіші, «Орхон-Енисей жазбалары»

★ **Кейіпкерлері:**

Күлтегін - басты кейіпкер, қолбасшы, «Көк түркінің семсері» атанған атақты батыр.

Білге қаған - Күлтегіннің ағасы, Екінші Шығыс Түрік қағанатының қағаны.

Елтеріс(Құтлық) - қаған, Күлтегін мен Білгенің әкесі, әскербасы.

Тоныкөк - Күлтегін батыр мен Білге қағанның ақылшысы, кеңесшісі.

Ұмай ана - ұрпақ жалғастырушы, береке-молылық тәңірісі, түркілердің қасиетті аруағы.

«Мектеп» баспасы

★ **Композициялық талдау:**

Басталуы: Елтерістің қазасы

Байланысуы: Он жасар Күлтегіннің ер атануы

Дамуы: Күлтегіннің ерлік жолы

Шиеленісуі: Тоғу кентіндегі шайқас

Шарықтау шегі: Күлтегіннің қаза болуы

Шешімі: Білге мен елдің қайғысы. Күлтегінді жоқтау

★ **Маңызды деректер:**

- Елтеріс қаған(әкелері) қаза болғанда Күлтегін 7 жаста болған.
- 10 жасында Ұмай текті шешеден ер атағын алған.
- 16 жасқа келгенде ел-жұртын молайтты; алты чуб, соғдыларға аттанады; Табғаш, оңтұтықтың бес мың әскерімен соғысып, жауға жаяу ұмтылды.
- 21 жасында Чача Сеңүнмен айқасты.
- 26 жасында қырғыздарды Көгмен жерінде ұйқыда басты.
- 27 жасыда Қарлық халқы еркіндік алып жау болды.
- 30 жасында Тамағ шыңында қарлықтармен соғысты. Алып шалшы ақ атқа мініп, қос батырды найзамен шанышты.
- Бір жылда 5 рет шайқасты; ең ілкі Тоғу кентінде шайқасты.
- 47 жасында Күлтегін қаза табады.
- Чуб, Табғаш(Қытай), Соғды, Оңтұтық, Қарлық - халық, ел аттары.
- Ұмай текті шешенің ер атағын беруі секілді ежелгі дәстүрлер кездеседі.

«Арман-ПВ» + «Атамұра» баспасы

★ **Композициялық талдау: «1-жыр»**

Басталуы: Білге қағанның таққа отыруы. Елі, жері үшін соғыс. Халық жағдайының жағсаруы.

Байланысуы: Күлтегіннің қазасы. Шайқастағы асқан ерлігі мен күштілігі.

Дамуы: Күлтегіннің жауға шабуы. Мінген аттары.

Шиеленісуі: Отыз жасар Күлтегін, ел қанаты

Шарықтау шегі: Бір жылдағы бес айқас. Күлтегіннің ойраны.

Шешімі: Күлтегіннің қазасына қатты қайғырған Білге қаған.

★ **Маңызды деректер:**

- Жер-су аттары: **Қадырхан, Кері-Кену**(түркі халқы мекен еткен аймақтар)
- Көк тәңірі, көк аспанға табынған.
- **Терістікте** - оғыздар, шығыста - құқайлар, татабы мен қытай бар, түстіте -табғаштар.
- Білге қаған олармен **он екі рет соғысты**.
- **Соғды, Оңтұтық, Табғашты** қуған, соғысқан.
- Алдымен, **Тадық Чурдың боз атына** мінді.
- **Ышбар Ямтардың боз атына** мінеді.
- **Йегін Сілікбектің торы атын** да мінді. **Үш ат та зорығып өлді.**

- Отыз жаста(31) Қара көлде аздармен соғысты.
 - Алып шалшы боз мініп, аздарға қарсы шапты.
 - 1. Тоғу кентінде боз мініп, алдаспанын сілтеді, 6 жауды түйреп, 7-сін сүйреді.
 - 2. Құшлағатта едіздермен шайқасты. Қарагерге мініп, 1 дұшпанын түйреп, һәм тоғызын күйретті.
 - 3. Оғыздарға қарсы күрес.
 - 4. Һүш үстінде түркіге қарсы. Тоңыралық он ерді Таңатегінде ұстады.
 - 5. Езгенді Қадазда оғыздармен соғысты. Қарагер атпен, екі жауды құлатты. Мағы қамалын қыстап, аздап демалды.
- Боз ат мініп, 9 жаудың жартысы құлап, бой бермеді. Күлтегін қаза болды. Ел, Білге қаған қатты қайғырды, жоқтау айтты.

★ **Композициялық талдау:(2-жыр «Кіші жазу»)**

Басталуы: Қағанның өз халқына айтқан үндеуі.

Байланысуы: Түркі қағандығының жерінің кеңдігі. Жорықтар туралы

Дамуы: Табғаш халқының қастандығы. Алданған Түркі халқы.

Шиеленісуі: Түркі халқының қырылып, азаюы.

Шарықтау шегі: Білге қағанның түркі халқының даңқын көтеруі.

Шешімі: Ескерткішті жазудағы себеп болған жайттар мен авторы.

★ **Маңызды деректер:**

- Шад, апа бектер, тархан - әскери атақтар.
 - Кексіз түркі қағаны Өтүкен қойнауында отырса елде мұң жоқ.
 - Ілгері Шаңтұң жазыққа дейін жауладым, теңізге сәл жетпедім.
- Түстікте - Тоғыз Ерсенге дейін жаулап, Тибетке сәл жетпеді.
- Батыста - Інжу өзенін кешіп, Темір қақпаға дейін жаулады.
- Терістікте - Байырқы жеріне дейін жауладым.
- Ел тұтатын нағыз иесі жоқ жер - Өтүкен. Осында табғаштармен табысты.
 - Сөзі тәтті, бұйымы асыл - табғаш халқы.
 - Жазуды жаздырғанның аты Иоллыңтегін.

★ **Композициялық талдау:(2-жыр, «Үлкен жазу»)**

Басталуы: Көк тәңірі. Түркі халқының қалыптасуы.

Байланысуы: Білге қағанның абырой-даңқы. Бумын мен Елтеріс қаған.

Дамуы: Дарынсыз қағандардың таққа отыруы.

Шиеленісуі: Табғаштардың алдауы. Іргенің шайқалуы.

Шарықтау шегі: Түркі халқының шарасыздығы.

Шешімі: Түркілердің қайта орнауы.

★ **Маңызды деректер:**

- Биікте Көк Тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, ортасында адам баласы жаралған...
- Ата-тегі: Бумын, Істемі қаған - түркі халқын қалыптастырған.
- Ілгері Қадырхан қойнауынан, кері - Темір қақпаға дейін жайлаған.
- Жылаған халықтар: Бөккі шөлінің елі, табғаш, тибет, авар, үрім, қырғыз, үш құрықан, отыз татар, қытай татабы.
- «Табғаш халқына бек ұлдары құл болды, Пәк қыздары күң болды.»
- Әкесі - Елтеріс, шешесі - Елбілге.
- Түркі халқы қолдарынан түк келмей бағынды. Елтеріске 17 ер ерді, кейін 70, сосын 700 ер болып, ата-баба мекенін қайта орнатты.

«Бәмсі-Байрақ туралы жыр»

- ★ **Тақырыбы:** Бәмсі-Байрақтың ерлігін көрсету.
- ★ **Идеясы:** Туған жерге деген сүйіспеншілік, ата-анаға құрмет, махаббатқа адалдықты, батырлықты дәріптеу.
- ★ **Жанры:** жыр
- ★ **Композициялық талдау:**
 - Басталуы:** Баяндүр ханның той жасауы. Байбөрінің қайғысы.
 - Байланысуы:** Байбөрі мен Байбіжанның балаларын атастыруы.
 - Дамуы:** Бәмсінің ер жетуі. Ерлік істері.
 - Шиеленісуі:** Бәмсі мен Банудың танысуы.
 - Шарықтау шегі:** Бамсының тұтқындалуы.
 - Шешімі:** Бәмсі мен Банудың үйленуі.
- ★ **Кейіпкерлері:**
 - Баяндүр** - хандардың ханы.
 - Байбөрі** - Бәмсінің әкесі, бір перзентке зар болған бек.
 - Байбіжан** - бір перзентке зар болған жан.
 - Қара Бодақ - Қара Көне баласы, Ораз - Қазанның баласы, Иекенк - Қазылық оғыз бектің баласы.**
 - Қазан-Салор** - бүкіл оғыз елінің тірегі, Баяндүр ханның күйеу баласы.
 - Қорқыт** - Бәмсіге ат қойған әулие, абыз, жырау.
 - Бәмсі**- басты кейіпкер, батыр, ер
 - Бану-Шешек** - Бәмсіге атастырылған, сүйген жары.
 - Дели Қарашар** - Банудың ағасы. «Дели» - тентек.
 - Жарташұқ** - Жалғаншы баласы. Бануды алмақшы болады.
- ★ **Маңызды деректер:**
 - **Қам-Ғанұлы Баяндүр** бір күні төсегінен тұрып, қара жерге өзінің ақ шатырын тіккізді. Ішкі және тысқы оғыздардың барлық бектері Баяндүр хан тойына жиналды.
 - Баяндүр ханның қарсы алдында найзасына сүйеніп, Қара Көне баласы Қара Бодақ, оң жағында Қазанның баласы Ораз, солында Қазылық Оғыз бектің баласы Игенек тұрған еді.
 - Байбөрінің қайғысын көріп, бектер қолдарын жайып, жүздерін көкке жая жалбарынып, «Тәңірі саған ұл берсін», - десіпті. Ол заманда бектердің алғысы да, қарғысы да қате кетпей, дұғасы қабыл болушы еді. Сол кезде перзентсіз Байбіжан да қыз сұрайды.
 - «О, бектер, егер Көк Тәңірі маған қыз беретін болса, оны мен Байбөрінің баласына бесікте жатқанда қоссам деймін, осыған сіздер куәлік етіңіздер», – дейді Байбіжан.
 - «Ер қаруы - бес қару».
 - Саудагерлер Рум еліне барады. Стамбұлдан сыйлық алады.
 - Бәмсіге теңіз жылқысын(су жылқысын), емен садақ, күрзі(шоқпар) алады. елге жеткенде Бәмсі 16 жаста болады.
 - Оник қамалы - Басин аумағындағы қамал, ниеті қара 500 гәуір күтіп отырған жер(Грузия жері). Кейбір жерде Қара Дербент қақпасы, Евнук қаласы деп беріледі. Көпестердің соңғы қонған жері - Қара сайдағы Пасаң даласы.
 - Бәмсіні қонақ қылған адам - жылқышылардың бастығы.
 - Байшұбар - Қорқыттың Бәмсіге берген тұлпарының аты. «Бамш» деп атап жүр едің, енді «Бамсы-Байрақ» болсын деп бата береді.
 - Оғыз елінің бектері бұл билікке қол көтеріп, жақсы тілек білдірді. «Ұлыңның аты өзіне сай болды, бақытты болсын!» – деп бата берді.
 - Кең жазира даласында қыз бен жігіт ойнайтын ойын: «Қыз бөрі».
 - Қыз бен жігіт бір-біріне жүзік сыйлайды. Құдалыққа Қорқыт барады. Оны шаппақ

болғанда, Қаршардың қолы қарысып қалады.

- Қалың мал: мың үлек, мың айғыр, мың қошқар, мың ит, мың бүрге.
- Үйлену тойы болғанда, Бәмсіні тұтқындап әкетеді. Көп жыл зынданда жатып, қобыз тар-ту өнерімен қашып құтылады. Көп қиыншылықтар көріп барып, Бану-Шешекке үйленеді.

- ★ **Ұлттық құндылық:** Қазақ халқының оғыз дәуірінен сақталған рухани мұрасын, салт-дәстүрін айғақтайды.
- ★ **Түсінік+өз ойым:** Бүкіл түркі халықтарына ортақ ұрпақтан-ұрпаққа тарап келе жатқан бұл жыр - Бәмсі-Байрақ сынды батырлар арқылы батырлықты, ерлікті дәріптеуге шақырады, тарихи құнды туынды болып табылады.
- ★ **Ұқсас шығарма:** «Алпамыс» жыры

«Құтты білік»

- ★ **Тақырыбы:** Халыққа құтты өмір сыйлау, бақыт, әділетті қоғам құру.
- ★ **Идеясы:** Әділдік, бақ-дәулет, ақыл-парасат, қанағат ынсап мәселесі жайында.
- ★ **Жанры:** Дастан

★ Композициялық талдау:

Басталуы: Күнтуды патшаның әділдігімен жер-жаһанға есімі мәшһүр болуы.

Байланысуы: Айтолдың уәзір болып сайлануы, бақ-дәулеттің артуы.

Дамуы: Айтолдың қазасы. Өгдүлмішке қалдырған өсиет сөзі.

Шиеленісуі: Өгдүлміштің ел басқару ісі.

Шарықтау шегі: Одғұрмышпен кездесу, патшамен келіспей, барлығынан бас тартуы.

Шешімі: Одғұрмыштың өлімі. Өгдүлміштің өз ісін жалғастыруы.

★ Кейіпкерлері:

Күнтуды - ең үлкен әмірші, қатаң тәртіп, заңның, әділдіктің бейнесі.

Айтолды - Күнтуды әміршінің бас уәзірі, бақ-дәулет.

Өгдүлміш - Айтолдың баласы, ақыл-парасаттың бейнесі, әміршінің ақылшысы.

Одғұрмыш - уәзірдің туысы, дәруіш, қанағат-ынсаптың бейнесі.

★ Маңызды деректер:

Күнтудының өз-өзіне берген мінездемесі: “Жарқыраған Күнді көр де, көр мені; Күн сөнсе егер, тіршіліктің өлгені” деп өзінің айнымас адалдығын мақтан тұтады.

Айтолдың өз-өзіне берген мінездемесі: “Мен де Айдай жаңаланып тұрамын, Бірде бармын, бірде жұмбақ тұрағым”

Өзінің әділ саясатымен жер-жиһанға есімі белгілі болатын патша -Күнтуды.

Сол патшаны іздеп, алыс жолға аттанған данышпан - Айтолды.

Айтолды жазылмас дертке шалдығып, артынан қалған баласы Өгдүлміш пен Күнтуды патшаға өсиет-уағыз айтады.

Өгдүлміш жас болса да, іскерлігімен, адамгершілігімен, білгірлігімен көзге түседі, патшаның ең сенімді жақын адамы болады. Осы кезде мемлекет гүлстанға айналады.

Күнтуды патшаның көмекші болуға жарайды деп іздеген адамы - тау кезіп кеткен дәруіш Одғұрмыш болады.

Патша Өгдүлмішті үш рет жұмсап, Одғұрмышты қайта-қайта шақырады. Бірақ дәруіш патша сарайына бармайды. Күнтуды үшінші рет шақыртқанда дана-дәруішті қызметке емес, менімен жай әңгімелесіп, қонақ болып кетсін, бізге өсиет-ғибрат айтсын деп сәлем айтады. Сонда ғана Одғұрмыш патшаға келеді.

Ақылы көл-көсір дәруіштің бұл қылығы Өгдүлмішті ауыр ойға салады. «Адам жасы келіп, қолына таяқ ұстағанда бұл өмірдің күнделікті күйбең істерінен безіп, арғы дүни-

елік дәруіш болып кетуі керек пе? Әлде әркім өзінің ғұмыр бойы жасап келген жұмысын өле-өлгенше істей бергені жөн бе?»

Дәруіш оған: «Бұл өмірде адам дар үшін еңбек ету – сауап іс, сондықтан өз міндетінді бұрынғыша адал атқара бер»,– деп кеңес береді. Өгдүлміш оған ризалығын білдіріп, өз қызметіне қайтып оралады.

Одғұрмыш ауыр науқас болып дүниеден өтеді, ал Өгдүлміш өз ісін одн әрі жалғастыра береді.

Адам баласының қадір-қасиеті біліммен, ақылмен екендігі айтылады:

- «Білік берді – адам бүгін жетілді,
Ақыл берді талай түйін шешілді.»
- «Ақыл қайда болса, ұлылық толады,
Білім кімде, сол біліті болады.»
- «Күллі ісінді ақылыңмен баптағын,
Уақытыңды біліміңмен сақтағын.»

Тіл өнерінің қасиет-сипаты мен пайда зияны айтылады:

- «...Тіл қадірлі етер, ерге бақ қонар,
Қор қылар тіл, кететұғын бас болар.»
- «Біліп айтқан сөз – даналық деседі,
Білікті сөз – қайран басты кеседі!»
- «Тілінді бақ, басың аман болады,
Сөзді қысқа айт, жасың ұзақ болады.»

Білім, ақылдың қасиеттерін, пайдасын айтады:

- «...Ақылды ерге ақылы ес, дос болар,
Наданға аты-ақ қоңыраулатып қас болар.»
- «...Біліктіні тыңда, ақылдың бұлағы,
Білімді сөз – шырын, жанның құнары.»

- ★ **Ұлттық құндылық:** Ел басқарудың қандай болу керектігін, ненің ең маңызды екенін айтып, болашақ ұрпаққа өсиет еткен.
- ★ **Түсінік+өз ойым:** Бұл шығармада білім мен ақылдың, әділдіктің, қанағат пен бақ-дәулеттің ең бірінші тұратынын байқай аламыз. Осы қасиеттер табылса ғана мемлекет гүлденіп, қазынасы алтын-күміске толады, халқы бақытты болады деген пікір айтады.
- ★ **Ұқсас шығарма:** «Ғылым таппай мақтанба» Абай Құнанбаев

«4 тентек»

- ★ **Тақырыбы:** Мөңкенің алғашқы билігі.
- ★ **Идеясы:** Бала болса да, ақыл айтуға болатынын, жас болса да бас болуға болатынын айтқысы келеді, Бала Мөңкенің тапқырлығы мен әділ шешім-билігі.
- ★ **Жанры:** әңгіме
- ★ **Композициялық талдау:**
Басталуы: Бай ауылының су бойына кеп қонуы.
Байланысуы: Су бойындағы бір топ баланы байдың қуамын деп жан тапсыруы.
Дамуы: Құн сұрау мен бітіспеген сөз.
Шиеленісуі: Жеті жасар баланың сөзіне ешкімнің құлақ аспауы.
Шарықтау шегі: Ақсақалдардың Мөңкеге жүгінуі.
Шешімі: Баланың әділ шешімі. Билікке риза болған халық.
- ★ **Кейіпкерлері:**

Бай - жоқ сұрауға келе жатып, қаза болған адам.

Балалар - ауыл жанында асық ойнап жүргендер.

Мөңке - жеті жасар ақылды бала

Қарапайым халық, ақсақалдар - дауды шеше алмай, Мөңкеден көмек сұрағандар.

★ **Маңызды деректер:**

Көш алдында жоқ сұрауға келе жатып, балалардан жол сұраған, асау байтал мінген, балаларды қуамын деп мерт болған - бай.

Ақсақалдардың дағдарып ақырында айтқандары: «Қой асығы деменіз, жақса сақадай, жасы кіші деменіз, ақылы жақса атадай.»

Бала Мөңкенің айтқан билігі: «Ердің құны жүз жылқы, бұл істе тентек төртеу. Әуелі - ойнап жүріп, жылқыны үркіткен бала тентек, екінші - оны қуған бай тентек, үшінші - бастан ұшқан бөрік тентек, төртінші - үріккен байтал тентек. Төрт тентекке жүз жылқыны бөлу керек.»

Сонда жүз жылқының үш бөлігі байдың өзіне түсіп, бір бөлігін ғана бала жағы төлейді.

Бала бидің билігіне барлығы разы болады. Сол бала «Үш жүзге блгілі Мөңке би» атаныпты.

★ **Ұлттық құндылық:** Шешендік өнердің бір үлгісі

★ **Түсінік+өз ойым:** Бала Мөңкенің даналығын және тапқыр шешімін көрсеткен.

★ **Ұқсас шығарма:** «Бала Мөңкенің тапқырлығы»

«Ердің бақыты - әйел»

★ **Тақырыбы:** Әйел қадірі

★ **Идеясы:** Төле бидің төрелігін көрсету, әйелдің қадірін, «әйелі жақсы болмай, ел оңбайтынын» көрсету.

★ **Жанры:** әңгіме

★ **Композициялық талдау:**

Басталуы: Төле бидің әйел, жар туралы ойлары, келін іздеуі.

Байланысуы: Түркімен еліндегі дауды шешу. Данагүлдің тәрбиесі мен ізгілігі.

Дамуы: Төле бидің Алакөздің үйіне қонақ болуы. Келінді түсіру. Данагүлдің ел аузына ілігуі.

Шиеленісуі: Төле бидің тұтқынға түсуі, тапқырлығы.

Шарықтау шегі: Данагүлдің даналығы. Жұмбақтың шешімін дұрыс табуы.

Шешімі: Төле бидің төрелігі. «Қырық ағайынды»

★ **Кейіпкерлері:**

Төле би - Ұлы жүздің бас биі, «Қарлығаш әулие».

Данагүл - Төле бидің таңдап алған келіні, дана, ақылды қыз.

Алакөз - Данагүлдің әкесі, кедей адам.

Қырық қарақшы - қырық рудан қашқан, ұрлықпен күн көрген адамдар. Төле бидің төрелігінен кейін «Қырық ағайынды» атанып, бақытты өмір сүреді.

★ **Маңызды деректер:**

«Балама әйелді өзім таңдап алып беремін. Байдың байлығына қызықпаймын, бидің билігіне қызықпаймын, асыл пышақ қап түбінде жатпайды деген. Келінім ақылды болса, ұлымның елге даңқы кетеді. Би түскендей үй болу – әйелден. Әйелі жақсы болмай ер оңбайды. Ердің бақытын кетіретін де – әйел, ерге бақыт әперетін де – әйел», – деп келінді өзі таңдауға бекінген екен.

Төле би Данагүлді Түркімен елінен дауды шешіп келе жатқанда кездестіреді. Данагүл - Сиқым ауылынан, Алакөздің қызы. Жалғыз көк шолақ атына мінген. «Халқым үшін, кедейлерді есіме алмасам, онда әділет бола ма? Байға жак боп, кедейдің ақысын жібермесем, онда жұрт әділетті деп айтар ма еді!?» - деген Төле би. Төле би өзіне ұртын алып, Данагүлге құлақ пен таңдай ұсынады. Бұл бидің өсиеті болатын. Бірде Төле би алыстағы жегжатын туысшылап барып, аткосшысы екеуі ғана қайтады... Бұлар келе жатқан шөлді қырық қарақшының жайлап жүріп, оларды ұстап алады. «Сендерге мал керек пе, жан керек пе?» - деп Төле би қарақшылармен келісімге келеді. Төле би өзін Тосқауыл деп таныстырады. Төле би хатында: «Қырық құнан атан, жиырма бура, сегіз ақ бас атаным бар еді. Соны берсін. Оң босағамда көмген алтыным, сол босағамда күмісім бар еді соны да берсін,» - дейді. Данагүлдің жұмбақты шешуі: Атам қырық қарақшының қолына тұтқын болып түскен екен. Қырық құнан атан берсін дегені – қырық мықты жауынгер жігіт берсін дегені, жиырма бура берсін дегені - жиырма палуан берсін дегені, сегіз ақ бас атан берсін дегені – сегіз ақсақал берсін дегені. Оң босағадағы алтыны мен едім, сол босағадағы күмісі баласы еді. Атам мені артық көруші еді. Жұмбағымды шешер деп ойлаған екен. Алтынымды түгел берсін дегені - мені алып келсін дегені, - дейді. Төле би соңында: «Ғұмыр - біреу, кезек - екеу деген. Сендерге өлім керек пе, өмір керек пе?» - деп сауал қойып, төрелігін айтады, қырығын да ауылына алып келеді, жұрт оларға «қырық ағайынды» деген ат қояды.

- ★ **Ұлттық құндылық:** Шешендік өнер, бата беру, әйел адамның қадірі
- ★ **Түсінік+өз ойым:** Бұл шығармада Төле би әйел затының орны ерекше екенін айтады және әңгіме барысында бұл дәлелденеді.
- ★ **Ұқсас шығарма:** «Ұлпан» Ғ. Мүсірепов

«Майқы мен Шыңғыс хан»

- ★ **Тақырыбы:** Майқы би мен Шыңғыс хан
- ★ **Идеясы:** Майқы бидің шешендігі мен тапқырлығын көрсету
- ★ **Жанры:** аңыз әңгіме
- ★ **Композициялық талдау:**
 - Басталуы:** Шыңғыс ханның аң аулауы, аяғын мертіктіруі.
 - Байланысуы:** Шыңғысты арбаға мінгізу, үйіне апару
 - Дамуы:** «Екі ақсақ бірге отырайық» деп Майқының да арбаға отыруы.
 - Шиеленісуі:** «Шыңғыстан соң үйге кім кіреді?» деп таласу
 - Шарықтау шегі:** Майқы бидің жауабы, тапқырлығымен көзге түсуі.
 - Шешімі:** Майқының Шыңғысты қолтықтап үйге кіруі. Ел басқару ісіне араласа бастауы.
- ★ **Кейіпкерлері:**
 - Шыңғыс хан** - тарихта аты қалған атақты билеуші.
 - Майқы би** -тапқыр, шешендігімен көзге түскен Шыңғыс ханның кеңесшісі.
- ★ **Маңызды деректер:**
 - Шыңғыс хан аңда жүргенде аяғын мертіктіріп алады да арбаға отырады.
 - «Екі ақсақ бірге отырайық» деп Шыңғыс ханның жанына отырып алған Майқы(арамы)
 - Шыңғыстың үлкен шешесінің үйіне барады.
 - «Шыңғыстан соң үйге кім кіреді?» деп таласып жатқанда Майқының айтқаны: «Әдетте, арбаға жегілген өгіз есік алдында қалып, оны айдаған адам үйге кірмеуші ме еді?»

- ★ **Ұлттық құндылық:** Шешендік өнер көрініс табады.
- ★ **Түсінік+өз ойым:** Майқы бидің тапқырлығы мен сөз тапқыштығын байқай аламыз.
- ★ **Ұқсас шығарма:** Төле бидің айтқаны

«Қасқакөл дауы»

- ★ **Тақырыбы:** Жер дауы
- ★ **Идеясы:** Қазақ халқындағы жер дауы мен шешендік өнер үлгісін көрсету, әйел адамның даналығын айту.
- ★ **Жанры:** әңгіме

★ **Композициялық талдау:**

Басталуы: Қасқакөл көліне талас

Байланысуы: Төле би мен Әйтеке бидің айтқаны

Дамуы: Ормамбеттің жауабы

Шиеленісуі: Даудың шешілмеуі

Шарықтау шегі: Ормамбетке анасының айтқан ақылы

Шешімі: Көлді ынтымақпен бөлісу

★ **Кейіпкерлері:**

Төле би - Ұлы жүздің бас биі.

Әйтеке би - Кіші жүздің би-шешені.

Ормамбет би - Орта жүз биі, Қасқакөлді бөліскісі келмеген жан.

Ормамбеттің анасы - даудың шешілуіне себеп болған, Ормамбетке ақылын айтқан дана.

★ **Маңызды деректер:**

Төле би, Әйтеке би, Орта жүз Ормамбет би - үшеуі **Қасқакөл** деген көлге таласып, даулы болды. Дауды шешу үшін **Айқынкөлге** үй тігеді.

«...Ешкімге опа қылмас дүние! Ей, Ормамбет, сен бізден кіші боласын, біз барып қайттық, сен ілгері барасың, біз енді көп жүрмеспіз, көмілерміз, сен жас едің көңілдегіңді аларсың!» - деген **Төле би**.

Әйтеке бидің айтқаны: **«Бай болсан, халқына пайдан тисін.**

Батыр болсан. дұшпанға найзан тисін.

Бай болып пайдан тимесе,

Батыр болып найзан тимесе,

Жұрттан алабөтен үйің күйсін...»

Ормамбеттің айтқаны: «Екі би, айтқан сөзін жарасады,

Еншіге әркімдер-ақ таласады.

Бұл Қасқакөл Орта жүздің көлі еді.

Айтқандарын қиянатқа жанасады.

Қанағатсыз билерді қабан деген,

Қамшылатқан жүйрікті шабан деген.

Біреудің ақысына зорлық қылса,

Ақыретте мұндай істер жаман деген.»

«Бардан пайда, жоқтан залал» деген, не берсе қайырын тілеп көр. Үш жүздің ортасында Қасқакөлді берсе, қайырын тілеп көр. «Үш жүздің ортасында Қасқакөл бар, Әр жерде су ішетін басқа көл бар. Үш бөліп енші қылып алысайық, жер жетер, көңіліңді ұстама тар», - дейді Төле.

Даудың шешілуіне себепші болған жан: **Ормамбеттің анасы.**

Төле былай дейді: «Әйел жақсы болса, білім несі батыр туады. Әйел жақсы болса, ердің басшысы емес пе? Бұрынғылар осылай демес пе?»

- ★ **Ұлттық құндылық:** Әйел адамның даналығы, шешендік сөз.
- ★ **Түсінік+өз ойым:** Осы қысқа ғана әңгіме арқылы әйел адамның ақылдылығын, даналығын көрсетіп отыр, сонымен қоса үш жүздің билерінің шешендігі көрініс табады.
- ★ **Ұқсас шығарма:** «Ердің бақыты - әйел»

«Керкұла атты Кендебай» ертегісі

- ★ **Тақырыбы:** Керкұла атты Кендебайдың ерлігі
- ★ **Идеясы:** Батырлықты дәріптеу, ерлікті көрсету
- ★ **Жанры:** ертегі

★ Композициялық талдау:

Басталуы: Кендебайдың дүниеге келуі

Байланысуы: Кендебайдың көкжалды өлтіріп, құлынды құтқаруы

Дамуы: Керкұла құлынды асырап, онымен аң аулап, елге қамқорлық жасауы, қозы баққан баламен кездесуі

Шиеленісуі: Керкұла атты Кендебайдың ұзақ жолға аттануы

Шарықтау шегі: Кендебайдың ерлік істері, басынан өткендері

Шешімі: Баланың ата –анасын құтқарып, еліне аман –есен оралуы

★ Кейіпкерлері:

Кендебай – ертегінің бас кейіпкері, батыр, шыдамды, жанашыр, ақылды, кішіпейіл, қамқор, қайырымды, өжет. «Торсық шеке, аппақ ұл, алты күнде күліпті, алпыс күнде жүріпті, алты жылда жігіт болыпты».

Қазанғап – Кендебайдың әкесі, кедей, құс атып күн күретін аңшы.

Керкұла – Кендебайдың аты. «Қуса жетіп, қашса құтылатын, аузымен құс тістеген ерен жүйрік», нағыз дос, ақылды арғымақ.

Қойшы бала – жетім, мұңды, зарлы бала, басы таз, киімі өрім-өрім. Мергенбай батырдың жалғыз баласы.

Хан – қаһарлы, айбынды, ақылды, көп елді шапқан.

★ Маңызды деректер:

Оқиға Қаратаудың ойында, Қарасудың бойында болады.

Қазанғап құс атып, күн көреді екен, әйелі ау тоқып, жамау жамайды екен.

Бір күндері Кендебай көкжал қасқырды құйрығынан бұлғап жіберіп өлтіріпті, құлынды аман алып қалып, оны құлан сүтімен асырайды. Алты айдың ішінде алты кез ат болып шығыпты.

Жетім баланың ата-анасы жау қолына түскен екен, өзі Тасқара байдың қозысын бағып жетім қалыпты.

Кендебайды іздеп келген алты аққу құс бар екен, Кендебайдың қолында алтын кебіс қалып қояды.

Кендебай күн жүреді, түн жүреді, ай жүреді, апта жүреді, аспанмен тірескен бір биік тауға жекенде Керкұла атқа тіл бітеді. «Мына таудан әрі ассаң, ағып жатқан өзенді көресің. Өзеннің ортасында бір арал бар. Ол аралда адам перісінің ханы тұрады. Сенің қолтығыңдағы алтын кебіс – осы хан қызының кебісі. Баяғы қойшы баланың әке-шешесі де осы ханның қолында. Таудың арғы беткейінде сиыр бағып жүрген зор денелі бір адам бар. Ол – жорықта қолға түскен адам, қазір ханның құлы. Сен сол адамға бар да, жолына жетерлік пұл бер.

Оның киімін өзің ки де, өзіңнің киіміңді оған кигіз. Сөйтіп, әлгі адамды азат ет те, өзің сиырды бағып қал. Қазір құйрығымнан бір тал қыл ал да, мені қоя бер, сауыт-сайман, құрал-жабдықтарыңды менің үстіме сал. Әзірге саған менің де, құралдың да керегі жоқ. Егер керек бола қалсам, құйрығымнан алған қылды тұтат. Сонда мен дайынмын.»

Кендебай: «Айырылғырдың суы айырыл!» – деп еді, өзеннің суы екіге айырылып, ортадан жол ашылады.

Күндерде хан қара биенің тоғызыншы рет құлындауын, олардың жоғалып кетуін айтып, екі баласын соны күзетуге жібереді, Кендебай да тығылып күзетеді. Екі баласы ұйықтап қалғанда, бие алтын құйрықты, құндыз жүнді арғымақ құлын туады. Сол кезде аспаннан бұлт түйіліп келеді де, құлынды көтеріп ала жөнеледі, Кендебай алтын құйрықты шап беріп ұстай алады, құйрық жұлынып қалады.

Хан құлындарды тауып әкелуді бұйырады. От дариясында Кендебай көзін жұмады. Аралдан алтын құйрықты сегіз құлын мен құйрығы жоқ біреуін тауып алып, Керкұланың айтуымен науаны ұстап жолға аттанады. Бәйтерек басындағы самұрық алты айда бір азық іздеуге кетеді екен.

Жолай Кендебай бір үлкен таудан жеті басты дәуді кездестіреді, оның бастарын жеті айналып шоқпарымен ұрып, көздерін қоржынына салып алады. Кендебай жаяу жүріп, арыстанды кездестіреді. Оны тартып ала жөнелген леп арыстанның аузының лебі болып шығады. Қылышпен арыстанды екіге бөледі, азуын алады. Кендебай енді сұлу қыз кейпіндегі жәдігөй кемпірді кездестіріп, оның да басын алады. Елге аман оралады. Ханға келу себебін айтады. Хан оған шындығын айтып, тапсырмаларын орындағаны үшін кенже қызын беріп, құлдағы адамдарды азат етеді.

Кендебай елге аман орады, содан бері бұл ел «Керкұла атты Кендебай батырдың елі» атанады.

- ★ **Ұлттық құндылық:** Ерлікті, батырлықты дәріптейді.
- ★ **Өз ойым+түсінік:** Балаларға арналған ертегі болса да берер тәрбиесі мол, жақсы істер жасауға және ештеңеден қорықпауға шақырады.
- ★ **Ұқсас шығарма:** «Ер Төстік» ертегісі

«Қобыланды батыр» жыры

- ★ **Тақырыбы:** Қобыланды батырдың ерлігі
- ★ **Идеясы:** Жері мен елін сыртқы жаудан қорғау, осы жолда ерлік көрсеткен ер-азаматтардың батырлық істерін көрсету.
- ★ **Жанры:** Эпос (батырлар жыры)
- ★ **Композициялық талдау:**
 - Басталуы:** Қобыланды батырдың дүниеге келуі
 - Байланысуы:** Қобыланды мен Құртқа қыз
 - Дамуы:** Тайбурылдың тууы, өсуі
 - Шиеленісуі:** Қобыланды мен Қараман батырдың жорыққа аттануы
 - Шарықтау шегі:** Екі батырдың Көбікті хан еліне жасаған шабуылы, Қарлыға қыз
 - Шешімі:** Қобыландының Алшағырды жеңіп, елін жаудан азат етуі

- ★ **Кейіпкерлері:**

Қобыланды – негізгі кейіпкер

Аналық пен Тоқтарбай – Қобыландының ата-анасы

Қарлығаш – Қобыландының қарындасы

Естеміс – Тоқтарбайдың жылқышыларының, тоқсан құлының бастығы

Көктім аймақ – Қызылбас елінің ханы

Құртқа – Көктім аймақ ханның қызы, Қобыландының сүйген жары

Қызыл ер – Қызылбас елінің батыры

Қазан – Қызылбас елінің батыры

Сейілдің ұлы Қараман – Қобыландының жолдасы, Қазанға қарсы күресетін батыр

Алшағыр – қалмақтың ханы

Тайбурыл – Қобыландының тұлпары

Көбікті – хан

Қарлыға – Көбікті ханның қызы

★ Маңызды деректер:

Тоқтарбайдың жасы 80-ге, Аналықтың жасы 50-ге келгенде Қобыланды мен Қарлығаш дүниеге келеді.

Қобыланды бала күнінен ерекше болып өседі: «...Өзі алты жасында / Кәмшат бөркі басында, / Тобылғы торы ат астында, / Қаршығасы қолында, / Тазысын ерткен соңында...»

Арыстан туған Қобыланды **алты жасында қазынадан қамқа киген**.

Алты жасында атқа мініп, беліне садақ байлайды, күнде киік аулайды, кейін «Ай астындағы теңгені екі бөліп ұшырып», Құртқаға үйленеді.

Қобыланды батыр үйде емес, түзде, далада шынығады. Оны әкесі Тоқтарбайдың Естеміс деген ері баулиды: «Тоқтарбайдың жылқыда / Тоқсан құлы бар еді. / Тоқсанының бастығы, / Естеміс деген ер еді. / Қобыландыны барғасын / Естеміс ерің баулиды.»

Тоқтарбайдың жайлауы - Көздікөл, қыстауы - Қараспан. Руы - қыпшақ.

Қобыланды батырға лайық тұлпардың келген жолы: **Құртқаның көрегендігімен қалап алынады.**

Тайбурылды ерекше күтімге алған ару қыз, батырдың жары бурылдың тұяғын жерге тигізбей, алтын тонға орап баптаған адам: **Құртқа**

Қобыландыны Қызылбастың еліне, Құртқа қызға жібергісі келмей, тоқтау салған адам:

Естеміс // Қызылбас елі: Иран елі

“Қазақтың ері келді,” - деп, Қобыландының айбатынан сескеніп, кезек берген хан: **Көктім Аймақ.**

«Ерлер жаннан түңілді,

Аш күзендей бүгілді,

Екеуінің ақ сауыт

Шығыршықтап сөгілді.

Сол уақыттар болғанда

Артық туған Қобыланды,

Найзасын ырғап ендірді,» - деген үзіндідегі шайқасып жатқан екі батыр: **Қобыланды мен**

Қазан

Қазаннан Сырлы қаланы Қобыланды 12 күнде алады.

Қазан ердің Ноғайлы жерінен басып алған екі қаласы: **Қырлы қала, Сырлы қала;** (Қырлы қала (оған бектерін орналастырған) және Сырлы қала (оған жендеттерін орналастырған)).

Қобыландыны алғаш жекпе-жекке шақырған батыр: **Қызыл ер**

Қобыланды батыр Қызыл ерді жеңеді.

“Ноғайлының жеріне Қызылбастарды қондырып қоюымыз сүйекке таңба емес пе?!” - деп, жорыққа шығатын батыр: **Қараман**

Құртқаның Тайбурыл туралы айтқаны: “Әлі де қырық үш күндік кемдігі бар”.

Қараман мен Қобыландыны қолға түсіріп, аяқ-қолына кісен салған батыр: **Көбікті**

Көбікті киген сауыттың осал жері: **кіндігінің тұсында.**

Көбікті ханның қолына түскен Қараман мен Қобыландының еркіндікке шығуына

көмектескен кейіпкер: **Қарлыға**

Қобыланды батыр жоқта елін шауып кеткен қалмақтың ханы: **Алшағыр**

Жыр соңында Қобыланды Алшағырды жекпе-жекке шақырып, жеңеді. Елін азат етеді.

*«Сонда Бұрыл гүледі,
Табаны жерге тимеді,
Көлденең жатқан көк тасты,
Тіктеп тиген тұяғы
Саз балшықтай иледі...»* Көркемдік тәсіл: **Әсірелеу (гипербола)**

- ★ **Ұлттық құндылық:** Батырлардың ерлігі, отбасылық құндылықтар
- ★ **Өз ойым+түсінік:** Жыр Қарақыпшақ Қобыланды батырдың өмірде болған, ерлік істерімен еліне танылып, құрметіне бөленген батыр болғанын дәлелдейді.
- ★ **Ұқсас шығарма:** «Керкұла атты Кендебай»

«Қыз Жібек»

- ★ **Тақырыбы:** Қазақи дәстүрлер мен жастардың ғашықтық сезімі, ел тұрмысы мен қоғамының ауқатты кезі суреттелетін махаббат оқиғасы. (дееп созыып жіберсең)
- ★ **Идеясы:** Махаббат пен аманатқа деген адалдықты, ата-анаға деген ізгілікті дәріптеу.
- ★ **Жанры:** Лиро-эпостық жыр

- ★ **Композициялық талдау:**

Басталуы: Жүз Жағалбайлы елінде болған жайт.

Байланысуы: Төлегеннің жар іздеуі. Төлегеннің Жайық қыздары жайлы естіуі. сырлыбай көші.

Дамуы: Қаршығаның көмегі. Жібекпен кездесіп, құда түсуі. Қыз Жібектің түсі. Еліне оралған Төлеген.

Шиеленісуі: Базарбайдың теріс батасы. Бекежанның Төлегенді өлтіруі.

Шарықтау шегі: Бекежанның Жібекке Төлегеннің өлімін естіртуі. Хорен ханның Жібекті айттыруы.

Шешімі: Хорен хан мен Сансызбайдың айқасы. Жібектің Сансызбайға әмеңгерлікпен қосылуы.

- ★ **Кейіпкерлері:**

Жібек - 14 жасар Шекті руынан шыққан Сырлыбай ханның қызы. Ақылына көркі сай өте сұлу. Жырдағы сипаты:

«Ақ маңдайы жылтылдап,
Танадай көзі жарқылдап
Алтын шашбау шашында.
Қыз Жібектің шаштары -
Қоғалы көлдің құрағы.
Көз сипатын қарасаң,
Сегіз бейіш ішінде
Хорлардың жаққан шырағы
Дүрі- гауһар сырғасын
Көтере алмай тұр құлағы
Қыз Жібектің ақтығы
Наурыздың аппақ қарындай,
Ақ бетінің қызылы,
Ақ тауықтың қанындай.
Екі беттің ажары
Жазғы түскен сағымдай,

Білегінің шырайы
Айбалтаның сабындай.
Оймақ ауыз, құмай көз,
Іздеген ерге табылды-ай
Өткірлігін байқасаң
Ұсталар соққан кетпендей,
Нұр тұқымын еккендей.
Бір ауыз сөз сөйлескен,
Мұратына жеткендей.
Тірісі түгіл, Жібектің,
Өлігіне адам қайырылып,
Бетінен келіп өпкендей.»

Төлеген - Базарбайдың зарығып күткен ұлы, 16 жасқа келіп, қалыңдық іздеп жолға шығады. Жағалбайлы елінен, Көкжорға атымен. Көрген әр сұлуға бір жорғадан беріп отырады. Жібектің ғашығы.

Базарбай - өзі сексенге, кіші әйелі қырық төртке келгенде Төлегені дүниеге келеді. Өзі бай болады.

Сансызбай - Төлегеннің батыр інісі. Кейін Қыз Жібекті әмеңгерлік дәстүрмен алған, Хоренді айқаста жеңген.

Шеге - Сансызбайдың ақын, батыр досы. Қыз Жібекті алуға көмектескен.

Қаршыға - Сырлыбай ханның ақылшысы. Төлеген мен Жібектің кездесуіне себепші жан.

Бекежан - сұм, қу бейне ретіндегі кейіпкер. Қособада Төлегенді өлтірген арғыннан шыққан Жібекке ғашық жандардың бірі.

Хорен - Жібекті алғысы келген қалмақ ханы.

Төлегеннің анасы, Сырлыбай хан, Жібектің жеңгесі мен анасы.

★ **Маңызды деректер:**

Жүз Жағалбайлы елі мекен еткен жер: Мекке жолындағы тылсым дария, Қара теңіз жағасы.

Жер атаулары: Ақжайық - Шекті елі, Қособа, Қара теңіз

Базарбай сексенге келгенде, кіші қатыны қырық төртке келгенде бір ұл тауыпты, аты Төлеген. Оның артынан тоғызыншы жылда тағы бір ұл туыпты, оның аты Сансызбай.

Екеуіне де Базарбай қалың бермейді, тірі болса, өздері де қыз алар, патшаның қызын алса да мал жетеді деп.

Төлеген 12 жасқа келгенде ешкімнің қызын жақтырмайды. 16 жасқа келгенде бұл елге бір саудагер келіп: Ақжайықтың бойында Алты арыс Шекті елі бар, онан бір қыз тауып қайтасыз, - дейді. Жүз күндік жол екен және жетпіс бес күндік бір жолы бар, оның қырық күншілік шөлі бар. Төлеген Көкжорға тұлпарды мінеді, алтын-күміс тұрман жасатып, гауһардан тас орнаттырып, қасына сексен жігіт жолдас алып, қырық нарға азық арттырып, тоғз түйеге ділдә, жамбы артып, Наурыз айы туғанда жүреді. Анасы артынан кеп жылайды.

Төлеген Шекті еліне келіп, Қаршығамен кездеседі. Сырлыбайдың алты ұлы мен ең кенже қызы бар екен. Қаршыға анасынан алдап сұрап алып, Төлегенді Қыз Жібектің күймесіне апарды, екеуін таныстырады.

Төлеген үш ай қалыңдық ойнатады, еліне қайтпақ болғанда Қыз Жібек түс көреді. Түсінен шошып оянып, кіші жеңгесін шақырыпалып бір сөз деді:

«...Ау, жеңеше-ау, жеңеше-ау,
Төлегенге барып кел,
Тілімді алса жүрмесін...
Мен бүгін бір түс көрдім,
Түсімде жаман іс көрдім,
Төлеген мінген Көкжорға ат
Ер-тоқымсыз бос көрдім...»

Төлеген сонда берген жауабы:

«Ау, жеңеше-ау, жеңеше-ау,
«Түс түлкінін боғы» еді,
Әрнеме деп келмеші-ау!...
Сәлем де Жібек қорықпасын,
Өліп кетсем Жібекті
Еш жаманға қор қылмас
Сансызбай атты інім бар...
Елімнің ақын, көсемі
Батыр Шеге дер еді,
Ақылға дарқан кен еді.
Олай-бұлай боп кетсем,
Сансызбайға басшы боп
Еліңізге жетіп келеді...
Не салса да Құдайым
Жібек үшін көрем деп,
Жібекке дұғай сәлем» деп
Енді атына мінеді...

Төлеген еліне жеткенде, үлкен той жасайды.

Төлеген барлығын баян етіп болған соң, Базарбай: **«Шырағым, қайныңа енді қашан барасың?»** Төлегеннің Жібекке аттанғысы келген уақыт: **Жазғытұрым**

Төлегеннің атасы айтқан тілек: **«Шырағым, мен бір тілек тілейін. Бересің бе, бермейсің бе? Ендігі жылы осы уақытқа шейін бармағын, онан кейін өзім қасыңа көп әскер қосып жіберейін. Кәне, тілегімді бердің бе?»** — деді.

Төлегеннің жауабынан соң, Базарбайдың жұртына кеп айтқаны: **"Бұл балам тілімді алмады, тілегімді бермеді. Төлеген қайнына барамын десе, маған көргенің ұстап, байлап әкеліп беріндер. Егер қошемет етіп біреуің жолдас болсаң, қолымды теріс жайып бата беремін,"** - деді.

Артынан жылап жүгірген: Сансызбай.

Төлегенді Қособада күтіп, атып өлтірген: Бекежан деген арғын руынан шыққан Қыз Жібекке ғашық жандардың бірі. Төлеген өлер алдында аспандағы алты қазға қоштасу жырын айтады. Бекежан сегіз жыл болғанда Төлегенді өлтіргенін Қыз Жібекке өзі естіртеді. Бекежанды өлтіреді.

Сансызбай 17-ге толып, атасынан бата алып, Төлегенді іздеуге аттанады.

Қыз Жібекке Хорен хан тоғыз мың әскерімен келіпті, Шеге Қыз Жібекпен сөйлеседі де, Хоренді алдап Сансызбамен қашады. Сансызбай мен Хорен айқасады да, Сансызбай жеңеді. Қыз Жібекке әмеңгерлік салтпен Сансызбай үйленеді.

Салт-дәсүрлер: Әмеңгерлік, естірту, қалыңдық ойнау, қоштасу, арыздасу, бата беру.

- ★ **Ұлттық құндылық:** Махаббатты жырлау арқылы ұлттық салт дәстүрімізді дәрептейді.
- ★ **Түсінік+өз ойым:** Бұл жырда қазақтың сол кезеңдегі тарихи тағдыры, тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, сана-сезімі кең қамтылған. Соңысымен де өте құнды мұра.
- ★ **Ұқсас шығарма:** «Қобыланды батыр», «Қозы Көрпеш - Баян сұлу»

«Аяз би»

- ★ **Тақырыбы:** Әділдік пен даналық
- ★ **Идеясы:** Жаман бейнесі арұылы әділдік пен даналықты көрсету, қарапайым адамның ісі мен адал еңбегін ардақтау.
- ★ **Жанры:** Шыншыл ертегі
- ★ **Композициялық талдау:**

Басталуы: Хан тапсырмасы

Байланысуы: Ханның Жаманды сынауы

Дамуы: Жаманның жұмбақты шешіп, серт беруі. Мендіге үйленуі

Шиеленісуі: Қырық уәзірдің іштарлығы. Ханды азғырулары

Шарықтау шегі: Ханның Жаманды сағынуы. Уәзірлерге реніш-ызасы.

Шешімі: Жаманның даналығын моойындаған ханның өз тағын беруі.

★ **Кейіпкерлері:**

Мадан хан - сол елдің ханы, билеушісі.

Қырық уәзір - ханның кеңесшілері, ақылдасушы адамдар.

Жаман - өте әділ, данышпан, түрі жаман болғанымен өте ақылды адам. Кейін Аяз би атанған дана, басты кейіпкер.

Ақша хан - Мадан ханның құдасы.

Ханның шешесі - Мадан дүниеге келгенде өз қызымен ауыстырып алған.

Зәрлі хан - атасы, әйелдерді қыз тапқаны үшін өлтірген қатігез.

Менді - ақылына көркі сай Уәлі байдың қызы. Жаманның жары.

Шал - жұрттан асқан дана.

★ **Маңызды деректер:**

Ханның тапсырмасы: дүниедегі адамның жаманын және шөптің жаманын, құстың жаманын тауып келіндер. Он бір ай уақыт беремін.

Қырық уәзірдің алып келе жатқандары: шеңгел («Өзі - тікен, арасынан жүрсе, киім жыртады, мал жемейді екен, шөптің жаманы осы гой»), қырғауыл («Үстінде жүні жоқ, ұсқыны келіссіз, құстың жаманы осы екен»), Жаман(таудың етегінде, үстінде жыртық тоны, басында тері тымағы бар, бір адам бес-он қойды бағып жүреді).

Жаманның айтқаны: қарақоға мен сауысқан. Елу жасқа келіп жаман болған жоқпын, жасымнан-ақ жаман едім. Өмірім отын, су тасумен кісі есігінде құлшылықта өтті. Сол уақытта шеңгелді әкеліп отқа жақсам, кешке жаққан отым ертеңіне дейін, сексеуілдің шоғындай жайнап жататын еді. Сол уақытта «Киім жыртып, мал жемейтін шеңгел отын болып, пайдаға асады екен-ау», - деп, ойлаған едім. Ал енді қарақоғаны алып, отқа жақсам, жанбайтын еді, үрсем, жалыны мен шоғы бірге сөніп, күлі бұрқырап үйдің ішін алып кететін еді. Отқа жанбаған соң апарып малға салсам, барлық мал мұрнын жиырып, жемейтін. Сонсоң: «Қарақоға тіпті пайдаға аспайтын шөп қой», - деп ойлаушы едім. Қарақоғаның жамандығын содан білдім, - дейді.

Қырғауылдың қанаты бар да, жүні жоқ болса да, адамның пайдасына жарайтын құс еді. Біреудің сиықсыз болуы оның жаратылысынан. Қырғауылдың айыбы - тек сиықсыздығы. Ал сауысқанның жүні ала болғаны сияқты, өзі де ала, бірлігі жоқ. Екеуі бірігіп ұшпаған, екеуі бірігіп қонбаған, адам пайдасына аспайтын құс еді. Сондықтан құс жаманы - сауысқан деймін.

Менің жасым елуге келді. Мен қатарлылар әйел алып, бала көрді; келін жұмсап, қызық көріп отыр. Мен қайда болса сонда, әлі күнге дейін әркімнің артына мінгесіп, басқа біреудің құлшылығында жүрмін.

Тұлпарды сынағанда басқа мін таппайды, тек сиырға шатыс екенінбіледі. Тұлпар судан өткенде, сиыр сияқты аузын суға малып, артқы аяғын сілкіп өтеді екен, содан ілген.

Тұлпардың биесін Маданға Ақша хан деген құдасы береді. Бие құлынды туа алмай өлер болған соң, ішін жарып құлынды алған екен. Әбден отығып кеткенше сиыр сүтімен асырапты.

Ханның гауһар тасы Сүлейменнің жүзігіндей, Мұсаның асасындай, дәуіттің қоржынындай қасиетті деп сипатталады.

Жаманның гауһар тасты сынауы: «Тас расымен қасиетті, бірақ екі жылдан кейін қасиеті бітеді. Тас жеңілдеген екен, ішінде екі ақ-қарабас құрт бар, тастың пышақ сырты қалыңдығы қалыпты.»

Ханды сынағандағы жауабы: Қарадан хан болып туыпсыз, атаңда хандық жоқ, наубайдың баласысыз.

Ханның шешесі сексенге келген. Зәрлі ханның он тоғыз әйелі болған, 19-ы да қыз тапқандықтан, бәрінің ішін жарып өлтірген. 20-әйел шешесі екен, тәуіптерге қаралса ішінде қыз екен. Сол кезде аспаз наубайдың әйелі де балалы, ішінде қл екен. Екеуінің толғағы бір күнде ұтап, балаларын ауыстырып алған екен.

Жаман Меңді қызға пышақты жетесінен сындырып, қайрақты ортасынан бөліп, тәрелкені уатып, гауһар тасты қақ жарып уәде береді.

Қырық уәзір іштарлығынан ханды азғырады, Жаманның әйелін мақтайды. Ханмен кеңесіп, оны Барсакелмеске мына заттарды алып келсін деп бұйырады: інжулі үйрек, қой, дәудің інжулі қара арғымағы. Әйелінің айтқанындай Жаман семіз жылқыны алып, 40 уәзір үш күндік жерге кеткесін арттарынан қайтады. Жылқыны сойып алып, үйінде тығылып көп жылдар жатады.

Қыз ханға өзің құрттары бар гауһар тасқа теңейді.

Жаманды Ақша хан еліне көшіріп салады.

Ханның көп жылдардан кейінгі 40 уәзіріне айтқан сөзі: «Жау шапты, ел бүлінді, апат соқты».

Жауабы: Күлдіреуіштің басы шығып кеткен екен, соны түзеп қою.

Аң аулап жүріп, қой баққан шалды көреді.

Сол жерде отыз тоғыз атты сойып, бір атты қалдырып, сойған аттардың біреуінің етін өздерінің киімін жағып пісіріп, етін жеп алады. Етті жеп болған соң, соймай қалдырған ала шолақ атқа Жаман мінеді, қолына құрық алып, жалаң аяқ, жалаң бас уәзірлерді ханға айдап жөнеледі.

Ханның: «Бұл таудың басын қырау шалғалы неше жыл болды?» дегені: «Сенің шашыңа ақ кіргелі неше жыл болды?» дегені еді. Шал: «Шашыма ақ кіргелі жиырма жыл болды», - деді. Ханның: «Бұл таудың етегін қырау шалғалы неше жыл болды?» дегені: «Сақалыңа ақ кіргелі неше жыл болды?» дегені еді. Шал: «Оған да он бес жыл болды», - деді. Ханның: «Бұл таудың басынан бұлақ аққалы неше жыл болды?» дегені: «Көзіңнен жас аққалы неше жыл болды?» дегені еді. Шал: «Оған да бір он жыл болды», - деді. Ханның: «Ата, өзің нешеусің?» дегені: «Үйінде неше жаның бар?» дегені еді. Шалдың: «Жатқанда екеуміз, тұрғанда төртеуміз» дегені: «Менің бұрынғы әйелім өліп еді, қазіргі әйелімнің байы өлген; түнде жатқанда екеу болғанмен, күндіз қойда жүргенде мен өлген әйелімді сағынам, қазір әйелім үйде отыр, өзінің өлген ерін ойлайды», - дегені еді. «Жатқанда екеу, тұрғанда төртеуміз» дегені - сол еді. Ханның «Қырық асыранды қазым бар, соны қан шығармай сойып, білдірмей жұлып, күйдірмей пісіріп беретін кісі бар ма?» дегені: «Менің ақылсыз қырық уәзірім бар, соларды ұрмай-соқпай жөнге салып беретін кісі бар ма?» дегені еді. Шалдың: «Адамына тап болсаң, айтқаныңнан асырар» дегені, оның шешуін маған жолдағаны еді. Сендер мені іздеп барған соң, үстеріңдегі киімдеріңді алып отқа жаққаным, білдірмей жұлғаным, күйдірмей пісіргенім; сендерді алдыма салып жалаңаш, жаяу айдап ханға әкелгенім, қан шығармай сойғаным еді. Ал енді осымен ханның жұмысы біткен шығар? - деп, Жаман соңғы жұмбақтың да жауабын дәл шешеді.

Хан Жаманға тағын береді. Жаман өзінің жыртық тоны мен жаман тымағын ордасының мандайшасына шегелеп қояды.

«Аяз би, баймын деп аспа, ханмын деп таспа! Аяз би әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл!»

- ★ **Ұлттық құндылық:** Қазақ өмірінің шындығын көрсете отырып, ұлттық құндылықтарымызды дәріптейді.
- ★ **Түсінік+өз ойым:** Хан тапсырмасы, Жаманға сынағы, Меңдіге үйленуі, қырық уәзірдің арам ісі мен Аяз бидің даналығы, хан болып әділ билік етуі. аяз би ертегісі Жаман атанған адамның өмірлік тәжірибесін, әділдігін, ақылдылығын көрсетеді. Қазіргі заманмен салыстырсақ, адамның сыртқы келбетіне емес, ішкі жанына үңіле білу керек десек болады.
- ★ **Ұқсас шығарма:** «Керкұла атты Кендебай»

«ТІРШІЛІКТЕ ҚҰРЫШТАЙ БОЛ ТӨЗІМДІ»

Тіршілікте құрыштай бол төзімді, а 11

Сан мәртебе алдаса да өзінді. а 11

Тағдырыңды еш уақытта жазғырма б

Тіпті кейде болса да әзәзіл азғырған. в

Өрге жүзген өнегелі ісімен а

Таңда да ал дос, өз теңіңнің ішінен. а

Жүргендер көп достық атын малданып, б

Алайда тек қалма оған алданып. б

★ **Тақырыбы:** Тіршілікте құрыштай бол төзімді

★ **Идеясы, түйіні:** Тіршілікте, мына өмірде төзімді болуға шақыру

★ **Тармақ, бунақ, буын саны:** 8 тармақ, 11 буын, 2-3 бунақ

★ **Ұйқас түрі:** Ерікті, шалыс ұйқас

★ **Әдеби теориялық ұғымдар:**

Инверсия «Тіршілікте құрыштай бол төзімді»

Теңеу «құрыштай»

Метонимия «достық атын малдану»

«ҚАШЫҚТАСЫҢ ТУҒАН ЖЕР»

Қашықтасың, туған жер - қалың елім, а

Не бір жүйрік болдырып жарау деген. б

Шаршадым мен, қанатым талды менің, в

Шаңқыт жолға сарылып қарауменен. г

Кері оралмай жылдарым жатыр ағып, а

Қасіреттің жасына көз жуынар. б

О, жаратқан, көп неткен ақымағың, в

Құм сықылды тез ысып, тез суынар. г

Зиялы аз бір тұтам тіршілікте,

Әкімдікке күллісі жүгіреді.

Көкірекпен сезініп, күрсініп көп,

Жаным менің түршігіп, түңіледі.

★ **Тақырыбы:** Қашықтасың, Туған жер

★ **Идеясы, түйіні:** Туған жер қашықта болса деген ойды ашып жазған.

★ **Тармақ, бунақ, буын саны:** 12 тармақ, 3 бунақ, 11 буын

★ **Ұйқас түрі:** Ерікті ұйқас

★ **Әдеби теориялық ұғымдар:**

Метафора «Туған жерім - қалың елім»

Эпитет «Қалың ел»

Теңеу «Құм сықылды тез ысып, тез суынар»

«Қанатым талды», «қасіреттің жасына көз жуынар»

«ЯСАУИДІҢ ДАНАЛЫҒЫ»

• **«Хикмет»**

Даналардың айтқаны келер болды,

Қияметтің қияпаты төнер болды,
Ақымақтар айқаймен жеңер болды,
Бұл не деген замана болды, достар?

Халайықтан мейірім мен рақым кетті,
Момынға телі-тентек зақым етті,
Тал түсте талапайда ақыл кетті,
Бұл не деген замана болды, достар?

Үлкен-кіші адамнан ибалық әдет кетті,
Қыз-бозбала жастардан әдеп кетті,
Мінез-құлықты бұзатын әлек жетті,
Бұл не деген замана болды, достар?

Мұсылманды мұсылман түтіп жейді,
Бірін-бірі ұқпайды, түсінбейді.
Мұриттер пірге көз қырын түсірмейді,
Бұл не деген замана болды, достар?

Жамағаттың жақсыға құрметі жоқ,
Кішілердің үлкенге ізеті жоқ,
Патшаларға әділдік міндеті жоқ,
Бұл не деген замана болды, достар?

Дәруіштер дұғасының шипасы жоқ,
Тым болмаса үстінде лыпасы жоқ,
Құнарсыз қу тақырдай бұтасы жоқ,
Бұл не деген замана болды, достар?

Азған заман ғалымы залым болар,
Қошеметшіл қулықпен мәлім болар,
Анығын айтқан адалдар жазым болар,
Бұл не деген замана болды, достар?

Айтылған сөз, уәденің байламы жоқ,
Жалғандыққа шындықтың қайраны жоқ,
Шындықты айтып осылай шырқыраған,
Құл Қожа Ахмет сөзінің жалғаны жоқ.

- "Бісміллә" деп баян еттім хикмет айтып,
Шәкірттерге дүр мен гауһар шаштым міне.
Жанды жалдап, қайғы шегіп, қандар жұтып,
Мен "дәптер сәни" сөзін аштым, міне.

Сөзді айттым кімдерге де етсе талап,
Ашық сөйлеп жақын жанды жанға балап.
Ғаріп, пақыр, жетімдердің басын сипап,
Діні қатты халайықтан қаштым, міне.

Қайда жүрсең көңіл жұмсақ, сыпайы болғыл,
Көре қалсаң мүсәпірді дәмдес болғыл.
Махшар күні құзырына жақын болғыл,
Менменсінген халайықтан қаштым, міне.

Ғаріп, пақыр, жетімдерді Расул білді,
Сол кеште миғраж шығып, дидаp көрді.
Қайтып түсіп, ғаріп, пақыр, халін білді,
Ғаріптердің жайын ұғып келдім, міне.

Үмбет болсаң, ғаріптерге жақын болғыл,
Аят, хадис айтқандарға құлақ салғыл.
Ырзық берсе, тағдырға қанағат қылғыл,
Қанағат қылып сауық шарабын іштім, міне.

Мәдинеге Расул барып, болды ғаріп,
Ғаріптікте бейнет тартып, болды ғашық.
Жапа тартып, жаратқанға келгені анық,
Ғаріп болып, ауыр жолда бастым, міне.

Ақылға ерсең ғаріптерді мейіріммен сүй,
Мұстафадай елді кезіп, жетімді жый.
Дүниеқоңыз, пасықтардан бойыңды тый,
Бойым тыйып дариядай тастым, міне.

Ғашық есігін Мәулім ашты, маған сыйлы,
Топырақ қылып әзір бол деп мойнымды иді.
Қара нөсер қарғыс оғы келіп тиді,
Найза алып, жүрек, бауырым тестім, міне.

Ділім қатты, тілім ащы, өзім залым,
Құран оқып бойұсынбас жалған ғалым.
Жаным құрбан, аямаймын жоқ дүр малым,
Хақтан қорқып отқа түспей күйдім, міне.

Алпыс үшке жасым жетті, өттім ғапыл,
Хақ әмірін бекем тұтпай болдым жаһил.
Ораза, намаз қаза қылып болдым кәпір,
Иман іздеп жақсыларға жеттім, міне.

Уа, дариға, махаббат шарабынан дәмін татпай
Қатын-бала, үй-мүліктен түгел қашпай,
Қылмыс, күнә айыбын мұнда шашпай,
Шайтанға еріп жан берерде састым, міне.

Иманыма қол ұрып, қайғы салды,
Пірімұған әзір бол деп апиын шашты.
Шайтан қарғыс мұндан қашып кете барды,
"Бихамдилла" нұрлы иман аштым, міне.

Пірімұған қызметінде зыр жүгірдім,
Жұмыс қылып көзімді ілмей әзер тұрдым.
Медет қылды: әзәзілді қуалап ұрдым,
Одан кейін қанат қағып ұштым, міне.

Пақыр мен жетім болсын шат-шадыман,
Мойныңда тұзақ, ғазиз жаның болсын құрбан.
Туыс тапсаң, жан тәніңмен қылғын мейман,
Хақтан естіп бұл сөздерді айттым, міне.

Ғаріп, пақыр, жетімдерді әркім сұрар,
Разы болар ол пендеден Пәруардігәр.
Ей, бейхабар, сені ол себепсіз-ақ өзі асырар,
Хақ Мұстафа уағызымен айттым, міне.

Жеті жаста Арыстан бабқа қылдым салам,
Мұстафаның аманатын бер деп маған.
Сол мезетте мың бір зікір еттім тамам,
Нәпсім тыйып Аллаға бет бұрдым, міне.

Құрма беріп, басым сипап, назар салды,
Сол сәтте ол дүниеге сапар салды.
Қоштасып бұл әлеммен кете барды,
Мектеп көріп, қайнап толып тастым, міне.

"Инна фатахнаны" оқып мағына білдім,
Нұрын төкті: естен танып дидар көрдім.
Молдам ұрып, - тыныш, - деді көз жазбадым,
Басым қатып, мең-зең болып тұрдым, міне.

Ей, надан, мағына осы деп айтты, білдім,
Одан кейін шөлдер кезіп қияқ жедім.
Қуат берді, әзәзілді ұстап міндім,
Салмақ салып, белін басып, жаныштым, міне.

Зікір салып мүсәпір-дуана болдым,
Хақтан өзге бір сөз де сөйлемес болдым,
От іздеген көбелектей шәкірт болдым,
Шоқ болып күйіп-жанып ұштым, міне.

Жалған атақтан арылып сәби болдым,
Алла атын айта-айта ашық болдым.
Аллаға бар жаныммен адал болдым,
"Фанафи Алла" мақамына салдым, міне.

Сүндет емес кәпір болса, берме азар,
Көңілі қатты, діл азардан Құдай безер.
Ондай құлға Алланың азабы даяр,
Даналардан бұл сөзді естіп айттым, міне.

Сүндеттерін бекем ұстап үмбет болдым,
Жер астына жалғыз кіріп нұрға толдым.
Сопылардың мақамына жақын болдым,
Нәпсіні көңіл найзасымен шаныштым, міне.

Нәпсім мені жолдан бұрып қор етеді,
Телміртіп халайыққа зар етеді.
Зікір салдырмай шайтанға "жар" етеді,
Әзірмін деп нәпсі басын жаныштым, міне.

Құл Қожа Ахмет, надандықпен өмірін өтті,
Қасіретпен тізе, көзден қуат кетті.
Қайғы менен өкініштің уақты өтті,
Амалым жоқ, керуен болып көштім, міне.

★ **Түсінік:** Адамгершілік, имандылық, әділдік, инабаттылық мәселелері жөнінде ой толғайды. Жағымсыз әдеттерден арылып, кемел адам болуға шақырады.

«МӨҢКЕНІҢ БОЛЖАУЫ»

- Құрамалы, қорғанды үйің болады,
Айнымалы, төкпелі биің болады.
Халыққа бір тиын пайдасы жоқ
Ай сайын бас қосқан жиын болады.
Ішінен шынтақ айналмайтын
Ежірей деген ұлың болады.
Ақыл айтсақ ауырып қалатын
Бежірей деген қызың болады.
Алдыңнан кес-кестеп өтетін
Кекірей деген келінің болады...
- Домалақ-домалақ түймедей дәрің болады,
Жастарға билігі жүрмес кәрің болады.
Ертеңіне сенбейтін күнің болады,
Бетіңнен алып түсетін інің болады.
Ала шұбар тілің болады,
Дүдәмалдау дінің болады...
- Қабағын түйіп қайыр тілейтін адамдар болады,
Қиналғанда шапағаты жоқ жақының болады...
Сарылып көлік тосасың,
Құны жоқ қағазды судай шашасың...
- Бай құрып, бақсы азады,
Кен көбейіп, бейшара озады.
Қу моладан үйің болады,
Қу баладан биің болады.
- Кебір жерге теңеледі,
Әйел ерге теңеледі.
Сиыр өгізге теңеледі,
Көл теңізге теңеледі.
Адам ақысыз жұмыс істемейді,
Дүниені түрлеп кестелейді.
Ащыны ащы демейді,
Сағынып тамақ жемейді.
Тапқанын олжа дейді,
Алһам білгенін молда дейді.
Бір-біріне қарыз бермейді,
Шақырмаса, көрші-көршіге кірмейді...
- Түрлі-түрлі халық болады,
Күндіз-түні жарық болады...
Дүниенің жүзіне,
Өре мен темірден жол тартылады...
Адам ақысыз жұмыс істемейді,
Дүниені түрлеп кестелейді.

- Жақсыны алдар жезбенен,
Іріткі салар сөзбенен.
Өзен мен көлге атақты,
Толтыра сала қаланы.
- Азарсың, жұртым, азарсың,
Азғаныңның белгісі,-
Атыз-атыз жыртылған,
Жер шығады деп еді...
Арық шығар деп еді,
Сол арықтың ішінде,
Ыңғайы жоқ жаманның,
Пышағы мен шақпағы,
Қалып шығар деп еді.

★ **Түсінік:** Бұл жерде Мөңке болашақты болжаған. Жарық орнатылатынын, темір жолдар салынып, түрлі халық болатынын, олардың ақысыз жұмыс істемейтіндігін дәл тапқан. Құрамы ұй, әділетсіз билік, халыққа еш пайдасы жоқ жиындар болады деген, ұрпақтың бұзылатындығын айтқан. Жалпы болашақты ақыр заман белгісі ретінде сынап, болжап дәл айтқан.

«ӘНЕТ БИ НАҚЫЛДАРЫ»

- **Күлтөбеде айтқаны:**

Үш арсыз: ұйқы арсыз, тамақ арсыз, күлкі арсыз.

Үш ғайып: ажал ғайып, қонақ ғайып, несібе ғайып.

Үш даусыз: мінез даусыз, кәрілік даусыз, ажал даусыз.

Үш қадірсіз: жігіттік қадірсіз, денсаулық қадірсіз, әйел қадірсіз.

“Қадірсіз” дегенде, бұл жерде Әнет баба адам баласы жас уағында осы үш асыл нәрсенің қадірін білмейді, ес тоқтата келе өкінеді дегенді айтып отыр.

Үш тәтті: жан тәтті, мал тәтті, бала тәтті.

Үш күшті: ақыл күшті, жүрек күшті, тіл күшті.

Үш жаман: нақақ қан төгу, кісі малын нақақ алу, ата-бабадан қалған ескі жұртты бұзу.

★ **Түсінік:** Үш арсызға ұйқыны, тамақты, күлкіні жатқызған. Ғайып деп қашан боларын білмейтін ажал, қоақ, несібені айтқан. Мінез, кәрілік пен ажал даусыз болары белгілі. Қадірсіз деп бар кезінде қадір тұтпайтын дүниелерді атап айтқан: жігіттік, денсаулық, әйел. Үш тәттіге жан, мал, баланы жатқызса, үш күштіге ақыл, жүрек, тіл деген. Үш жаманға дүниедегі ең жаман істерді айтқан. Жазықсыздардың қанын төгу, кісі мал-мүлкін тартып алу, ата-бабаның ескіден қалғанын бұзу үш жаманға жатады екен.

- **«Жеті жетім»**

Сөз жетім, ынтаменен тыңдалмаса,

Бөз жетім, киілместен тозған болса.

Жер жетім, иесі жоқ қалған болса,

Ел жетім, жақсы басшы арман болса,

Көл жетім қаз қонбаса құстары ұшып,

Ер жетім жеке қалса тізе құшып,

Болмаса замандасың тойға барма,

Басына жалғыздықтың торы түсіп.

★ **Түсінік:** Егер сөзді ешкім тыңдамаса жетім, бөз ешкім киместен тозса, иесіз болса жер,

басшысы болмаса ел, құстары жоқ болса көл, жалғыз қалса ер жетім екенін айтқан.

- **«Жеті қазына»**

Жеті қазына: әйел, ер жігіт, ілім-білім, жүйрік ат, қыран бүркіт, берен мылтық, алғыр ит.

Соны айтқанда біреу тұрып "Баба, қазақта тағы бір мақал бар "Бала белде, қатын жолда" дейді. Ер жігіт әйелді жаудан барып олжалап алады, айттырса қалың малына қырық жылқы айдап апарып береді. Бұл - шығын, қазақта тағы бір мәтел бар "Қойныңдағы қатыныңа сенбе, астыңдағы атыңа сенбе" дейді. Тағы айтады "Атың жаман болса сатып құтыларсың, қатының жаман болса кайтіп құтыласың". Соған қарағанда, әйелді "жеті қазынаның бірі" деу дұрыс бола қояр ма екен? - **Әйел жеті қазынаның бірі ғана емес, біріншісі болуға тиіс, -** депті Әнет баба сонда. Дүниедегі барлық тіршілік атаулының анасы - әйел. Сондықтан, оған тіл тигізуге де, қол тигізуге де болмайды. Пайғамбарымыздың өзі әйелдерді қатты құрмет тұтқан. Ал, бірді-екілі ауылдың бейпілауыздары әйел туралы жаман сөз айтар болса ондайларға тыйым салу керек.

★ **Түсінік:** Әйел адамның қоғамдағы орны ерекше екенін дәлелдеп айтқан, жеті қазынаның бірі емес біріншісі екенін сөз етеді.

- **«Жеті жоқ»**

Аспанда тіреуіш жоқ, Тасбақада талақ жоқ.

Жерде сүйеуіш жоқ, Аққуда сүт жоқ

Таста тамыр жоқ, Жылқыда өт жоқ.

★ **Түсінік:** Жеті түрлі жоқты нақты атап шыққан.

«ҚАЗЫБЕК БИДІҢ ШЕШЕНДІГІ»

«Ақылшы болса, апайың жақын.

Бауырмал болса інің жақын,

Инабатты болса, келінің жақын.

Алдыңа тартқан адал асын,

Қимас жақын – қарындасың.

Сыбайлас болса, нағашың жақын.

Адал болса, досың жақын.

Еркелейтін немерең жақын,

Өз ұрпағың - шөберең жақын.

Жан серігің жас кезіңнен

Бәрінен де әйелің жақын....

Алтын ұяң – отаның қымбат,

Құт берекең – атаң қымбат,

Мейірімді анаң қымбат,

Асқар тауың – әкең қымбат,

Туып өскен елің қымбат,

Ұят пен ар қымбат,

Өзің сүйген жар қымбат...

Арадан шыққан жау қиын,

Таусылмайтын дау қиын,

Шанышқылаған сөз қиын,

Дәл осындай жағдайда,

Пана болмас өз үйің.

Жазылмаса дерт қиын,
Іске аспаған серт қиын.
Ақылыңнан адасып,
Өзің түскен өр қиын,
Тентек болса ұл қиын,
Не істерінді біле алмай
Ашиды сонда бос миың.»

- ★ **Түсінік:** Кім жақын? Не қиын? Не қымбат? деген сауалдарға түсінікті тілде жауап берген. Бәрінен де әйелің жақын болатынын айтып, Отан, ата-ананың, апа мен әке, елдің, ұят пен ардың, жардың ең қымбат екенін сөз қылады. Іштен шыққан жау, бітпейтін дау, ауыр сөз, жзылмас дерт, іске аспаған серт ең қиын дүниелер екенін айтып, одан сақтануға шақырады.

«СЫРЫМНЫҢ ДАНАЛЫҒЫ»

Бала би мен Сырым:

«Үгітті ұққанға айту керек, ақылды жұққанға айту керек.»
«Ат шабысына қарай шабады, ер намысына қарай шабады.»
«аста тұз тәтті, адамда дос тәтті.»
Негізі Сырым Даттан ағайынды он бір, бірақ өзі былай деп жауап береді: «Мен ағайынды еке-
уім: біреуі -өзім, екіншісі - халқым.»
«Сөз анасы -құлақ, су анасы - бұлақ, жол анасы - тұяқ, дін анасы - ұят.»
«Өтірік пен шынның арасы - төрт елі. Көз бен көргеннің арасы, құлақ пен естігеннің арасы
неше шақырым деп мені алдамаңыз.»
«Дау мұраты - біту, сауда мұраты - ұту, жол мұраты - жету, қыз мұраты - кету»

- ★ **Түсінік** Сырым Бала бидің қойған сұрақтарына шешендікпен жауап берген және барлық сөздің бір астары бар екенін байқауға болады.

Қосымша (Сырым Датұлының нақыл сөздері)

- «Табалдырықтан биік тау жоқ,
Жаман ағайыннан асқан жау жоқ.»
- «Таудан биік көңіл бар, теңізден терең ғылым бар, оттан бетер қайғы-зар.»
- «Бір аяқ сусын екі кісінің құны: су табылмаса, шөлдеген өледі, ұяттан – тауып бермеген өледі.»
- Дәурені озса, жасы жеткені болар,
Қамқа тозса, күтімі кеткені болар.»
- «Қарадан хан болсам, халқым қалаған болар,
Айырдан нар болсам, атам жараған болар,
Жоқтан бар болсам, Құдайым қараған болар.»
- «Азамат жетім болмайды, халықтан болса панасы,
Халық жетім болмайды, басшы болса данасы.»
- «Ағаңнан айырылсаң – қанатыңның қайырылғаны,
Әкеңнен айырылсаң – асқар тауыңның шағылғаны,

Сүйген жарыңнан айырылсаң – жапырағыңның қуарғаны,
Анаңнан айырылсаң – ағып жатқан бұлағыңның суалғаны.»

- «Ата тұрып ұл сөйлесе, ер жеткені болар,
Ана тұрып қыз сөйлесе, бой жеткені болар.»

«МАЙҚЫ БИДІҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ» (Қосымша өзіме)))

- Алтау ала болса, ауыздағы кетеді,
Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.
- Ханның биі ақылды болса,
Қара жерден кеме жүргізеді.
- Би екеу болса, дау төртеу болады.
- Дауыл болмай, жауын болмас,
Даулы болған, қауым болмас.
- Егіз ешкі сауын болмас,
Екі жалқау ауыл болмас.
- Естіге айтқан тура сөз,
Шыңға тіккен тумен тең.
Есерге айтқан тура сөз,
Құмға сіңген сумен тең.
- Ақиық қыран қартайса,
Жас жағалтайда тепкі жейді.
- Парақор биге ісің түспесін,
Сараң үйге кісің түспесін.
- Хан әділ болса, халық ынтымақты болады.
- Бірлік түбі - береке.
- Жаман әйел ер қадірін білмес.
- Хан - халықтың қазығы.
- Уәзіріне сырын алдырған хан - қақпанға түскен аң.
- Таста тамыр жоқ, ханда бауыр жоқ.
- Дау арашасыз болмас, хан қарашасыз болмас.
- Бірліксіз тірлік жоқ.
- **«Тұлпардан тұлпар туады...»**

Тұлпардан тұлпар туады,
Сұңқардан сұңқар туады,
Асылдан асыл туады,
Жалқаудан масыл туады,
Масылдан малбақпас туады,
Тілазардан қылжақбас туады,
Таздан жарғақбас туады,
Сараңнан бермес туады,
Соқырдан көрмес туады,
Мылжыңнан езбе туады,
Қыдырмадан кезбе туады.

«Сүйінбай мен Қатаған айтысы»

★ **Тақырыбы:** Айтыс өнері

★ **Идеясы:** Сүйінбайдың ақындығын паш ету, бірлік пен елдіктің маңыздылығы

★ **Жанры:** Ақындар айтысы

★ **Композициялық талдау:**

Басталуы: Орман ханның ас беруі

Байланысуы: Қазақ-қырғыздың жиналуы

Дамуы: Сүйінбайдың сөз бастап, амандасуы

Шиеленісуі: Қагілез Қатағанның екпіні

Шарықтау шегі: Сүйінбайдың жауабы

Шешімі: Соңғы шешім, Қатағанның жеңілісі

★ **Кейіпкерлері:**

Орман - Қырғыз ханы, шонжар манабы

Тезек - Жетісу қазақтарын билеп отырған төре.

Бәйтік - Қырғыз елінің шоң манабы.

Сүйінбай - бадана көз, сұлу жігіт, қазақтың айтыскер ақыны.

Қатаған - қырғыздан шыққан қагілез қайыстай қара жігіт, айтыскер ақын.

Бөлтірік - жиынға келген шешен.

Жантай - айтыстың шешімін айтқан батыр.

★ **Маңызды деректер:**

Атақты ас қырғыз жерінде Ыстықкөл жайлауында XIX ғасырдың орта шенінде өткен(1852 жыл маусым айының басында).

Хабар қазақ еліне **алты ай бұрын** тарайды. Орман хан Тезек төреге арнайы шақыру хат жібереді. Ақын, жыршы, жырауларды, найзагер, бапкер, палуандарды ала келуді өтінеді. Асқа қазақ-қырғыздың ақсүйек, би-болыстарымен қатар, қарапайым халық та көп жиналады.

Қырғыз манабы Бәйтік қазақтан келген қалың топқа көз салып: «Тезек-ау, мына бадана көз, сұрша жігітін Сүйінбай ақын емес пе?» – дейді.

Сүйінбай Жантайға, Қара Бәйтік пен Әтекеңе, Орманханға сәлемдесе келгенің айтады.

Қатаған өзің қияқты сұңқарға, Сүйінбайды боз жапалаққа теңейді.

Қатаған сөзі:

«Байлық десең, мұнда бар,

Көптік десең, мұнда бар,

Беттік десең, мұнда бар,

Көкше қоян құмда бар,

Біздей ерчі қайда бар?!»

Қатағанның айтқан рулары: **Қара Бәйтік, Сарыбақ, Бұғы, Қасар ұры, Сары ру, Солты, Қанайым.**

Қатағанның екпінінен жасқанған, Сүйінбайға жалтақ-жалтақ қарай берген адам: **Тезек төре**

Сол кезде Тезек төреге: «Ей, төрем, көтер басыңды, қаныңды қашырма. Сүйінбай өлең таппай отыр дейсің бе?! Булығып отыр. Сүйінжан, шығар даусыңды», - деген адам: **Бөлтірік батыр**

Сүйінбайдың Қатаған сөзіне берген жауабы:

«Көппін деп айттың, Қатаған,

Көптігің сенің қайда бар,

Үш атаның ұлысың.

Қазағымды қапдатсам,
Жұртта қалған күшіктей,
Айдалада ұлырсың.»

Сүйінбайдың жауабында аты аталатын қазақ есімдері, рулары: **Шапырашты, Сұраншы, Саурық, Қарасай, Есқожа, Ошақты, Ысты, Ойық пенен Тілік, Сары Үйсін, Қаңлы, Шанышқылы, Қожа менен Тоғышақ, Қали, Сіргелі, Жалайыр, Абақ, Тарақ, Орақ батыр, Балпық, Он екі ата Жалайыр, Дулат, Сыпатай андас Бәйсейіт, Сиқым, Жаныс, Ботпай, Шымыр, Алты аталы Албан, Суан, Найман, Керей, Арғын, Қаракесек, Атығай мен Қарауыл, Тобықты менен Уақ, Жанқұтты, Сұлтан Сиық, Байсиық, Он екі ата Байұлы, Жеті аталы Жеті ру, Әлім менен Шөмекей, Тоқсан баулы Қоңырат, Қыпшақ, Тама.**

Шабыттанған Сүйінбай барлық қазақ руларын түгендеп, халқының көптігін, елінің ерлігін, өрлігін, серілігін аспандата, асқақтата айта келіп, қорытындылаған сөзі:

«Еменнен күшті ағашпын,
Еселесең сынбаймын!
Алдаспанға жолықтың,
Түбіңе жетпей тынбаймын!
Топ бастаған бұлбұлмын,
Сөз бастаған жүйрікпін,
Судан шыққан сүйрікпін,
Бәйгеден озған дүлдүлмін,
Шығарма, Қатаған, үнінді!

«Ботам, Сүйінбай! Сен жеңдің, Қатаған жеңілді. Қатаған көппін деп мақтанды, аттың түгіндей қазақтан қырғыз қашан көп болып еді?! Бірақ қазақ алауыз ел, әттең, сен осыны айтпадың, Қатаған! - деп ашуланған адам: **батыр Жантай.**

«Сүйінбай, ботам! Екі елдің бас қосқан үлкен айтысында Қатағанды жеңгенің үшін: ...**алты қанат ақ орда, алтын бесік, бір бүркіт, мойнында күміс қарғысы бар екі тазы** сыйлаймыз. Риза бол, қарағым! - дейді **Қара Бәйтік** асқа жиналған күллі қазақ пен қырғыздың ортасында.

Салт-дәстүрлер: ас беру, айтыс, сыйлық беру, жүлде, бас бәйге.

- ★ **Ұлттық құндылық:** Елдің бірлігі мен халқының көптігі, айтыс өнерін дәріптеу.
- ★ **Түсінік+өз ойым:** Сүйінбай барлық қазақ руларын айта келе, елдің бірікте, татулықта болғанын қалағанын аңғара аламыз.
- ★ **Ұқсас шығарма:** «Сүйінбайдың Тезек төремен айтысы»

«Кенесары-Наурызбай»

- ★ **Тақырыбы:** Кенесары-Наурызбайдың Ресей отаршылдығына, қырғыздарға қарсы күресі.
- ★ **Идеясы:** Кенесары-Наурызбайдың, басқа да көптеген батырлардың ерлігін дәріптеу, келер ұрпаққа үлгі ете отырып, шынайы тарихтан көрініс беру.
- ★ **Жанры:** Тарихи жыр
- ★ **Композициялық талдау:**
 - Басталуы:** Кенесары-Наурызбай бейнесі. Көтеріліс кезеңі
 - Байланысуы:** Қырғыздардың Топжарғанды барымталауы.
 - Дамуы:** Қырғыз халқына басталған жорық.
 - Шиеленісуі:** Алауыздықтың күшеюі. Кәрібоздың зары, Ержанның тұтқынға түсуі.
 - Шарықтау шегі:** Наурызбайдың жалғыз аттануы.

Шешімі: Шыңғыс ұрпақтарының жеңіліс табуы.

★ **Кейіпкерлері:**

Кенесары - Абылай ханның ұрпағы, көтеріліс бастаушы, батыр, көсем.

Наурызбай - Кененің бауыры, батыр, қолбасшы.

Нысанбай - жырау, ақын, батыр, кобызбен бал ашушы.

Бұғыбай - ең сенімді батырлардың бірі.

Ержан - Кененің қырғыздарға тұтқынға түскен інісі.

Саржан, Есенгелді - Қасым төре ұлдары, Кененің ағалары.

Қалша хан - Қырғыз ханы, ағасы Кенесарыны тұтқында алады.

Кәрібоз - Ер Қанайдың баласы, қырғыз батыры, Наурызбайды тұтқында алады.

Жанғараш би - Ержанды тұтқынға алған Есқожаның баласы.

Наурызбайдың артынан ерген батырлар: Меңдібай, Дулат, Ағыбай, Арғыннан шыққан үш жігіт – Шәкір, Жәуке, Толыбай, Табыннан қабан Бұқарбай.

★ **Маңызды деректер:**

Жер-су аттары: Әуелгі мекен - Көкшетау, Жазғы жайлау - Ұлытау, Іле, Қоқан, Алатау,

Арқа, Қарғалы, Қарабалта, Соқылық, Қызылсу, Дуан, Құмбел.

Қырғыздар ұрлап кеткен Наурызбайдың тұлпары: Топжарған.

Кенесары-Наурызбай бейнесі:

«Кешегі өткен Кенекең -

Дүрі жауһар данасы.

Үйсіздерге үй болған,

Биуатаның қанасы,.

Шаршағанға ат болып,

Шөлдегенге су болып,

Дарияның аққан саласы.

Ататегін сұрасаң -

Хан Абылай баласы.»

«Кенесары, Наурызбай

Атағы шықты аңқылдап.

Жауды үркітіп, қашырды,

Ақ алмастай жарқылдап,

Зәресін алды дұшпанның,

Найзағайдай шартылдап.

Қасына ерген төлеңгіт

Олжаға батты қарқылдап»

Наурызбай қырғыздардың Жаппар ие қамалын 30 жігіт қосшы алып, атқа мініп тас-талқан етіп жеңеді.

300-дей айғыр бие, 160-тай түйе алып, бөліп береді.

Жалғыз атты ұрлап, кінәлі болған қырғыздардан өшін алмақ болған Кене қолдау іздеп барған ру-тайпа: **Дулат**

Кененің Дулаттарға қолдау іздеп баруының салдары:

«Асаулар үзді шідерді,

Сыйламай Дулат жіберді.

Сыйынып барған елінен,

Кене хан үзді күдерді.»

Қабағы түнерген хан күзді күні қырғыздарға аттанады.

Қырғыз да қарап жатпады, қазақтарға соққы беріп, оңайлықпен беріспейді:

«Оңайлықпен қазаққа
Асуды қырғыз бермеді.
Әр жерлерден құралып,
Қырғыздың қолы кернеді.
Бесінге дейін атысып,
Қазақтың әлі келмеді.
Қарабалта, Соқылық
Аңғарынан шаң асты.
Қырғыз-қазақ екі жар,
Ескі жолға таласты.
Сол уақытта хан Кене
Амалынан адасты.
Қырғызды айдап шыға алмай,
Батырлар сонда бір састы,» - деп айтылады.

Қазақтар бес күн атысып, асуды ала алмағанда «Тау басында қырғызға Бір тигізші найзамды» деп Наурызбай тіл қатқан батыр: **Бұғыбай батыр**
Бұғыбай өздерінің әлдерінің келмейтінін біліп, Наурызбайға ұсынған әрекеті: **ханнан барып көмек сұрауды өтінеді.**

Хан Кенеге келген Наурызбайдың айтқан сөзі:

«Дұшпаннан бітсін ар, - дейді.
Қолдағы өңшең батырдан
Іріктеп бәрін ал, - дейді.
Көңілің шапса, Науанжан,
Ертерек сонда бар, - дейді.
Екі-үш жүздей кісімен
Ойынды барып сал, -дейді.»

Наурызбай әскерден отыз сарбазды таңдап алып, соғысқа кіргендегі бейнесі:

**«Ор қояндай бұлтиған,
Көк дөнен ат астында.
Қамзолішік құнтиған,
Ақ орамал басында.
Көрұғлыға бергісіз,
Отыз көкжал қасында.
Сол уақытта Наурызбай,
Жиырма бес жасында.»**

Қырғыз халқының шайқаста күйреуін көрсететін жолдар: Найзасы қанға боялған Наурызбай // Есік-ежесін қиратып, // Қырғыздың шықты дал-далы.

Хан келгенін көріп, есірген Наурызбай қырғыздарды қырып салып, мал мен дүние-мүлкін талайды. Батырларды ар-намыстың құрбаны болуға шақырып:

«Тайынбай жауға кіріңдер,
Айбынды туған ерлерім!» - деп үндейді.

Қырғыздың қолын бастаған Кәрібоз деген кісі қазақтан көрген қорлығын тізбелеген жолдар:

«Ей, Наурызбай, ер төрем,
Қарайып жүрмін қаныма!
Аза қорлық көрсетіп,
Қатты баттың жаныма.
Не жазығым бар еді

Кенесары ханыңа?»

Кәрібоздың қатуланған сөзіне Наурызбай бұрын тату болғандарын, бірақ:

«Қонысты кәпір алған соң,

Кенекем көшкен жерінен.

Бауыры суып ол жақта,

Қарашы болған елінен,» - деп, қырғызды паналаған Кенені бағаламағандарын, елшіні өздерінің жолымен өлтіргенін жеткізеді.

Қырғыздарға тұтқынға түскен барлауға кеткен Кененің інісі: **Ержан. Мінген аты - Бәйгікөк.**

Наурызбай хан інісін құтқармаққа аттанады. Жекпе-жекке шақырған қырғыздарға қазақтардан ешкім жауап қатпайды.

Жекпе-жекке шықпаған қазақтарға қарсы шыққан қырғыз батырлары: **Байұзақ датқа, Бидері.**

Наурызбайдың қырғыздармен жекпе-жекте мінген тұлпары: **Ақауыз ат**

Батырларын көрген Наурызбай қайтуға жарлық береді. Қырғыз батырларын жеңген Наурызбайдың жауына жалғыз шапқан ерлігі суреттелген жолдар:

«Үшеуін шаншып өлтірді,

Бесеуі тірі, өлмеді.

Бес мергенді тірі айдап,

Ханға алып келгені.

Сегіз мылтық өңгеріп,

Тарту қылып бергені.»

Қанына қарайған қырғыз аянып тұрмай, Наурызбай батырдың атын атып құлатып, батырға ұмтылады. Қырғыз, қазақ болып, Наурызбайға таласады.

Ақауыз атына қастандық жасалған Наурызбай қайт қонған ат: **Кертайлақ ат**

Бірақ астына мінген атына көңілі толмаған Наурызбай қасында Ержанның болмағанына өкінеді:

«Ержан болса қасымда

Бөлекше туған тұлғасы,

Болар ма едім қазаққа

Әзіл сөздің олжасы?!»

Дулат пен қырғыздардың бірігіп, алауыздық танытып, қазақтардың барған сапарларынан оралмағанын Нысанбай жырау жырлаған жолдар:

«Қазақтың көбі қырылды,

Қанды ма екен табасы?!

Сол барғаннан төрелер,

Елге қайтып келмеген.»

Нысанбай жыраудың Кенесары, Наурызбай батыр бейнелерімен қатар, елім деп еңіреп туған ерлер, жырдың тарихи құндылығын арттыра түскен батырлар: **Шұбыртпалы Ағыбай, Табын Жоламан, Қабан Бұқарбай, Қыпшақ Иман (А.Имановтың әкесі), Басығара, Дулат Байсейіт, Шапырашты Бұғыбай, Сұраншы, Саурық, Сүйіндік, Жанайдар, Арғын Жеке батыр, Талмас, Жәуке, Қанжығалы Тастан, Қаржас Сармантай, Тама Құрман, Керейт Меңлі.**

Сатқындар: **Рүстем мен Сыпатай.**

Ұлы жүздегі ру аттары: **Дулат, Шапырашты.**

Нысанбайдың абырой-беделі асқан сыншы, ақын, жыршы болғанын байқататын, «**Кенесары-Наурызбай**» жырының аяқталуы:

«Бұл қиссаны шығарған
Нысанбай деген жыршы еді,
Хан Кененің тұсында
Жұрттан озған сыншы еді,
Айтқан сөзі үлгілі
Құлақтың бір құрышы еді,
Өлең-жырға Нысанбай
Мәшһүр шешен нар еді,
Бір естіген адамдар
Сөзіне тағы зар еді,
Көзімен көріп сөз қылған
Соғыста өзі бар еді.»

- ★ **Ұлттық құндылық:** Тарихи кезең ерекше көркемдікпен суреттеледі. Батырлық, ерлік дәріптеледі.
- ★ **Түсінік+өз ойым:** Бұл шығарма өзінің тарихи шындыққа негізделуімен құнды болып табылады. Кенесары-Наурызбай және басқа да батырлардың ерлік істері болашақ ұрпақты отансүйгіштікке, батырлыққа тәрбиелейді.
- ★ **Ұқсас шығарма:** Ілияс Есенберлин «Қаһар»

- ★ **Тақырыбы:** «Қоғалы көлдер, қом сулар»
- ★ **Идеясы, түйіні:** Ерлікті, батырлықты дәріптеу.
- ★ **Тармақ, бунақ, буын саны:** 14 тармақ, 2 бунақ, 8 буын
- ★ **Ұйқас түрі:** кезекті ұйқас
- ★ **Әдеби теориялық ұғымдар:**

Аллитерация, инверсия, эпитета:

«Қоғалы көлдер, қом сулар,
Қоныстар қонған өкінбес...
Кілең бұздай кілшейтіп,
Көбелер киген өкінбес...
Торы төбел ат мініп,
Той тойлаған өкінбес.»

Эпитет: қоғалы көлдер, қом сулар, торы төбел ат,

«құрама шапшақ көп қымыз»- **күрделі эпитет**

Теңеу: «Арыстандай екі бұтын алшайтып», «кілең бұздай», «қардай боратқан», «оқ қылқандай», «қан жусандай», «аққан судай»

«Екі арыстан жау шапса» - **символ**

«Оқ қылқандай шаншылса,

Қан жусандай егілсе,

Аққан судай төгілсе, - теңеулі эпитет

Бетегелі Сарыарқаның бойында

Соғысып өлген өкінбес!» - **Гипербола**

- ★ **Түсінік:** Қоғалы көлдер, қом суларды мақтай айтып, батырлық туралы да айтып өтеді.

- ★ **Тақырыбы:** «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы»
- ★ **Идеясы, түйіні:** Туған жерін амалсыздан тастап бара жатқанын жыр етеді.

★ **Тармақ, бунақ, буын саны:** 7 тармақ, 2-3 бунақ, 8 буын

★ **Ұйқас түрі:** шалыс ұйқас

★ **Әдеби теориялық ұғымдар:**

Ассонанс, метафора:

«Адыра қалғыр көк Жайық,

Аңырап қалған қонысым!»

«Таудағы тарлан бөрі едім»

Дамыту(градация):

«**Ақ балтырын** түрініп, - эпитет

Басарына ерініп,

Көкірегі күйініп,

Тек тірлікке сүйініп,

Ықтиярсыз жүгіріп,

Аузы түкті кәпірдің - перифраз

Етпегей еді жұмысын!»

Метонимия: «Талақ» - қоштасу

Метафора, эпитет:

«Буыршынның жалғыз **қырқар азуы**,

Бөкеннің желіп өтер **төрт саны**,

Бұғының ауыр **қара мүйізі**,

Бидайықтың **жалғыз соғары**,

Қашағанның **ұзын құрығы**,

Ақ орданың **тіреу сырығы**,

Айдаса - **қойдың көсемі**,

Сөйлесе - **тілдің шешені**,

Арғымағын жаз жіберіп, күз мінген,

Күз жіберіп, жаз мінген,

Жазаласа - екі жылда бір мінген,

Жолдасын жолай іздеген,

Өзіне тиген дұшпанын

Қарт бурадай тіздеген - **теңеу**

Мен - Қарғабойлы Қазтуған,

Қайғыланып асып барамын

Ноғайлы-қазақ елімнен!»

★ **Түсінік:** Өзінің туған жерінен қайғыланып асып бара жатқаны көрініс табады.

★ **Жер-су аттары:** Еділ, Жайық, Ойыл, Қиыл, Жем, Сағыз

★ **Тақырыбы:** «Еңсегей бойлы Ер Есім»

★ **Идеясы, түйіні:** Өзінің билеушісіне психологиялық тұрғыдан әсер етіп, қорқытып ықпал жасау.

★ **Тармақ, бунақ, буын саны:** 85 тармақ, 2 бунақ, 7-8 буын

★ **Ұйқас түрі:** аралас ұйқас

★ **Әдеби теориялық ұғымдар:**

Арнау, аллитерация, эпифора

Метонимия: «ісің жол емес»

Теңеу: «Жолбарыстай», «Жиёмбет сынды»

Метонимия: «құрбандыққа қол емес»

Меңзеу: «Қаһарыңды басқалы»

Эпитет: «тал шарбақ», «қаз мойынды ханша»

Перифраза: «Қайыр қылу», «дәурен сүру»

- ★ **Түсінік:** Есім ханның ағат кеткен жерлерін айтып, өзінің наразылығын ашық білдіреді.

- ★ **Тақырыбы:** «Би Темірге бірінші толғау»

- ★ **Идеясы, түйіні:** Отансүйгіштік, өз еліне деген мақтаныш көрініс табады.

- ★ **Тармақ, бунақ, буын саны:** 88 тармақ, 2 бунақ, 7 буын

- ★ **Ұйқас түрі:** аралас ұйқас

- ★ **Әдеби теориялық ұғымдар:**

Метафора:

«Сен - алтынсың, мен - пұлмын,

Сен - жібексің, мен - жүнмін,

Сен - сұлтансың, мен - құлмын,

Сен - сұңқарсың, мен - қумын,»

«Алп, алп басқан, алп басқан

Арабы торым өзіңсің,

Жазылы, алтын, қол кескен

Алдаспаным өзіңсің!

Білерді білмес не демес,

Сұлтан ием, сен менің

Бармай тапқан Қағбамсың!»

Эпитет: «алтынды кесе, сары бал», «ала балта»

Теңеу: «телегейдей»

«Сен есенде, мен сауда

Ырысымды сындайын,

Сегіз қиыр шартараптан іздермін!»

- ★ **Түсінік:** Би Темірге ренішін білдіре отырып, оны дәріптеп асыра сипаттайды.

- ★ **Тақырыбы:** «Күлдір-күлдір кісінетіп»

- ★ **Идеясы, түйіні:** Ақтамбердінің арман-мақсаты көрініс табады.

- ★ **Тармақ, бунақ, буын саны:** 108 тармақ, 2-3 бунақ, 9 буын

- ★ **Ұйқас түрі:** шалыс ұйқас

- ★ **Әдеби теориялық ұғымдар:**

Аллитерация, риторикалық сұрау, эпифора:

«Күлдір-күлдір кісінетіп,

Күренді мінер ме екеміз?!

Күдеріден бау тағып,

Ақ кіреуке киер ме екеміз?!» - **эпитет**

Жағасы алтын, жеңі жез, - **эпитет**

Шығыршығы торғай көз

Сауыт киер ме екеміз?!

«**Ор қояндай** жүгінтіп,

Аш күзендей бүгілтіп,

Жолбарыстай шұбарды

Тандап мінер ме екеміз?!» - **теңеу**

«Ор қояндай қабақты,

Қиған қамыс құлақты,

Сары мысықтай азулы,

Саптыаяқтай ерінді,
Қидасын кәрі жілікті,
Омырауы есіктей,
Ойынды еті бесіктей,
Табаны жалпақ тарланды
Таңбалап мінер ме екеміз?!» - **теңеу, эпитет**

★ **Түсінік:** Батырлықты, жақсы қасиеттерді айта отырып, арман етеді.

★ **Тақырыбы:** «Балаларыма өсиет»

★ **Идеясы, түйіні:** Ағкайынның тату болуын дәріптейді.

★ **Тармақ, бунақ, буын саны:** 19 тармақ, 7-8 буын, 2 бунақ

★ **Ұйқас түрі:** аралас ұйқас

★ **Әдеби теориялық ұғымдар:**

«Балаларыма өсиет:

Қылмаңыздар кепиет,

Бірлігіңнен айрылма,

Бірлікте бар қасиет. - аллитерация

Татулық болар береке,

Қылмасын жұрт келеке,

Араз болсаң алты ауыз

Еліңе кірген әреке.

Талпынып салдым егінді,

Ішсін деп әркім тегінді,

Ақылың барың ұғарсың,

Ойың болса сезімді.

Тоқсанға жас келген соң,

Өлім жақын көрінді.

Бар арманым айтайын,

Батырларша жорықта

Өлмедім оқтан, қайтейін!

Ел аман болсын ылайым,

Тілегім берді бәрін де,

Ризамын, Құдайым!»

★ **Түсінік:** Балаларына өсиет айтып, бірлікте болғанын қалайды.

★ **Тақырыбы:** «Ай, Абылай, Абылай»

★ **Идеясы, түйіні:** Абылай ханның өмірі туралы мадақ пен сын сөздер айтады.

★ **Тармақ, бунақ, буын саны:** 85 тармақ, 3 бунақ, 7 буын

★ **Ұйқас түрі:** аралас ұйқас

★ **Әдеби теориялық ұғымдар:**

Ассонанс, аллитерация

«Жеңбеген жауың қалмады-ау,

Алмаған жерін аз қалды-ау» - **әсірелеу**

«Жұлдызың туды оңыңнан,
Жан біткен ерді соңыңнан.

Он сан Алаш баласын

Жусатып **қойдай** өргіздің,

Жұмсап жүрсің қолыңнан.» - **эпитет, теңеу**

Метафора:

«Қара судың бетінде

Соқтығып аққан сең едің.»

Эпитет: алтын тон, түпсіз терең көл, елсіз жатқан шөл

Эпифора:

«Аузындағы сөзіңді алар,

Бойындағы әліңді алар,

Бетіндегі нұрынды алар,

Тәніндегі шырынды алар,

Саудыратып тісіңді алар,»

★ **Түсінік:** Абылайдың әр жас кезеңін айтып, ақыл-кеңес береді.

★ **Тақырыбы:** «Зар Заман»

★ **Идеясы, түйіні:** Орыс империясының қазақ жерін отарлауын ақырзаман белгісі ретінде көреді.

★ **Тармақ, бунақ, буын саны:** 76 тармақ, 2 бунақ, 7 буын

★ **Ұйқас түрі:** Егіз ұйқас

★ **Әдеби теориялық ұғымдар:**

Анафора

Эпифора, ассонанс, метонимия:

«Азулыға бар заман,

Азусызға тар заман.»

Жай қайталау, аллитерация:

«Зар заман, зар заман,

Зарлап өткен бір заман»

Метафора «Орыс - бүркіт, біз - түлкі»

Синекдоха: «Арқадан дәурен кеткен соң...», «ұлың киді дүрия»

Эпитет: «дүниенің қызығы»

Меңзеу: «Масқаралар таймайды», «қызың киді биқасап»

Теңеу: «ұстараның жүзіндей», «кұлан менен бұландай»

Метонимия: «кәпір» - орыс, «бір қара»

Градация:

«Мың-мың жылқы айдаған,

Сары қазы шайнаған,

Қымызын судай сапырған,

Ішіп мас боп ақырған,

Арқаның жазын қашырған,

Жылқының етін жемес - ті.»

Риторикалық сұрау «Мынау заман қай заман?»

★ **Түсінік:** Зарлап өткен зар заман деп Ремейдің отарлау кезін сипаттайды.

★ **Тақырыбы:** «Үш қиян»

★ **Идеясы, түйіні:** Өзінің азаматтық көзқарасын білдіре отырып, ұрпағының болашағын ой-

лайды.

★ **Тармақ, бунақ, буын саны:** 4 тармақ, 2 бунақ, 8 буын

★ **Ұйқас түрі:** қараөлең ұйқасы»

★ **Әдеби теориялық ұғымдар:**

Метафора, эпитета, эпитет:

«Еділдің бойы — қанды қиян,

Жайықтың бойы — майлы қиян,

Маңғыстау бойы — шанды қиян,»

Риторикалық сұрау

Эпитет: «Адыра қалғыр көк Жайық»

Градация:

«Тұлпар мініп, ту алған,

Дұшпаның көріп қуанған,

Алмасын қанға суарған,

Аруақты ерлердің

Абыройын төккен жер,

Керегесін кескен жер,

Кесіп, бұршақ еткен жер,

Ердің соны — Исатай - метафора

Бармағын тістеп өткен жер!»

★ **Түсінік:** Еділ, Жайық, Ойыл сияқты жерлерден айырылып қалғандығын, Ресейдің отарлауын шошына жазады.

★ **Тақырыбы:** «Сарыарқа»

★ **Идеясы, түйіні:** Орыстардың қазақ жерін иемденуі туралы ашына жазған.

★ **Тармақ, бунақ, буын саны:** 3 бунақ, 12 буын, 8 тармақ

★ **Ұйқас түрі:** қара өлең ұйқасы

★ **Әдеби теориялық ұғымдар:**

Жай қайталау:

«Қонаққа сүйте ме екен келген сасып,

Қонаққа сүйте ме екен сасып келген»

Эпитет: «жақын жұрт»

Риторикалық сұрақ, эпитета, теңеу:

«Қайырсыз сол секілді неткен қоныс?»

★ **Түсінік:** Ел-халқының қиын жағдайын ашына жазады.

★ **Тақырыбы:** «О, Ақтан жас, Ақтан жас»

★ **Идеясы, түйіні:** Жетімдіктің зардабын көрген Ақтанның болашағына үміт күтеді.

★ **Тармақ, бунақ, буын саны:** 40 тармақ, 2-3 бунақ, 7-8 буынды

★ **Ұйқас түрі:** аралас ұйқас

★ **Әдеби теориялық ұғымдар:**

Арнау: «О, Ақтан жас, Ақтан жас...»

Риторикалық сұрақ: «Сенде жетер ме екенсің?», «Асып өтер ме екенсің?» және т.б.

Эпитет: «жетімдіктің белі», «жарық сәуле», «ел шаңы», «бадана көз, тоғыз тор сауыт»,

Эпитета: «...ме екенсің?»

Аллитерация:

«Жапанға біткен жапырақ

Жамылсан тонар ма екенсің?

Жазғы шыққан бүлдірген»

Метонимия: «Күрек тісін қасқайтып, Сұлу сүйер ме екенсің?»

Синекдоха: «Білтеліні тұтатып...»

Градация(дамыту):

«Тұлпар атты жаратып,
Құйрық - жалын таратып,
Бежін ерді ерлетіп,
Жорыққа жортып, терлетіп
Сырты қырлы, жүзі алмас,
Салған дағы жоғалмас
Сапы асынар ма екенсің?»
«Босағасын борлатқан,
Таңдайға дәмі татымас
Керегесін торлатқан,
Тегерішін манаттан,
Жібектен ызып бау таққан
Үйге кірер ме екенсің?»
«Тең құрбыңмен теңеліп,
Шаруа жиып кенеліп,
Бала сүйіп, мал жиып,
Керсеніңе бал құйып,
Өмір де сүрер ме екенсің?»

Жай қайталау: «Жетерсің әлі, жетерсің...»

★ **Түсінік:** Жетім қалған жас бала туралы, оның болашағы туралы жазған.

★ **Тақырыбы:** «Баймағамбет сұлтанға айтқаны»

★ **Идеясы, түйіні:** Артынан ергендерді рухтандыру мақсатында жырлаған.

★ **Тармақ, бунақ, буын саны:** 13-16 тармақ(1 шумақта), 2-3 бунақ, 8 буын

★ **Ұйқас түрі:** аралас ұйқас

★ **Әдеби теориялық ұғымдар:**

Арнау, риторикалық сұрау, анафора:

«Алай ма, сұлтан алай ма!

Астыма мінген арғымақ

Аяңдап түсіп марай ма?

Арғымақ дейтін жығылар,»

Теңеу: «жабыдайын», «айдай»

Эпитет: «Кілегей қатқан Еділдің,

Көкше мұзынан таяр ма?», «асыл ер»

Еспе қайталау: «Асыл ерге малын бер,

Малын бер де басын қос.»

Аллитерация, эпифора, синекдоха:

«Біз бір енеден бір едік,

Бір енеден екі едік,

Екеуіміз жүргенде,

Бір - бірімізге ес едік.»

Метафора: «Үшеуіміз жүргенде,

Толып жатқан күш едік.»

Метонимия, метафора, гипербола:

«Өтемістен туған он едік,

Онымыз атқа мінгенде,

Жер қайысқан қол едік.»

★ **Түсінік:** Баймағамбет сұлтанға өзінің наразылығын ашық айтқан.

★ **Тақырыбы:** «Мен, мен едім, мен едім»

★ **Идеясы, түйіні:** Өзіндік болмысын, тұлғасын анық жеткізе білген.

★ **Тармақ, бунақ, буын саны:** 59 тармақ, 3 бунақ, 8 буын

★ **Ұйқас түрі:** аралас ұйқас

★ **Әдеби теориялық ұғымдар:**

Жай қайталау: «Мен, мен едім, мен едім.»

Метофора:

«Еңіреген ер едім,

Исатайдың барында

Екі тарлан бөрі едім.» - эпитет

Риторикалық сұрақ: «Қай қазақтан кем едім?»

Эпитет: «қызыл сырлы жебе», «екі тарлан бөрі», «ежелгі дұшпан»

Теңеу: «өздеріндей», «атандай», «еттей»

Градация(дамыту):

«Өздеріндей хандардың,

Қарны жуан билердің,

Атандай даусын ақыртып,

Лауазымын көкке шақыртып,

Сұлтанын суға сұлатып,

Ханшасын қақпа алдында жылатып,

Ернін еттей тесісіп,

Кеңірдегін кесісіп,

Жыраға басын түсіріп,

Жылғадан қанын ағызып,

Басын кессем деп едім!»

Эпифора:

«Еділдің бойы ен тоғай,

Ел қондырсам деп едім.

Жағалай жатқан сол елге,

Мал толтырсам деп едім.

Еңсесі биік ақ орда,

Еріксіз кірсем деп едім,

Туырлығын кескілеп,

Тоқым етсем деп едім,

Керегесін қиратып,

Отын етсем деп едім»

★ **Түсінік:** Мендік тұлғасын жырлап өткен.

★ **Тақырыбы:** «Бағаналы терек»

★ **Идеясы, түйіні:** Батырлыққа, жақсылыққа тәрбиелейді.

★ **Тармақ, бунақ, буын саны:** 10 тармақ, 2 бунақ, 8-9 буын

★ **Ұйқас түрі:** аралас ұйқас

★ **Әдеби теориялық ұғымдар:**

Ассонанс, аллитерация

Бағаналы терек жарылса, - эпитет

Бақыраш жамап болар ма?! - риторикалық сұрау

Қарағайға қарсы бұтақ біткенше,
Еменге иір бұтақ бітсейші
Қыранға тұғыр қыларға.
Ханнан қырық туғанша,
Қарадан бір-ақ тусайшы, -метонимия
Халықтың кегін қусайшы, - эпитет
Артымыздан біздердің
Ақырып теңдік сұрарға!

★ **Түсінік:** Өмірінің соңғы кезіндегі көңіл-күйдің көрінісі.

★ **Тақырыбы:** «Қызғыш құс»

★ **Идеясы, түйіні:** Өзінің көңіл күйін жыр арқылы білдіріп тұр.

★ **Тармақ, бунақ, буын саны:** 17 тармақ, 2-3 бунақ, 7 буын

★ **Ұйқас түрі:** қараөлең

★ **Әдеби теориялық ұғымдар:**

«Ау, қызғыш құс, қызғыш құс, - жай қайталау

Қанатың қатты, мойның бос. - эпитет

Исатайдан айрылып,

Жалғыздықпен болдым дос.

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс!

Ел қорғаны мен едім. - метафора

Мен де айрылдым елімнен; -еспе қайталау

Көл қорғаны сен едің, - метафора

Сен де айрылдың көліңнен. - еспе қайталау

Аспанда ұшқан қызғыш құс!

Сені көлден айырған -

Лашын құстың тепкіні. - эпитет

Мені елден айырған -

Хан Жәңгірдің екпіні. - эпитет

Айтып - айтпай немене,

Құсарлықпен өтті ғой,

Махамбеттің көп күні!»

★ **Түсінік:** Қызғыш құсты өзіне ұқсата жрлайды.

«Шалкиіздің нақыл сөздері»

Асқардан биік тау болмас —
Басына балапан ұшып қона алмас.
Бүркіттен қыран құс болмас —
Бауыры жайылмай бөрі алмас.

Күле кіріп, күңіреніп шыққан достан сақтасын.

Ақылсыз достан Ақылды дұшпан артық-ты.

Жаманның жалаңдаған тілі жау.

Ақылсыз достыдан,
Ақылды дұшпан артық-ты

Жоғары қарап оқ атпа,

Жуық түсер қасыңа.

Жаманға сырынды қосып сөз айтпа,
Күндердің күні болғанда,
Сол жаман айғақ болар басыңа.

★ **Түсінік:** Адамның бойындағы жақсы-жаман қасиеттерді саралайды.

«Бұқардың тілектері»

Бірінші тілек тілеңіз:
Бір Аллаға жазбасқа.
Екінші тілек тілеңіз:
Ең шұғыл пасық залымның
Тіліне еріп азбасқа.
Үшінші тілек тілеңіз:
Үшкілсіз көйлек кимеске.
Төртінші тілек тілеңіз:
Төрде төсек тартып жатпасқа.
Бесінші тілек тілеңіз:
Бес уақытты бес намаз
Біреуі қаза қалмасқа.
Алтыншы тілек тілеңіз:
Алпыс басты ақ орда,
Ардақтаған аяулың.
Күнінде ертең біреуге
Тегіннен тегін олжа болмасқа.
Жетінші тілек тілеңіз:
Желкілдеген ту келіп,
Жер қайысқан қол келіп,
Сонан сасып тұрмасқа.
Сегізінші тілек тілеңіз:
Сегіз қиыр шар-тарап,
Жер тұлданып тұрмасқа.
Тоғызыншы тілек тілеңіз:
Төреңіз тақтан таймасқа,
Тоқсандағы қарт бабаң
Топқа жаяу бармасқа.
Оныншы тілек тілеңіз:
Он ай сені көтерген,
Омыртқасы үзілген,
Аязды күнде айналған,
Бұлтты күнде толғанған,
Тар құрсағын кеңейткен,
Тас емшегін жібіткен,
Анаң бір аңырап қалмасқа.
Он бірінші тілек тілеңіз:
Он бармағы қыналы,
Омырауы жұпарлы,
Иісі жұпар аңқыған,
Дауысы кудай саңқыған,
Назыменен күлдірген,

Құлқыменен сүйдірген,
Ардақтап жүрген бикешің
Жылай да жесір қалмасқа.

★ **Түсінік:** Өмірдегі ең маңызды деген дүниелерді теріп, тілек ретінде айтқан.

«Махамбеттің жырларындағы қанатты сөздер»

Жақсыменен дос болсаң,
Айырылмас күні қос болсаң,
Басыңа қиын іс түссе,
Алдыңнан шығар өбектеп,
Жаныңа не керек деп.
Жаман менен дос болсаң,
Айырылмас күні қос болсаң,
Басыңа қиын іс түссе,
Басқа кетер бөлектеп,
Қолдан берер есеп дер.
Сыртыңнан жүрер өсектеп.

Қыран құстың баласы
Ұшса, келмес ұяға.
Асыл ердің баласы
Жауды көрсе шыдамай,
Көзін салар қияға.

Бұл дүниенің жүзінде
Айдан ару нәрсе жоқ –
Түнде бар да, күндіз жоқ.
Күннен ару нәрсе жоқ –
Күндіз бар да, түнде жоқ.
Көшпелі дәулет кімде жоқ –
Бірде бар да, бірде жоқ.

Шын ажалың жетпесе,
Ажалдан бұрын өлмессің.
Жалаңаш бар да, жауға ти.

Айырдан туған жампоз бар,
Нарға жүгін салғысыз.
Жаманнан туған жақсы бар,
Адам айтса нанғысыз.
Жақсыдан туған жаман бар,
Күндердің күні болғанда,
Жарамды бір теріге алғысыз.

Ат – жігіттің майданы,
Қылыш – жанның дәрмені,
Өлім – хақтың пәрмені.
Атақты ермен бірге өлсе,
Жігіттің болмас арманы.
Өте шыққан қызыл гүл –

Бұл дүниенің жалғаны.

★ **Түсінік:** Бұл дүниедегі көптеген істердің дұрыс-бұрысын жазған.

«Біржан-Сара айтысы»

Сараның сөзі:

Қызы едім Тастанбектің, атым - Сара,

Ішінен ер Қаптағай шықтым дара.

Он үште домбыра алып, сөз сөйлеп ем,

Келемін бір сүрінбей жеке-дара...

Сөйледім қаз мойынды жарма жалмен,

Әкеме ұлдай боп ем біткен малмен.

Ауылында Тұрысбектің сөз сөйледім,

Баласы Қожағұлдың Біржан салмен...

Біржанның қызды шақырып айтқан сөзі:

Бұл үйде Сара бар ма, шықсын бері,

Іздеген келіп тұрмын Біржан сері.

Жолықпай сөзі өктемге жүрген шығар,

Ауылында Тұрысбектің өлер жері...

Ақиық, мұзбалақпын жерге түспес,

Кен қолтық арғымақпын алқымы іспес.

Басайын аптығынды тез шық, Сара,

Сен түгіл, әкендеймен болдым істес.

Бұл үйде Сара бар ма, отыр неғып?

Қарсы ұшпай, тотықұстай қанат қағып.

Жел қабыз, жез тағалы еңіреумін,

Қара тер шыққан сайын кетем ағып...

Қыз ұялғанынан көріспеген соң, Біржанның айтқаны:

...Баласы Қожағұлдың Біржан салмын,

Сен түгіл, сенен артық құмар маған.

Жалымнан ұстаған қызда арман қалмас,

Жібек жал арғымақпен тұмарланған.

Алмайтын еркек тілін жының бар ма,

Адам деп сөз айтамын. Сара саған?!

Сонда Сараның берген жауабы:

Ей, Біржан, кімге дәрі амандығың,

Сөз білсең, бұ да сенің жамандығың.

«Қиссасу-л-Әнбиеден» естімеп пе ен?

Белгілі мәлім болды надандығың.

Адамды топырақтан жаратты хақ,

Надандығың білінсін, бұл сөзге бак.
Хауаға бұрын барған Адамата,
Бұл салттан кетпекшісің қалай аттап?
Данышпан, білгіш қой деп ойлаушы едім,
Арғын да жүр екен ғой жоқты мақтап...

Сонда Біржан сөйлейді:
...Атадан Біржан сал боп тудым артық.
Ұраным - «Ер Қарқабат, Алтай-Қарпық»
Ақкумен аспандағы ән қосамын,
Қозғасам ашы күйді түптен тартып.
Қырмызы, асыл бекзат бар мінезім,
Кетер ем еркек болсан бір-ақ тарпып.
Бар еді қыз сыйлайтұғын бір мінезім.
Самғаймын бәйге атындай артып-артып.
Көкшетау дуанына даңкым барған,
Мен - Біржан, алтын тудай айқындалған.
Есіткелі, Сара, сені үш жыл болды,
Сері едім төңірекке құлаш салған.
Түлкінің жүгірісін қыран байқар,
Ұялсан, сөзің емес маған айтар.
Қандыкөз, май жеп алған ақиықпын.
Сен түгіл, қасқыр көрсе бір-ақ шайнар...

Сонда Сараның айтқаны:
Ей, Біржан, жасын үлкен, өзің аға,
Қымбаттығым белгілі, білсең баға.
Қамысты терен көлдің сұқсырымын,
Қанғырған ілдірмеймін қаршығаға...
Өленді қолқа қылсан ағытайын,
Самарқан жібегіндей оннан өріп.
Әншейін сыпайы деп қимай тұрмын,
Көзінді төрт кылар ем иттей керіп.
Сөзбенен жеңемін деп ойламаныз,
Бір жерде мүдірер деп көңіл бөліп.
Тілінді тарта сөйле, Біржан батыр,
Жарамас, жүдеп қайтсан, іздеп келіп...

Сонда Біржанның айтқаны:
Арғынның көз жеткісіз аймағы бар,
Төңірек жеті дуан ойнағы бар.
Кім жетер Жанайдарға Алтайдағы,
Алты жүз жас бота мен тайлағы бар...
Тәттімбет - ардагерім Арғын асқан,

Қырық түрлі күй ілінген бармағына.

Ежелден әрі баймын, әрі молмын,
Шын қызсам, шыдамайсың зардабыма...

Сонда Сараның айтқан жауабы:

Ей, Біржан, сөз сөйлейін анықтатып,
Көңілің ауырмасын, қабақ қатып.

Көкшетау, Қызылжарда талай Арғын,

Күн көрген жанын жалдап, жатақ жатып.

Найманнан қай жерің бай мақтағанмен...

Бармаған соң жайымды білмейді деп,

Құр босқа мақтанасың тәңір атып...

Майысып нәзік белім бұран қакқан,

Қырық түрлі дана кеудем өнер тапқан.

Сөйлесе май тамызған бұлбұл тілім,

Сықылды гауһар сағат нақыс шапқан...

Мойыным сұңғағындай жүзген қудың,

Лебізім шырынындай шәрбат судың.

Қакқанда төңкерілген қас бітісім,

Ашылған айбатындай жібек тудың.

Қырмызы қызыл жібек маңдайым кең,

Арғынның айтшы, кәне, қай қызы тең?...

Арғынды мақтасаң да жетті Найман,

Жетпек түгіл, байлыққа өтті Найман.

Бұралқы үйге сіңген күшік иттей,

Бай болсан, мұнда, Біржан, келдің қайдан?...

Сонда Біржанның айтқан жауабы:

...Жорғамын сарынымен самғайтұғын,

Бәйге аты серпінімді шалмайтұғын.

Әнімді он екі взвод жіберейін,

Есіңнен өле-өлгенше қалмайтұғын...

Қырымға қарайтұғын қыран құспын,

Аң алмай жерге бекер қонбайтұғын.

Айнымас қанды балақ ақиықпын,

Тұяғым тиген қасқыр онбайтұғын.

Асылмын аспандағы құс болғанда,

Қантарда қалшылдаған тонбайтұғын.

Тұлпармын Көрұғлының пырағындай,

Алдына жүгірсе мал салмайтұғын...

Сонда Сараның айтқан жауабы:

...Ұшырған тәрбиелеп ақтұйғынмын,

Матайдың Қаракерей сеңгірінен.

Даусыма аспандағы құс айналар,
Құбылып тотықұстай төңкерілген...
Сайраған тамам Найман бұлбұлымын,
Қапаста жел тигізбей жем берілген.

Жұрт сыншы өзі білмес, екі дәугер,
Белгі жоқ адымында теңгерілген.
Мактанғаным болмаса, осы кеудем,
Он Арғын шалымынан кең көрінген.
Бірінен-бірі дамып, асып түсер,
Дауысым алтын тудай шоқ көрінген.

Сонда Біржанның айтқаны:

Жарайды, жаным Сара, осы сөзің,
Тастүлек тұрымтайдай екі көзің.
Сөз айтар қандай кісі деген кезде,
Алдымнан Құдай айдап келді кезің.
«Мың асқанға бір тосқан бар-ақ» деген,
Талайдың кисық деуші ем құрған тезін.
Шіркін-ай, мұндай жүйрік туармысың,
Сөйлейсің алтындай ғып сөздің жезін!
Қанатын күн шалмаған ақтұйғынның.
Жапалақ иемденер басқан ізін.
Қор болдың бір қортыққа, Сара қалқам,
Армансыз қылар кімнің үйі-түзін!...
Майысқан сегіз қырлы жүйрік-аксын.
Қай жерден болжамайсың тынарынды.
Тез алдырт күйеуінді, Сара, осында,
Көрейін күйеуінді тиген таңдап...
Ер шығар тотықұстай неше түрлі,
«Жақсыны көрмек үшін» деген Сара,
Өзі түгіл, елдің қамын жеген Сара,
Мырзанды Жиенқұлдай шапшаң шақырт,
Ұялып бөгелесін неден, Сара?!

Сонда Сараның Найманның жақсыларына мұнын шағып айтқаны:

Қажеке-ау, мынау қалай ақырады,
«Жиенқұл тез келсін» деп шақырады.
Көрсетсең, асылыңды ап келіндер,
Ауылында ол келгенше отырады.
Арғынға жол бермеген есіл тілім,
Күн өтпей, қор боп ұшқан қызыл гүлім!
Сіздерден ұялғаннан үндемеуші ем,
Есекке қосақтаулы өтті-ау күнім!
Өзі білер деуші едім жақсылардың.

Ақыры қайыр болды енді мұным.
Алтайдың санлағымын сөйлесем де,
Жоқ екен жүйрік иттей өлсем құным.
Сіздерге сенетұғын сорлы басым,
Келгенде Жиенкүлға шықпайды үнім!
Өздерің Жиенкүлды көріп едің,
Құдайдан қорықпай-ақ беріп едің.
Шақырған Найман шалдын аруағына,
Бәріне қыз да болсам серік едім.
Біржанға алдырт, көрсет Жиенкүлды,
Бар жұртқа оның сыры аян болды.
Ұяттан кісі өлмейді, сағы сынар.
Қайтейін, Құдай қосып кем қылды...
Сыртынан өленменен шақырайын,
Біржанға өзімді-өзім таба қылмай.
Сәлем де Жиенкүлға, келсін жатпай,
Келуге шошынады неден батпай?
Әркімнің қолда бары өзіне алтын.
Біржанға бір тырнағын тұрмын сатпай.
Көрінсін Біржан салға ай секілді,
Аққұйрық көңілашар шай секілді.
Ұсынса қол жетпейтін, арғымағым,
Арғынға баламаймын тай секілді.
Тез келіп амандассын Біржан салға,
Көрінсін айбаттанып Арғын шалға.
Әркім теке қояды өз лағын,
Әйтеуір, мені сатып алды малға.
Бермесін дұшпаныма намысымды,
Біледі Арғын, Найман дабысымды.
Бар болса шыбын жаны шапшан жетсін,
Ел таныр арғымақтай шабысымды...
Көрінсін салтанатпен менің серім,
Сол еді Құдай қосқан барар жерім.
Кедейге қонақасы - тай ап келсін,
Талабы Тәттімбеттей асыл ерім!

Сонда Біржан сөйлейді:

Көрейін кісі жібер күйеуіңе.
Көнбейді жаман болса сүйеуіңе.
Шіркінің қандай екен көзім көрсін,
Адамның таласатын біреуіңе.
Мақтамай, көрсет көзге келтіріп-ақ,
Сөзбенен жүдеттін ғой өлтіріп-ақ.
Ұялмай осы топқа көріне ме,

Өнерсіз, жігері жоқ жетпегір-ақ?!

Сараның айтқан сөзі:

Қажеке-ау, кісі жібер балаңызға,
Өзәзіл болды Біржан арамызға.
Сыртынан мақтасам да керек болды,
Көрсетпей, жігітті ұрлап қаламыз ба?
Өзіннің құла жорған барсын оған,
Жиекем бежін ерін салсын оған.
Біржанды бір қаққаннан қалдырмас ем,
Құдайым, мені қайдан қосты соған?
Қажеке-ау, алдыртыңыз қонақ кетпей,
Біржан тұр «көремін» деп сөзі бітпей.
Ажал да кісі таңдап алады екен,
Сол итті неге қойған алып кетпей?!
Қонжиып мінер құла жорға барса,
Келе алмас сол шірігін қорғаласа.
Рас бізді масқара қылар сонда,
Қорс етіп «бармаймын» деп үйде қалса...

Біржанның айтқаны:

Кісі емес ел намысын ұққандай-ақ,
Ербиер есіз тауға шыққандай-ақ.
Жиенкүл күжірейіп келер ме екен,
Он мата арқасына тыққандай-ақ.
Законда зорлық болмас жақсы адамға,
Жақсыны қор қып болмас бір жаманға.
Және де аят пенен хадисте бар.
Жылатып берме деген еш наданға...

Тұрысбек, Есімбекпен сау тұр аман,

Таянды қайтар уақытым елге таман.
Айналып ендігі жыл бір келермін,
Тысқары топырақтан болсам аман.
Сараны Жиенкүлға бере көрме,
Қыз түгіл, ер құнына келер шаман.
Бар болса сүйегінде ойларсындар,
«Өлі тілін тірі алмас» деген заман.

**Байлаулы бала құстай Сара сорлы,
Жоқ екен осы күнде мұнан жаман.**

Енді Сараның өзінің айтқан сөзі:

Сал Біржан жүріп кетті амандасып,
Екі күн арпалыстың табандасып.
Шіркінге қимағаннан жорға бердім,

Басында сөйлесем де жамандасып.
Жүре көр ақын Біржан бізді сұрай,
Тысқары топырақтан қылса Құдай.

Сонда Біржанның айтқаны:

Шырағым, Сара сендей тумас бала,
Шежіре, туармысын мұндай дана!
Обалын Есімбек пен Тұрысбекке,
Жігітің жөндеу екен, ей, бейшара!
Ел-жұртың қорықпайды екен көз жасыңнан,
Қиып кеткім келмейді мен қасыннан.
Кемітер қай жерінді дұшпан шіркін,
Адамзат озар емес өз басыңнан...
Бір басты адам болмас сан өнерлі,
Айбатың әлемге айқын ай бедерлі.
Садаға тырнағынан кетсін, Сара,
Сан жүйрік көріп едім мен нелерді.
Сөз айтты сонда Біржан біздің жаққа,
Ұмытпан Сара сені әр уақытта.
Қайырған сөзбен жетіп, есіл шіркін,
Көремін қайта айналып қайсы уақта.
Есімбек босқа сатпа асылыңды,
Сыйлай көр қыз да болса нәсіліңді.
Ұқпасан. Арғын жоқты айтты дерсін,
Есеке-ау, құлағына ал осынымды.
Қылайын көп ұзатпай сөзді қысқа,
Өлеңге жан көрмедім мұнан ұста...

Ру аттары: Арғын, Найман, Матай

Жер-су аттары: Жетісу өңірі, Қызылжар, Көкшетау, Алтай

Біржанның өзің сипаттауы:

“Орта жүздің сайраған бұлбұлымын”

“Сөз бедері алтын мн күмістің нақысындай”

“Алтайдың мергені”

“Жерге түспейтін мұзбалақ, ақиық”

Сараның өзің сипаттауы:

“Адамның жүйрігі”

“Шеберден мін алатын мініскер”

“Бәйгеден күнде озатын жалғыз қара”

★ **Түсінік:** Әйел теңдігі мәселесі қозғалады.

«Асанқайғының Жерұйықты іздеуі»

Асанқайғы желмая мініп желдіртіп, Сарыарқаны аралап жүргенде, әр жерге айтқан сындары мынау екен:

Ұзын аққан Ертісті көргенде: «Мына шіркіннің баласы тойдым деп қарап отырмас, қарыным ашты деп жылап отырмас. Сиырдың мүйізі, доңыздың құлағы шығып тұрған жер екен», - депті.

Түндікті өзенін көргенде: «Он екі қазылық ойтүндік, маңырап жатқан қой түндік. Қойдың құлағы тұтам шығып тұрған жер екен», - деп тастап кетуге қимай, артына үш қараған екен. Сонан «Үшқара» атанған екен таудың аты.

Қызылтау деген жерге келгенде: «Тау-тасы кеш болғанда қой болып, ыңыранып жатады екен. Тоқты қысыр қалмайтын жер екен», - депті.

Баянауыл тауын көргенде: «Ат ерін алмайтын жер екен. Бауырында тұзы бар екен, тұзы ауыр екен, бір түн түнеп кетемін деген адам, бір жұма тоқтап қалады екен. Тұзы жібермейді екен», - депті.

Ащы бойына келгенде, артына қарап: «А, Баянауыл! Сенің қоныс болып тұрғаның - мынау ащының арқасы екен. Мал жазғытұрым бір жұма ащылайды екен, күзге таман бір жұма ащылайды екен. Сонысы бір жылға татиды екен», - депті.

Шідерті деген өзенді көргенде: «Мына шіркіннің топырағы асыл екен. Алты ай мініп арықтаған ат, бір айда майға бітетін жер екен. Бос жылқы шідерлеп қойғандай тоқтайтын, жылқының қонысы екен», - депті.

Өлеңті өзенін көргенде, тоқтап еш нәрсе айтпай, өлеңдете берген екен. «Неге үндемейсіз?» - дегенде, аз тұрып: «Өлеңтінің суы - май, Шідертінің шөбі - май», - деп жүре беріпті.

Сілентіден өтіп, Жаланааштың тұзына барғанда: «Аттың төбеліндей Жаланааш, сені алдыма өңгерейін бе, артыма бөктерейін бе, қай жарама тартайын? Айналаң аз, онан басқа мінің жоқ, табылмайтын жер екенсің», - депті.

Есіл өзенін көргенде: «Жары мен суы тең, жарлысы мен байы тең болатын жер екен», - депті.

Нұраның бойын көргенде: «Алты күнде ат семіртіп мінетін жер екен», - депті.

Торғай өзенін көргенде: «Ағар суы бал татыған, ақ шабағы май татыған жер екен», - депті.

Терісаққан деген өзенді көргенде: «Сарыарқаның тұздығы екен», - депті.

Жеті қоңырды көргенде: «Сарыарқаның маусымы екен», - депті.

Ұзын аққан Сыр бойын көргенде: «Басы байтақ, аяғы тайпақ қоныс екен, Қаратауды жайласам, Сырдың бойын қыстасам, қоныс болуға сонда ғана дұрыс екен», - депті.

Сулы Келес, Нұрлы Келес өзендерін көргенде: «Мөңіреуің, сиыр болып мөңіреуің. Сиыр тұқымы үзілмейтін жер екен», депті.

Асанқайғы бүкіл алты алаштың (қазақтың) жер-суын, қонысын көрем, бұларға жағдай туғызамын деп көп заман өмірін далада өткізіпті. Жүрген жерінде жақсы қонысқа да, жаман қонысқа да баға беріпті.

Асанқайғы Жиделібайсын жеріне қызығып: «Ай, Жиделібайсын, артыма бөктеріп кетер едім, әттең, атым көтере алмайды-ау!» - депті.

Шыңғырлауды көргенде: «Ай, Шыңғырлау, жылқы өзі өскен жоқ Шыңғырлау, сен өсірдің!» - деп үш айналып, Шыңғырлаудың суына қолын малып отырып: «Шыңғырлау өкпелер, аттың ерін ал, қонайық, ат суарып, аунап-кунап кетейік», - деген екен.

«Ай, **Жанарыстан**, жырымдай суға бола шетте қалдың-ау, есіл ерім-ай», - деп бір төбеге келіп жылап тұрған екен.

Елі үшін қайғы-мұңсыз, жанға жайлы, малға құт, жауласу жоқ, **«қой үстінде боз торғай жұмыртқалайтын» қоныс болар Жерұйықты** тапқысы келген Асанқайғы Желмаясына мініп, жиһан кезіп, ну орманды, көкорай шалғынды, сулы жерді іздейді.

Маңғыстауға үш барып, үш қайтқан Асан: «Түбінде мал баққан шаруаға Маңғыстаудан

жақсы жер болмас», – депті.

Жетісуды көргенде: «Мынау Жетісудың ағашының әр бұтағы жеміс екен, шаруаға жақсы қоныс», – депті.

Осы күнгі Мерке жеріндегі Аспараны көргенде: «Ей, Аспара, көршіңмен тату бол, шөбіңе суың жетер!» – деп жүріп кетіпті.

Баянауыл тауын көргенде: «Баянға жаймай, қой семірмес», – деп қазіргі Баянауылды өзіне жайлау етіпті. Әулие атаның батысындағы Жуалы жерін көргенде: «Жерің семіз, шөбің шүйгін, қарың мол, топырағың май екен, қадіріңді егін салған ел білер», – депті.

Қарсақбай аймағын көргенде (Жезқазған жері): «Айналаң жапан түз екен, тауыңның асты жез екен. Жұртың ашықпас!», – деп жүріп кетіпті.

Асанқайғы «**шұрайлы қоныс, нұрлы өлке – Жерұйықты таба алмапты**» дейді. Ол туған жерін аттап кетпейді. Жиделібайсынды бөтен елден емес, қазақ топырағынан іздейді.

★ **Түсінік:** Елінің қамын ойлаған Асанқайғының жерұйықты іздеуі сипат алады.

«ЕҢЛІК-КЕБЕК» ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ

- ★ **Тақырыбы:** Еңлік пен Кебектің ғашықтық тағдыры.
- ★ **Идеясы:** Жер дауы, жесір дауы арқылы сол кезеңнің шынайы бейнесін ашу.
- ★ **Жанры:** Поэма

★ Композициялық талдау:

Басталуы: Ақтабан шұбырынды, Абылай хан кезеңі.

Байланысуы: Тобықтыдан шыққан Кебек батыр. Нысан абыздың болжауы.

Дамуы: Кебектің аңға шығып, адасуы. Еңлікпен кездесуі.

Шиеленісуі: Еңлік пен Кебектің бір-біріне берген серті.

Шарықтау шегі: Екі жастың қашып кетуі. Ру арасындағы жанжал.

Шешімі: Еңлік пен Кебекті өлім жазасына кесулері, соңғы тілек.

Эпилог: Автордың соңғы сөзі.

★ Кейіпкерлері:

Кебек - Тобықтының Жуантаяқ руынан шыққан Тоқтамыстың інісі, он бесінде аты шыққан жас батыр, «Ол Кебек мықты болған жас басынан», «жасы бала болса да, жаны отты», «Атты, жаяу бәріне бірдей мықты, Көзі өткір, қара торы жігіт екен, Орта бойлы: тапалдау, кең иықты. Ел қамы үшін өлуге жанын салып, Соғыс десе тұрмайды қойса байлап. Жауға батыл, жақынға және әдепті, Кішіні іні, үлкенді ағатайлап...»

Тоқтамыс - Кебектің Жуантаяқтан шыққан ағасы, Кебекті қасынан тастамайтын болған.

Нысан абыз - шын дәулескер бақсының өзі, балгер, айтқаны дәл келетін сәуегей.

Еңлік - Матайдан шыққан, Ақынның бойжеткен қызы. Өзі қаламаған жанға атастырылған, өз болашағын ойлайтын өжет мінезді қыз.

Кеңгірбай(ел Қабеке деп ат қойған) - Тобықтының биі, ел ішінде өте қадірлі, сөзі қабыл болатын дуалы ауызды Әнет бидің ұрпағы.

Көбей - Кеңгірбай мен елдің арасындағы сөзді алып жүретін жүрік би, Кеңгірбайдың жұмбақтап айтқан жауабын тез шешкен.

Матак, Кембай - Көбейден кейінгі елдің басты адамдары.

Есен - найман батыры.

Жомарт, Еспембет - найманның елшілері.

★ Маңызды деректер:

Тобықты - Орта жүз Арғын тайпасының руы.

Жуантаяқ - Тобықты руының ішіндегі бір тармақ.

Матай - найман руының ішіндегі бір тармақ.

Найман - Орта жүз руы.

Арғын - Орта жүздің руы.

Кіріспеді «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасы, жұтқа ұшыраған ел жайы, жауларын жеңіп Шыңғыстауға келген Тобықтының осы жерді мекен етіп отырған найман-матаймен арадағы жер дауы суреттеледі.

«Ақыл деген денеге егулі дән».

Қалқаман қиссасында Ақтабан шұбырынды 1723 жылы болған делінген.

Жер-су аттары мен тарихи есімдер: Сырдан қалмақ қуып, ел Шуға көшеді, Саумал көлді сұлап жатады(Осы жерде сөз сөйлеген Шақшақ Жәнібек: «Ақтабан шұбырынды мұның аты, біз де кегімізді алармыз...» - дейді). Батырлар алған жерлер: Есіл, Нұра, Сарысу, Қарқаралы, Шалқар көл, Ұлытау. Қыстамақ болған жер: Ор, Елек, Ойыл, Қиыл. Жаз жайлауы - Мұғалжар. Кіші жүз көшкен жер - Орал жақ(таққа мінген Әбілқайыр, 1731 жыл шамасы). Жеті момын өткен жер: Ырғыз, Торғай. (Ұлы жүзде үлкен хан - Әбілмәмбет: «Қалмақпен соғысам,» - деп хабар салды, Орта жүзден Сәмеке хан аттанды). Бұл соғыстар өтіп, қалмақтардың сыбағасын берген кезең - Абылай хан келген кез.

Қалмақтар мекен етіп алған жерлер: Тарбағатай, Шыңғыстың жан-жағы, осы кешде жаман сасып, Нұржайсаң мен Шәушектен өте қашқан. Атақоныс - Арқаны босатады. Қалмақпен шабысуға Мамай келіп, босап қалған Шыңғысқа көздері түседі. Атғай, Қарауыл мен Бәсентиін көшпейді. Шыңғысты Матай алады. Қанжығалы орта жолда қалады.

1780-ге тақалғанда Мамай батыр елді бастап, Орда, Көкен, Ащысу, Доғалаңға келеді. Батыры көп Жуантаяқ қырды алып, Бөктерге таласады. Қабекен өрлеген жер - шөбі шүйгін малға жайлы жер ғой деп Шидің бойы.

Билер: Кеңгірбай, Қараменде.

Айтылған жыр: «Қалқаман-Мамыр».

Кебек - Жуантаяқ, Тобықты руынан, тұлпары - Қозыкүрең.

Кебекке Нысан абыздың айтқаны: «Ажалың - биік қабақ сұрлау қыздан...»

Қарашада алғашқы қар жауып, қансонарға шыққан Кебек түлкі аулап жүргенде құсты жоғалтып алып, әзер табады. Қатты боран басталып, адасып қалады.

Жолай Хақан өзеніндегі Матай үйіне түседі. Осы күні Бөктыбай қыстаған, Қаражартас деген жер. Үй іші жатпақ

түгіл, тамағын жеп болмапты, үй ішінде шал мен кемпір, тағы бір малшы бала мен бойжеткен қыз ғана екен. Кебекті сынап, түнде оятып, өз мұңын шаққан жан: Еңлік.

Еңлікті сақал-мұрттан нышаны жоқ, ұйқыдан бас көтермейтін, күндіз ескі жұрттан асық іздейтін, есіктегі күңге дейін тәжім ететін жанға атастырыпты.

Кебектің уәжі: Соғысқа ылтау таппай отырған Тобықты мен Матай арасын бұзып алмаймыз ба деген күдік. Соңында «Сен өлген жерде мен де өлемін,» - деп серттеседі.

Табысатын жерлері - Қаражартас. 6 айдай уақыт өткенде екі ел арасы бітімге келгенін естіп, екі жас қашып кетеді. Таң атпай Ордаға жетіп барып, ағаштан балаған қып арша жауып, бекініп, бір дарада жатып алады. Қойш Еңліктің жоғалғанын естіріп, Матай елінен шу шығады, бір Матайдың ілулі тұрған түлкіге көзі түсіп, ақырында Кебектің қызды алып қашқаны аян болады.

Қабекеге Көбей ақыл сұрап келгенде айтқаны: «Ей, Көбей, сұңқар қалай, тауық қалай? Тоқтамыс жолаушылап кетіп еді, Сол келгенше өтпей ме уақыт талай?»

Наймандар Тобықтының малына шапқандықтан, тобықтылар ақыр соңында Найманды ертіп, Кебектің жатқан жерін айтып береді.

Еңлік-Кебек үш айдай бір дарада жатқанда, айы толып, бір ұл табады. Екеуі сол баланы ермек қылады. Қыз ояу, Кебек ұйықтап жатқанда жау келеді, балалары бесігімен қала береді. Өздері қашып бара жатқанда, Еңлік ауып кетсе, Кебек мінгестіріп алуға аттан түскенде оларды ұстап алады.

Байлап алып тамам найман жиылған Ащысуға алп келеді. Еңлік үш тілек тілейді: «Кебекпен аз ғана араздастыр, өген соң бірге қосып таспен бастыр, мына Тобықты баласын өлтірмей, Кеңгірбай биге тапсыр».

Екі жасты ат құйрығына байлап өлтіреді, «Матайлап» ұран салып, өлтіріп бір төбеге қойып кетеді. Еңлік-Кебек моласы бүгінде Таймас пен Ералының арасында.

Бала шеткі Ақшоқы басында күн батқанша жылап қала береді...

Кездесетін салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар: қансонар, атстыру, бал ашу, алып қашу, жер дауы, жесір дауы, соңғы үш тілек, аманат ету.

Автордың бұл өлеңді жазған мәні: жастықпен салған ән емес, қас қайсы, қаза қайсы, таза қайсы? дегеннен көп гибрат алрсың. Ғаділ, залым, шафқатлі - мейірімсіздерді айыра алмай қапы қалма!

- ★ **Ұлттық құндылық:** Тарихи оқиғаны ұштастыра жазған.
- ★ **Түсінік+өз ойым:** Қос ғашықтың тағдырын айтумен бірге, автор надандықты, қаталдықты сынаған, қазіргі кезде мұндай руаралық қақтығыстар жоқ.
- ★ **Ұқсас шығарма:** «Қалқаман-Мамыр» Ш. Құдайбердіұлы

«ЕГІННІҢ БАСТАРЫ» АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

- ★ **Тақырыбы:** Тәкаппарлық - жаман қасиет
- ★ **Идеясы:** Бір бидай арқылы барлық жанды ешқашан тәкаппар болмай, тек жақсылық жасап жүруге шақырады.
- ★ **Жанры:** Мысал өлең
- ★ **Композициялық талдау:**
 - Басталуы:** Әкесі мен жас бала
 - Байланысуы:** Екеуінің әр егінді аралап жүруі
 - Дамуы:** Көкке қарап тұрған жалғыз бидай
 - Шиеленісуі:** Баланың бидайға көзі түсіп, әкесіне қойған сауалы
 - Шарықтау шегі:** Әкенің жауабы, мұның мәнісі
 - Шешімі:** Тәкаппарлық - ең жаман мінез
- ★ **Кейіпкерлері:**
 - Әке мен бала** - Егін аралап, сайран салып жүрген жандар.

★ **Маңызды деректер:**

Бастар дәнге толған бидайлар, тағзым етіп тұрғандай. Тек бір бидай ғана өзін көпке балап тұрғандай, көкке қарап тұр. Мұның мәні: «Өзгелер бүгіліп тұрғанымен, бұл бидадан кем емес, керісінше, құр сорайған қарасына қарай салмау керек, Құдайым өзгесіне дән берген де бұл бидай дәнсіз қалған. Басқа бидайлар иіліп, дән берген қожасына сиынып тұрғандай, ал бұл бидайдың басында дәні болмағандықтан, кекірейіп, көкке қарап, бүлініп тұр.» Бұл жерде сол бидайды тәкаппар мінезді адамға ұқсатып тұр.

- ★ **Ұлттық құндылық:** Жақсы мінез бен ақыл
- ★ **Түсінік+өз ойым:** Тәкаппар болмауға, бұл мінезді тұтынбауға шақырады.
- ★ **Ұқсас шығарма:** «Адамдық диканшысы» А. Байтұрсынұлы

«БАҚЫТСЫЗ ЖАМАЛ» МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ

- ★ **Тақырыбы:** Әйел теңдігі, қазақ қыздарының бас бостандығы
 - ★ **Идеясы:** Бостандық іздеген қазақ қызының махаббат жолындағы күресін арқау етіп, сол кездің өмір шындығын бейнелеу.
 - ★ **Жанры:** Роман
 - ★ **Композициялық талдау:**
- Басталуы:** Сәрсенбайдың бір перзентке зар болуы. Қазақ елінің болмысы.
- Байланысуы:** Жамалдың балалаық шағы. Алғаш білім алуы. Сәрсенбайдың болыстыққа таласы.
- Дамуы:** Сәрсенбай мен Байжанның құда болуы. Жамал мен Ғалидың алғашқы таныстығы.
- Шиеленісуі:** Екі жастың хат алмасуы. Бақыт жолында қашып кетуі, ел арасындағы қозғалған іс.
- Шарықтау шегі:** Ғалидің ауырып, жан тапсыруы. Жамалдың Жұманға келуі, оның қайғысы.
- Шешімі:** Жұманнан көрген қорлық. Жамалдың қашып кетіп, боранда жантәсілім қылуы.

★ **Кейіпкерлері:**

Жамал - Сәрсенбай мен Шолпанның сағынып көрген баласы, ата-анасы қолдан келгенше әлпештеп өсірген. Ақылды, ауылдағы қыздардың алды болған, сауатты бойжеткен қыз. Өз бақытын іздеп сол үшін күрескен, өз заманынан озық болған тәрбиелі жан.

Ғали - оқыған, мәдениетті жастардың жиынтық бейнесі, Жамалды шын сүйген жан. «Бұл жігіт орта бойлы, қияпатты, бетінде азырақ қорасан дағы бар, жаңа мұрт шығып келе жатқан, сөйлеген сөзі сыпайы, әдепті, киімі ноғайшалау Ғали есімді бір зат еді. Дүйсебек деген кісінің баласы еді. Жасынан талапты болып, Қызылжар, Троицкідегі медреселерде оқып жүріп және де частный учительден оқып та орысша азырақ сөйлеп, жазарлықтай шамасы бар... Атасы бай адам болмаса да, Ғали инабатты жігіт болып, әрдайым алыс-беріс істерінде уағдаласында опашыл болғандығы көрінгенге байлар шамалап несие беруден тартынбаушы еді. Әуелгі уақыттарда оқуда болып, бұл уақыттан саудамен жүрген себепті елде тұруынан тұрмауы көбірек болып, өзін халық, халықты өзі анық танымайтын да еді. Тек сыртынан Дүйсебектің баласы талапты, еті тірі жігіт, қысы-жазы үйде отырмай оқу оқып, кәсіп қылады деуші еді...»

Сәрсенбай - Жамалдың әкесі, ешбір ғылым оқымаған, момын, мал баққан бай кісі. Басқа адамдардың дегеніне ергіш, момын, надан адам.

Шолпан - Жамалдың анасы, сауаты бар, ақыл-парасатты кісі. Сайболат деген жердегі Жарас молланың қызы, 14 жасында 42 жастағы Сәрсенбайға айттырылған. Жамалдың бақытты болуын қалаған жан.

Қалампыр - Сәрсенбайдың бірінші әйелі, бас пайдасын ойлайтын таяз адам. Шолпанға күн көрсетпей жүреді, баласы болмайды.

Байжан - бай, беделі бар надан адам. Жұманның әкесі.

Жұман - сүйкімсіз, «Таз Жұман» атанған Байжанның баласы, жағымсыз кейіпкер.

Фатихолла - шаһардағы ірі саудагер, Ғали мен Жамалды паналатқан, көмек берген жақсы адам.

Ғазиз - Жамалға алғаш білім берген, жазуды үйреткен мұғалім. «Уфа медреселерінің бірінен оқыған шәкірт екен. Қазақ ішінде қымыз ішіп, күзгі тәхсилгә қаражат жинап алу үшін мұғалімділікке шыққан ноғай жігіт, жасы жиырма екілерде – ашық пікірлі, ұсұл тағылымнан жақсы ғана хабары бар еді.»

Бабас - Қырыққұдықтағы Ғалидің нағашысы.

Жүніс, Нұрмаш - Ғалидің қашуға көмек берген жақын достары.

★ **Маңызды деректер:**

Өткен қыс шаруаға жеңіл болғандықтан, мал күйлі, бие ішті болып, Көктал қыстаған Құрман деген атаның ауылы жылдағыдан жайлауға ерте шығып еді. Екі ауылнай елдің жайлауы Саумалкөлге жағалай ауылдар қонған. Ауылға шаңдатып келген: бір орыс пен бір қазақ. Бекжан деген ауылнайдың үйіне түсті. «Ертең ерте крестьянский начальник келеді,» - деген хабар мағлұм болады. Әлгі екеуі - бірі стражник, бірі поштабай екен, төренің алдынан үй тіктіріп, лау байлатып, қой саудыруға шыққан. Төре пәуескемен сәске кезінде келді. Алды-артынан шыққан қазақтар, мойындарына шынжырлы знак таққан ауылнай, билер неше мәрте шұлғып, қошаметпен «тақсырлап» үйге кіргізеді.

Төреден жеткен хабар: «Қазақтан солдат алынбайды, бірақ мұжықтар секілді қала болам десен, 15 десятина жер беріледі, егін салыңдар, школ ашыңдар, ұлықтарыңды сыйлап, бұйрықтарын орнына келтіріңдер». Осы кезде бір жас жігіт сүйіншілеп, Сәрсенбайдың Шолпаны қыз тапқанын хабарлайды.

«Үмітсіз - шайтан» деп, баласы жоқ Сәрсенбай тоқал алуды ұйғарады.

Шолпан 17-ге келгенде, Сәрсенбай 45-ке келгенде қыз табады, атын Жамал қойып, шілдехана жасайды.

Басында Жамалды еркекше киіндіріп жүреді, бір надан молда сөзінен кейін қызша киіндіріп, шашын жіберіп, оқыта бастайды. Молда тұлым қою дұрыс емес деген. Жамал 9-ға толғанда.

Сәрсенбай Уфа медресесінде оқыған Ғазизбен келісіп, Жамалды сентябрьге дейін Бай оқытады. Мұғалім Сәрсенбай үйінде тұрғанда Шолпан бір ұл перзент тауып, сол себепті «аяғы құтты» болды деп, мұғалімді Сәрсенбай жақсы қаражатпен қайтарады. Осы молдадай жігіт болсын деп есімін Ғазиз қояды.

Жамалдың жатқа білген қиссалары: «Сал-сал», «Қыз Жібек», «Зарқұм», «Қисса уақиға Көр бала», «Біржан сал мен Сара қыздың айтысқаны», «Ноғай мен қазақтың айтысқаны», «Ақсұлу», «Айман - Шолпан», «Бозжігіт», «Шәкір-Шәкірат», Ақмолда, Нұржан, Әбубәкір молданың өлеңдері.

Шолпан мен Жамалға қарап елдің айтқаны: «Сәрсенбай үйінде бір жақсы бала бар, анасы да ақылды, көркем...»,

«Анасын көріп - қызын ал, аяғын көріп - асын іш» деген мақал.

Сәрсенбай басқалардың сөзіне еріп, болыстыққа таласады, бірақ Байжанның көмегімен Нұрпейіс сайланады, көп шығын босқа кетеді.

Келер сайлауда, Байжанның құда іздеп жүргенін есітіп, Сәрсенбай өзінің болыстыққа сайлануына пайдасы тиер деп Жамалды айттырады. Жұман 17 жаста, Жамал 11-де болады.

Жамал кәмелетке жеткен соң, күйеуінің нашар екенін біліп (қатта бір тойда көрсе керек), көңіліне күннен-күнге уайым, қайғы түсе бас?тады. Жамалдың бұл қасіреттерін көбейтуге себеп болған Жұманның жамандығынан құрбы арасында күлкі болған істері еді. Мысалы: Жұ?манды үйі қант-шай, ғайыры нәрселер әкелуге қалаға жібергенде, жолда терілерін алыпсатарға сатып, он теңге алтын орнына алданып, бір тиын жаңа бақыр алып келуі еді. Һәм елде бозбалалық қылмақшы болып бір қызы бар үйдің босағасында ұйықтап қалғандықтан, қыздың әкесі таңертең: «Түр, балам, ұйқың қанған шығар», – деп үйіне жіберуі еді. Мұның Һәммәсін Жамал естіген еді. Қыс ортасы елде бір байдың баласы болмай жүріп, жамағаты ұл тапқанға, қыз-бозбала үшін үлкен мәжіліс-шілдехана болды. Жамал мен Ғали алғаш кездеседі, қатар отырып, бір-бірімен жарасып-ақ кетеді.

Ойналған ойындар: «Бұғыбай», «Мыршалай-Мырыш», одан кейін домбырамен ән салып. өлең айтады.

Іштерінен бір-біріне ұнағандығы білініп, «бір көрген біліс, екі көрген таныс» мұнан былай да кез келіп жүрерміз деп, бұл сапарда айырылысқан еді.

Жамал мен Ғали аз күнгі ойын-күлкінің қызығымен өздерін дүниедегі бақытты адамдардан санап жүргенде, бір күні бұларға үлкен қасіретті хабар естілді: «Байжан мен Сәрсенбайдың арасындағы уағдалары болып, енді бір айда Жұман күйеу ұрын келіп қалыңдық ойнайды», - деген өсек расқа шықты.

Ғали өз хатында Жүсіп пен Зылықаны сөз етеді.

Ғали мен Жамалды шығарып салған екі дос: Жүніс пен Нұрмаш, Шолпан да мұны біледі.

Ғалидың достарымен ақылдасқанда Жамалды алып барып, жатпақшы жері – дуанда өзі бірге саудалас болып, несие алып жүрген Фатихолла бай еді. Фатихолла бай әуелін де осындай қазақтың қызды жастай құда болып, біреуге беріп қоятын жаман ғадетін жек көргендігі себепті және де Ғалиды Һәм тәуір көретіндігінен бұл екі мүсәпірді қабылалды. Фатихолла бай өзінше тәуір пікірлі ғана, өзі айтқан сөзін болдыруды жақсы көретін бір татар еді. Осы жерде жүріп Жамалдың атынан начальникке барып, арыз жазғызады.

Бұл дауды шешуге қатысқан молда Ахметжанға Байжандар пара беріп өз жақтарына тартпақ болады.

Фатихоллаға Байжанның адамдары келіп, несиенді бергізбейміз дейді. Одан кейін Ғали мен Жамал екеуі ноғайша киініп, 4 күн жүріп Қырыққұдықтағы нағашысы Бабасқа келеді.

Ғали 13 күн ауырып, жұма күні қаза болады. Көкен моласы деген зиратқа жерлейді.

Октябрь айында іс-қағаздар жайы бітеді. Жамал 1 ай өз үйінде жүріп, соңында Жұманмен тұруға келіседі.

Жұман Жамалға ерегесіп, оны күнде ұруды әдетке айналдырады. Осылай қыстың бір-екі айы өтіп, Жамал шыдамай қашып кетеді, Фатихолла байға баруды ойлайды, бірақ қатты боран болып жолда қаза табады.

Жамалдың соңғы айтқан сөзі: «Ғали, Ғали, қиналды жаным, қайдасың?»

Салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар: ат қою, шілдехана, ұрын беру, атастыру, қалыңмал беру, ерулік

★ **Ұлттық құндылық:** Ескі әдет-ғұрыптар мен қазақ тұрмысымен таныстырады. Әйел теңдігі мәселесі.

★ **Түсінік+өз ойым:** Оқыған көзі ашық қазақ қызының ескі әдет-ғұрыптар мен сол кездегі надан көзқарасты адамдардың құрбаны болғаны ішті ашытады, шындықты әшкере етеді.

★ **Ұқсас шығарма:** «Біржан-Сара айтысы», «Шұғаның белгісі» Бейімбет Майлин

«БАТЫР БАЯН» МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ

★ **Тақырыбы:** Ерлік пен батырлық, намыс пен ғашықтық сезім

★ **Идеясы:** Батыр Баян бейнесін ашу, батырлықты дәріптеу.

★ **Жанры:** Поэма

★ **Композициялық талдау:**

Басталуы: Алашқа туған қиын күндер. Абылайдың жиын құруы.

Байланысуы: Батырлығы Алашқа аян Баян Батыр. Баянның қалмақ қызын алып келуі.

Дамуы: Ноянның бір көргеннен қызға ғашық болуы. Қалмақ қызының қалауы.

Шиеленісуі: Екі жастың қашуы, ашуға булыққан Баян.

Шарықтау шегі: Баянның екі жасты аяусыз өлтіруі. Өкініш.

Шешімі: Батырдың қайғысы. Соңғы соғыс.

★ **Кейіпкерлері:**

Баян - батырлығы алашқа аян ер, Абылайдың сенімді серігі.

«Жас Баян жауды талай көрмеп пе еді,
Сорғалап сұңқардайын төнбеп пе еді,
Майданда жол барыстай жалғыз ойнап,
Сан қолға аш бөрідей кірмеп пе еді?!
Жебесі көбе бұзып, жүректі үзбей,
Найзасын, сірә, шалғай сермеп пе еді?»

Абылай хан - Алаштың ханы, ел қорғаған ер.

Қанай - Абылайдың кеңесші билерінің бірі.

Ноян - Баянның 15 жасар інісі, қалмақ қызына ғашық боп, бірге қашқан.

«Баянның інісі бар он бес жаста –
Бөрінің бөлтірігі – бала Ноян.
Ноянның бар ақылы білегінде,
Билеген асау жүрек, қайнаған қан.
Келгенде-ақ сұлудың бір қарауынан,
Ноянның жүрегінде ұшқын туған.
Сол ұшқын өртке айналып, жап-жас Ноян,
Алысып жүрегімен, аласұрған...»

Қалмақ қызы(Құралай) - Баян алып келген 14 жасар сұлу, айлакер қалмақ қызы.

«Сол сұлу – сұлу екен атқан таңдай,
Бір соған бар сұлулық жиылғандай.
Торғын ет, шапақтай бет, тісі – меруерт,
Сөздері – су сылдырап құйылғандай...»

Ауыл ақсақалы - Баянға екі жастың қашқанын хабарлап, Ноянның кінәсіз екенін айтқан адам.

★ **Маңызды деректер:**

Жер-су атаулары: Бурабай - Абылай хан бастаған жиын өткен жер;

Көкшенің бауыры - Баянды жиылған халық күткен жер;

Сарыарқа - сәске кезінде екі жастың қашқан жері;

«Қандыөзек» аталып кеткен Жолдыөзек - Баянның түс ауа екі жасты қуып жетіп, өлтірген жері;

Іле бойы - Батыр Баянның соңғы соғысы өтіп, қаза болған жері;

Арқа - Баянның туған жері;

Кездесетін батырлардың есімдері: Ер Көкше, Ер Қосай, Сары, Баян, Барыс.

Тарихи оқиға: «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама»; Қалмақ, қытай, орыстар 3 жақтан қауіп төнген кезең.

Қалмақтан қулықпен құтылмақ болған қос қалмақ қонтайшысы: Ұса, Серен(жеті елші жібереді).

Қалмақ қыздың Ноянға айтқан қалауы: Ата-анасына, еліне қайту, Ноянмен қашып кету. Анасының «Елдің шетін көрмей, ерге барма!» - деген анты.

Қайғыдан күңіреніп, ашуға бой алдырып, кейіннен Баянның қатты өкінген жыр жолдары:

«Жарыққа қу қалмаққа жүрді неге?
Тәтті бал, балауса тал жас сұлуды,
Көр болғыр екі көзім көрдің неге?»

Батыр Баянның інісі мен қалмақ қызын өлтіру себебі: «Алты Алаштың намысы үшін».

«...Ел беті енді маған арам,

Алашым, аттанамын, жауында өлем!» - деп, Көкшетаудағы ақ ордаснда күтіп отырған Абылай ханға келіп, жауға аттанады, сол соғыста қаза болады.

★ **Ұлттық құндылық:** Тарихи оқиға, батырлық.

★ **Түсінік+өз ойым:** Қазақ әдебиетінде өзінің сыршылдығымен ғана емес, романтикалық сарынымен де ерекшеленетін, маңызды орын алатын тарихи-әдеби мұра. Батырлық пен намысты насихаттайды.

★ **Ұқсас шығарма:** «Аңыздың ақыры» эпизоды Әбіш Кекілбаев

«АҚБІЛЕК» ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ

★ **Тақырыбы:** Әйел теңдігі

★ **Идеясы:** Қазақ халқының аумалы-төкпелі кезеңін суреттей отырып, қазақ қыздарының тағдырын, бақытты өмір үшін күресу долын көрсету.

★ **Жанры:** Роман

★ **Композициялық талдау:**

Басталуы: Алтай табиғаты. Патша әскерінің лаңы.

Байланысуы: Мұқаштың сатқындығы. Ақбілектің қара мұрт офицер қолында ойыншық болуы. Офицер монологі, Мұқаш, Бекболат туралы.

Дамуы: Ақбілектің басынан өткен қиындықтар. Дуананы кездестіріп, еліне оралуы.

Шиеленісуі: Ақбілекті қабылдамаған ауыл. Ақбілектен бас тартқан Бекболат.

Шарықтау шегі: Жаңашылдыққа ұмтылған, білімді, көзі ашылған Ақбілек.

Шешімі: Бақыт пен махаббатқа қол жеткізген Ақбілек.

★ **Кейіпкерлері:**

Мамырбай - Ақбілектің әкесі, көңілі түзу, ниеті ақ, жасық жан. «Баласының жақсы болғаның бір кісідей тіле-

үші еді, балажан кісі. Болыс ішінен де қадірі басым, салмақты, табанды кісі еді.»

Мамырбайдың бәйбішесі - Ақбілек үшін бәріне дайын болған, қорғау кезінде 25 дүре соғылған, орыстар қолынан мерт болған анасы.

Ақбілек - құрбыларының алды, теңдікке ұмтылған қазақ қыздарының жиынтық бейнесі. Әке-шешесінің еркесін ажарына көркі сай, қанша қиындық көрсе де, соңында мақсатына жеткен жан. «Мамырбайдың Ақбілегі, Ақбілегі - жас түлегі, айы-күні сұлу қызы, алтын сырға, күміс шолпы сылдырлатып, былдырлатып, ақ көйлегің көйлендетіп жүрген сұлу...»

Мұқаш - жеке басының қамын ойлаған, мансапқор надан. Ақбілекті ұстап берген сатқын, ойы арам, әрекеті пасық жан. «...Таңқы мұрын, бадырақ көз, шұнақ құлақтау, жарбақтау кірпі шаш, қырыс маңдай, қара сұр жігітпін. Жасым отыз бесте. Әкем - Тойбазар, өзім Мұқаш болғалы аузым асқа, ауым атқа жарыған емес... Жалғыз кемдігім - қағаз танымаймын...»

Бекболат - роман басында Ақбілекке ғашық болып, сөз салып жүрген жігіті, «қара торы, орта бойлы, қошқар тұмсық, түлкі мұрт, шүңірек көз жігітпін. Жасым жиырманың жетеуінде... Басымда барқытпен тысталған қара елтірі жекей тымақ, үстімде орысшалау пенжек, шалбар. Сұр шапан, күміс белбеу бар... Өткір кездігі мен дабыл байлайтын шеттегі- өнерсіз жігіт емес екенін көрсетеді...»

Офицер - «Қарамұрт» деп Ақбілек түріне қарап ат қойған. орыс саясатының жинақ көрінісінен бөлек, болмысы түзу жан. Романовтар әулетінен шыққан, Ақбілекті ұнатып қалған адам, адамгершілігі бар деп сипатталады.

Ұрқия - Әмірдің әйелі. Ақбілектің ең жақын сырлас жеңгесі. Көмек қолын созуға дайын жақсы адам. Ақбілектің баласын асырап өсірген.

Іскендір дуана - адам баласына жамандық ойламайтын, Ақбілекті жақын ауылға жеткізген жан. «Іскендірде үш жоқ, кез келген үй - оған үй... Ол өтірік айтуды, кісі алдауды білмейді, адам баласына жамандық ойламайды. Үлкенді «әке», «аға» деп тұрады... Бала біткенді «балақайым» дейді, кісіге өмірі қатты сөз айтпайды...»

Жирен орыс - Ақбілекті жәбірлеген орыс офицері, қарамұртпен дуэльге шығып өлім құшады.

Әмір - Ақбілектің немере ағасы, Ұрқияның күйеуі. «Әмір - Мамырбайдың немере інісі, әкесі Тәуірбай Мамырбаймен туысқан. Әмір өзіндік ораза атары бар, біртоға момын жігіт...»\

Төлеген - Ақбілектің туған ағасы. 12 жасында қалаға оқуға түседі, 6-7 жыл оқып адам болған. Мұқаш туралы арыз берген, қызметі - мұғалім.

Балташ - Ақбілектің жанын түсінген, бұрынғы жағдайына қарамасттан, шын сүйген күйеуі, көзі ашық оқыған жан.

Мағиша - Төлегеннің жары, Ақбілекке қамқор болған, қалада оқу оқыған жеңгесі.

Қажікен мен Сара - Ақбілектің 12 жасар інісі мен 7 жасар сіңілісі. Ақбілек қамқор болған жандар.

Жылтыр - сабындай сусып тұрған сұжұқпастың өзі.

Өрік - Ақбілекке күн көрсетпеген, өгей шешесі.

Ақбала - Ақбілекті ұнатып, кейіннен бас тартқан, көзі ашық жігіт.

Әбен, Мұсабай, Тезекбай, Күмсінай, Бозінген - ауыл бейнесін, надан халық бейнесін ашатын ауыл адамдары.

Ақбала, Балташ, Доға, Жорғабек, Төлеген - оқыған азамат бейнесін ашатын Ақбілектің достары.

Ескендір - Ақбілектің офицерден туған баласы. Ұрқия асырап өсірген. 5 жасында сүйкімді, өжет, зерек бала болады.

Күлікен - Ақбілектердің жанындағы Ескендірмен ойнайтын кішкентай балалары.

★ Маңызды деректер:

«АРМАН-ПВ»

Ақбілек романы әлі көшпенділіктен арыла қоймаған қазақ ауылының ерекше табиғатын суреттеуден басталады: «Өскеменнің арғы жағында, Бұқтырманың бер жағында әлемге әйгілі Алтай бар. Сол Алтайдың күнгейінен құбыла жаққа құлай аққан, құлай ағып Ертіске түскен, күр-күр еткен Күршім бар. Алтай Күршімі - не заманнан қалың найман мекені... Марқакөлдің суы балдай...»

Шығармада полифониялық әуезділік пейзажды бейнелеуде көрініс табады, ақ өлең, яғни «верлибр» ұйқасы қалыптасқан.

Ең басты оқиға - «ақ қашып, қызыл қуған» аласапыранның қазақ ауылын да естен тандыра жайпап өтуі.

Ақбілек офицердің түр-сипатына қарап, Қарамұрт деген ат қояды. Онымен «теке көз, бұжыр сары тілмаш арқылы тілдеседі.

Қарамұрттың өмір тарихы «Офицер»(Әпесер) тараушасында баяндалады. Ол - Романовтар әулетіне төнген зобалаң құрбандарының бірі. Қызыл әскерден қашып, еріксізден осы жерлерге келген.

Офицерлердің мақсаты: Қытайға өту, Ақбілектің ілескісі келмейді. «Бұралқы күшіктең қаңғырып» айдалада жалғыз қалады.

Қоста жалғыз қалған Ақбілекті енді қасқырлармен арпалыс күтеді. От жағып, таң атқанша үркітіп, әрең құтылады.

Ақбілек жыланнан бозторғайды құтқарып қалып, мұны жақсылыққа жориды. «Жылан торғайды арбап жеяді» дегенді бала кезінен естіген болатын.

Кездесетін мақал-мәтелдер: «Құлақ естігенді көз көреді».

Көп ұзамай Ескендір дуананы кездестіреді, Ақбілекті арқалап, жақын жердегі ауылға жеткізеді.

Ақбілекті ар азабы күтеді. Ақбілектің Қарамұрттан аяғы ауыр болып, Бекболат та ретіс айналады. Өрік деген

Мамырбайдың тоқалы жайсыз адам.

Ақбілекке қамқор болып, баласын өз бауырна басқан жеңгесі - Ұрқия болады.

Мұқаштың сипаттамасы - Абайдың «Болыс болдым, мінекей» деген өлеңіндегі болыс сияқты.

Ақбілекті жауға ұстап берген себебі: Мамырбайдың қаладағы баласы Төлегенге деген араздығы, болыс болмай қалғандығын содан көреді.

Ақбілектің прототипі - Дариға Әбішқызы Шығанши ауылында болыс болған, солдаттарға киім-кешек тіккен, қыздарды тігіншілікке баулықан көзі ашық жан.

МЕКТЕП+ЖАЗУШЫ+АТАМУРА

Жалғыз ала ат мінген адам Алтай бөктерінде жүреді. Көтегейті - Күшім жақ, бет алысы - Қаракем шаты. Бұл терең шатта бесатар ұстаған біреу тығылып жүреді, әлгі ақ орамал көтергенде, ол сәйкесінше ақ тымағын көтереді.

Осының алдында Ақбілектің сол жақ көзі тартады, - елемейді.

Күн батпай тұрып, терең шаттан төрт атты шығады да, ауылға ойран салады. Бәбіше орыс келді дегенде

Ақбілекті жасырып қояды. Орыстар қызды іздеп таппайды. Үш орыс бәбішеге 25 дүре соғады.

Мақал: «Бір анадан ала да туады, құла да туады».

Сол кезде ауыл сыртында Мұқаш жүреді. «Ағатай, көмектесші» деген Ақбілекті ұстап береді. Анасы құтқармақ боп мерт болады.

Ал Ақбілектің соңынан қуып құтқармақ болған Бекболатты оң иығынан жаралайды.

«Офицер» тарауында орыстың шын ұлымыз дей келе, өз жайынан хабар береді.

«Мұқаш» 15-ке келгенше Шамамбайдың, Төлеубайдың қозысын бағады. Қойға бір тай да мінгізбейді. Бәдігүлдың жылқысын бағып, көзі ашылады. Кейін паракходқа жұмысқа барады. Өскемен, Семей, Зайсан сияқты қалаларды Ертіс ағып көреді, жалғыз кемдігі: хат танымайды. Балшабайға жазылып бесатар алады. Болыс болайын деп тұрғанда, Төлеген арыз беріп, бола алмай қалады. Ақтарға қызмет қылады. Кейін өзін ойлап, ақтарды қызылдарға ұстап береді.

Ақбілекке екі орыс: жирен орыс пен қара мұрт таласады. Дуэль жасап, қарамұрт жеңеді.

Қарамұрт Ақбілекті өлтірмекші болады, бірақ Ақбілек жақсы түс көрдім деп ырымдайды да аман қалады. Түсінде қарамұртпен қалаға барғанын көреді. Өздері жауға аттанып, Ақбілекті Қарашатта жалғыз тастап кетеді.

Мұқашқа қатысты мақалдар: «Жау жоқ деме - жер астында, бөрі жоқ деме - бөрік астында», «Іштен шыққан жау жаман».

«Ел құлағы - елу», «Жақсы лепес - жарым ырыс», «Қорыққанға қос көрінеді» - мақал-мәтелдер.

Дуана екеуі ауылға жеткенде ауқатты Мұсабай үйіне бармай, Күмсінайға барады. Мұсабайдың әйелі - Бозінген.

Ақбілек жайлы таратып жібереді, ағасы Әмір келеді.

Ақбілек үйіне келгелі 15 күн өтеді. Ақбілектің ісі: басына қара салыну, абата қыла келген әйелдерге көрісу, жылау, жоктау, жұбату айту.

Ақбілектің 12 жасар інісі - Қажікен, 7 жасар сіңілісі - Сара бар.

Оңашада Ұрқия Қарашат маңында болғанды да сұрап қояды.

Мамырбай қызы туралы көп ойлайды. Қараша түскенде күнделікті тірлікпен жүріп, Ақбілекпен табысып, сөйлесе бастайды. Ақбілекке де жан біткендей болады.

Ақсақал тай сояды, ағайын он шақты қой сойып жас төрелерді күтеді. Ақбілек пен жеңгесі, Төлеген мен Балташ келеді. Той болып, ай жарыстырып, күрес, көкпар болады. Ауылда қызыл отау, яғни білім үйін ашады. Бәрі бақытты болады.

Әкесі де разы болады, Бекболат істеген ісіне ұялады.

Матайдың Әбені екі ұрысын жіберіп, Мұқашты жайғастырады.

Ұрқия Ақбілекке шындықты айтады. Ескендір дуананы түсінде көріп, жақсыға жорып баланың атын солай қояды. Марқакөлдiң жиегiнде, Мамырбайдың Ақбілегі, жас Балташтың сүйген жары, Ескендірін құшып сүйіп, бала болып, ана болып, көп әйелден дана болып, кеудесіне бағы сыймай, кемерінен аса шыпылдайды.

★ **Ұлттық құндылық:** XX ғ. басындағы қазақ өмірінің тарихынан сыр шертеді.

★ **Түсінік+өз ойым:** «Ақбілек» романы қазақ қыздарының теңсіздігін, жалпы халық тұрмысы мен жағдайын сипаттап өтетін өте ерекше шығарма. Қазақ халқының басынан кешкенін бір ғана Ақбілек бейнесіне жинақтап жазған бұл шығарманың әдебиетте орны бөлек.

★ **Ұқсас шығарма:** «Алғашқы ұстаз» Шыңғыс Айтматов

«ҚҰЛАГЕР» ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ

★ **Тақырыбы:** Өнерге және жүйрікке жасалған қастандық

★ **Идеясы:** Атақты Ақан серінің трагедиялық кезеңін суреттей отырып, заман шындығын көрсету, өнерді дәріптеу.

★ **Жанры:** Поэма

★ **Композициялық талдау:**

Пролог: «Толғану». Жер жаннаты - Көкшетау.

Басталуы: «Құлагерді» жырлаған Арқаның еркесі Ақан сері. Ереймен, керейдегі Сағынайдың асы.

Байланысуы: Халықтың Құлагерге берген бағасы. Күреңбайдың сыны.

Дамуы: Батыраштың қызғаныштан егесуі.

Шиеленісуі: Бәйгенің басталуы.

Шарықтау шегі: Жыланды өзегі. Құлагердің көзден таса болып, қастандықпен өлтірілуі.

Шешімі: Ақан серінің бебеу қаққан зарлы - «Құлагер» әні.

★ **Кейіпкерлері:**

Ақан сері - XIX ғ. қазақ елінің рухани мәдениетінің тарихынан елеулі орын алатын белгілі өнер қайраткері, ақын, сері, Құлагердің иесі.

«Жүйрік ат, сонар саят, қыз-қырқынмен,
Өмірді өткізген жан өз қарқынмен.
Өмірдің ащы емес, тұщысын да
Қызықтап жігіт ойын, қыз күлкімен.
Саңлақ ед шыққан мыңнан, озған жүзден,
Көп сұлу көзін сүзген күнді өткізген.
Қызықтың айдынына құлаш ұрып,
Армансыз қаздай қалқып, қудай жүзген...
Текті құс тазалықты қолына ұстап,
Арманы-ақ сұлулықты сүю деген.»

Күреңбай - тұлпарды тани білетін сыншы.

Батыраш - Беғайдардың ұрпағы, зұлымдық пен жауыздықтың өкілі, «Көктұйғын» аттың иесі. Ақан серіге кегі бар, Құлагерді өлтірткен адам.

«Батыраш бала жастан атқа құмар,
Айқайшыл ат әперген баққа құмар.
Арам ой, ата намыс ұр-шокпары,
Кір көңіл, сарайының батпағы бар»

Жас бала - жетім, мылқау, Құлагермен бәйгеге шыққан.

★ **Маңызды деректер:**

Жер-су аттары: Көкшетау, Арқа, Аршалы, Ақтасты, Алматы, Алатау, Гималай, Кавказ, Жөңке, Атай, Алай, Оқжетпес, Хантаңірі, Бурабай, Арал, Балқаш, Сырымбет, Зеренді, Иман, Айыртаулар, Жетісу, Ертіс, яЕреймен, Қараөткел, Қарқаралы т.б.

Ақан серінің сипаты:

«Туғаны Арқадағы Арғын елі.
Өскені Көкшетаудың шалғын жері.
Ащы тіл, асау мінез қылығынан,
Атанып кетпеді ме, Азғын, пері?»

Лақап аттары: «Әулие», «Пері», «Арқаның еркесі».

Көкшеде сұлу сүйген, өлең айтқан, жан досы, жан серігі, мұңдасы, сырласы іспеспетті жолдасы - Құлагер аты. Ақмарқаны аламын деп, ұнатады.

Арқада Ерейменді мекен еткен Керейде Сағынайдың асы болады, Ақан сері ат жарысқа келеді.

Асқа келгендер: Қараөткел, Қарқаралы, Кереку, Баян, Семей, Торғай, Жетісу, Қаратау және т.б.

«Көкшетаудың дүлділі, құласы» - Құлагер.

Құлагердің сипаты:

«Салпы ерін, сала сүйек, салбыр тірсек,
Қатыбас, қаншыр мойын, ит өндірішек.
Бітімі ойқы-шойқы, орда-шорқы,
Пішкендей жануардыолақ өлшеп.
Алмайды мынау бәйге, жылқы көрсек,
Көк еті кедір-бұдыр, бөлшек-бөлшек.
Көкшетау шолағын да мақтайтын ел,
Осыған ит болайық, бәйге берсек.
Құлаға мініп қоян атар едім,
Мен мұны жүргіншіге сатар едім.
Болғанша асқа күлкі «ат қостым» деп,
Үйімде тыныш қана жатар едім.
Қойшыға мен мінгізіп қояр едім,
Семіртіп мен соғымды сояр едім.
Кемпірдің азасына әкеп салып,
Бата оқып, ет, қымызға тояр едім.
Сүйегі – сиыр сүйек, қиқы-жиқы,
Сал бөксе, жазық бауыр, ұзын тұрқы...»

Тұлпардың мықты тегін тек Күреңбай сыншы ғана танып:

«Жаман сұрқы,

Алдынан ұмтылғанда аң құтылмас,

Артынан жөнелгенде жетпес жылқы! – деп жұрт таңғаларлық баға береді.

Ақан сері салған әндер: «Үш тоты», «Ақсаусак», «Марқа», «Сырымбет», «Бай-бай, Құлагерім...» «Аттың аза-лы» әні

Бәйгеге 1300 жүйрік қосылмақ. Олар Сырдың Қызқарасы, Жарылғаптың жирені, Семейдің Сұр серкесі, Алатаудың Аққанат Кері, Балқаштың бейпіл Бөртесі, Алтайдың серпінді Көктұйғыны, меруерт жалдас Шудың Ақсұры, Ұлытаудың Ұбайы, Қаратаудың Құмайы, Қыпшақтың Ақбақайы, Қырғыздың Көктопайы, Ақдиатаудың Аласы, Көкшетаудың Құласы, Ертістен Елік-құбақан, Есілдің Қасқа бұласы.

Төрт жүйрік озып шығады, алда келе жатқан баран ат - Құлагер Жыланды өзегінде жоқ боп кетеді. Мәреге бірінші болып, Көктұйғын – Батыраштың сәйгүлігі, екінші – Айтпақтың күреңі, одан кейін – Шорманның Бурылы келеді.

Құлагерді жолда Батыраш жіберген ақ боз атты, қара киім, Тұй, ынкөк айбалтамен өлтіреді.

Ақан сері қатты қайғырып «Құлагер» әнін зарлайды.

Басын кесіп алып, тау жаққа тасаға кетіп қалады.

★ **Ұлттық құндылық:** Ескі өмір салты мен дәстүрлер

★ **Түсінік+өз ойым:** «Құлагер» поэмасы арқылы автор Құлагер өлгенімен Ақанның жаны жараланғанымен, әні мәңгі жасайды, өнер өлмейді деген түйін жасайды.

★ **Ұқсас шығарма:** «Күйші» поэмасы Ілияс Жансүгіров

«ШҰҒАНЫҢ БЕЛГІСІ» БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН

★ **Тақырыбы:** Қазақ қыздарының тағдыры

★ **Идеясы:** Адамгершілік пен махаббатты дәріптеу, әйелдердің бас бостандығы мәселесін көтеру.

★ **Жанры:** Повесть (хикаят)

★ **Композициялық талдау:**

Пролог: Екі жолаушының әңгімесі.

Басталуы: Шұғаның бейнесі, ауыл тіршілігі.

Байланысуы: Әбдірахман мен Шұғаның алғашқы кездесуі.

Дамуы: Алтыбақандағы таныстық, хат жазысу. Елде тараған өсек.

Шиеленісуі: Қызғаныштан туған Айнабайдың жаласы.

Шарықтау шегі: Құса болған Шұға.

Шешімі: Шұғаның қазасы, иесіне жетпеген хат.

★ **Кейіпкерлері:**

Шұға - Есімбек байдың жалғыз қызы, төрт ұлдың ортасында өскен ерке қыз. Өзі ақылына көркі сай «Шұға десе, Шұға еді-ау!» дегізген сұлу да тәрбиелі қыз, жасы 16 шамасында.. «...ақ құба, талдырмаш, көзі қап-қара, үріп ауызға салғандай еді. Ажары қандай болса, ақылы да сондай. Жеңілдік дегеннің не екенін білген емес. Жүрген жүрісі, сөйлеген сөзі қандай, бүртүрлі паң еді-ау...»

Зәйкүл - ажарлы, шырайлы, бірақ өзіне ұнатқан адамға шыға алмаған. Шұғаның тілеуін тілеген жеңгесі, қорқақтау.

Әбдірахман - оқыған, көзі ашық жігіт. Тек білімімен ғана емес, өзінің бірсөзділігімен де адамгершілігі доғары екенін танытады. Учитель болып жұмыс істейді. Шұғаны шын сүйген, 20 жас шамасындағы кедей баласы.

Есімбек - Шұғаның әкесі, бай адам. Беркімбайдың әкесінің нағашысы, жаппас руынан шыққан жомарт, қонақпаз адам деп суреттеледі.

Базарбай - Қасымжанның туыс інісі, Есімбектің қойын бағушы, хат жеткізуші жас жігіт.

Қазақбай - Әбдірахманның әкесі, кедей адам.

Айнабай - екі елдің арасына от салып жүретін адам. Қызы Күлзипаны Әбдірахманға қосқысы келген арам ойлы бай, Әбдірахманға өтірік жала жауып, жер аудартады.

Күлзипа - 17 жас шамасындағы орта бойлы, қара сұрлау, тік қабақ, сұстаныңқырап тұратын жан. Әбдірахманды ұнатады.

Маржанбике - жеңгелік қызметті атқарушы, Күлзипаның жеңгесі.

Қасым(Қасымжан) - сиректеу сақал-мұрты бар, қара бұжыр, 40-тан асқан сөйлемпаз адам, әгімелеуші. Бұл оқиға болған кезде өзі Әбдірахманмен құрдас 20 жаста, досы болған екен.

★ **Маңызды деректер:**

«Шұғаның белгісі» жол қысқарту үшін әңгімелесіп келе жатқан екі жолаушының әңгімесінен басталады. Бірі - Қасымжан, екіншісі - автордың өзі. Күн сәскелікке жақындаған кез, астында тапал торы ат, жолдасында қаркер.

«Шұғаның белгісі» кезінде «Тарғыл өгіз сойған» деп аталған, бүгінгі шыққан ауылдары -«Ерекең»

Беркімбай - Қасымның ағасы, кезінде болыстыққа таласам деп бар малын құртқан. Беркімбайдың әкесінің нағашысы - жаппас Есімбек.

Бозбалалап ауыл жігіттері Базарбайдан Шұғаға хат жолдайтын, бірақ Шұға жауап қайтармайтын. Сол себепті тәкаппар десуші еді.

Шұғаға хат жазам деп күлкіге қалған есersоқтау кейіпкер - **Кәрім**.

Шұғаның ата-анасының бір артық жері - он алтыға келгенше, Шұғаны күйеуге бермейді.

Есімбектің Шұғаны күйеуіне бермеуінің мәнісі: Қали деген досымен серт байласып, құда болмыз дескен екен.

Жазғұтырым Қасым, майдың 20-сы күні жайлауға қонады. Қызойнаққа барып, сәске түсте бірақ тұрып, ауылға жаппас келгенін есітеді.

Әбдірахман деген 20 жастардағы жолдасы, жасынан болыстың бұзауын баққан. Балалармен араласып жүріп,

учительден 4 жыл оқиды. 12-13 жаста байдан қашып, бір ноғайға жаз қызметке тұрып, қыс оқуға кіреді. Мектеп бітіргенде дыбысы жер жарды, өте зерек болды. Тілмаш та, пісір де болмай, бала оқытады.

Әбдірахманның әкесі кедей болған.

Есімбектің «Мені олжамнан қақты» деп тырсыып отырғаны: өткен жылы күзгі астыққа бай киізін сатқанда, Әбдірахман халыққа: «Қазір асығып екі бағасына алғанша, астық жиып болған соң жарты бағасына ал,» - деп айтқан екен.

Әбдірахманды ұнатпай, өсек қылғандар: ауыл шалдары, әсіресе Қажыбай шал.

Әбдірахман Шұғамен кездесу үшін, алтыбақанға барады. Олар сонда таңға дейін ойын-сауық құрады.

Есімбектің үш баласы үйленген. Ең кіші келіні Зәйкүл таама Қаржаудың қызы. Күйеуі Ыбырай - момын адам.

Қасымжан Зәйкүлмен жақындасып көңіл қосқан.

Айнабай қызы Күлзипаны Әбдірахманға қоспақшы болады. Әбдірахманның әкесі шөп іздеп Айнабайға келсе, Айнабайдың қатыны қос қазыны бұзбастан салып, етпен сыйлап, ақысыз бір шана шөп береді. Әкесі құда болуға өте құмарланады. Бірақ Әбдірахман ұнатпайды: «Тіпті сүймеймін, сүймеген адамды не қып аламын» дейді.

Әбдірахман Шұғаны ұнатып, Базарбайдан хат жолдайды. Шұғаның жауабы: «Хатыңызды алдық, әзір пәлендей жауап бере алмаймыз, айыпқа бұйырмаңыз, жазушы - Шұға.» Екеуі осылай жақындасып кетеді.

Көптің сөзі: «Көрші ел едік, арамызға салқындық түсірме...» Бірақ Әбдірахман өз сөзінен қайтпайды.

Айнабай Әбдірахманға: «түріктерге жасырын ақша жиып жүр...» - деген жала жабады. Әбдірахманды старжник пен бір атты ұстап алады, Қасымның әжесі ботадай боздайды.

Шұға құса болып қатты ауырып қалады. Таңертең Әбдірахман келгенде, Айтпай Шұғаның қайтқанын естіртеді.

Шұғаның Зәйкүлге тапсырған соңғы хаты:

«...Хаты деп ақтық жазған ғашық жардың,

Есіңе ал, дұғаға мен ынтызармын.

Қош, сау бол, ойнап-күліп жолығармыз,

Астыңда ақ туының пайғамбардың!..»

Шұғаның сүйегін бұрынғы ескі қорымдарға қоймақ болады. «Өгіз сойған» басына белгі қояды.

★ **Ұлттық құндылық:** Қазақ халқының табиғаты, тұрмысы мен салт-дәстүрі көрініс табады.

★ **Түсінік+өз ойым:** Қвз бен джігіттің қосыла алмай, ескі салт-сана мен дәстүр, қоғам ойынан қасірет көргенін, жалпы әйел теңсіздігін көрсетеді.

★ **Ұқсас шығарма:** «Бақытсыз Жамал» Міржақып Дулатов

«ЕСКЕНДІР» АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ

★ **Тақырыбы:** Адамгершілік пен қанағат

★ **Идеясы:** әділет пен даналықты дәріптеу, ашкөздіктен сақтап, пендешіліктен арылу, ол үшін иманды болып, ұятың мен арыңды сақтау.

★ **Жанры:** Поэма

★ **Композициялық талдау:**

Басталуы: Атағы жер жарған Ескендір

Байланысуы: Жаулап алу жорықтары

Дамуы: Шөлге тап болу, мөлдір бұлақ

Шиеленісуі: Алтын қорған қақпасындағы күзетшінің сөзі. Ескендірге берілген сый

Шарықтау шегі: Аристотельдің даналығы

Шешімі: Сабасына түскен Ескендір

★ **Кейіпкерлері:**

Ескендір - Еуропаға Александр Македонский деген атпен белгілі болған ірі қолбасшы, Македония билеушісі, Филипп патша баласы.

Күзетші - бұлақ бастау алатын Алтын қорғанды қақпаның күзетшісі.

Аристотель - Ескендірдің дана, ойшыл кеңесшісі.

★ **Маңызды деректер:**

Поэманың басталуы: «Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?»

Мекені: Македония шаһары.

Филипп өлген соң, 21 жаста Ескендір патша болады.

Жорықта жүріп шөлге тап болады, суы тәтті бұлақ тауып, соның бастауындағы елге барады.

Күзетші қақпаны ашпайды, Ескендірге сыйлық ретінде қу сүйек(көз сүйегін) береді.

Аристотельдің жауабын шешуі: Таразымен өлшейді, бірақ сүйекті ештеңе аударма алмайды. Құм шашқанда ғана сүйек жоғары шығады. «Себебі бұл адам көзінің сүйегі, адам өлсе ғана тояды, осыдан ғибрат ал!»

- ★ **Ұлттық құндылық:** Қанағатшылық пен рақымшылық
- ★ **Түсінік+өз ойым:** Абайдың гуманистік ойын көрсетеді, адам бойындағы ізгі қасиеттерді өсиет етәп, жақсылыққа шақырады.
- ★ **Ұқсас шығарма:** Фирдоуси «Шаһнама»

«ӨЗІМ ТУРАЛЫ» ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ

- ★ **Тақырыбы:** Өзінің азаматтық үні, мәрт мінезі, шығармашылық ғұмырбаяны туралы
- ★ **Идеясы, түйіні:** Өзінің азаматтық идеясын айқындай отырып, келер ұрпаққа сыр айтып, өсиет қалдыру.
- ★ **Тармақ, бунақ, буын саны:** 26 шумақ, 104 тармақ, 11-12 буын, 3-4 бунақ
- ★ **Ұйқас түрі:** қараөлең ұйқасы
- ★ **Әдеби теориялық ұғымдар:**
«Өзге емес , **өзім** айтам өз жайымда,
Жүрегім жалын атқан сөз дайында.
Тереңде тұнып жатқан дауыл күйді, -күрделі эпитет
Тербетіп, тулатып бір қозғайын да...

Аманжол - Рахымжанның Қасымымын,
Мен қалған бір атаның ғасырымын.
Біреуге жұртта қалған жасығымын,
Біреуге аспандағы асылымын. - метафора

Шарлаған жолым жатыр жер бетінде,
Көрінер көлеңкесі келбетімде,
Қай жерде үзіледі **қайран сапар, - эпитет**
Түйін боп өмірімнің бір шетінде.

Сол жерге қалармын ба мәңгі тоқтап,
Жоғалып жер бетінен сүрлеу-соқпақ.
Немесе бастармын ба екінші өмір,
Жалынды жыр жолында қызыл шоқ қап. эпитет

Дүние, жалт-жұлт еткен кең мекенім, - метафора, эпитет
Көре алмай көп жерінді мен кетемін.
Арпалыс ала құйын заманалар
Арбасып тұрып алды, мен не етемін.

Өмір жоқ түскен жерде бір арнаға,
Көп күттім, көп тіледім құмарлана.
Қайтейін, жетер емес қысқа өмірім,
Алыстан көрінгенмен мұнарлана.

Сен неткен бақытты едің келер ұрпақ,
Қараймын елесіңе мен таңырқап.
Жаңғыртып жер сарайын сен келгенде,
Көрпемді мен жатармын қырда қымтап. - метонимия

Жүзінде **кәрі жердің әжімі көп, - метонимия**
Ізімді табарсыңдар әзер іздеп.
Оқырсың сонда мүмкін бұл жырымды,
«Досың да,туысың да біздерміз» деп.

Ризамын туғанымға адам болып,
Өкінбен қаламын деп бір күн солып.
Адамзат сапарының мейманымыз,
Бір мезет жер бетіне кетер соғып.

Екі көз – екі жұлдыз маңдайдағы, - метафора

Көруші ең құбылысты қай-қайдағы.

Япырмай, сен де бір күн сөнермісің,

Қап-қара түнек болып маңайдағы. - эпитет

Өкінбен мен де бір күн өлемін деп,

Өкінем ұқсата алмай келемін деп,

Күніне жүз ойланып, мың толғанам,

Өзіммен бірге өлмесін өлеңім деп.

Барым да, бакытым да осы өлеңім,

Жақыным , жүрегімнің досы өлеңім.

Өмірге келгенім жоқ бостан-босқа,

Мен қайтып, босқа жасап, босқа өлемін.

Гүрілдеп жалын атқан кеудем – көрік, - метафора, эпитет

Сөз соғам құлашымды еркін керіп.

Суарып шынықтырам күйге малып,

Болсын деп әрі әдемі, әрі берік.

Құя алман үгітілген **балшық өлең, - эпитет**

Көңілімде көл жасамаң тамшыменен.

Серінің семсеріндей сертке таққан - теңеу

Өлеңнің өткірін бір алшы менен.

Ежелден **ерке бұлан Қасым едім, - метафора, эпитет**

Бұлқына тасып едім, басып едім.

Жүзім – жаз , көңілім - көктем кең пейілді, - метафора

Жақсының жүрегіне ғашық едім. - күрделі эпитет

Сөзім жыр, лебізім – күй ерке едім, - метафора

Өз жерім, өз елімде еркеледім.

Өмірдің **алтын сарай** аспанына - эпитет

Қиялым қақты қанат ерте менің.

Кең жайдым құлашымды дүниеге,

Білдім мен қайғыра да, сүйіне де.

Әйтеуір әрі-сәрі болғаным жоқ,

Ұқтым мен, көңілімнің күйі неде...

Аяған жүрегім жоқ жолдасымнан,

Сый көрді не бір **сараң мол Қасымнан - эпитет**

Жолдастың жүзін қайта алдым жинап,

Айрылсам ала көңіл он досымнан.

Қасыммын, сол баяғы бір Қасыммын,

Бақытын ойламаймын кұр басымның.

Тымырсық түнек болсаң – дұшпаныңмын,

Ақ көңіл адал болсаң – сырласыңмын. - метафора

Боламын **ақын Қасым** әлі де мен,

Өлеңін бөбегіндей әлдилеген.

Қанатын қағып жылдам келер жылдар,

Бәрін де қарсы аламын ән-күйменен.

Бір күні **от өмірім** қалса өшіп,

Қайран ел, туған жерден кетпес көшіп.- эпитет

Торқадай жамылып ап топырағын, - теңеу

Жатармын өз жерімде бір төмпешік.

Дариға, о дариға, шіркін **дәурен,**

Басымнан таярмысың бір күн **дәурен.**

Жалт беріп жоғалар ма **нажағадай**, - теңеу
Жүзінде шалқып тұрған күлкім, **дәурен**. -эпифора

Тоқтамас **өмірімнің сағатындай**, - теңеулі эпитет
Жүрегім енді қанша соғар тынбай.
Тыншыр ма ақтық рет бір талпынып,
Мерт болған **балапанның қанатындай**. - теңеулі эпитет

Түсірген **ой сәулесін** шар тарапқа,
Ақылдың алтын оты сөнген шақта.-күрделі эпитет
Бұл күнде **саңқылдаған сұңқар** үнім.
Кетерсің **судай** сіңіп табиғатқа. - теңеу

Сондықтан ап кел бері домбырамды,
Кеудеме күй қанатты қондыр әнді.
Берейін өмірімнен өлең жасап,
Шашайын оңды-солды сол мұрамды.

Дүниеге келер әлі талай Қасым,
Олар да бұл Қасымды бір байқасын.
Өртке тиген дауылдай өлеңімді -теңеулі күрделі эпитет
Қасымның өзі емес деп кім айтасың!»

- ★ **Түсінік:** «Өзім туралы» өлеңі ақынның жеке тағдырын ұлт тағдырымен байланыстыра отырып, биікке көтеріп жазған туындысы. Бұл өлең қазақ әдебиетіндегі орны толмас қазына десек те болады. Себебі, мұнда ақын рухының биіктігі, қайсарлық, өлеңнің өлместігіне сенім, өмірдің күнгейі мен көлеңкесін таразылаға ащы шындық та байқалады. Бұл ақынның өмірлік кредосындай.

«ЗІЛДІ БҰЙРЫҚ» ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ

- ★ **Тақырыбы:** Қарусыз халықтың азаттық жолында құрбан болуы.
- ★ **Идеясы, түйіні:** Қазақ халқына түскен ауыртпалықты ашына суреттеу.
- ★ **Тармақ, бунақ, буын саны:** 25 шумақ, 100 тармақ, 11 буын, 3 бунақ
- ★ **Ұйқас түрі:** қараөлең ұйқасы
- ★ **Әдеби теориялық ұғымдар:**
«Верныйдан» жандаралдар бұйрық қылды,
Құйрығы бұйрығының тіпті зілді. - метонимия
«Отыз бір - он тоғызды алад» деген
Суық хабар халықты бұлқындырды. -эпитет

Жылады **сорлы халық**, малын айтып, -эпитет
«Кеткен соң қолдан шығып, келмес қайтып», -
Дейді де еңіреді, егіледі,
Қайғының күні-түні күйін тартып.

«Верныйдың» қадам баспай қаласына,
Кемпір, шал жылап жатыр баласына.
Ешбір ем табылмады іздесе де
Халықтың жүректегі жарасына. - метонимия?

Пристав келіп қалды бала сұрап,
Ел жатыр бермейміз деп **қойдай шулап**. -теңеу
«Қырсаң да баламызды бермейміз» деп,
Тайсалмай әке-шеше жатыр сұлап.

Пристав ашуланды «аламыз» деп,
Жігіттер тұр: «Бармаймыз, қаламыз, - деп. -
Егер де бұл түрінді өзгертпесең,
Басыңа бір ойранды саламыз!» - деп. -эпифора

Ел-ел боп жиылды кеп әрбір сайға,
Ал әлеумет, қараңдар мына жайға.
Сеңдей болып соғылып толқындады, - теңеу

Бір сая бола ма деп **шыбын жанға**. - литота

Жиылды бозбалалар бір кезеңге,
Қарғалы деген **тасқын бір өзенге**.
Пристав кетті: «Еріксіз аламын, - деп, -
Көресің бұл істі! - деп, - кезегінде!».

Бәрін де ол пристав жаттап алды,
Басшыларын қағазға хаттап алды.
Аттандырып бұл елге солдаттарын,
Басты-басты кісіні саптап алды.

Күн ыстық, **қайнап тұрған сарша тамыз**, - эпитет
Жанында қан, малында қалмаңыз.
Оразаның күні еді сол уақытта,
Бұл күнде оразаны не қыламыз!

Суында **Қарғалының ауыз ашты**,
Бір пәлекет халыққа душарласты.
Басшылары кеткен соң, тағат алмай,
Жиылған жұрт дағдарып, жанталасты.

Келді де, алып кетті жақсыны айдап,
Барады боздақтардың көзі жайнап.
Күн ыстық, қайнап тұрған **сарша тамыз**,
Жөнелді абақтыға соры қайнап.

Жақсыдан жақсы қоймай, алды санап,
Қамалды абақтыға қырғыз, қазақ.
Білмеді не болғанын сырттағы ел,
Қамалғандар тірідей тартты азап.

Шулайды абақтыға қамалған көп,
Сырттағы жұр: «Біз енді қайтеміз?» - деп,
Губернатор жандарал жауапқа алды:
«Жайлауда ту көтеріп шапқан кім?» - деп.

Ешқайсысы айтпаған соң, айғай сап кеп,
Өзі айтты жандаралдың **«Бекболат!»** деп.
Бекболат бола қалса ту көтерген,
Бұйрық қылды: **«Дараға асып, тарт!»** деп.

Қалиқұлды бірге жазды дарасына,
Байбосын қоса кетті арасында.
Абақтыда қалғандар естен танды,
Көзінің қамшы тиіп қарасына.

Әкетті **байғұстарды** арбаға сап: - метонимия
«Иманыңды айтатын молданды тап.
Үндеріңді шығарма, **өңкей надан**, -эпитет
Мұнан былай сөйлем, аузыңды жап!»

Самсыны* алған екен **Ботпай**** қамап,
Оларды жігітімен кетті сабап.
Тұтқындарды босатып ала алмады,
Бір пәлеге екінші пәле жамап.

Пристав та **Самсыға** барған екен,
Жәнібектің мешітін қамап алған екен.
Жәнібек қажы жанына ара тұрды,
Бір болыс ел жиналып барған екен.

Ала алмай күні бойы әлек болды,

Жәнібек приставқа себеп болды.
Ертеңінде құтылып, **Ұзынағашқа**
Пандатып келе жатты **қара жолды**. - эпитет

Бөлек-бөлек топтанып, **шоқтай** болып, -теңеу
Бай көпесті өлтірді Ботпай болып.
Қолына онан басқа түк түспеді,
Кезсе де бұл маңайды әбден шолып.

Ақыры ұлыққа түк қыла алмастан,
Не боларын бұл істің біле алмастан,
Күш жинамай, қарусыз ұрыс қылып,
Бозбаланы бітірді кек алмастан.

Шиенде* де әскерлермен ұрыс болды,
Сол ұрыста топ басы Саттар өлді.
«Саттар өлді, ел қашты» деген хабар
Ел-елдерге жайылды оң мен солды.

Шұбырып тауға қарап ел жөнелді,
Не боларын соңының кім біледі?
Тауға шығып өрмелеп, тасқа бұғып,
Елдің бәрі жанынан түңілді енді.

Ертеңінде ел-елге әскер барды,
«Шапшаң түсіп, келсін» деп хабар салды.
«Қашқандарды атады» дегеннен соң,
Таудағылар кірер жер таба алмады.

Аттандық ұлығының қонысына,
Елді сорған борсықтай болысына. - теңеулі эпитет
Көп ерлер қаза тапты жауға аттанып
Көксеген азаттықтың соғысында. - күрделі эпитет

*Самсы - жер аты.

*Ботбай - ру аты.

*Шиен - Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Суықтөбе тауының солтүстігіндегі елді мекеннің аты.

- ★ **Түсінік:** Тарихи оқиға негізінде жазылған өлең. Азаттықты аңсаған халықтың қаһармандық қасиетін танытатын құнды мұра.

«ШЫҒАМЫН ТІРІ БОЛСАМ АДАМ БОЛЫП» СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ

- ★ **Тақырыбы:** Білімге шақыру
- ★ **Идеясы, түйіні:** Өзінің білімге құштар екенін көрсетіп, сол заандағы жастардың мұрат-мақсатын суреттейді.
- ★ **Тармақ, бунақ, буын саны:** 3 шумақ, 12 тармақ, 11 буын, 3 бунақ
- ★ **Ұйқас түрі:** Қараөлең ұйқасы
- ★ **Әдеби теориялық ұғымдар:**
Шығамын тірі болсам адам болып,
Жүрмеймін бұл дүниеде жаман болып,
Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе,
Жүргенше өмір сүріп надан болып. - **Инверсия, аллитерация**

Мен – балаң, жарық күнде сәуле құған, - Эпитет
Алуға, күнді барып, белді буған. - Метафора
Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін,
Болмасам **толған айдай** балқып туған. - Эпитет, теңеу

Бұл сөзім асып айтқан асылық емес,
Ойында оты барлар асылық демес.
Тебем деп, тірі болсам надандықты,
Серт етіп, өз-өзіме еткем егес. - **Инверсия**

- ★ **Түсінік:** Өз халқы үшін бәріне дайын екенін айтқысы келген, надан болып қалудан қорқатынын жеткізіп, уақытты босқа жібермей білім алу керектігін айтады.

«ШӘКІРТ ОЙЫ» СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ

- ★ **Тақырыбы:** Оқу-білімнің маңыздылығы
- ★ **Идеясы, түйіні:** Қараңғы қазақ көгіне күн болу, мұздаған елдің жүрегін біліммен жібіту, елінің көзін ашып, көкірегін ояту, надандықты жою.
- ★ **Тармақ, бунақ, буын саны:** 4-5 шумақ, 16-18 тармақ, 8 буын, 2 бунақ
- ★ **Ұйқас түрі:** Шалыс ұйқас
- ★ **Әдеби теориялық ұғымдар:**
 - Қараңғы қазақ көгіне** - эпитет
 - Өрмелеп шығып, **күн болам!** - метафора
 - Қараңғылықтың кегіне** - метонимия
 - Күн болмағанда, кім болам?
 - Мұздаған елдің жүрегін** - күрделі эпитет
 - Жылытуға мен кірермін!
 - Еңбек, бейнет тарауы
 - Рақатқа сарқылар.
 - Қыздырып күннің қарауы,
 - Надандық теңізі** тартылар. - эпитет, метонимия
 - Орны отайып көгерер,
 - Қызығын жайлап ел көрер...

- ★ **Түсінік:** Халқын қараңғылықтан алып шығып, өзге елдермен теңестіруді алдағы өміріне мақсат етіп қойғандығы аңғарылады.

«СЫР САНДЫҚ» СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН

- ★ **Тақырыбы:** Достық туралы «Досқа жазған хаттан»
- ★ **Идеясы, түйіні:** Дос қадірін біліп, достыққа адал болу, нағыз досты табу.
- ★ **Тармақ, бунақ, буын саны:** 7-8 буынды, 1-2 бунақ, 4 тармақ
- ★ **Ұйқас түрі:** Шалыс ұйқас
- ★ **Әдеби теориялық ұғымдар:**
 - «Досыңмын деп ат береді,
 - Жем іздеген жаныма.**
 - Жем таусылса жалт береді, -АЛЛИТЕРАЦИЯ, МЕТАФОРА**
 - Сенерлік дос, санама.
 - Нағыз достар,** бір-ақ, қалып. - ЭПИТЕТ
 - Шыңдап берік сүйіскен.
 - Бір-біріне сыр ақтарып,
 - Сыр түйінін түйіскен.
 - Әр адамның ішкі сыры,**
 - Берік қойма сақталаған. - МЕТАФОРА**
 - Сол қойманың бір түкпірін,
 - Достың досы-ақ ақтарған.
 - Кейде ашуға сол түкпірді,
 - Іздейді **жан жақынын.**
 - Шертеді жан **сырлы жырды, - ЭПИТЕТ**
 - Сырлас жанын шақырып.
 - Тыныс керек **кейде жанға,**
 - Кейде жанға** ән керек. -
 - Күй шертуге анда-санда,
 - Сырласарлық жан керек.
 - Ішкі сырды мысал етіп,
 - Біраз ғана жырлайын,
 - Суреттеуге тауға кетіп,
 - Суретті ептеп сырлайын.
 - Сарыарқаның бір тауы бар – АЛЛИТЕРАЦИЯ**
 - Бір тауы бар** сымбатты. - ЭПИТЕТ
 - Сол таудан сен **сыр тауып ал,**
 - Сыр тауып ал,** қымбаттым.

Нуда бір шың **тіп-тік сұңғақ**.
Тіп-тік сұңғақ бір биік.
Шын суретті бейне жұмбақ, - ЭПИТЕТ
Тұрғандай көп сыр жиып.
Шынды айналған **құзды шаттар**,
Құзды шаттар аққан су, -ЭПИТЕТ
Сылдырайды **мұз бұлақтар**,
Мұз бұлақтар у да шу. -
Сөзім мысал, достым, тыңда.
Тыңда, достым, ойлап ал.
Түрлі сыр бар, **сол бір шында**,
Сол бір шында қойма бар.
Қойма шыңның **нақ басында**,
Нақ басында қақпасы.
Алтын жазу қақ басында,
Қақпаның тас тақтасы.
Сол қоймада **қымбат жасау**,
Қымбат жасау сақталған.
Текшелеген **сымдап жасап**,
Сымдап жасап қақталған.
Бір сандық бар емес түрде,
Емес түрде көрнекті.
Бір түкпірде **беті перде**,
Беті перде өрнекті.
Бір сандық бар, **ол сандықта**,
Ол сандықта бір сандық.
Сырдың кілті **қол сандықта**.
Қол сандықта сыр сандық. - СИМВОЛ
Сұлу жанды **сұлу сүйген**,
Сұлу сүйген сыршылым.
Жібек талдап **түйін түйген**,
Түйін түйген түршілім.
Сыр сандықты **ашып қара**,
Ашып қара сырласым.
Сым пернені **басып қара**, - СИМВОЛ
Басып қара жырласын!
Сұлу сымда **перне әуені**,
Перне әуені жыр айтар.
Көңіл ашар **тербеу әні**,
Тербеу әні сыр айтар.
Шыққанбыз дос, шыңға **талай**,
Талай сырды ойланып,
Ақтарарлық **алтын сарай**
Алтын сарай қойманы.» - **ЕСНЕ ҚАЙТАЛАУ, ЭПИТЕТ**

- ★ **Түсінік:** Адал дос пен арам достың аражігін аша жазып, дос көңілін тау шыңындағы алтын сарайға, баға жетпес қоймаға теңейді.

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ӨЛЕҢДЕРІ

«МЕН ЖАЗБАЙМЫН ӨЛЕҢДІ ЕРМЕК ҮШІН» АБАЙ

- ★ **Түсінік:** Өзінің қасындағы шәкірттерінің өлеңдерін оқығаннан кейін оларға жөн-жоба көрсету үші осылай жазған. Бүгінде ауын болғысы келетін адамдардың бріне ортақ үлгі ретінде жазып, ақын болу оңай еместігін сөз етеді.
- ★ «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.

Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,
Көңілінің көзі ашық, сергек үшін.
Түзу кел, қисық-қыңыр, қырын келмей,
Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей.

Шу дегенде құлағың тосаңсиды,
Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей.
Таңғаламын алдыңғы айтқанды ұқпай,
Және айта бер дейді жұрт тыным бермей...»

«ҒЫЛЫМ ТАППАЙ МАҚТАНБА» АБАЙ

- ★ **Түсінік:** Ғылымды үйренетін жастар өзінің алдына қандай мақсат қоюы тиіс деген мәселе көтерілген. Алған білімді, үйренген білімді дұрыс жұмсайтын орын табу керек деген. Ғалым болу үшін не нәрсені болса да, әуелі ойланып, көзің анық жеткен соң ғана шындықты айтудан тайынбау керек деп үйретеді. Адамды сөзіне, ақылына қарай бағала дейді. Надандарға, теріс қылықтырға ермеуге шақырады.
- ★ «Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдыңда,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз.
Жамандық көрсең нәфрәтлі,
Суытып көңіл тыйсаңыз.
Жақсылық көрсең ғибрәтлі,
Оны ойға жисаңыз.
Ғалым болмай немене,
Балалықты қисаңыз?
Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз.
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз.
Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеңіз?
Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл берсеңіз.»

«СЕГІЗАЯҚ»

- ★ **Түсінік:** Ақын өзі өмір сүрген заманның, яғни қазақ қоғамындағы келеңсіз жайттарды, әлеуметтік мәселелерді толғаған. Сол қоғамның індетіне айналған жалқаулық, алаңсыздық, арызқойлық, надандық, көре алмаушылық, күңшілдік, бақталастық сияқты жаман мінез-құлықты сынап, ел болашағына алаңдайды.
- ★ «Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған.
Қиуадан шауып,
Қисынын тауып,
Тағыны жетіп қайырған —
Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десең өзің біл.

Өткірдің жүзі,
Кестенің бізі
Өрнегін сендей сала алмас.
Білгенге маржан,
Білмеске арзан,
Надандар бәһраһ ала алмас.
Қиналма бекер, тіл мен жақ,
Көңілсіз құлақ – ойға олақ.

Басында ми жоқ,
Өзінде ой жоқ,
Күлкішіл кердең наданның.
Көп айтса көнді,
Жұрт айтса болды —
Әдеті надан адамның.
Бойда қайрат, ойда көз
Болмаған соң, айтпа сөз.

Қайнайды қаның,
Ашиды жаның,
Мінездерін көргенде.
Жігерлен, сілкін,
Қайраттан, беркін
Деп насихат бергенде,
Ұятсыз, арыс салтынан,
Қалғып кетер артынан.»

«ӨЛЕҢ-СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ» АБАЙ

- ★ **Түсінік:** Сөз құдіретіне, оның өзге өнер туындыларынан даралығына, ақындық қасиетке еркше мән береді. Ақын сөз асылын сапалап, жан тазалығына, парасат толғамының биік болуына, оқырманға жетер әр сөздің орынды қолдаынылуына зер салған.
- ★ «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол - ақынның білімсіз бишарасы.
Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы.

Әуелі хаят, хәдис – сөздің басы,
Қосарлы бәйітмысал келді арасы.
Қисынымен қызықты болмаса сөз,
Неге айтсын пайғамбар мен оны алласы.

Мешіттің құтпа оқыған ғұламасы,
Мүнәжәт уәлилердің зар наласы.
Бір сөзін бір сөзіне қиыстырар,
Әрбірі келгенінше өз шамасы.

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын
Қазақтың келістірер қай баласы?»

«КӨҢІЛІМ ҚАЙТТЫ ДОСТАН ДА, ДҮШПАННАН ДА» АБАЙ

- ★ **Түсінік:** Ақын жағымсыз жағдайларға өкінішпен қарай отырып, халықтың болашағына алаңдайды. Өз дәуірінің көрінісіне көңілі толмай, қатты сынға алып, өткір ойларын тізбелен, достан да, дұшпаннан да көңілі қалғандығы жайлы жазған.
- ★ «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да,
Алдамаған кім қалды тірі жанда?
Алыс-жақын қазақтың бәрін көрдім,
Жалғыз-жарым болмаса анда-санда.

Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда,
Ол тұрмас бастан жыға қисайғанда.
Мұнан менің қай жерім аяулы деп,
Бірге тұрып қалады кім майданда?

Ендігі жұрттың сөзі – ұрлық-қарлық,
Саналы жан көрмедім сөзді ұғарлық.

Осы күнде, осы елде дәнеме жоқ
Мейір қанып, мәз болып қуанарлық.»

«САБЫРСЫЗ, АРСЫЗ, ЕРІНШЕК» АБАЙ

- ★ **Түсінік:** Адамның ішкі жан дүниесі, оның бойындағы қасиеттер туралы, өзі өмір сүрген заманның кем-кетіктерін әділ әрі өткір сынайды. Ел ішіне жік түсіріп қазақ халқын артқа тартатын жаман қасиеттерден алыстамай, білімді әрі мәдениетті жұрттардың қатарына қосыла алмайтындығына аландаушылық білдіреді.
- ★ «Сабырсыз, арсыз, еріншек,
Көрсен қызар, жалмауыз,
Сорлы қазақ сол үшін
Алты бақан алауыз.
Өзін-өзі күндейді,
Жақынын жалған міндейді,
Ол – арсыздық белгісі.
Ұятсынбай, ойланбай,
Қой дегенге тіл алмай,
Іс қылмай ма ол кісі?
Бір-ақ секіріп шығам деп,
Бір-ақ қарғып түсем деп,
Мертігеді, жатады.
Ұрлықпен мал табам деп,
Егессе ауыл шабам деп,
Сөйтіп құдай атады.
Бұл нең десе біреуге
Жоқ нәрсені шатады.
Құтылам деп ісінен,
Бәрін көріп кісіден,
Шығынға әбден батады.
Бұл болмаса онысы,
Аударылып қонысы,
Алыстан дәм татады.
Қызмет қылып мал таппай,
Ғылым оқып ой таппай,
Құр үйінде жатады.
Ел қыдырып ас ішіп,
Еркек арын сатады.
Бала-шаға, ұрғашы
Үйде жаурап қатады.»

«ҚАЛЫҢ ЕЛІМ, ҚАЗАҒЫМ, ҚАЙРАН ЖҰРТЫМ» АБАЙ

- ★ **Түсінік:** Қазақ еліне деген ақынның жанашырлығы байқалады. Өзі өмір сүріп отырған ортаның жағымсыз қасиеттерін, іс-әрекеттерін, кемшілігін сынайды. Сол кездегі барымтамен, ұрлық-зорлықпен күй кешкен қара халқының тұрмыс-тіршілігіне жаны ашып, қатты күйзеле жазған жанайқайы.
- ★ «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.
Бет бергенде шырайың сондай жақсы,
Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?
Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,
Аузымен орақ орған өңкей қыртың.
Өзімдікі дей алмай өз малыңды,
Күндіз күлкің бұзылды, түнде – ұйқың.
Көрсекызар келеді байлауы жоқ,
Бір күн тыртың етеді, бір күн – бұртың.
Бас-басына би болған өңкей қикым,
Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын?
Өздерінді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың.

Ағайын жоқ нәрседен етер бұртың,
Оның да алған жоқ па құдай құлқын?
Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,

Сапырылды байлығың, баққан жылқың.
Баста ми, қолда малға талас қылған,
Күш сынасқан күндестік бұзды-ау шырқын.
Оңалмай бойда жүрсе осы қыртың,
Әр жерде-ақ жазылмай ма, жаным, тырқың?
Қай жеріңнен көңілге қуат қылдық,
Қыр артылмас болған соң, мінсе қырқың?
Тиянақсыз, байлаусыз байғұс қылпың,
Не түсер құр күлкіден жыртың-жыртың.
Ұғындырар кісіге кез келгенде,
Пыш-пыш демей қала ма ол да астыртын?»

«БОЛЫС БОЛДЫМ, МІНЕКИ» АБАЙ

- ★ **Түсінік:** Жемқор байлардың жиынтық бейнесін ашып жазған, сол кездегі пара берген екіжүзді ел билеушілерін сынаған. Байлығына мастанып, елдің берекесін алып жүрген шолақ белсенділерді сынға алған. Негізінен, Күлімбай болысқа арналған.
- ★ «Болыс болдым мінеки,
Бар малымды шығындап.
Түйеде қом, атта жал
Қалмады елге тығындап.
Сөйтсе-дағы елімді
Ұстай алмадым мығымдап.
Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап.
Әлсіздің сөзін салғыртсып,
Шала ұғамын қырындап.
Сыяз бар десе жүрегім
Орнықпайды суылдап.
Сыртқыларға сыр бермей,
Құр күлемін жымындап.
Жай жүргенде бір күні,
Атшабар келді лепілдеп:
«Ояз шықты, сыяз бар»,
«Ылау» деп, «үй» деп дікілдеп.
Сасып қалдым, күн тығыз,
Жүрек кетті дүпілдеп.
Тыңтуяқ күнім сүйтсе де,
Қарбаңдадым өкімдеп.
Старшын, биді жиғыздым:
«Береке қыл» деп, «бекін» деп,
«Ат жарамды, үй жақсы
Болсын, бәрің күтін» деп.
Қайраттанып халқыма
Сөз айтып жүрмін күпілдеп:
«Құдай қосса, жұртымның
Ақтармын осы жол сүтін» деп,
Қайраттысып, қамқорсып,
Сайманымды бүтіндеп...»

«ЛАЙ СУҒА МАЙ БІТПЕС ҚОЙ ӨТКЕНГЕ» АБАЙ

- ★ **Түсінік:** Кемел адам ойы қозғалады. Өзінің айналасынан оны түсінетін бір жан таппағанына өкініш білдіреді. Адам баласында мақсат болу керек, мақсатсыз өмір сүру мүмкін емес деген түпкі ойын анық айтқан. Сонымен бірге адам өмірі таусылғанда «қайту» - ізсіз жоқ болу емес, керісінше берілген өмірді мәнді, ғибратты өткізу деген терең ойды жеткізеді.
- ★ «Лай суға май бітпес қой өткенге,
Күлеміз қасқыр жалап, дәметкенге.
Сол қасқырша алақтап түк таппадым,
Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе?
Берген бе тәңірім саған өзге туыс?
Қыласың жер-жиһанды бір-ақ уыс.
Шарықтап шартараптан көңіл сорлы
Таппаған бір тыянақ не еткен қуыс?
Күні-түні ойымда бір-ақ тәңірі,

Өзіне құмар қылған оның әмірі.
Халиққа 104 махлұқ ақылы жете алмайды,
Оймен білген нәрсенің бәрі — дәһрі.
Өзгені ақыл ойға қондырады,
Біле алмай бір тәңіріні болдырады.
Талып ұйықтап, көзінді ашысымен,
Талпынып тағы да ойлап зор қылады.
Көңілге шек, шүбәлі ой алмаймын,
Сонда да оны ойламай қоя алмаймын.
Ақылдың жетпегені арман емес,
Құмарсыз құр мүлгуге тоя алмаймын.
Мекен берген, халық қылған ол ләмәкан
Түп иесін көксемей бола ма екен?
Және оған қайтпақсың, оны ойламай,
Өзге мақсат ақылға тола ма екен?
Өмір жолы — тар соқпақ, бір иген жақ,
Иілтп екі басын ұстаған хақ.
Имек жолда тыянақ, тегістік жоқ,
Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ.»

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ҚАРАСӨЗДЕРІ:

«1 ҚАРА СӨЗ»

★ **Түсінік:** Өзінің жазуға, ақ қағаз бен қара сияға қалай келгені жайлы түсінік береді.

★ **Маңызды деректер:**

Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық – әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын.

Ел бағу? Жоқ, елге бағым жоқ. Бағусыз дертке ұшырайын деген кісі бақпаса, не албыртқан, көңілі басылмаған жастар бағамын демесе, бізді құдай сақтасын!

Мал бағу? Жоқ, баға алмаймын. Балалар өздеріне керегінше өздері бағар. Енді қартайғанда қызығын өзің түгел көре алмай тұғын, ұры, залым, тілемсектердің азығын бағып беремін деп, қалған аз ғана өмірімді қор қылар жайым жоқ.

Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгенінді кімге үйретерсің, білмегенінді кімнен сұрарсың? Елсіз-күнсізде кездемені жайып салып, қолына кезін алып отырғанның не пайдасы бар? Мұңдасып шер тарқатысар кісі болмаған соң, ғылым өзі – бір тез қартайтатұғын күйік.

Софылық қылып, дін бағу? Жоқ, ол да болмайды, оған да тыныштық керек. Не көңілде, не көрген күнінде бір тыныштық жоқ, осы елге, осы жерде не қылған софылық?

Балаларды бағу? Жоқ, баға алмаймын. Бағар едім, қалайша бағудың мәнісін де білмеймін, не болсын деп бағам, қай елге қосайын, қай hareketке қосайын? Балаларымның өзіне ілгері өмірінің, білімінің пайдасын тыныштықпенен керерлік орын тапқаным жоқ, қайда бар, не қыл дерімді біле алмай отырмын, не бол деп бағам? Оны да ермек қыла алмадым.

Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, егер кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ.

«7 ҚАРА СӨЗ»

★ **Түсінік:** Адам баласының екі түрлі мінезі туралы сөз қозғайды. Бала жас күнінде дүние көрсем, танысам деген ұмтылысынан есейе келе айырылып қалатындығы жайлы ашына айтады.

★ **Маңызды деректер:**

Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі - ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар - тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Іһәм өзі өспейді, қуат таппайды. **Біреуі - білсем екен демекшілік.** Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. **Мұның**

бәрі - жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген.

Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықпен орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады. Әзелде құдай тағала хайуанның жанынан адамның жанын ірі жаратқан, сол әсерін көрсетіп жаратқаны. Сол қуат жетпеген, ми толмаған ессіз бала күндегі «бұл немене, ол немене?» деп, бір нәрсені сұрап білсем екен дегенде, ұйқы, тамақ та есімізден шығып кететұғын құмарымызды, ержеткен соң, ақыл кіргенде, орнын тауып ізденіп, кісісін тауып сұранып, ғылым тапқандардың жолына неге салмайды екеміз?

Сол өрістетіп, өрісімізді ұзартып, құмарланып жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді. Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек еді. Жоқ, біз олай қылмадық, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдап, ауылдағы боқтықтан ұзамадық. Жан бізді жас күнімізде билеп жүр екен. Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік. Жанды тәнге бас ұрғыздық, ешнәрсеге көңілменен қарамадық, көзбен де жақсы қарамадық, көңіл айтып тұрса, сенбедік. Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге-ақ тойдық. Сырын қалай болады деп көңілге салмадық, оны білмеген кісінің несі кетіпті дейміз. Біреу кеткенін айтса да, ұқпаймыз. Біреу ақыл айтса: «Ой, тәңірі-ай, кімнен кім артық дейсің!» - дейміз, артығын білмейміз, айтып тұрса ұқпаймыз.

Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық? Қайта, бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз. Енді осы күнде хайуаннан да жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлер-тірілерімізді білмей, күре тамырымызды адырайтып кетеміз.

«31 ҚАРА СӨЗ»

★ **Түсінік:** Әр нәрсеге зейін қою арқылы есте сақтау, ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселерден аулақ болуға шақырады.

★ **Маңызды деректер:**

Естігенде бір нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі - көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші - сол нәрсені көргенде я естігенде ғибратлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтымақтау керек; үшінші - сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып, ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші ой кеселдерінен қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымшы салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу. Бұл төрт нәрсе - күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер.

«17 ҚАРА СӨЗ»

★ **Түсінік:** Ақыл, қайрат, жүректі бірде ұста дей отырып, адамгершілікке, білімге, адалдыққа үндейді. Үшеуін қатар ұстаған адамнан ешқашан жауыздық шықпайды дейді.

★ **Маңызды деректер:**

Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті. Қайрат айтыпты: «Ей, ғылым, өзің де білесің ғой, дүниеде ешнәрсе менсіз кәметке жетпейтұғының; әуелі, өзінді білуге ерінбей-жалықпай үйрену керек, ол - менің ісім. Құдайға лайықты ғибадат қылып, ерінбей-жалықпай орнына келтірмек те - менің ісім. Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абұйыр мансапты еңбексіз табуға болмайды. Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, күнәкәрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, нәфсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жиғызып алатұғын мен емес пе? Осы екеуі маған қалай таласады?» - депті.

Ақыл айтыпты: «Не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетұғын - мен, сенің сөзіңді ұғатұғын - мен, менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, ғылымды ұғып үйрен алмайды екен, осы екеуі маған қалай таласады? Менсіз өздері неге жарайды?» - депті.

Онан соң **жүрек айтыпты:** «Мен - адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тірлік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың күй-жәйі қандай болып жатыр екен деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашылып, төсегінде дөңбекшітетұғын - мен. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын - мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп еритұғын - мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын - мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейібаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады?» - депті. Сонда ғылым бұл үшеуінің сөзін тындап болып, айтыпты:

- Ей, қайрат, сенің айтқаныңның бәрі де рас. Ол айтқандарыңнан басқа да көп өнерлеріңнің бары рас, сенсіз ешнәрсенің болмайтұғыны да рас, бірақ қаруыңа қарай қаттылығың да мол, пайдаң да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман, - депті.

-Ей, ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі де рас. Сенсіз ешнәрсе табылмайтұғыны да рас. Жаратқан тәңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал

да, айла да - бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның екеуінің де сүйенгені, сенгені - сен; екеуінің іздегенін тауып беріп жүрсін, соның жаман, - депті. - Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ - менің ісім, - депті. Бірақ сонда билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді. Жақсылық айтқаныңа жаны-діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жиіреніп, үйден қуып шығарады.

- Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшінді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. **Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет,** - деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен.

- **Осы үшеуің бір кісиде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам - сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы,** — депті.

«32 ҚАРА СӨЗ»

- ★ **Түсінік:** Ғылым-білім үшін білмек керек нәрселерді, оған жетудің алты түрлі жолын өсиет етеді.
- ★ **Маңызды деректер:**
- ★ **Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Оларды білмек керек, білмей іздегенмен табылмас.**

Әуелі - білім-ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемекке керек. Оның үшін білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектіктің өзін дәулет білсең және әр білмегенінді білген уақытта көңілде бір рахат хұзур хасил болады. Сол рахат білмегенінді берік ұстап, білмегенінді тағы да сондай білсем екен деп үміттенген құмар, махаббат пайда болады. Сонда әрбір естігенінді, көргенінді көңілің жақсы ұғып, анық өз суретімен ішке жайғастырып алады.

Егер дін көңілің өзге нәрседе болса, білім-ғылымды бір-ақ соған себеп қана қылмақ үшін үйренсең, ондай білімге көңіліңнің мейірімі асырап алған шешеннің мейірімі секілді болады. Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды.

Екінші - ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек. Бахасқа бола үйренбе, азырақ бахас көңіліңді пысықтандырмақ үшін залал да емес, көбірек бахас адамды түземек түгіл, бұзады. Оның себебі әрбір бахасшыл адам хақты шығармақ үшін ғана бахас қылмайды, жеңбек үшін бахас қылады. Ондай бахас хусидшілікті зорайтады, адамшылықты зорайтпайды, бәлкім, азайтады. Және мақсаты ғылымдағы мақсат болмайды, адам баласын шатастырып, жалған сөзге жеңдірмекші болады. Мұндай қиял өзі де бұзықтарда болады. Жүз тура жолдағыларды шатастырушы кісі бір қисық жолдағы кісіні түзеткен кісіден садаға кетсін! Бахас - өзі де ғылымның бір жолы, бірақ оған хирслану жарамайды. Егер хирсланса, өз сөзімшіл ғурурлық, мақтаншақтық, хусидшілік бойын жеңсе, ондай адам бойына қорлық келтіретұғын өтіріктен де, өсектен де, ұрсып-төбелесуден де қашық болмайды.

Үшінші - әрбір хақиқатқа тырысып ижтиһатыңмен көзің жетсе, соны тұт, өлсең айрылма! Егерде ондай білгендігің өзінді жеңе алмаса, кімге пұл болады? Өзің құрметтемеген нәрсеге бөтеннен қайтіп құрмет күтесің?

Төртінші - білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде: бірі - мұлахаза қылу, екіншісі - берік мұхафаза қылу. Бұл екі қуатты зорайту жаһатінде болу керек. Бұлар зораймай, ғылым зораймайды.

Бесінші - осы сөздің он тоғызыншы бабында жазылған ақыл кеселі деген төрт нәрсе бар. Содан қашық болу керек. Соның ішінде уайымсыз салғырттық деген бір нәрсе бар, зинһар, жаным, соған бек сақ бол, әсіресе, әуелі - құданың, екінші - халықтың, үшінші - дәулеттің, төртінші - ғибраттың, бесінші - ақылдың, ардың -бәрінің дұшпаны. Ол бар жерде бұлар болмайды.

Алтыншы - ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын! Көрсекызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып үйреніп те пайда жоқ. Қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың? Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын! Бұл беріктік бір ақыл, ар үшін болсын!

«33 ҚАРА СӨЗ»

- ★ **Түсінік:** Өнерлі болуға жұмыстану керектігін айтады, мал жұтайды, өнер жұтамайды деген ойды айтады.
- ★ **Маңызды деректер:**
- ★ **Егерде мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай адал енбегін сатқан қолөнерлі - қазақтың әулиесі сол. Бірақ құдай тағала қолына аз-маз өнер берген қа-**

зақтардың кеселдері болады.

Әуелі - бұл ісімді ол ісімнен асырайын деп, артық ісмерлер іздеп жүріп, көріп, біраз істес болып, өнер артырайын деп, түзден өнер іздемейді. Осы қолындағы аз-мұзына мақтанып, осы да болады деп, баяғы қазақтың талапсыздығына тартып, жатып алады.

Екінші - ерінбей істей беру керек қой. Бір-екі қара тапса, малға бөге қалған кісімсіп, «маған мал жоқ па?» дегендей қылып, еріншектік, салдау-салғырттыққа, кербездікке салынады.

Үшінші - «дарқансың ғой, өнерлісің ғой, шырағым», немесе «ағаке, нең кетеді, осы ғанамды істеп бер!» дегенде «маған да біреу жалынарлыққа жеткен екенмін» деп мақтанып кетіп, пайдасыз алдауға, қу тілге алданып, өзінің уақытын өткізеді. Және анаған дүниенің қызығы алдауды білген дегізіп, көңілін де мақтандырып кетеді.

Төртінші - тамыршылдау келеді. Бағанағы алдамшы шайтан тамыр болалық деп, бір болымсыз нәрсені берген болып, артынан үйтемін-бүйтемін, қарық қыламын дегенге мәз болып, тамырым, досым десе, мен де керектінің бірі болып қалыппын ғой деп, және жасынан іс істеп, үйден шықпағандық қылып, жоқ-барға тырысып, алдағанды білмей, дереу оның жетпегенін жеткіземін деп, тіпті жетпесе өзінен қосып, қылып бер дегенінің бәрін қылып беріп, күні өтіп, еңбек қылар уақытынан айрылып, «жоғары шыққа» қарық болып, тамақ, киім, борыш есінен шығып кетіп, енді олар қысқан күні біреудің малын бұлдап қарызға алады. Оны қылып берейін, мұны қылып берейін деп, соныменен табыс құралмай, борышы асып, дауға айналып, адамшылықтан айрылып, қор болып кетеді. Осы несі екен. Қазақтың баласының өзі алдағыш бола тұрып және өзі біреуге алдатқыш болатұғыны қалай?

«КӨКСЕРЕК» МҰХТАР ӘУЕЗОВ

- ★ **Тақырыбы:** Қасқырды қанша асырасаң да ит болмас
- ★ **Идеясы:** Табиғат пен адам арасындағы байланыс, түсіністік
- ★ **Жанры:** повесть

★ **Композициялық талдау:**

Басталуы: Қасқыр мекені. Бөлтіріктер тағдыры.

Байланысуы: Көксеректің ауылдағы жағдайы.

Дамуы: Көксеректің ұяластарымен табысуы.

Шиеленісуі: Қарадыр еліндегі мазасыздық.

Шарықтау шегі: Құрмаштың қазасы.

Шешімі: Көксеректің жазасын тартуы. Аққасқа мен Көксерек арасындағы тартыс.

★ **Кейіпкерлері:**

Құрмаш - Көксеректі күшік кезінде ауылға әкеліп, бағып-қаққан.

Көксерек - күшік кезінде ауылға әкелінген. Көксерек ауыл иттерінен қорлық көреді. Иттер оны дос көрмейді, маңына жақындатпайды, тамаққа өлгенше ашқарақ еді. «Жетілмей келе жатқан тісі ғана. Көксерек арлан еді. Сондықтан бұның бойы биіктене берді. Әлі тұрқы шығып ұзарған жоқ. Барлық жүні қара көк, жотасы күдірейіп, ауыз омыртқа мен құйрығына шейін түп-тұтас болып, күлдіреуіштей бүгіледі. Атылып келе жатқан садақ оғындай үңілген, сүйірленген бір бітімі бар... Тайдың ізіндей...»

Қасен - белгілі аңшы, баяғыдан құс салып, ит жүгірткен. Осы маңайдың ауқатты әділ жігіті, Қараадырдың мырзасымағы. Қалада қызметте тұратын інісі бар. Құрмаштың әкесімен ағайындас.

Аққасқа - Қасеннің иті, Көксеректің баққасы. Барлық Қараадырға даңқы шыққан қасқыр алатын ит. «Аққасқаның бойы қасқырдан кіші емес. Аяқтарының жуандық сомдығы да содан кем емес. Өзінің барлық тұлғасында қасқырға ұқсайтын бітім бар. Түсі тазылар түсіндей емес, қасқыр түс. Дене жүні ақ-сарылау келген де, маңдайы шаңқиған ақ маңғыл қасқа болатын. Екі көзі шатынап шарасынан шығып тұрғандай үлкен. Үнемі от шашып тұратын қып-қызыл көз. Ашу да, ерлік те бір өзінде. Екі шекесі "торсықтай" деп жүретін аңыз қыларлық. Бұның да жотасы күлдіреуіштей. Құйрықтан ауыз омыртқаға шейін дөң сияқтанып, күдірленіп, дүңкиіп тұрады. Оның үстіне, шеке мен мойын түп-тұтас болып келіп, шеңбер төске қосылған. Алдыңғы жағы арыстан бейнесіне ұқсайды...»

Бейсембай жылқышы - Қолында шошайған сойылы бар, астында қатып қалған ақ бедеуі бар, жылқы бағып жүретін адам.

Құрмаштың әжесі - Құрмашты қолдап отырған адам. Соңында елді тегіс еңіретіп, Көксеректі басынан қарғап тұрып тепті.

Жұмаш - Құрмаштың ауылдасы. Үнемі Құрмашпен ұстасып жүретін бала. Үлкен қара ала төбеттің иесі.

★ Маңызды деректер:

Оқиға болған жер: Қараадыр

«Ұзын кең өлкені қаптай басқан қарағанның ортасында терең, құр жар бар. Соның бас жағында итмұрынды қалың жыныстың арасында қасқыр іні бар...»

Жеті күшіктің бесеуін көздеріне қарап отырып өлтірді де, екі кішкенесін тірі қалдырды. Кетерде бұның біреуінің тірсегін қиып қалдырды да, екінші біреуін — ең кенжесін алып жүріп кетті. Қалған жалғыз күшікті тістелеп алып, екі қасқыр жоқ болды. Ін қаңырап қалды...

Көзін ауылға келгесін екі күннен соң ашты. Жұрт асырауға көнеді десті. Кішкене Құрмаш Көксерек деп ат қойып алды.

Жаз ортасына жақындаған кез болды. Көксерек үлкейді. Семіріп жонданғандай да болды. Бірақ үлкейісі даладағыдай емес, бәсеңдеу. Бұл уақытқа шейін Көксерек ауыл итінен көресіні көрді.

Бір уақыт үлкен үйдің қара ала төбеті оңашада бұны алып соғып, көп езгіледі.

Бірақ Көксерек әлі күнге ешбір уақытта "қыңқ" етіп ауырсынған дыбысын шығарған емес. Талаймын деп ит ұмтылса, жота жүні үрпиіп, үдірейіп тұрып алады. Тісі батып, қинап бара жатса, дыбыссыз ғана езуін ыржитады.

Көксерек тамаққа өлгенше ашқарақ еді, тіпті қарны ашып кетсе, өзіне бермеген асты да жеп қояды. Кейде сондай жерде ұсталып, таяқ та жейді. Талай рет оқыста төбесіне таңқ етіп тиген оқтау мен бойын тызылдатып, шыпыртып тиген қамшыны да татты. Бұның жауабы — езуін ғана ыржитады.

Құрмаш қанша тәбиелесе де, Көксерек ұрлық пен адал астың айырмасы не екенін ұға алмады.

Осымен жүріп жаз ортасы ауған кезде Көксерек зіңгіттей көк шолақ қасқыр болып шықты. Енді қара ала төбет те талай алмайды. Жота жүні үрпиіп, көздері жасылданып, бар тістерін көрсетіп, аузын ақситып ашып жіберіп, тап бергенде, талай бұралқы төбет, быжыл қаншық қаңсылай, шәуілдей қашатын болды. Мынадай кезде Құрмаштың өзі де қорқақтай барып, "қой-қойлайтын" еді.

Қара ала төбетті Көксерек жеңіп кеткеннен кейін ертеңгі күні кешке ауыл жаынада жатқан қойға қасқыр шабады. осы кештен екі күн өткен соң, Көксерек бір түн ішінде жоқ болды. үш күн өткенде бір күні таңертең ойда жоқта Көксерек өз-өзінен сап ете түсті. Құрмаш пен әжесі қасқырдың бұл мінезіне сүйсініп, қуана қарсы алды.

Бұл соңғы күйленуі шынымен үлкен қасқыр боп ұлғаюының белгісі еді. Сонысын сезген болу керек, күздің бір қара дауылды қара түнінде Көксерек тағы жоқ боп шықты. Бұл жолғысы шын болды.

Алғашқы рет амалсыздан көкке қарап аузын ашып ышқынғанда, ішінен зор дауыс шықты. Күтпеген дауыс. Көксеректің ең әуелгі ұлығаны осы еді.

Көксеректің даусын естіп, маңайда жүрген қаншық қасқыр мұны іздеп келеді екен. Бұл - Ақ қасқыр. Екеуі бірге жортатын болады, қара ала төбетті жеп кетеді.

Даладан қойшы алдынан қой тартып жейтін, жайлаудағы сиырға шауып, тайыншадан бастап, үлкен сиырға шейін жейтін — осы екеуі. Февраль, март кезінде үш-төрт түйе де желінді. "Кісіден қорықпайды. Әсіресе бір көк шолақ бар. Қойды алып соғып жарып жатқанда, қасына сойыл салым жерге келгенше қашпайды. Даладағы қойға тигенде, әуелі біреуі келіп шабады, соған қойшы алданып жүргенде, бір жақтан келіп екіншісі шабады", — десетін болды.

Бір рет қана белгілі бәйгі жирен атымен Арыстанбек шығып, сондарынан түсіп еді. Оны адырдан адырға салып, адастырып кетті.

Үш үлкен жау Қараадырдың ойында тобылғылы шұбардан шығарып алып, екі қасқырды сатырлатып бастырмалатып қуып берді. Екі айрыла қашты. Ақ қасқырдың желіні түгел қатқан жоқ екен, оны өлтіреді. Көксерек қайтадан жалғыз жорта бастайды.

Жаз бойы жалғыз тіршілік етті. Ащыкөлдің солтүстік жағын жайлаған бес-алты ауыл Көксеректен тағы да көресіні көрді. Күндіз келіп көл жағасында, қамыста жатады.

Бұл жазда Көксерек қатты семіз болды. Алдақашан түлеген тақыр жүн күзелген жылқының жалындай қайратты, қатты. Денесінің толуы, бойының биіктеуі, қайратының молаюы — биылғы жыл ерекше болды.

Бір мезгілде ай астындағы ағараң-ағараң еткен көп топты көрді. Бұрылып бір жаққа қарай жалтарғанша, тасырлатып, қар боратып, қасына ағызып келіп қалыпты. Бұлар: тілдері салақтаған, ауыздары арандай ашылған, жүгіріп келе жатқанда бәрі тегіс ыр-ыр етеді. Иістері Көксеректің мұрнын жарды.

Бұл топтың саны он шақты. Әзірге басшысы — көк шолақ. Қалғандары қаншық қасқырлар. Үшеу-төртеуі күшік, оның ішінде бір-екі арланы бар. Бірақ олар көк шолақ пен Көксеректен қаймығады, көп ойнайды. Үлкендерімен ырылдасып, таласпайды.

Қара шолақ қасқырды Көксерек жеңіп кетіп, алған топтың жалғыз даусыз басшысы Көксерек болды.

Түйе үстіндегі адам Көксеректі аяқтан жаралайды.

Қасқырдың астында қалған қойшы бала - Құрмаш. Қойшы ауырып қалып, әкесі бір күнге қойға жіберген еді. Астына мінгені өзінің жүйрік боз дөнені болатын. Басына таман арандай ашылып келе жатқан ауыздың жоғарғы жағында өзіне таныс құлақ көрінді. Сол жақтағы тілік құлақтың жартысы салпылдап тұр. Ақырғы сезген-білгені — сол...

Содан әрі баланың үні өшті. Қасқырдың аузы тиместен бұрын өліп кетті. Көксерек ырылдап тұрып: тісінің ұшымен қағып жұлып алып, басын шайқап өткенде, баланың бір жақ көзін қопарып алып кетті. Жүріп бара жатып, қылғып салды... Түнде баланың өлігін тауып алысты. Жанында тайдың ізіндей болып, үлкен қасқыр ізі жатыр екен.

Құрмаш аулы мен Қасен аулының арасы жақын болатын. Сондықтан көп уақыт өтпей-ақ, аңшылар кешегі бала өлген жерге жетті.

Аққасқа өте қабаған. Сіркесі су көтермейтін долы, ызалы. Сондықтан ауылға келгенде шынжырдан босамайды. Далаға алып шығып, аңның ізіне салғанша, жә қарасын көрсеткенше, ұзын кендірден босамайды. Әйтпесе жолда кез келген иттерге де соқтыға береді.

Итке келгендегі жалпы әдеті: өзі барып таласпайды, бірақ ауылдың көп иті алдынан шығып, быжғылдап үре беріп, айналасын қамай бергенде яки біреуінің жұлып қашқан тісі тигенде құтырып кетеді. Ондайда топ иттің ішіндегі ең үлкен төбетті секіріп барып құлақ шекеден алып, топ еткізіп соғып, жаншып-жаншып жібереді. Кісі айырмаса, астына түскен итті өлтірмей шықпайды. Өзі жүрген жерде өзге иттің еркелігін көтермейді. Күзден бері Қасен аулының екі-үш сақ төбетін өлтіріп салды.

Қатты ашуланып, ашқарақтанып кеткенде, иесін де қауып жібереді. Күздігүні үй ішінде сойып жатқан қойдың етін жегізбей ұмтылғанда Қасенді де бір-екі рет қолынан ала түсіп, қауып алған.

Бұл қасқырдың төменгі тістері мен тілін қоса шайнағанда, қасқырдың жоғарғы азулары Аққасқаның тұмсығының екі жағынан жоғарғы ұрттарына келіп, кірш-кірш кірді. Бейсембай да қара пышақты Көксеректің өкпесіне салып-салып жіберіп еді.

Ес жиған соң, жұрт көк шолақтың құлағына қарап отырып, бұрынғы кеткен Көксерек атты күшікті таныды. Құрмашты ойлап, кейбіреулердің көздерінен жас та шықты. Ауылға әкелгенде, Құрмаштың әжесі боздап келіп: «Қураған-ай, неңді алып ем?! Не жазып едім?.. Баурына салып өсіргеннен басқа не қып еді менің құлыным?!»- деп елді тегіс еңіретіп, Көксеректі басқа тепті.

- ★ **Ұлттық құндылық:** Адам мен табиғат арасындағы ұқсастық
- ★ **Түсінік+өз ойым:** Бұл шығармадан түсінетініміз қасқырды қанша асырағанымен ол бәрібір де ит болмайды. Адам жасаған қастандықты олар да қайтарды.
- ★ **Ұқсас шығарма:** «Шақан-Шері» Мұхтар Мағауин

«ҰШҚАН ҰЯ» БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ

- ★ **Тақырыбы:** Балалық шағында өзі куә боп, есте қалған оқиғалар, отбасы тәрбиесі
- ★ **Идеясы:** Қазақ ауылдарының тұрмысын терең бейелей отырып, өзінің алған тәрбиесінен, өскен ортасынан сыр шерту.
- ★ **Жанры:** Повесть
- ★ **Оқиға реті:**
Бауыржан Момышұлының ата-әжесі мен ата-анасы туралы. Әжесі Қызтумас, Момыштың Рәзияға үйленуі және өзінің дүниеге келердегі жақындарының жайы сипатталады.
Бауыржанның атасымен алғаш диалогласуы.

Әкесі Момыштың ел арасындағы беделі.

Бауыржанның таңның атуын алғаш рет көруі, әжесінің қымызбен алдап үйге кіргізуі.

«Отан отбасынан басталады». Жаңбырдың жауғаны, бұлттардың ерекшелігі туралы бала сезім. Әжесінің айтқан ертектері мен әлди әні, балалық шақты аңсау.

«Балалық шаққа саяхат» Үлкен әпкесі Үбианмен ойнаған кездер мен ортаншы әпкесі Әлиманың ойнатып жүріп, қораға қамап кетуі, жеңгесінің құтқаруы.

Әкесінің кенже інісінің жасаған әрекеттері, базардан келе жатқан уақытта алғаш рет ат жалына қол артуы.

Бауыржанның балалық мінезі мен үлкендермен амандасу, сәлем беру керектігі туралы әкесінің айтқан ақылдары.

Ел танудың басы - жеті атаны жөніндегі білім.

Әжесінің малдың «тілін» ұғуды үйретуі 5-6 жасар Бауыржанның түн ортасында әкесіне барамын деп жолай түйелердің арасында таңырқап тұрып, мүлгіп кетуі.

Тәлім-тәрбие, өнеге ата-анасы мен ата-әжесінен басталғанын сөз етеді.

Әжесінің өшпес тағылымы. Мүшелді кезеңдер мен жыл қайыру туралы.

Әжесі мен әпкелері, жиын қыздың жүн сабап отырғандағы, Бауыржанның әжесіне не үйренгенін айтуы үшін ентелеп жүгіруі, Әпкелерімен бірге келеке етіп ойнауы және жұлқыласа кетуі. Әжесінің тоқтау айтып, жыл басы туралы аңыз.

Қарлығаштың киесі. Әжесінің қарлығаш туралы аңыз-ертегісі мен айтқан ақылы.

★ Кейіпкерлері:

Имаш - Бауыржанның атасы, 1911 жылы 92 жасында дүние салған бабасы.

Орта бойлы, орақ мұрын, от жанарлы шымыр шал.

Момыналы(Момыш) - орта бойлы, арық, қара кісі

Қызтумас - Бауыржанның қартайғанда сары кемпір атанған әжесі, аса ажарлы, ақ дидарлы кісі. Кезінде некен-саяқ арулардың қатарынан болған. Бір шыбықпен айдайтын адуынды мінезді кейіпкер.

Рәзия - Байтана руынан Әбдірахманның қызы, Бауыржанның анасы.

Үбиан, Сәлима, Әлима - Бауыржанның апайлары

Көкесі - Момыштың кенже інісі

Байтоқ - ауыл адамы, Әулиеатаға ат сабылтып жетіп Момышқа сүйінші айтқан жан.

Момынкүл - Момыштың інісі.

Құрманкүл - тұлымы желбірегген жіп-жіңішке нәзік, жиен қыз.

★ Маңызды деректер:

Әжесі «Ұл біткеннің бәрі қазанның түп күйесіндей әкесіне тартып қара болды, қыз жағы өзіме тартып аққұбаша ажарлы шықты» деп отырады екен.

Әжем өзінің ұлдарына **өңшең аққұбаша аруларды айттыруға ынтық** болған. Соның кесірінен менің әкем **Момыш отыз үш жасына дейін салт басты, сабау қамшылы жүріпті**. Әкем содан айтыс қуып, әндетіп жүре-жүре отыз үш жасында **Байтана руынан Әбдірахманның Рәзия атты қызына** үйленіпті. Ол кісі мен **үш жасқа толар-толмаста қайтыс болған**. Анамның қандай кісі болғанын тек әжем мен әкемнің әңгімелерінен ғана білемін.

Қайран әжем өле-өлгенше Рәзия келіннің қазасына қайғырып өтті. Мезгіл-мезгіл тоқаш қуырып, ас пісіріп, келіннің аруағына бағыштап құран оқытар еді. **Рәзияның тұңғышы Үбіш, онан кейінгілер Үбиан, Сәлима, Әлима кілең қыз бала болады. Момыш әкемнің айтуынша, мен 1910 жылдың қысында, ескіше декабрьдің жиырма төртінде туыппын**. Әкем ол күні **Әулиеата шаһарында екен**. Мен туған соң **Имаш бабам жан-жаққа кісі шаптырып, әкеме де хабаршы жіберіпті**.

Әулиеатадан әкем қайтып келгенде, ағайын-жегжат құтты болсынға жиналып қалған екен. «— **Ақментей бабасындай батыр болсын!**» «— **Ақмоладағы Батырбасыдай мәрт болсын!**» «— **Бәйдібек батырдың аруағы қолдасын!**» «— **Домалақ анамыз жар болсын!**» — десіпті. Сөйтіп, шілдехана тойға ұласыпты. Той соңында **Имаш атам алақан жайып, ел қарияларынан бата сұраған екен**.

Жарық дүниеге келгеніме **екі-үш ай болғанда, шешем мені күн көзіне шығарып, Имаш атамның алдына әкеліпті**. Атам ерте көктем алдында **ағаш отырғызып** жүр екен. «— Атасының қолын ұзартып, қолғабыс беруге келді,» — депті. Атасымен алғашқы дидарласуының құрметіне деп, алғашқы өсиет өмірлік өнеге болсын деп, әкем сол күні кешке мал сойып, ауыл ақсақалдарының басын қайта қосыпты

Мен туғанда әкем елуді еңсеріп қалған кісі екен. Әжем жарықтық әкемді балаларымның ішіндегі еті тірісі осы болды деп отырар еді. Әкем өз бетінше талпынып жүріп, ескіше сауатын ашып алыпты, өз бетінше оқып-тоқыған адам. Ол есеп-қисапты, орыс алфавитін де білетін. **Жас күнінде ағаш ұста болыпты, етікші де атаныпты, тәуіпшілдігі де бар екен**. Әсіресе зергерлікті жақсы көрген. Біздің елде одан өткен зергер ұста болмаған. Жігіт күйінде қыз-келіншектің көңілін аулау амалымен үйренген зергерлік өнерін әкем қартайғанда тастамаған.

Әкем өз жанынан өлең шығарып, жиын-тойда айтысқа да түсіп жүріпті. Ескі ақын-жыраулардың термелерін, қиссаларын жақсы көріп тыңдайтын. Бірақ жатқа айта алмаушы еді.

Имаш бабамның көзі тірісінің өзінде біздің шағын ауылды **«Момыш ауылы»** дейді екен. **Жас кезінде әкемді әйелдер жағы «Молда бала» дейді екен, кейін «Ұста бала» дейтін болыпты**. Ал әжем оны **«Қара қатпа», «Тарамыс»** деп те атайтын. Сол күштілігіне бола атаса керек.

Ертексіз өскен бала - рухани мүгедек адам.

Үбиан әпкесі биікке бой создырып ойнатады, ал **ортаншы әпкесі Әлиман** ойнап жүріп, қораға қамап кетеді. Ал **көкесі** оны оң алақанына тұрғызып, арлы-берлі жүретін, ескі түлкі тымаққа отырғызып қойып, керегеге ілген екен, дуана келеді деп қорқытады екен.

Әкем маған ататегіміздің аты-жөнін үйретуші еді. «— Кімнің баласысың?» — деп сұрайтын. «— Мен Момыштың ұлымын.» «— Момыш кімнің баласы?» «— Момыш — Имаштың баласы.» Осылайша жеті атаға дейін жетелеп отырып сана-тады.

Бір күні үлкендермен амандасуды ұмытып кетіп, әкесінің сөзінен ұялып, үйге қайта кіріп амандасқаны да бар.

Әжем малдың «тілін» ұғуды үйретуші еді. — Қозы маңырайды, бұзау мөңірейді, құлын кісінейді, бота көзі мөлдіреп аңсайды, қодық ақырады... Әжем бұған зұлым қасқыр, жымысқы түлкі, дәрменсіз қоян, сүйкімді құс, сұрапыл сұңқар жайлы ертегілер айтатын. Осындай уақыт талқысы ғана, өмір өткелдері ғана, тірлік тізбегі ғана менің әжемнен үйренген «жақсы», «жаман», «мақұл», «немақұл» деген сөздердің байыбына терең бойлата алды. Қазір жыл сайын баланың туған күнін тойлау дәстүрге сіңіп болған әдет. Ал менің балалық шағымда туған жылды, туған күнді емес, мүшелді кезеңдерді тойлаушы еді. Алғашқы мүшел — нәрестенің қырқынан шығатын күн. . **Екінші мүшел — баланың жеті жасқа толған күні. Ендігі мүшел — 13 жас. «Он үште отау иесі» деген мақал бар.**

Әкем маған жастайымнан қазақша жыл қайыруды, күн мен ай аттарын, жыл аттарын жаттатты. «Тышқан жылы, сиыр жылы, жылан жылы, жылқы жылы, мешін жылы, тауық жылы, доңыз жылы, қоян жылы, қой жылы, барыс жылы, ит жылы, ұлу жылы» деп жаттаушы едім.

Әжесі жыл басы қалай тышқан болғандығы аңыз-ертегіні айтып береді. Кейін қарлығаштың құйрығы неден айыр болғаны туралы ел аңызын айтып берген екен.

★ **Ұлттық құндылық:** Повесте халқымыздың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрлері ұлттық болмысымызды көрсете отырып, сол кезеңдегі қазақ ауылының көрінісін шынайы бейнелейді.

★ **Түсінік+өз ойым:** : Б.Момышұлы «Ұшқан ұя» повесінде балалық шағын да көзімен көрген, өзі куә болған, есте қалған оқиғалар арқылы әлеуметтік кезеңді, өзі өмір сүрген қоғамдық өмірді шыншылдықпен суреттейді, ес біле бастаған кезінен мектеп табалдырығын аттағанға дейінгі өмірін әсерлі әңгімелейді. Бұл повесть арқылы ауыл тіршілігімен, бұрынғы салт-дәстүрлеріміз бен ертегі-аңыздарымызбен таныса аламыз, рухани берер тәрбиесі мол шығарма.

Ұқсас шығарма: Төлен Әбдіков «Қонақтар»

«ЖАУ ТЫЛЫНДАҒЫ БАЛА» ҚАСЫМ ҚАЙСЕНОВ

★ **Тақырыбы:** Ұлы Отан соғысы жылдары. Жас партизан

★ **Идеясы:** Соғыс кезіндегі халық жағдайы, жау тылындағы жас партизандардың басқыншыларға қарсы жасаған зор ерліктерін дәріптеу.

★ **Жанры:** Повесть

★ **Композициялық талдау:**

Кіріспе: Автордың шығарманы қалай жазғандығы туралы, Ұлы Отан соғысы

кезіндегі 10 жасар қазақ баласы

Басталуы: Күтпеген шабуыл. Соғыстың басталғандығы туралы суық хабар

Байланысуы: Шырқы бұзылған отбасы. Эшелонның өртенуі, оқ астына қалған Жамал. Анна Ивановнаның жанашырлығы.

Дамуы: Селодағы жағдай, сатқындық жасаған жандар

Шиеленісуі: Комендатқа ұстап берген Тамара. Ана махаббаты.

Шарықтау шегі: Жазықсыздардың жапа шегуі, бейкүнә Миша. Селодан қашу

Шешімі: Жас барлаушылар. Серік пен Бористің жасаған ерлік істері

★ **Кейіпкерлері:**

Серік (Сережа) - жас партизан, патриот, тапқыр, қырағы, он жасар барлаушы. Өскенде атты әскер командирі немесе артиллерист болғысы келеді.

Жамал - Серіктің жау қолынан қаза болған анасы. Қара торы, толық денелі, қою, ұзын қара шашты жан.

Жомарт - майор қызметін атқаратын Серіктің әкесі; Мерген - Серіктің атасы.

Анна Ивановна Полищук - Бористің анасы, партизан, комиссар Совченконың жұбайы. Серікті асырап, қасына алған мейірімді жан.

Борис(Боря) - партизан, жасы Серікпен шамалас он бір-он екілерде. Ақ сары шашты, көк көзді жалаң бас.

Тамара Чуляк - кезінде Аннамен бірге оқып, бірге өскен құрбысы, сатқын болып шығады.

Антон Архипович - селодағы шал, сатқын.

Иман Дементьевич, Софья Павловна - Аннаның ата-анасы

Комендант - ат жақты, көзілдірікті, ұзын бойлы неміс офицері.

Николай Михайлович Аброменко - жақсы адам, Витя деген баласы бар.

Иван Гаман - 17-18 шамасындағы қара торы жас жігіт, комсомол ұйымының мүшесі. **Мария, Галя, Миша(11 жаста)** деген аралары екі жас іні-қарындастары бар.

Иван Кузьмич Примак - алып денелі, жасы 30 шамасында, Отанның жалынды, қажымас солдаты.

Вовко - Серікке үміт артқан командирі.

Янцелович - он қанатты басқаратын командир.

Константин Иванович Спизовский - командир, жасы 24-25-те, қара торы, бұйра шаш, денелі, сымбатты жігіт. Ақылды, ұстамды, сабырлы. Партизан соғысын әбден меңгерген адам. Туған ауылы Григорьевка селосы. Петреяслав, Канев аудандарындағы астыртын ұйымдардың ірі партизан отрядының бір батальонын басқарады.

★ **Маңызды деректер:**

Шегарадан фашист армиясы өтіп кетіпті. Біздің полкте соғыс дабылы соғылғалы бес минут болған екен» деген суық хабар келеді.

Жамал мен Серік эшелонға отырып елге қарай қашпақшы болады, дандарында көрші әйел Анна Ивановна да баласы Бориспен отырады. Эшелон өртеніп, бәрі қашқан кезде Жамалға оқ тиіп қаза болады. Серікті қасына алып кеткен - Анна Ивановна.

Өзен бойында неміс сақшысы «ком, комая» деп ұстап қалады, Анна Ивановнада Серіктің вельветкасының жағасының ішіне тігіп қойған партиялық билеті бар болады. Сол кезде жол нұсқап көмектескен - чех.

Немістердің алдына нан мен тұз алып шығып, «Совет үкіметі құрыды» деп жүрген сатқындар: Антон Архипович пен Тамара Чуляктар.

Неміс комендантына Аннаны ұстап берген - Тамара.

Николай Михайловичке Иван Кузьмичтің үйлеріне келгендігін хабарлаған: Иван Гаман.

Иван Кузьмич Киев, Полтава облыстарында партизандар қозғалысын ұйымдастыруға әдейі қалдырылған. Ол Мироновск, Переяслав, Канев аудандарында болып, Ржищев ауданына екінші рет келген беті. Бұл сапарында осы аудандардағы астыртын ұйымдардың жұмысымен танысып, ақыл бермек.

Гамандар ата-анадан төртеу. Әке-шешесі соғыс алдында қайтыс болып 4 бала жетім қалған.

Михаил Гаман Македон селосынан шығып, үйіне келе жатады. Ольга Карповна Семещенко апайдың үйіне келіп, сонда қонып ұалған екен. Қолында бір табақ бидай бар. Виктор Ольга апайдың Женя деген қызымен ойнап қалды.

Мишаны немістер ұстап ап, Пи селосына қамап қояды. Игнат Исакович көмектеседі. Бірақ қашып бара жатқанда, бейкүнә баланы атып өлтіреді.

Серікті «Сережа» деп атайды.

Серік ауылда Мерген атасының қолында өскен, ат құлағында ойнайтын, бәйге жарыстарға қатысып жүрген екен.

Жендеттер Днепр бойымен келе жатқанын хабарлаған жас барлаушы: Серік.

Вовко Серікке маңызды хатты Иван Кузьмичке жеткіз деген тапсырма береді. Днепрге ойысқан жауды жан-жақтан шабуылдап, Янцелов партизандары соңында жойып жібереді. Серік пен Бориске жасаған ерліктері үшін автомат тапсырады. Осы соғыста Серік оң қолынан жараланып, қара төбел ат оққа ұщты.

Серік пен Борис Днепр бойында шомылып жүрген екі неміс солдатын да өлтіреді. Серік бір жолы барлаушылармен бірг келе жатып, «Белое озера» деген орман шаруашылығында құс бағып жүрген балаларды кездестіреді. Олар Переяслав балалар үйінен екен. Оларды құтқарайық деген өтінішін Иван Кузьмичке айады. Келесі күні Григорий Спижевой?дың тобы жорықтан келді де, түс ауа «Белое озераға» шығып кетеді, топ алдында қарт партизан Семен Григорьевич Власенко мен Серік.

- ★ **Ұлттық құндылық:** Ұлы Отан кезіндегі тарихи шындықты көзімізге елестетіп, патриоттық рухты оятады.
- ★ **Түсінік:** Бұл повесте ең қиын замандардың бірі Ұлы Отан соғысы кезіндегі Украина жерінде он жасар қазақ баласының партизандар қатарында болған қилы өмір соқпағы суреттеледі.
- ★ **Өз ойым:** Бұл ерлікке, адамгершілікке толы шығарма. Сұрапыл соғыс кезеңдерінде орын алған оқиғаларды жан аярлықтай сипаттай отырып, оқырман бір сәтке соғыс зардабын шеккен халықтың жағдайын көз алдына еле-

стетеді.

★ **Ұқсас шығарма:** Қасым Қайсенов «Жас партизандар»

«ТӘМПИШ ҚАРА» САНСЫЗБАЙ САРҒАСҚАЕВ

Повесть 9 бөлімнен тұрады. Бөлімдері: "Танысу", "Тілеп алған азап", "Өзілі ме шыны ма?", "Өкініш", "Теке қарт", "Не болды бізге?", "Бұдан кейінгі күндерде ...", "Ойламаған жерден", "Үш күн қалғанда".

★ **Тақырыбы:** Ауыл балаларының өмірі мен достық туралы

★ **Идеясы:** Жас жеткіншектерді адамгершілікке, шыншылдыққа, қайырымдылыққа тәрбиелеу.

★ **Жанры:** повесть

★ **Композициялық талдау:**

Басталуы: Шаншатайдың ауылға келуі, ауыл балаларымен танысуы.

Байланысуы: Шаншатай Ертайдың суретші екенін білуі, екеуінің айырылмай дос болуы.

Дамуы: Мектеп оқушыларының қырман даласына көмекке баруы. Тілеп алған азап.

Шиеленісуі: Ауылға алғаш орнатылған радио

Шарықтау шегі: Шаншатайдың ауыл балаларына тигізген әсері.

Шешімі: Ертайдың салған суретінің «Октябрь балалары» газетіне шығуы.

★ **Кейіпкерлері:**

Ертай - әңгімелеуші автордың өзі. Шаншатайдың суретші досы, ерке, сәл мақтанша, қызғаншақтау бала.

Келдібай - мектептің кейіннен келген жаңа директоры.

Әміре - қатып-семген жүдеу, көк көз шал, шіңкілдек дауысты мектептің қарауылы. Бір ұл, бір қызы бар.

Оңалбек - Әміренің ұлы, жазда Ертаймен бірге үшінші класты бітірген, бірақ үш жас үлкен. Өзі аңқау, не айтсаң, соған сенгіш. Басқа балалар секілді шымыр емес, болбыр әрі жуас. Сондықтан өзінен кішкентайлардан да таяқ жеп қалатын.

Күлдәрі - Оңалбектің әпкесі, қиқар, тілі де қыршаңқы. Қыздан гөрі ер балаға ұқсас: жауырынды келген, қол-аяғы балғадай ақсары.

Иманбек - балалар «Көсеуқол» дейді. Бойы да, қолы да ұзын бала, өзі апарық. Жүргенде дәл сұрақ белгісі секілді басын төмен салып иміп жүреді. Жағына пышақ жанығандай, терісі сүйегіне жабысып қалған. Көзі де мөліп, өлімтік малдың көзі ұқсап тұрады, кескінсіз. Қашан көрсең, кішкентайлардың арасында жүреді. Балаларды шағыстырып, төбелестіріп қояды.

Шаншатай - «Тәмпіш қара» Келдібай директорының інісі, дөңгелек жүзіне сүйкімді бір арай ойнап шығып, қысыңқы көзінің ноқаттай қара жанарында ерекше бір ұшқын тұрды. Бейтаныс баланың түр-әлпетінде пәлендей сымбат жоқ еді. Денесі түтінге ысталғандай қара-қоңыр, әрі май жаққандай жылтырап тұр. Бұлшық еттері білеуленіп шығып, бүлк-бүлк етеді. Екі шекесі торсықтай жалпақ маңдайынан ұйысып түскен бұйра қара шашында су тамшы-

лары күн сәулесімен таңғы шықтай жалтырайды. Қабағы да төңкере салған кесе секілді бетінің еті де қалың. Бірақ ерні жұқа. Ақырын ғана жымыып күлгенде, қаз-қатар аппақ тістері тізілген ақ моншақтай көрінеді. Оншама бойшаң да емес, төртпақ, шымыр. Ертайдың ата-әжесі айтқан қасиеттер: әдепті, ұқыпты, кішіпейіл, ақжарқын, сыпайы, тәлім көрген бала екен.

Ержан - Ертайдың алты жасар інісі, бұзық, ерке бала.

Нығмет - Нұрқат бастықтың баласы. Ауылға алғаш «шайтанарба» алып келген.

Бейсекүл - масақ теруге шебер, талдырмаш денесі мен сүйрік саусақтары масақ теруге әдейі жаралғандай.

Ықсан - қысық көз, бригадирдің баласы.

Атабек - ұзын бойлы ауыл баласы.

Назым - ауыл баласы, Ертайдың достарының бірі.

★ Маңызды деректер:

Күні бүгінге дейін бейнесі көз алдымда елестеп тұратын тәмпіш мұрын қара баланың тағдыры не болғаны маған белгісіз. Үлкен-кіші оны «өзіміздің тәмпіш қара» дейтін.

Сұлтөрдін етегіндегі Қосарық деген жерде тұрады. Колхоз аты да «Қосарық» болатын, бұлай деп қою себебін ешкім білмейді, бірақ әр жерде бір шоқиған тамдардың ара-арасынан ирелендеп ағып жататын жалғыз арық бар болатын. Сонда аққан судың кей жерлерін балалар бөгеп, терең көлшік жасап, соған түседі екен.

Біздің ауылдың үйлері – ол кезде бір-бірінен аумайтын шымнан жасалған тапал тамдар. Сырты әктелгендерінің өзі бірен-саран. Үйлердің аулалары да біріне-бірі ұқсас. Шым дуалмен қоршайтын. Үйге іргелес мал қора. Онан қан қи жаз ортасына дейін ауланың дәл ортасында шошайған мола құсап үйіліп тұратын. Ағаш атаулы аты мен жоқ. Тек мектеп түбінде екі терек бар-ды. Жаз күндері оның көлеңкесінен қой-ешкі, бұзау арылмайтын. Атамның қыршаңқы қара биесін де, көршіміз Тілектің көк есегін де іздесең, сол арадан табады екен.

Жасыратыны не, мектебіміз сол маңайда мақтан етерлік еңселі, биік, төбесі қызыл қаңылтырмен жабылған, терезелері де үлкен, әдемі үй болатын. Рас, едені сол өңірдегі барлық үйлердей топырақ еді. Кейіннен Келдібай деген жаңа директор келіп, ұзын залдың табанына жалтыратып тас салған. Кейін білдік, цементпен сылатқан екен ғой. Кей күндері біз терезеден жасырынып түсіп, осы тас еденге асық ойнаушы едік.

Әміре шал көктем шығысымен-ақ, ауылдың сыртындағы бақшасына барып, күрке жасап, соған көшіп алады. Сары күзге дейін оның қарасын көрмейсің. Сонда мектепті күзету – ұлы Оңалбек пен әпкесі Күлдәрінің еншісінде. Шешесін сырқаты көп адам дейді.

Бізді жасырып мектептің ішіне кіргізетін – Оңалбек те, көре қалса, бізді тырқыратып қуып шығатын – Күлдәрі. Оның қолына түссең, аямайды. Ұрса бір сәрі ғой, құрғырың шымшиды.

Жаңбырлы күндегі балалардың ермегі - асық. Оңалбекке таба нанның бір

үзімін беріп, үш-төрт бала мектепке кіреді де, асық ойнайды. Ертайдың асыққа сарандығы жоқ, көздегенін мүлт жібермейді.

Иманбек арам ойнап, Ертайдың сақасын екі рет өлтіріп кетеді.

Дүниені күйдіре жалмап тұрған ыссы күннен қорынатын жерің – **көлшік**.

Танымайтын себебім, біздің колхоздан үш-төрт шақырым жерде тағы бір ауыл бар. Айналырған он шақты үй. Оларды **сиыршы** дейді. Себебі көлікке жігер аты да, мінер көлігі де – **сиыр мен өгіз**.

Осы арада ойламаған жерден шатақ шықты. Ертайдың киімдерін Иманбек тығып қойған екен. Ертай қарғысты жаудырған кезде, Иманбекпен төбелесіп қалады. Иманбекті ұшырып түсірген де, мені итеріп жіберген де тәмпиш мұрын қара бала.

Екі алақан енді еш уақыт та ажырамастай шарт етіп қабысты. **Қолы темірдей қатты екен.**

Ертайдың үйіне келгендегі Шаншатайдың киген киімі пәлендей су жаңа болмаса да, тап-таза. Бұтында шолақ балақ шалбар. Үстінде кеше суға киген торкөз көйлек. Аяғында сандал. Басына кигені көнетоз тақия. Галстук тағып алған. Ертай да Шаншатайға қарап, оқуға киіп жүрген көк сәтен жидесін, ақ жолақ жолы бар шалбарын, жуырда базардан әкесі әкелген сары брезент бәтеңкесін киеді.

Ержан көре сала мазақтай бастайды, ата-әжесі «біздің ерке тайлақ та әп-әдемі» деп қолпаштайды.

Шаншатай мектеп алдындағы қос терек түбінде тұрып, егіс қасына қырманға барасың ба деп сұрады, комбайн келді деп айтты.

Балалардың ойнайтын ойындары: асық, шілік, қашпадоп, орамал тастамақ, түйе-түйелер, жасырынбақ, ақсүйек.

Кешкісін ойнамау себебі: ана бірде жасырынбақ ойнап жүріп, алыстан айдалада жанған отты көріп «Шайтан жаққан от» деп балалар бытырай қашқан. Содан кейін кешкісін жиналуды қойған.

Ертай түнде қорқатынын айтқысы келмей кешкісін үй шаруасы бар деп өтірік айтады.

Ертай бәрін бірінші естіп жүреді екен, Нығметтің шайтанарбасына да ең бірінші мінген өзі болатын.

Шаншатайға комбайн жөнінде Келдібай ағасы айтқан екен. Әуелі Жарбастау деген жердегі егінге салған, бүгін Қызылқұрға әкеледі екен. Жарбастау ауылдан алыста, Сұлутөрдің арғы жақ бөктерінде, қалаға барар жолда. Мектеп маңындағы балалар: Ықсан, Атабек, Оңалбек, Бейсекүл, Шаншатай. Шаншатайға Ертайдың суретші екенін айтқан Бейсекүл, Келдібай ағаймен мектеп сыныптарын аралағанда да қабырғада ілулі тұрған Тайбурылдың суретін көрген екен.

Барлығы әсем киім киіп алған екен. Үнемі сатала боп жүретін Оңалбектің үстінде кірсіз жейде, Бейсекүл болса аяғына ақ кенеп туфли киген, басында қызыл шаршы орамал, үстінде гүлді көйлек. Ықсанның кигені қара костюм, басында зерленген тақия.

Қызылқұрға қара бестісі жегілген арбамен барады. Келдібай ағай арба үстінде, делбеде шәнтиіп Әміре шал отыр.

Комбайнды қызықтап, орақ басына да көмектеседі, масақ та теріді, лобогрейка шауып кеткен бидайды баулады. Ал кешкісін балағанның ішіне сұлай кеттік. **Шаншатай әнші еді, сыбызғыдай сиқырлы дауысы бар, көп ән үйретті. Әкелген бояу қарындаштар да кәдеге жарады.**

Бір күні Шаншатайдың айтып көрсетуімен мен үлкен ақ қағазға «Кірпі» деп бадырайтып жаздым да, тұсына кірпінің суретін салды.

Алғашқы газетімізді жұрт тамақ ішетін бастырманың жалпақ дінгегіне жап-сырғанбыз. Оқығандар қыран күлкіге батты. Қарғыс сөздер де шығып-шығып қалады. Бірақ жұрт дән риза.

Ертай Бейсекүлдің де суретін іліп қоюды ойлайды, бірақ Шаншатай тоқтау айтады. Сол кезде Ертай оған ренжіп, ұйрманға тақау сабанның үлкен маясының түбіне шалқасынан жаып алады. Бір кезде бригадир көріп қалады, Ертай оған ішім ауырып тұр деп өтірік айта салады. Ал бригадир болса сеніп, күркесіне апарып, Ләйлім деген кемпірге тапсырады. Күркеге ол өтірік аурып жатыр деп Бейсекүл келгенде, кемпір шіңкілдемей әрі кет деп ұуып жібереді. Кейін Ықсан мен Шаншатай келеді. Шаншатай «Октябрь балалары» газетін алып келгенін айтады, бірақ Ертайды ренжіттім деп ойлап жүр екен. Ал Ертай болса сау басына сақина тілеп алады.

«Бір, екі, үш» - деп шырқаған ән Қызылқұрдың мөлдір тұнық ауасында әлі күнге қалқып тұрғандай.

Балалар жабыла оқыған газет - «Октябрь балалары».

Газетке аты шыққан балалар: Амантай, Әзілхан, Құрманғали

Талай күндерде Павликтей нағыз пионер болуды қиялдайды.

Шаншатайдың Ертайдың суретінен тапқан міні: пионер балада галстук жоқ.

Шаншатай келесі күні Ертайға галстук пен значокты сыйлайды.

Газетке өлең жазатын - Шаншатай. Екпінділерді құттықтайды, Бейсекүл туралы жазады.

Шаншатайдың Ертайға айтқан ойы: Бейсекүлдің масақ терген суретін салу, атын «Орақта» деп қою.

Бір сәтке «ғашықтық мәселесін» де, барлығын ұмыттырған жайт аулға радионың орнатылуы.

Радиоқабылдағышты «қобдиша», ал антенасын «ұзын екі сырық» деп атайды. Радионы Қызылбұрышқа орнатады. Орнатқан Келдібай ағай мен дядя Петр дейтін орыс мұғалім.

Халыққа хабар беріп жүргендер: Оңалбек пен Ертай.

Радиодан үлкен-кіші тамсанып естіген дауыс: Күләш апайдың дауысы.

Балалар Шаншатай келгелі, бөріктеппек, асық, ләңгі ойындарынан жерігіп, доп қуу ойынына құмартады. Шаншатай әңгімелер де айтады, соның әсерінен «қызыл» мен «ақ», Амангелді, Чапай болып ойнайды.

Шаншатайдың әсерінен ауыл балалары «Амантайдың ауылын» талай рет жарыса оқыдық. Өтебай ағайдың «Қарлығашын» жаттап алдық.»

Ертайды есік алдында күткен балалар: Оңалбек, Ықсан, Бейсекүл, Назым, Иманбек.

Бейсекүл бір газетті төбесінен жоғары бұлғап айғай сап, сүйінші сұрайды. «Суретің «Октябрь балаларына» шығыпты. Құттықтаймын! – деп Ертайдың қо-

лын Назым алады.

Суретте - масақ терген Бейсекүл. Суретте ол маған сұлу көрінді. Астына «Егін орағында» деп қойыпты.

Газетпен бірге келген хатта **«Нағыз пионердің суретін салып жібер»** депті. **Көз алдымда тәмпіш қара Шаншатай тұрды.**

- ★ **Ұлттық құндылықтар:** Бұл шығарма ауыл тіршілігімен, балалар өмірімен таныстыра отырып, оқырманға үлгі өнеге береді, білімге шақырып, патриоттыққа үйретеді.
- ★ **Түсінік:** Бала тәрбиелеуде ұстаздың еңбегін көрсете отырып, балалардың мектептен алған білімін еңбекпен тәрбиелі іспен тұрмыспен байланыстыра суреттелуі шебер бейнеленген.
- ★ **Өз ойым:** Бұл шығарма қарапайым тілмен жазылса да оқырманға көп тәрбие береді әрі қызықты да көңілді балалар өмірін оқи отырып сол әлемге өзін де түсіп кеткен күйде боласын.
- ★ **Ұқсас шығарма:** «Жусан иісі» Сайын Мұратбеков

«ЖУСАН ИІСІ» САЙЫН МҰРАТБЕКОВ

- ★ **Тақырыбы:** Тағдыр талқысын кешкен жетім бала
- ★ **Идеясы:** Соғыс кезіндегі ауылдың тұрмысы мен жағдайын суреттеп көрсету, жетім баланың тағдыры
- ★ **Жанры:** повесть
- ★ **Композициялық талдау:**
 - Басталуы:** Кекілді бала - Аян немесе алғашқы кездесу. Аяның балалармен тез тіл табысып кетуі, Есікбаймен төбелесі.
 - Байланысуы:** Балалардың алғаш оқу оқып, хат тануы. Аяның тобығын тайдырып алуы.
 - Дамуы:** Аяның әжесінің қаза болуы, «Ертеде бір жетім бала болыпты». Аяның қызық мінезі.
 - Шиеленісуі:** Жусан иісі. Жалғыз көзді дәу туралы ертегі мен Аяның соққыға жығылуы.
 - Шарықтау шегі:** Бапай үйіндегі Аяның өмірі, аяғының тайғыштығы. Колхоз жұмысы кезінде болған жайттар.
 - Шешімі:** Аянға келген қаралы қағаз. Қимастық пен көңілсіз қоштасу.
- ★ **Кейіпкерлері:**
 - Автор** - әңгімелеуші, балалардың қатарындағы Аяның досы.
 - Садық** - балалардың атаманы, бөспе бала.
 - Аян** - шолақ жең ақ жейде, тізеден жоғары қысқа қара шалбар киген, кекіл шашы бар, мұнтаздай таза ауылға жаңадан көшіп келген бала. Ақкөңіл, ақылды, адамды іші тартып тұратын жайдары жүзі, не десең де тез көне кететін жұмсақ мінезді. Ең жақсы қасиеті - ешкіммен төблесіп, сөзге келмейді.
 - Есікбай** - сидаң бойлы, қол-аяғы қара қайыстай қатқан ұзын, жүгіргенде ал-

дына жан салмайтын, өзі төбелесқор, сотқар бала еді. Кейде қараптан-қарап келе жатып әркімге бір ұрынатын жаман әдеті бар. Өлі жеткенді аяқтан шалып қап, болмаса басынан тоқай алып жылатып жіберетін.

Қосым тырнауық - көп үндемейтін, төбелескенде ылғи баж етіп кеп бетті тырнайтын, сондықтан тырнауық дейді, өзінен көп балалар қорқатын. Оған тек Есікбай тік келуші еді.

Иманжанов - шашы аппақ қудай, қолы-басы тоңған адамша дірілдей қал-шылдап, көзі қып-қызыл боп жасаурап отыратын қарт кісі. Бұл кісі -денсаулығының нашарлауы себепті қаладан көшіп келген мұғалім.

Бапай шал мен кемпірі - әжесінің тумаласы, Аянды қолдарына алған, бірақ дұрыс қарамаған жандар.

Тұржан - армия қатарынан жақында ғана қайтқан, сол қолын білегінен оқ жұлып кеткен, бірақ өзі аса қатыгез, мейірімсіз адам еді. Келген күні-ақ: «Қан көріп, қаным бұзылып келді...» – деп, үйіне жиналған қатын-қалаш, кемпір-шалдың зәресін алған. Бригадир боп тағайындалғаннан кейін, жұмсағанда тілін қайырған талай әйелдер мен жасөспірім балаларды, әлімжеттік етіп сабаған, Аянды да ұрып-соғып кетеді. Өржанның баласы.

Асылбек шал - ауылдағы сынықшы.

★ Маңызды деректер:

Аянның прототипі — Науқан Керімов.

Автордың ойынан кетпейтін бейне: жарғақ сары тоны қаудырлаған, тобығы тайған сол аяғын сүйрете жүгіретін, шілбиген ақсақ қара бала бір кетпейді. Көзімді сәл жұмсам-ақ: шуылдаған балалардың ең соңында сол аяғын жер сыпырғандай көлденең сүйретіп, ес қалмай далбақтап жүгіріп келе жатқан Аян. Сондайда оның алқына шыққан әлсіз, жіңішке дауыспен: «Ей, тоқтандаршы, мен сендерге бүгін кешегіден де қызық ертегі айтамын», – деген жалынышты үнін естимін.

Әуелде біз, балалар, оның ертегі айтатынын білгіміз жоқ. **Ол әжесі екеуі біздің ауылға қырық екінші жылдың жазында көшіп келген. Мал дегеннен, тек бұзаулы қоңыр сиыры бар еді. Аянның әкесі майданға аттанып, туған анасы содан екі ай бұрын қайтыс болыпты. Біздің ауылда әжесінің жамағайын тәркіндері бар екен, соларды сағалап келсе керек.**

Балалар көшеде екіге жарылып ап, қағазға топырақ орап, бұрқылдата лақтырып, атысып ойнап жүргенде **Садық** бір балаға нұсқап қалады, барлығы оған қараған кезде ол өзінше әлдеқандай боп кейкііп, екі қолын қалтасына сап шіреніп, шолақ танауын тыржитып қойды. **Қоңырқай жүзі тершіп, мандайындағы біркелкі етіп қиылған кекіл шашын үрлеп тұрды.**

Есікбай кекілін қағытып өткенде, басқалар күлкісі келмесе де оның сөзіне қошамет білдіріп сықылықтай күледі. Жаңа келген бала қызарандап теріс айналып кетті. Ең бірінші кім екенін білген Садық, Аян қоңыр сиыры бар екенін күлімсіреп айтады.

Аян күннің ыстық екенін айтқанда, тоспа бар, суы күшті екенін айтқан - Садық.

Менің де көйлегім бар деп мақтанған: Қосым.

Аянның алдында қыр көрсетіп, Қосым тырнауыққа тиісіп, жылатқан: Есікбай.

Алыс-жұлыс ойын үстінде күрескенімізде Аян біразын жығып кетті. Тек Есікбайдан ғана жығылды. Алғашқы күннен бастап Аянмен етене жақын дос болуды әркім-ақ ойлай бастаған. Бірақ ол ешкімге ерекше ықылас білдірген жоқ. Бірімізден-бірімізді бөліп жарған жоқ. Бәрімізбен де жақсы жолдас болды. Үш-төрт күн өткен соң, Есікбай басқа балаларға істейтін қылығын Аянға да істеді, сосын екеуі сайға барып төбелескенде Аян жеңіп кетеді, осы төбелестен кейін оған ешкім тиіспейтін болған екен.

Күзде оқу басталып, жеті менен он жастың аралығындағы өңшен бірөңкей балалар бірінші класқа бардық, Иманжанов күн сайын үйінен әкелген қағазды бір-бір парактан үлестіріп беріп, әріптерді үйрете бастады.

Майдандағы әке-ағамызға хат жазу бәріміздің де көкейіміздегі асыл арманымыз еді. Сонымызды сезгендей Иманжанов та бізге тезірек хат танытуға бар күшін салып бақты. Сөйтіп, бас-аяғы бірер айдың ішінде әріптерді тегіс жаттап, бірлі-жарым сөздерді құрап, жаза алатындай халге жеттік. Ал Аян болса кәдімгідей: «Аса жаннан артық көретін аға...» деп бастап, хат жазатын болды.

«Хат жазуды үйретші,» – деп жата жабысатынбыз, сөйте-сөйте хат жазуды бәріміз де үйрендік. **Енді біздің ауылдан күніне майданға сөзі де, мазмұны да, кейде тіпті кісі аттары бірдей жиырма-отыз хаттан кетіп жататын болды.** Дәл біздің хат тануымызды күтіп жүргендей-ақ екі айдан кейін Иманжанов қатты науқастанып, төсек тартып жатып қалды. Бір қол, бір аяғынан паралич болған. Басқа мұғалім келмеді. Осылайша біздің оқуымыз да келер жылға дейін тоқтаған еді.

Бірде Аян өрістен мал қайырып келе жатып үйретемін деп, өзінің қасқа бұзауына секіріп мінген. Семіз бұзау мөңкіп-мөңкіп жығып кетті. Сол жолы Аянның тобығы тайып бір айдай үйінде ауырып жатыып, осыдан кейін-ақ Аянның тобығы тайғыш болып алды.

Бұл кезде қыс түсіп қар жауған. Біз болсақ сырғанақтың қызығына кіріскен-біз.

Ауыл Ешкіөлмес деген кішкене қоңыр таудың дәл етегінде еді.

Кенет бүкіл ауылды шулыға шыққан ащы дауыстар селт еткізді. Төбе құйқаны шымырлатып жоқтау айтқан дауыстар Аянның үйінен шығып жатыр, әжесі қайтыс болған екен. Бірақ Аян жыламады. «Ертегі тыңдайсыңдар ма деді?» – деді.

Барлық ертегісі «Ертеде бір жетім бала бопты...» деп басталады.

«Е, жұлдыздың нуы жиі екен, ертең күн ашық болады,» – деп қойды үлкен кісіше Аян.

Ертеңіне Аянның әжесі жерленді. Жұрт ат қойып зираттан қайтқанда, Аян әжесінің қабірінің басында елдің ең соңынан шошайып жалғыз қалды. Ол бұл күні де жылаған жоқ. Қарлы топырақ араласқан жас қабірге жаутаңдап біраз қарап тұрды да, бір уыс топырақты іліп ап: «Топырағың жеңіл болсын, әже!» деп шашып жіберді.

Сол күні Аян әжесінің тумаласы Бапай деген шалдың үйіне көшті. Дәл осы кезде, азын-аулақ көрпе-жастық тиелген шананы Бапай айдап, Аян өзі қоңыр сиырын бұйдасынан жетелеп көшенің басындағы шалдың үйіне көшіп бара жатты. Қоңыр сиыр Аянды сүзіп жіберердей боп алға қарай оқтана жүрді. Бірақ сүзген жоқ, жүріп келе жатқан бойда Аянның қаудырлаған сары тонының етегіне иіскеді де, тұмсығын созып, ыңырана мәңіреді. Аянның шанасы жоқ, сондықтан елдің шана тепкенін қызықтап қарап тұрды, Аян бәріміздің шанамызды бір-бір реттен теуіп шықты. Ол қып-қызыл боп қара терге түсе еңтігіп, алабұртып, елден ерекше даурыға сөйлеп, сақылдап күлумен болды.

Балалар Аянның бастауымен Бапай шалдың үйінің іргесіне келгенде, Бапайдың кемпірі қуып жібереді. Садықтың ойына ауыл шетіндегі ат қора түсіп, ертегі тыңдау үшін сол күннен бастап күнде кешкісін ат қораның төбесіне жиналуды әдетке айналдырдық.

«Ғажап ертегілер еді... Дүниедегі жақсылық атаулының бәр-бәрі: ерлік те, ізгілік те, сұлулық пен ақылдылық та, әйтеуір адамға тән не бір асыл қасиеттің барлығы да сол Аянның ертегілерінде болушы еді.»

Садық, Есікбай сынды балалар батырлардың сілтеген семсерлеріне қызығып, фашистерді бауша қияр едім деп армандайды.

Өзі жетім болған соң ба, кім білсін, Аянның ертегілері көбіне жетім бала туралы болушы еді.

Біз ертегілердің бәрін Аянның өзі күнделікті ойлап шығаратынын білсек те, оған пәлендей мән бермеуші едік. Бар білетініміз: Аян күнде неше түрлі ертегілерді ойлап кеп, кешкілік бізге айтып беруі керек, ал біз ұйып отырып тыңдағанды ғана білеміз. Ертегі ойлап шығару оңай ма, қиын ба, ол жағында еш шаруамыз жоқ. Тіпті ол жағын сөз ете қалғанның өзінде де, «Аян ғой күн сайын бір ертегі ойлап шығарады, ендеше ертегі шығару қиын да емес шығар, тек басқамыз ертегіні қалай құрастырудың әдісін білмейтін болармыз», – деп түйетінбіз. Таң атқаннан күн батқанша салп-сұлп етіп, көшенің аяғынан басына дейін шана сүйретіп сырғанақ ойнауды ғана білетінбіз. Кешкісін тесік пималарымыз бен сырма шарықтарымыз зілдей боп, шылқылдап су өткеніне қарама?стан, ат қораның төбесіне тартатынбыз...

Аянның тапқан қулығы: енді ол күнде кешкісін бізге сол күні ойлап шығарған жаңа ертегісін тездетіп айтып бітіреді де, біреуіміздің шанамызды сұрап ап, түннің бір уағына дейін сырғанақта жападан-жалғыз ойнайды.

Бір күні Аян әкесін түсінде көреді, **әжесінің ылғи айтатыны: «ағанды анау Жусантөбенің үстінде, мал қайырам деп жүргенде, айдалада тапқанмын».** Аянның айтуынша әкесінде жусанның иісі содан екен. Бұл күні Аян жалғыз көзді дәу туралы ертегісін бастады. Бұл оның бұрынғы ертегілерінен де әлдеқайда қызықты еді. Түнерген аспан, ат қораның іргесінен әрі қарай үңірейіп жатқан қорқынышты терең құз, бәрбәрі күннің ерекше бір нұры құйылып жарқырағандай боп, басқа бір дүниеге – ертедегі күлкіге толы қызық дүниеге айналды. Қотыр тай мен жетім бала туралы айтатын, ал асқар тау жалғыз көзді дәудің мекені дейтін.

Шөптің арт жағын ала, ызғырық желдің өтінде лауылдап от жанып жатыр. Бұл ат қораның төбесі күзде ғана сабанмен жабылған. Жанып жатқан сол сабан екен. Шетте отырған балалардың бірі шылымын сөндірмей лақтырып тастап, сабан содан тұтанса керек. Не істерімізді білмей сасқалақтап, қорадан секіріп-секіріп түсіп, тым-тырақай қаша жөнелдік. Осы кезде аянның тобығы қайта шығып кетіп, Тұржанның соққысының астында қалады. Осыдан соң қатты ауырып қалады. Үйге келсе, автордың атасы қатты ұрсады.

Аянның ойы: «Ағам келеді ғой жақында әлі. Сонда көрсетеді Тұржанға».

Он шақты күннен кейін Аян төсектен тұрып жүре бастады. Тобығы тайған аяғын жер сыпырғандай көлденеңінен сүйретіп солтақтап басатын болды. Кей күні ойыннан кейін мен кешкі тамақты ішіп ап, Бапайдың үйіне баратынымын. Мен келгенде Аян ылғи темір пештің аузында от жағып отырады. Ол кезде – соғыс жылдарында біздің ауыл отынға сабан жағатын... Бапайдың кемпірі шалы екеуіне ғана майға бөктіріп талқан шылайды да, «сенің тісің бар ғой» деп Аянның алдына бір уыс қуырған бидай төгеді.

Бір тәуірі Бапай да, оның кемпірі де біздің сөзімізге құлақ салмайтын. Олар ұйықтасымен-ақ Аян әлгінде ышқырына тыққан күйелеш масақтарды алып, үгіп-үгіп аузына құятын. Кейде мен үйден нан алып келетінмін. Аян нанды көргенде, көзі отша жанып, екі ұртына кезек бұралай тығып, қақалып қала жаздайтын.

Бір күні балалар екіге бөлініп қар атқыласып ойнамақ болдық. Ортамыздан екі атаман сайлап, қалғандарымыз екі-екіден жұптасып, әлгі екі атаманның қарауына тең бөліне бастадық. Бұл ойынға Аянның да қатысқысы келген. Бірақ екі атаманның екеуі де оны өз топтарына алудан бас тартты. **Осы кезде ол жылап Асылбек шалға барып, аяғын салдыртады, бірақ ол да көпке созылмайды. Көктем шыға колхоз жұмысына біз де араласқанбыз.**

Әлден уақытта әйелдердің бірі қалжырай шыққан зарлы үнмен сызылтып қана ән салады. Ән емес-ау, жүректегі ауыр шердің лықсып шыққан бір күрсінісі сияқты. Әйелдерге қосылып жылауға «еркектік» намысымыз жәбермейді. Өйткені Аян «Жылауды әркім біледі. Мықты болсаң нағыз еркектерше қиыншылықта жыламай бақ,» – деген. Сондықтан «жасық екенімізді» білдірмеуге тырысамыз. Аянның тобығы осындай бір өгізден домалап түскен кезінде тағы тайды. Сол түні денесі қызып, таң атқанша сандырақтап сөйлеп шықты. «Ағам қалаға апарып, ендігәрі шықпастай етіп салғызады, әлі...» деп сенеді.

«Қу соғыстың бесіктен беліміз шықпай жатқанда-ақ біздің жүрегімізге салған жарасы қаншама еді. Сол жараның тыртығы өмір бойы удай сыздап, жанға батып өтер-ау. Еш уақыт ұмытылмас. Асыр салар балғын шағымызда таңдыр біздің қабырғамызға да бар зілін салды ғой. Сонда да болса басқамыздан гөрі Аянға қатты батып еді. Тағдыр оған дегенде ештеңесін аямады.»

Үлкендер «жау шегінді» десіп, күн сайын бір қуанышты хабар айтып жүрді. Мұның өзі біз үшін «ертең соғыс бітеді» дегенмен бірдей еді. Іскерден

біртіндеп ер-азаматтар қайта бастады. Бәрі жаралы боп қайтқандар болса да, олардың әрқайсысының келуі ауыл үшін үлкен мереке еді. Солардың бірде-бірі Тұржанға ұқсап: «Қан көріп қайттым, қаным бұзылды», – деп есірген жоқ. Қаралы қағаздар да келіп жатты.

Жаз ортасы қаралы қағаз Аянға келді, ол үнсіз қабылдады. Сосын ат қораға барып, ұзақ жылады.

Сыртқа шыққан соң көрдім, көзі қып-қызыл боп кетіпті. **Маған қарады да өз-өзінен жымыып күліп айтқаны: «Күн ыстық, ә».**

Осыдан кейін бір жеті өткен соң, ертеңгісін он шақты қозы-лақты тауға қарай өргізіп жіберіп, қайтар жолда Бапайдың есігінің алдында тұрған арбаға көзім түсті. Аянды балалар үйіне жібергелі жатыр екен, Бапай арба айдаушыға Аянды станцияға дейін аманат қып тапсырғанын қайта-қайта айта берді. Ал кемпірі кеп Аянның бетінен сүйді, көзіне жас алды. Бапай қоңыр сиырды сатып, ақшаны қолына берер ем, қазір болмай тұр деді, Ал кемпірі үңде тұрады, әлі де келгенде қайтарып береміз дейді.

Есікбай арбаға жармасып, оны талай жерге дейін шығарып салды, өзге балалар да қимай қоштасты, Садық ойнайық дегенде де ешкімнің ойынға зауқы болмады.

Кейде кешкілік, Аян айтқан ертегілерді қайталап та айтып жүреді, ол айтқан ертегілер әлі күнге дейін көбінің есінде қалған. Ешкіөлмес шоқысы - астында жалғыз көзді дәу ұйықтап жатқандай көрінеді. Жазға салым Жусандытөбеден қоңыр салқын самал есіп, жусан иісі аңқиды. Сол кезде Аян еске түседі.

- ★ **Ұлттық құндылықтар:** Соғыс кезіндегі қарапайым ауылды көрсете отырып жетімді жылатпауға, мейірімділік пен қайырымдылыққа шақырады.
- ★ **Түсінік:** Өмірден алынған, шынайы шығарма әр оқырманның жүрегінен орын алды десек те болады. Себебі автордың барлығын сипаттап, ерекше қызық қып жазуы, терең ойды жеткізе білуі оның шеберлігін көрсетеді. Сол оқиғаға еріксіз тартады.
- ★ **Өз ойым:** Бұл ығарма маған өте қатты әсер етті десе болады, тіпті Аянның тағдырын оқи отырып, жылап алдым. Бала қиялы, сағынышы жусан иісімен берілген. Соңғы үміті жауқазындай жайрағанда жүрегіме қатты батты.
- ★ **Ұқсас шығарма:** «Тортай мінер ақ боз ат» Оралхан Бөкей

«КҮЙ АҢЫЗЫ» ТАХАУИ АХТАНОВ

- ★ **Тақырыбы:** Өнер құдіреті, күй туралы аңыз
- ★ **Идеясы:** «Наридірген» күйінің шығу тарихын айта отырып, күй құдіретін көрсету, жас қыздың тапқырлығын ұрпақтарға үлгі ету.
- ★ **Жанры:** әңгіме
- ★ **Композициялық талдау:**
Басталуы: Ипан тауына жеткен екі салт атты
Байланысуы: Естеместің ауыр тағдыры

Дамуы: Жапандағы жалғыз нар. Аяқталмаған күй

Шиеленісуі: Жалғыз қараша үй. Шал мен қызы Жаңыл, олардың жалғыз нары туралы

Шарықтау шегі: Естеместің Жаңылға ғашық болуы. Елде жоқ қолқа

Шешімі: Күй құдіреті. Қыздың қарсылығы мен «Наридірген» күйі

★ **Кейіпкерлері:**

Естемес - күрең атты, жасы елуді алқымдаған, әдемі дөңгелек қара сақалды, биік дөңес мұрынды, кішілеу, өткір қоңыр көзі биік қабағының астында терең ұялаған қағылез, тарамыс денелі, қатқыл өңді, егде кісі.

Оразымбет - Естемеске ергеніңе жыл болып қалған жас шәкірті, құлағы сақ, қолы жүйрік жігіт. Астында жалын өрген қылаң бесті, үстінде өңіріне зер ұстаған көк мақпал қамзол, талдырмаш белін қызыл күдері белбеумен қынай буған, басында төбесін көк мақпалмен тыстаған құндыз бөрік. Тек ер-тұрманы ғана жұпынылау. Бір кезде көк сауырлап, жез шегені тізілте қаққан ері басқа біреудің астынан ауысқан сияқты, әбден тозып, бояуы оңып, жарғақтанып кеткен. Ердің артындағы ұзын қызыл қоржыннан шекпен қап кигізген домбыраның мойны шығып тұр.

Шал - Жаңылдың әкесі, қараша үй мен нар иесі.

Жаңыл - басына үкілі тақия киген талдырмаш денелі қыз. Жасы он алты-он жетілер шамасында болар. Қою қара қасты, мөлдіреген қара көзді, дөңгелек жүзді, қара торының сұлуы екен. Үстіндегі жалаң көк көйлегі тозған.

★ **Маңызды деректер:**

Екі салт атты адырдың басына желе-жортып шықты да, аттарының басын іркіп, алақан астынан алысты шолды. **Бұл екі жолаушы Естемес күйші мен оның жас шәкірті Оразымбет.**

Төмен қарай көлбеп бара жатқан, жас жігіт қамшымен нұсқаған кең жазықтың шетінде мұнартып, оқшау тұрған жалаңаш тау: **Ипан тауы.**

Күйшінің өмірі: қамшыны тастай беріп, домбыра ұстайды. Домбырадан босап кетсе, қолы тағы да тізгінде болады.

Естеместің Оразымбетке айтқаны: «Бірақ күйімді үлгі етсең де, менің өмірімді үлгі етпе. Жас елуге келді. Менің өмірім тұрлаусыз болып барады. Қанша ел көрсем де, жер көрсем де, қайтып оралар бір қазығым жоқ. Жар сүймей, бала сүймей кетіп барам. Енді бір айналғанша қарттық келеді. Нағыз отбасының жылуын аңсайтын кез сонда болар...»

Оразымбеттің ұстазын аяп кетіп айтқаны: «Сізге қарттық қайда, Есеке? Әлі де біреуді айттыруға болады ғой. **Алпыстағы Түлкібай** да былтыр қыз алған жоқ па?»

Естеместің жауабы: «Аңғыртсың-ау. Немді көріп, құда түсем? Күйге қыз берген қазақты әлі көргенім жоқ.»

Осы әңгімеден кейін екеуінің де көңілі жүдеп, үнсіз келе жатты. Кенет суалып қалған жырадан жалғыз нар көрінді. Жолаушлар үйреншікті мал емес, жапанда жалғыз қалған адам көргендей әлденеден тітіркеніп, аттарының басын тежеп, іркіліп қалады.

Нардың түрі жүдеу, бүйірі солып, өркеші қамшылар жағына қисая ба-

стаған. Тамыры қураған ағаштай семіп, кішірейіп бара жатқан ірі тұлғасы, күйіс қайырмай, қыбыр етпей тұрған мүсәпір бейнесі, әсіресе, телміре қараған жасқа толы үлкен мөлдір көзі екі күйшіге қатты әсер етеді.

Оразымбет қорқып қалып, дұға оқып жіберіңіз дейді.

Нардың ботасы өлген екен. Зары қандай ащы еді. Түйе деген жануар баласын адамнан артық жоқтайды екен.

Оразымбет те демін ішіне тартып, ұстазының дидарына ынтыға қарап қалған: жаңа бір күйі сарайының есігін ашқанша асыққан сабырсыздық бар өңінде.

Ат жалына еңкейіңкіреп барып, Естемес ырғалып, кеудесін көтере беріп, тың күйді бастап кетті. Майда ырғақты, жұмсақ әуен бояуы оңып кеткен шүберектей күзгі даланың үстінде қалықтай берді. Сәл бәсеңдеп барып, домбыраның кеудесінен екі-үш ырғалып, әрең суырылып көтерілді де, ар жағы мұңды сазға, майда ырғаққа ауысты. Көңілі жүдеу бейшараны жұмсақ алақанмен маңдайын сипап, алыстағы бір болмашы үмітті нұсқағандай елес берді. Күй шым-шымдап ішке кіріп, көңілді босатып, қабақ астында қатып қалған жасты жібітіп, енді бір кез майда рақат самалмен желпіп, сергіткендей болды.

Терең әжімді, ашаң жүзіне жастық, балғын нұр жүгіріп, кішілеу өткір көзі дымқыл тартып, Естемес балқып тұр екен. Салалы ұзын саусағы буынсыз болып кеткендей, жібектей майысып, жыпылдап барады. Жаңағы бір сезім тал майда әуенді қайталап келіп, енді көтеріле бергенде, өрге шыға алмағандай тайғанақтап, күй сазы қайта шегінді. Тағы да бір-екі рет талпынып барып, булығып қалды. Естемес ыза болғандай, домбыраны қатты бір қақты да, бұрылып, артындағы қоржынға салып қойды. Бұл өзі көптен көңілді тербеп жүрген, дәл осы арадан аса алмай жүрген күйі болады.

«Қашан кемеліне келтіргенше, күйді көп алдына салмаған жөн. Халықтың құлағын қажаған күйші күйден садаға кетсін.»

Қашаннан әдеті: күйің әбден нақыштап алғанша, жанға естіртпейді. Ең аяғы қасындағы жолдасы Оразымбеттен де бүгіп, осы күйді оңаша толғап жүреді.

Нар соңынан әудемжер еріп отырған екі атты Ипан тауынан бергі ылдидағы қайнарда жұпыны ғана жалғыз қараша үйді көріп, соған барады. Үйден басына үкілі тақия киген талдырмаш денелі қыз қонақтар мен нардың алдынан шығады.

«Дауысының әсемін-ай, құлақты қытықтап барады. Әрі еркін, әрі ибалы, мінезі де оңды екен», – деді Естемес ішінен. Шынтағындағы білдіртпей салған жамауын да күйші көзі шалып қалады. Тіпті бұл үйдің жолаушыларға сусын ұсынып, қазан астына от жағуды ұмытып кеткені де есіне келмеді.

Шалдың келген қонақтарына айтқан мақалы және оның себебі: «Өлімнен ұят күшті.»

Арқалайтын да, асырайтын да жалғыз нарымыз анау жатқан. Ауыл көшерде босалап кетіп, ботасыз қайтты. Суалып қалды. Қаң?сытып, таңдайды кептіріп отыр. Естеместің көзі қыз көзіне түсіп кеткенде, жүрегі бүлк ете қалады. «Сақалды басыммен сабырдан айырылға?ным қалай?» деп кейіді өзіне Естемес. «Кім біледі, жер ортасынан асқанда, тәңірінің сарғайтып барып бұй?ыртқаны

осы болар», – деген де ойға тіреліп, қайта ауытқиды.

Шалдың Естемеске салған қолқасы: Өнерінді салып көрсең қайтеді? Хақ тағала көз жасымызды көрсе, кім біледі, нарымыз иіп кетер. Салшы өнерінді, қарағым. Қолымнан келсе, не сұрасаң да берейін.

Естеместің шалға айтқан жауабы мен елде жоқ қолқасы: Сіз де елде жоқ қолқа салып отырсыз. Мен де елде жоқ қолқа салайын. Осы күнге дейін жар сүймей келе жатыр едім...

Шал баламды қор қылмассың, сөзім – сөз өнерің жетсе, тілегінді бердім деп келісімін береді.

Сол кезде Жаңыл есіктен қарап «Екі күйші өнерлерінді бірдей салыңдар», – деді.

Түйенің ендігі түрі манағы көргеннен бөлек. Балшықтан күйғандай денесінде қыбыр еткен тірлік белгісі жоқ. Басын манағы келген жағына бұрып, сонау алыс адырға құрғақ, жансыз көзін қадап, қатып қалған. Жаңыл келіп, түйенің мойнынан құшақтап, басынан сипағанда, Естеместің көзі тағы да Жаңылға түсіп, «Мал баласына осылай пейілің түскені жас та болсаң, аса мейірбан боларсың» деп ойлап, күйшінің іші жылып кетеді.

Күйші жүгіне беріп, «я, сәт» деп, домбыраны қағып-қағып жіберді.

Жасы ұлғайып, қимылы ауырлап кеткен ұстазының жас жігіттей құлшынып шыға келгеніне, Оразымбет таңырқай қарады. «Бір жылдан бері мен аңдамаған мінезін осы бүгін көрсетті-ау» деп ойлады. Әншейінде жайғасып, малдасын құрып, тіпті шынтағына жастық қойдырып тартатын күйші, қазір бір тізерлеп, тулақ үстіне жүгініп отыра кетіп, сілтей жөнелді. Домбыраны қатты қағып, нарды бір елең еткізіп алды да, күйді бастап кетті.

Діріл қаққан күй тарауға, майда қоңыр сазды сарынға ауысады да, ақырындап, көтеріле береді. Күйшінің саусағы домбыраның сағағына таман келіп, безек қағып, күй аз бұлқынып, жоғары өрлейді де, суырылып барып, асқақтап жүре береді.

Оразымбет күйді жалғастырып кеткенде ұстазына қатты сүйсінеді. Естемес күйге елігіп, өзге дүниені ұмытып кеткендей болады. Талайдан бері арқаны құрыстырып, кеудені кернеп, булықтырып жүрген нәрсе түйіні шешіліп, қыртысы тарылып, жанын сергітіп, әсем сазды күй болып дүниеге келе жатыр. Сарылып іздегені оңай табылып, шиеленісіп қинағаны тез шешіліп, күйші көңілі де күй қанатына ілесіп, алысқа самғайды. Сәл иіліп, талдырмаш тұлғасы әсем майысқан қыз бұлдырап, алыстап, биіктеп кетеді. Сонау көкжиектен, сағым арасынан сыңғырлап күліп, еліктіре шақырғандай болады. Күйші көңілі соған талпынады.

Нардың тақырдай қатып қалған қайыс жоны жұмсарып, қан жүгіргендей. Денесіне тіршілік дірілі еніп, бір-екі рет қозғалып, теңселгендей де болды. Жаңағы қадалған қырқадан басын бері бұрып, үлкен көзі жасқа толып, жаудырап тұр екен. Күйші осы кезде күй ырғағын баяулатып келіп, ақырын дірілдетіп көтерді де, ботадай боздатып жіберді. Анадан айрылған жас ботаның алғашқы зарлы үні үзіліп-үзіліп шығады. Аруана осы тұста бір ыңыранды. Естемес оны да домбыраның шегіне іліп әкетті. Күйшінің көзі Жаңылға түскенде

қыз нардың емшегін қысып ұстап, қатып қалыпты. Нардың желіні тырсыып барады. Естемес қыздың әдейі саумай тұрғанын байқады. «Екі күйші, өнерлерінді бірдей салыңдар» деген қыз сөзінің астары енді ашылып, есіне қайта түсті. Дір етіп, бір шошынып қалған күй әлгі тапқан жайма шуақ биігінен төмендеп, қайтадан мұңлы сазға ауысып, күңіреніп барады. Сәлден кейін жалт еткен арманынан айырылып қалғандай күй тағы бір талпынды. Естемес Жаңылға енді бір қарағанда, сығымдап қысқан сүйріктей ақ саусақтың арасынан шым-шымдап сүт тамып тұрды. Күйшінің де көзінен жас тамып кетті: «Заманым өткен екен ғой»,– деп аһ ұрды.

Жалт бұрылды да: – Ар жағын сен тарт, – деп саңқ етіп, домбыраны Оразымбетке тастай берді. Оразымбет домбыраны алып, жалғастырып тарта жөнелгенде, нардың сүті де шелекке сауылдап құйыла берді.

Біз қайдан білейік, ел: «Наридірген» күйі осылай туыпты деседі.

- ★ **Ұлттық құндылықтар:** Күй мен өнер құдіретін көрсетеді.
- ★ **Түсінік:** Қазақтың аңызы негізінде жазылған шағын әңгіме болса да, айтар ойы көп, тағылымы терең шығарма. Күй құдіретін ашық жеткізеді.
- ★ **Өз ойым:** Автор Естеместің ауыр тағдырын қоса айтады. Күй соңында күйші қатып қалған нарды идірсе де, қыз оған заманының өткендігін білдіреді. Осыдан күйдің шығуы туралы аңызды да айтып өтеді.
- ★ **Ұқсас шығарма:** «Құлагер» Ілияс Жансүгіров

«ТӘУЕКЕЛ ТОЙ» ШЕРХАН МҰРТАЗА

- ★ **Тақырыбы:** Қазіргі заманғы бәсеке тойы
- ★ **Идеясы:** Даңқ пен дақыртқа мастанған жандардың өзгеден асып түсу мақсатында тойдан кейін қарызға белшесінен батып жатуы - бүгінгі күннің шындығын ащы мысқылмен жаза отырып халықты ақылға, қанағатқа шақыру.
- ★ **Жанры:** Әңгіме
- ★ **Композициялық талдау:**
 - Басталуы:** Керімқұл мен Төкеңнің той жайында әңгімесі
 - Байланысуы:** Керімқұлдың арам ойы мен тойының басталуы
 - Дамуы:** Әкелген сыйлықтардың Керімқұлға жақпауы. Төрегелді берген томпақ конверт, Сарыбел әкелген қой мен қалған қонақтардың берген сыйы
 - Шиеленісуі:** Асыға күткен Жеңіскүл. Жеңіскүлдің танасын жоғалтуы, қайыршы баланың әрекеті мен ойы
 - Шарықтау шегі:** Той шырқының бұзылуы. Қонақтардың тойдан қайтып кетуі
 - Шешімі:** Түксіз қалған Керімқұл, ойының жүзеге аспай қарызға белшесінен батуы
- ★ **Кейіпкерлері:**
 - Керімқұл** - Сидаң бойлы, сіріңке қоңыр реңді, бурыл шашты Керімқұл ақ костюм, ақ көйлек, қара галстук тағып алып, егде тартқан жасына қарамай,

ұшқыр аттай лыпылдап, жайраңдап жүреді, алақұйын, алыпқаш мінезді.

Төкең - Керімқұлдың төсекте сырқаттанып жатқан аталас ағайыны. Төрегелді - бурыл шоқша сақалы бар, қаншырдай қара шал, Керімқұлдың жездесі.

Сарыбай - қоңқақ мұрын, тыртық тақыр бас, балуан такілеттес, гүржиген **Ойпаңбелдегі** нағашысы, көкпаршы

Күләй - қаланың шетінде тұратын базаршы қарындасы.

Жеңіскүл - **Жасылкентте** тұратын Керімқұлдың жиен қарындасы. Үш баласы үш фирма ұстайды. Бір келіні банкир. Жақында Лондонға, Меккеге қажылыққа барып келген. Ол үшін бір мың доллар, пішту, шемішке шаққан ғұрлы емес.

Сәтек - Керімқұлдың ауылынан шыққан әнші, облыстық филармонияның артисі, аталас болып келетін Сәтек серіні той иесі тамада боласың деп шақырған. Бадырақтау бақа көз, бұйрабас.

Қайыршы бала - Шашы өсіп кеткен. Сірә, үшінші, төртінші сыныптың баласы. Үсті-басы подвалда түнеп шыққандай мыж-мыж. **Алуа деген қарындасы бар.**

★ **Маңызды деректер:**

Керімқұл жетіп келген үй: аталас ағайыны **Төкеннің үйі.**

Айтылған сөз: **«Он үште отау иесі».**

Керімқұл өзінің жасы **20-ға келген ұлы Нұркені** үйлендірмек екен.

Ағайыны ойланып қалады: Өзінің әкесі Құттыбекті баяғыда он үшінде үйлендірген екен Есей бай. Мына Керімқұлдың әкесі Қарағұл мен Есей бай бір атадан - Тоқсанбайдан туған.

«Мұныкі де дұрыс-ау, — деп қойды ішінен ағайыны. — Адам бейшараның ғұмыры қысқа, жүзге келсе де аз ғой. Қарға екеш қарға да үш жүз жыл жасайды дейді. Менің Ботаханым отызға таяды. Әлі бойдақ. Жоқ, бұл Керімқұлдікі де дұрыс бір жағынан».

Керімқұл мына жағы - Жасылкент, мына жағы - Мәуелі болып ағайының бәрін жинап, тойға 500 адам шақырмақшы.

«Қарға тамырлы қазақта не көп, жегжат көп».

Қаладағы ең мықты ресторан - «Аспантау».

Төрегелдінің берген сыйы - кіршіндеу томпақ конверт.

«Ер мойнында қыл арқан шірімес» деуші еді деп, кезінде әпкесін қалыңмалсыз алып кеткенін еске алады.

Жақындағы жегжаттан біраз дәмесі бар еді, бірақ көбісі бір-бір уыс гүл ұстап келді.

Гүл әкелгендерді көрген Керімқұлдың ойы: «Ата дәстүрін білмеген албастыпар, қай қазақ бұрын тойға гүл ұстап келуші еді? Гүл дегенің кәдімгі шөп. Аш сиыр болмаса, мұндайды мал да жемейді. Бірер күннен кейін өрт шалғандай бүрісіп, қарайып қурап қалады. Көп қабатты үйден шығарып, қоқысқа тастап құр бекер әуре боласың».

Сарыбай грузовикпен құнан қой әкеліп, сыйға береді. Құйрықты қазақы қой екен, Керімқұл ішінен: «Он мың болып қалар» деп есепке салды. Ораза кезі болса, бағасы одан да жоғары көтерілер еді, бірақ Ораза айы әлі алыста.

Күләй қарындасы қазақбайшылап леген көтеріп келіпті. Онысы бірер уыс өрік-мейіз, бірер уыс бауырсақ, бірер уыс арзан кәмпит.

Ендігі үміті, ендігі зарыға күткені — Жеңіскүл. Жасылкенттен жеткенше біршама алыс жер.

Төрегелді - қырғыздан темекі тасып, соны стакандап сатып жүрген майда саудагер.

«Су бойында бақалар бақылдай бастады. Олардың бақылдағаны әлдекімдердің сақылдап күлгені сияқты боп естіледі. Даладан бақалар да безіп кетіп, қалаға келген бе? Несі бар мұнда? Ауылдағылар қалаға қарай ағылып жатыр. Олардікі, бәлкім, жөн шығар. Ал, бақаға не жоқ? Оларға да жұмыс табылмай қалған ба?» - деп автор бақалар арқылы ирониямен жеткізеді.

Осы кезде көшеде шашы өсіп кеткен, үшінші, төртінші сыныптың баласы қайыр сұрап жүреді. Үсті-басы подвалда түнеп шыққандай мыж-мыж. Әркім-әркім сол баланың өзіндей мыж-мыж болған жыртық-жыртық үш теңгелік, бес теңгелік бірдеңелерді берген болады да, әлгі көзі мәлиген міскінге тура қарауға дәті шыдамай, теріс айналып кетеді. Бала Керімқұлға жақындап келеді, ақ киінген соң мырза деп қалған шығар. Үні шықпай, ерні ғана жыбырлап, алақанын ашып та жаймай, алақанға салғанды түсіріп алатындай, қолын қусыра созғанда Керімқұл қатты ұрсып, сөлекет сөз айтады. Жас бала жүрегіне қалмақтың оғы тигендей қатты назаланып қалды. «Қайыршы болма. Қайыршы болсаң — арыс бол. Мың түрлі адам бар — мың түрлі мінез бар. Соның сорақыларына мән бере берсең, жауқазыныңнан жайрайсың.» - деп автор ой қозғайды. Бала көше бойындағы зипа терекке арқасын тіреп, жүрелеп отыра кетті. Әлгі жекуді көтере алмай қалды. Әлдекім тұмсығынан тепкен күшіктей ішінен қыңсылады.

Дәл осы сәтте алды-арты жарқылдаған, пошымы бөтен, өңкигендеу бір машина келіп, тура қайыршы баланың қасына тоқтай қалды, көлікті «Джип» деп атайды екен. **Шомбал шопыр** қарғып түсіп, асыға басып, артқы есікті ашты. Ай мен күндей жарқ етіп, ар жақтан бір әйел алтын білезікке білегі толы қолын соза беріп еді, шомбал шопыр, қап-қара қолымен алтындаған ақ білектен ұстап, әлгі ханымды сүйемелдеп жерге түсірді.

Жеңіскүл табанын жерге тигізерін не тигізбесін білмей перламутр туфлиінің өкшесімен ғана тұрып қалды. Қасиетті Әулие-Атаның көшелері күнде сыпырыла бермейді ғой, сәл шаң-топырақтау еді, Керімқұл тіпті Жеңіскүлдің жолына кілем төсеп тастауға дайын болады.

Керімқұлдың сидаң сирағы шегірткенің серпініндей ыршып кетіп, жиен қыздың қасына бір-ақ қарғып жетті. Бара бас салып құшақтап, жиенінің бетінен ары да сүйді, бері де сүйді. Женіскүл қанша қарсыласса да болмай, өліп кетердей өңмендеді. Оны Жеңіскүл жақтырмайды. **Жасылкенттің «Арулар залында» үш сағат отырып жасатқан прическасы, макияжы құрыды ғой. Сілекейден беті айран жаққандай айғыз болып қалды. Туфлиі түстес перламутр сөмкеден бір конверт алып, нағашысына ұстата берді. Керімқұлдың**

кеудесіне күдік кірді. **Конверт жұқа, «скромный» деп жиен қыздың өзі айтты. Соңғы үміт осы жиен қызда болатын. Әлде доллар шығар деп жуатты өзін. Доллардың қағазы жұқа, бағасы қалың.**

Әлгінде ғана Керімкүл Жеңіскүлді құшақтап, құшып-құшып сүйген жерге қайыршы баланың көзі қайта түсіп жылтырауықты көреді, топыраққа шала батып жатқан әлгі жылтырауықты алып, алақанына салып көрді. «Алуа қарындасыма апарып берейін» деп ойлайды, ол өзі сияқты киімі жоқтан мектепке де бара алмай қалған екен. Шешесі екеуі бүгін базар жаққа кеткен. **Қайыршы қызға әсем тана не керек деп, бала судың жағасында, ақсақ иттің қасында тұрып, қалтасындағы жылтырақ затты өзенге лақтырып жібергісі де келді. Алуаның кір-кір жамау көйлегіне жараспайтын да шығар. Қалтасынан шығарып, күнге тосып, қасындағы ақсақ иттің көзіне шағылыстырды. Ит шошып түсіп, шойқаңдай басып, әрірек барып отырады, оған да гауһартастың керегі жоқ, бір түйір ет лақтырса, сол олжа. Кәуап шайнап отырғандарға мәлие қарайды. Қаңғыбас иттің көзінде адам түбіне жетпес тұңғиық терең мұң бар сияқты көрінеді.**

Той қызға бастаған тұста алғашқылардың бірі саналып, Жеңіскүлге сөз берілді. Тойбасы «Түп-тұқиянынан бері асыл затты, ақсүйек, тектілердің тұяғы, ай мен күндей ажарлы, жүрген жері құт-береке базарлы, қазақ әйелдерінің эталоны десе де болғандай Жеңіскүл ханымға сөз кезегін аса бір құрметпен ұсынамын!» дегенде барлығы Жеңіскүлге жаппай қол шапалақтап, соның аузынан алтын төгілетіндей, сілтідей тынып, назар аударды. Мұндай мол ықыласқа масаттанған Жеңіскүл өзіне қадалған сол көздерді құлағындағы, мойнындағы, омырауындағы меруерт, лағыл, гауһар тастармен қарықтырмақ болып, жан-жағына бұрылды. Жеңіскүл ән салатын халық артистеріндей алтын-гауһары жарқыраған жұдырығын аузына тақап, бір жөткірініп алды да тарғыл-тарғыл ащы дауыспен сөз бастады. «Менің аяулы анам Әсемгүлдің ағасы, анам тірі болғанда осы тойға өзі қатысатын еді-ау,» — деп барып, жарқ-жұрқ еткен шағын сөмкеден аппақ бәтес орамалын алып, көзін сұрткендей болды. Оған сол қимылдан бетіне қалың жағылған опа омырауына түсіп, жұтап қалғандай көрінді де, әлгі орамалмен кеудесін сүрте беріп... мелшиеді де қалады.

«Бриллиантовые подвески на пятьдесят тысяч долларов!» деп шу шығарады, тана бриллиантын жоғалтып алыпты, бірінші тамададан көреді, одан оң Керімкүлдың өзін шақырып алып, одан да көреді. Сонда **Жеңіскүлдің қарсы алдында отырған жуантық қазақы қара кемпір: «Жеңіскүл қарағым, мен бағанадан бері сенің шашыңдағы, құлағыңдағы, мойныңдағы, білегіндегі, саусақтарыңдағы алтын, гауһарларыңның бәрін сан қайтара санап шықтым. Екі көзім сенде. Бірақ омырауыңнан гауһар тана көрген жоқпын. Көрсем оны да қызықтар едім ғой,» — деді. Салиқалы кемпірдің сөзі салмақты шықты.**

Жеңіскүл Керімқұлды жеке шақырып алып, құшақтаған жерге түсіп қалған болар деп көшенің ортасынан нағашы-жиен екеуі жерден іздей бастайды. Бұл кезде жұрт ошарылып қалмасын деп, тамада жігіт өзбек, орыс, қазақ туралы анекдот соқты. Дала күңгірттеніп, іңір сөніп бара жатқан кез екен. Қаланың көшелері қап-қараңғы. Ресторанның алдына ілінген жалғыз шамның жарығы бозалаң. Алагеуім қараңғыда не іздеп мандырасың. Нағашы-жиен бір-бірімен сағыныса көріскен жерді Жеңіскүл перламутр-седеп туфлиінің істік тұмсығымен жерді түрткілегенде, седеп туфли әбден шаң-топырақ болды. Жеңіскүл оны да елеген жоқ. Бриллиант табылса, туфли садақа, оның тұмсығымен кеніш қазуға да пейіл. **Осы кезде милиционер кез болады, Жеңіскүл одан тойдағыларды тінтуді сұрағанда, Керімқұл «Тойдағы қонақтарың тінтіпті» деген атаққа қалмайын, ұят болады деп шошып кетеді.**

Осы сәтте қонақтар да басқа ешбір тойда болмаған қызыққа баттық деп қайырылмай кетіп қалады. Тамада, әртістер мен ресторанның завзалы да той тез таркады ғой деп Керімқұлдан ақыны сұрай бастайды. Амал жоқ болған соң конверттердегі ақшаларды бермекші болады да, қолына жездесі берген конверт түседі. Конверт қамырмен желімделген екен, желімі оңай ажырамайды. ашып қалғанда конверттің іші - шылым орауға арналған газет қиындыларына толы екен. Арасында кілең бір теңгеліктер мен тілім ақ қағаз бар екен. Жүрегінің аздаған дімкәсі бар Керімқұл қисыққыныр жазуды оқыды да, орындыққа сылқ етіп отыра кетеді.

- ★ **Ұлттық құндылықтар:** Қазіргі таңдағы ең көп кездесетін ащы шындықты айтқан. Қазақтан ежелден келе жатқан салт-дәстүр - тойдың бәсекеге айналғандығын жазып өткен.
- ★ **Түсінік:** Жазушы той десе жанын салатын қазақтың бүгінде дәстүрлі тойларды жоғалтып, оны тек бәсекеге айналдырғанына қынжылады. Өзгеден асып түсу мақсатында аста-төк дастарқан жасап, оған қыруар адам шақырып, тойдан кейін қарызға белшесінен батып жатуы – бүгінгі күннің шындығы.
- ★ **Өз ойым:** Әңгіме сюжеті адам бойындағы қанағатсыздықты, аңғалдықты әшкере етуге құрылған. Осындай жаман әрекеттерден аулақ болуға үндеген автордың өмірдің өзекті мәселесіне бей-жай қарай алмағанын байқаймыз.
- ★ **Ұқсас шығарма:** «Қалың елім, қазағым, қалың жұртым» Абай Құнанбаев; «Тойдан қайтқан қазақтар» Сұлтанәлі Балғабаев; «Бір кем дүние» Шерхан Мұртаза.

«ҚОНАҚТАР» ТӨЛЕН ӘБДІК

- ★ **Тақырыбы:** Отбасы мен қара шаңырақ
- ★ **Идеясы:** Баланың ата-ана алдындағы перзенттік парызы. Адамгершілік мәселесі
- ★ **Жанры:** әңгіме
- ★ **Композициялық талдау:**

Басталуы: Ерғабыл шал мен кемпірінің әңгімесі

Байланысуы: Ерғабылдың мал ізлеуі, ішкі ойы

Дамуы: Ерғабылдың қаладан келген баласы. Ауыл қонақтары

Шиеленісуі: Дастархан басындағы әңгіме. Ауыл әні

Шарықтау шегі: Мазасы кеткен қарт

Шешімі: Ақталмаған үміт

★ **Кейіпкерлері:**

Ерғабыл- Бектемірден қалған ұрпақ, 75-те. курорттан балаларын күткен қарт, ауыл тұрғыны, көп сөйлемейтін жан.

Кемпір- Ерғабылдың әйелі

Сапабек- ат жақты, қапсаған сары жігіт. Ерғабылдың ұлы, жас, оқыған, өзім-шіл, көп сөйлегіш ел аралаған геолог.

Тома- келіні. Қазақша білмейтін, омырау жендері ашық шұбар көйлек киген, шашын қидырған топ-толық, ақ сары ажарлы келіншек.

Жеңіс- аяқ-қолы шидей, көзі қитар алтылар шамасындағы немересі.

Аспандияр- иегі шығыңқы, ірі, қапсағай домбырашы, тракторист жігіт.

Абыл- ауыл қарты. Өзінің немерелерінің сөзін күлкі етеді.

★ **Маңызды деректер:**

Курорттан қайтып бара жатқан баласын тосып, түнде де, күндіз де ұйықтай алмай жүрген қарт: **Ерғабыл.**

Таңертең кемпірінен **шақшасын** сұрайды (шақша-насыбай салатын ыдыс).

Ерғабыл кемпірі өлсе, **Бағиланы** аламын деп күледі.

Кемпірінің ренішпен айтқан жауабы: «Иә, жетісерсің! Бала бір жақта, біз бір жақта. Мына қу моладан сүйегімізді табар бір күні. Осы **Қаратүбектің** басында жұмақ тұрғандай, екі елі қия баспайсың... Бүгін келсін балалар еріп кетермін. Қал жалғыз өзің омалып...»

Шалдың әңгімені бұрып айтқаны: Ноқтаның басын байламапсын, құлын қашып кетіпті.

Шал құлынды **Қарабидайықтан** іздейді. Ал жылқылар **Шайтанкөлдің** басында жүр екен. Шал қартайғандықтан, бес уақыт намазын кейде ұмытып кетеді екен.

Шалдың ойлары: «Өлерінде абыроймен кету».

Қонақтар шаңқай түсте келеді.

Кішкентай немесеі сөреден құт алып үлгерген шидей бала болады.

«Қолының қаруы бар» деп бір жасқа мал сойдыртады.

Үйге келген қонақтардың, Сапабектің айтқан Ерғабылға ұнамаған

мылжың әңгімелері: Геология туралы, Қазақстанның пайдалы қазбаға бай екендігі және граниттің Украинадағы пайдасы туралы да айтады. Кейін **Лондон, Будапешт, Марокка, Италияға** барған сапарларын, өзге елдердің салт-дәстүрін, мәдениеті мен адамдарын мақтады. Италиядағы кедей адамдардың тағдырына өкініш білдірді.

Босағада жалғыз қалған кейіпкер: **Тома**

Шайды Тома құйды, бірақ кемпір айтып отырады.

Шалдардың әңгімесі: Бектемір, Қазыбай тұқымынан 70-ке жеткен еш-

кім жоқ еді. Киімдерінді қимай отырсың ба? деген сияқты Ерғабылға айтылған сөздер.

Күн еңкейіп, шаңырақтан өткенде шалдар намаздарын оқиды. Ал Сапвбек қар адамы, Америкадағы ұлттардың теңсіздігі жайында, жетілген техника туралы айтады.

Домбырада ойнаған: Дүйсенбінің тракторист баласы Аспандаияр.

Жеңісті тастамауларының сылтауы: бала қазақша білмейді, жасы жетіге келді. Мектепке баратын уақыты болды, ауылда орыс мектебі жоқ.

Шал қыстау жанындағы қораға қи оюға кетеді. Уайымың басу үшін бұрынғы кездерді еске алғанымен, ештеңе шықпайды.

- ★ **Ұлттық құндылық:** Ұлттық мұраны, халық салт-дәстүрі мен ата жолды ұстануды ұмытпауға шақырады, қара шаңырақтың маңызын сөз етеді.
- ★ **Өз ойым+түсінік:** Шығарма шағын болса да айтар ойы терең әрі ата-ана, отбасы мәселесін сөз етеді.
- ★ **Ұқсас шығарма:** Б.Момышұлы "Ұшқан ұя", Д. Исабеков "Әпке"

«МЕНИҢ АТЫМ ҚОЖА» БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ

- ★ **Тақырыбы:** Қызықты балалық кездер мен мектеп өмірі
- ★ **Идеясы:** Адамгершілік жақсы қасиеттерге үйрету
- ★ **Жанры:** повесь, хикаят

★ **Композициялық талдау:**

Басталуы: Қожаның өзі туралы мәлімет беруі, есімі, әкесі жайлы...

Байланысуы: Майқановамен алғашқы кездесу

Дамуы: Қожа үміт еткен қоңырау, орыс тілі сабағында

Шиеленісуі: Бақаның шуы

Шарықтау шегі: Педсовет жайлы, соңғы шешім

Шешімі: Қожаның өзіне қойған ережелері, құпия кеңес

★ **Кейіпкерлері:**

Қожа — Шын аты Қожаберген. Бір сыныпта екі Қожа болғандықтан, шатастырмас үшін оны "Қара Қожа" деп атайды. Кейде келемеждеп «Қара Көже» дейді. Фамилиясы Қадыров. Бір кезде «Қадырұлы» деп те жазып жүрді. Шашы қайратты. Бойы - орта бойлы, әжесі "әкең тәрізді сұңғақ боласың" дейді. Мектепте дәрігер өлшегенде бір жүз отыз тоғыз сантиметр шыққан. Жасы он екіде. Бесінші сыныпты бітірген. Арманы: оқу бітіріп, ер жету, университетке түсу. Жазушы болу.

Сұлтан - Қожаның жан досы, жаман қылықтарға әуес.

Жантас - Қожамен бір сыныпта оқиды. Жантас пен Қожа бір-бірін ұнатпайды. Қожаны үнемі «Қара көже» деп мазақтайды.

Майқанова - қазақ тілі пәнінің мұғалімі (Майқанова Сәбира). Қожа оқитын сы-

ныптың жетекшісі. Ол адамгершілігі мол әрі ақылды ұстаз, талапшыл әрі қатал.

Әжесі - Қожаны қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай қызғыштай қорғап өсіреді. Өзінің ерке немересін еш жамандыққа қимайтын жанашыр жан.

Анасы - Қожаның анасының аты - Миллат. Ол ақылды, тәрбиелі адам. Ауылдың үлкен-кішісінің бәрі бірдей алдынан қия басып өтпей, хан көтеріп, құрметтеп тұрады. Екі бірдей сайлауда қатарынан аудандық советке депутат етіп сайланған.

Сәйбек қарт - мектеп күзетшісі. Ол Қожаның әкесі Қадырдың досы, әкесі туралы көп білетін әрі Қожаға ақыл айтқан кісі.

Оспанов - зоология пәнінің мұғалімі. Қожаның жақсы көретін мұғалімдерінің бірі. Ол Қожаның әкесінің көзі тірі кезіндегі жан досы болған.

Анфиса Михайловна - орыс тілі пәнінің мұғалімі. Қожаның айтуынша, "мұғалімдердің ішіндегі алтын адам".

Ахметов - галифе қара шалбар киген жіңішке аяқтары сидиып, шашы қақ жарыла желбіреп қаздыып тұрған мектеп директоры. Қатал, талапшыл.

Сүттібайдың Қожасы — Қожаның сыныптасы. Сүттібайдың үлкен баласы. Бір сыныпта екі Қожа болғандықтан, шатастырмас үшін оны өңіне қарап "Сары Қожа" деп атайды.

★ Маңызды деректер:

Адамның атының сүйкімді болуы да зор бақыт па деймін. Мұрат, Болат, Ербол, Бақыт деген аттар Майқанова тәтейше айтқанда, бұлар жоғары идеялы есімдер. Мұндайлар өз атын кәдімгідей мақтаныш көріп, біреумен таныса қалса, мәнерлеп, көтеріңкі дауыспен айтады.

«Өмірде осы тәрізді әділетсіздіктер толып жатыр. Жуырда мен газеттен оқыдым: қытайлардың ат қоюы қызық болады екен. Бала бес-алты жасқа толғанша, оның тәуелді аты болмайды. «Ортаншым», «Кенжем», «Сүйіктім», «Жұпарым» деген секілді шартты атаумен атап жүреді. Ал есі кіріп, бес-алты жасқа толғаннан кейін, бала өзіне қандай есім ұнаса, соны тандап алады. Міне, әділдік деген.

Шынын айтсам, бұл о баста Қожа емес, Қожаберген екен. Туу куәлігінің өзінде солай деп жазылған. Бірақ дүниеде не қилы ғажайып құбылыстар бола беретіні тәрізді, бертін келе Қожабергеннің «құйрығы» үзіліп түсіп қалыпты.

Біз бір класта екі Қожа бармыз. Сүттібайдың үлкен баласының аты да Қожа. Оқушылар екеуімізді шатастырып алмас үшін, әңімізге қарап, мені Қара Қожа, оны Сары Қожа деп атайды. Жантас әдейі бұзып, келемеждеп, «Қара Қожа» дегудің орнына «Қара Көже» дейді.

Фамилиям Қадыров. Бір кезде «Қадырұлы» деп те жазып жүрдім. Бірақ жұрттың бәрі «ов» болып жатқанда, менің олардан алабөтен жырылып шыққаным жарамас дедім де, «Қадыровқа» қайтып келдім. Қадыр - менің әкем, майданға аттанғанда, мен екі жастамын.

Екі танауыма екі саусағым еркін сыйып кетерлік, қосауыз мылтықтың аузындай үңірейіп тұр, әжесі «тәмпіш неме» дейді. Екі шекемнің шығыңқылығы болмаса,

басым қарбыз тәрізді доп-домалақ, тап-тақыр.

Шашымды Әубәкір шал кеше ғана ұстарамен сыпырып алып тастаған. Қаттылығы, қайраттылығы шошқаның қылшығынан бір кем емес. Осы ауылда оны алуға жарайтын бір ғана ұстара бар — ол Әубәкірдікі. Оның өзі де алғаш салған бетте тұтқырланып, жүрмей қалады.

Біздің «Спартак» кеше қайраттықтардан жеті де бес болып ұтылған еді. Бүгін оларды қалайда жеңуіміз керек. Команданың капитаны ретінде соған қатты шырығып, іштей дайындықпен келе жатырмын. Мектептің қасында Жантас ұшыраса кетті. Қолында лагерьге жолдама бар екен, бірақ тізімде Қожа жоқ болып шығады.

Майқановамен алғашқы кездесуі: жаңа оқулықтар, дәптерлер сатып жатыр дегенді естідім, әжемнен ақша ала салып, замғап дүкенге келдім. Рас, сатып жатыр екен. Бірақ адам деген лық толы. Кезектің соңы далаға шығып кетіпті. Кезекті күтпей өтіп кетпекші болғанда көк көзді бойы Қожанікіндей тықылдаған келіншек ұстап алады. Бұл Сәбира Майқанова болып шығады. Қазақ тілінен мұғалім және класс жетекшілері болады.

Қожа кешігіп келгенде, бірінші сабақ орыс тілі. Анфса Михайловна Пушкиннің «Қысқы кешін» жаттауға беріпті, Қожа ұмытып кетеді, бірақ соңында қоңырау соғылып Қожаның жолы болады.

Бақа ұстап келуде тапсырған - зоология пәнінің мұғалімі Оспанов.

Мен бір, екеудің орнына тіс порошогінен босаған қаңылтыр қобдишаға толтырып, бес бақа әкелдім. Оның біреуі ғана үлкендеу еді де, басқалары кішкентай ұсақ бақалар болатын. Кішкентай бақаның бірін Майқанованың сумкасына сүңгітіп жібереді, Майқанова содан сабаққа екі күн бойына келмеді. Шошынып, ауырып қалыпты. Жұмысқа бүгін ғана шығып отыр.

«Түбінде адам болатын бала» деп директорға мақтап бара жатқан: Майқанова.

Кешкі астан кейін төр үйге кіріп, стол шамды жақты да, сырттан ештеңе көрінбестей етіп терезе перделерін түсірді. Бұрышта кісі бойы үлкен айна алдына отырып құпия кеңес құрды.

Қаулы. Қадыров Қожаның жеке бас тәртібіне байланысты мәселені талқылай кеп, құпия кеңес мынадай қаулы алады:

«БІРІНШІ. Тәртіпсіздік кісіні жексұрын кәрсетіп бітеді екен. Оған көзім әбден жетті. Әрі бұл адамның келешегі үшін зиян. Тәртіпсіз болсаң, комсомолға да алмай қоюы мүмкін. Сондықтан, қалай еткенде де, тәртіпті болуым керек. Ол үшін:

а) Бұдан былай ешкімге тиіспей, жайыма жүремін. Досым болсын, қасым болсын, бейбіт қатар өмір сүруге тырысамын.

ЕСКЕРТУ! Егер тиісуші мен болмай, басқа болса, оған: «Аулақ жүр, жақсылық көрмейсің» деген тәрізді ескертпелер жасауым керек. Онда да тыңдамай, баса көктеп келе жатса, мұндай жағдайда, қажет деп тапсам, қол да жұмсау арқылы қорғануға еріктімін деп санаймын.

ә) Осыдан осылай ешқандай тәртіпсіз, тұрпайы сөзді аузыма алмаймын. Үлкенді аға, кішіні іні деп тұрам.

ЕКІНШІ. Әрбір тәртіпсіздік қылығым үшін дер кезінде аяусыз жазаланып

тұруым тиіс. Жазаның түрі төмендегіше болады:

а) Егер біреуге өзім тиісіп, шатақтассам, ол күні бір мезгіл ас ішпеймін.

ә) Біреуді жазықсыз тілдейтін болсам, кезекті демалысымда ешқандай қия басып шықпаймын, үйде отырам. Яғни өзімді үйге қамаймын деген сөз.

б) Сабақ үстінде тыныш отырмағандықтан мұғалімнен ескерту еститін болсам, ол жолғы үзілісте тысқа шықпай орнымда отырамын.

в) Егер біреу-міреудің лақ-қозысы, тауық, қазы, иті біздің үйдің маңына жолап кетсе, аямай ұрып қуалайтын жыным бар. Алмастың қызыл қоразын сәйтіп әлтіріп қойдым. Бұным да жарамайды, жай айдап жіберуіме де болушы еді ғой. Ендігәрі бұндай қылықтарым қайталанса, жоғарғы тауық базға демалмастан екі рет жүгіріп барып келем.

ҮШІНШІ. Сұлтанмен жолдастық қарым-қатынасым бұдан былай үзіледі. Ол екеуіміздің сертіміз бүгіннен бастап күшін жояды. О дүниедегі қызыл ошақ жайына келетін болсақ, мен Құдайға сенбеймін, сондықтан мені дозақ оты сескендіре алмайды.

ТӨРТІНШІ. Сабақты жақсы оқу — үлгілі оқушының бірінші белгісі. Мен осы тоқсанның ішінде қалай еткенде де озат оқушылардың қатарына қосылуым керек. Ол үшін:

а) Сабақтан бір сағат та себепсіз қалмаймын.

ә) Үйге берілген тапсырманы мезгілінде орындап отырам.

БЕСІНШІ. Жоғарыда қабылданған міндеттемелердің мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету үшін, күн сайын ұйықтар алдында өзіме-өзім есеп беріп, жақсы-жаман қылықтарымды осы дәптерге тізіп жазып отырамын. Осы айтылғандарды жүзеге асыру мен үшін ұлы сын. Егер осы сыннан өте алмайтын болсам, онда маған бұдан былай оқу оқып қажеті жоқ. Анам байғұсқа күйігімді тартқыза бермей, адам болатын басқа бір жолды іздеп жоғалуым керек». Қаулы бірауыздан қабылданды.

Шығарманың аяқталуы: «Әжемнің әжімді маңдайынан шәп еткізіп бір сүйдім де, жүгіріп тысқа шығып кеттім. Шіркін, бүгінгі кеш қандай әсем еді. Ай жарық. Аспанның тұп-тұнық кәк жібек шатыры бар жиһазын тағынып мәлдіреп тұр. Клуб жақтан гармонь үні, балалардың шуылдап ойнаған дауыстары естіледі. Бойымда керемет бір жігер оты лапылдап, солай қарай бет алдым. Ай нұрынан орнаған күміс кәпір белдеулеп бет алдымда, ауылдың дәл іргесінде әзен жатыр жарқырап. Мәп-мәлдір мына ғажап дүние... «Үш! Самға!» деп, қолтығымнан қанат бітіретін, арман нысанасына қарай алып ұшатын тәрізді. Лаула! Лаула, жігер оты! Самға, қиял құсы! Асығатыным да, аңсайтыным да ертеңгі болашағым.»

★ **Ұлттық құндылық:** Мектеп өмірі туралы, жақсы мен жаман істерді ажырата білу керектігі және адамгершілі қасиеттерге үйретеді.

★ **Түсінік+өз ойым:** Шығарма балалар әдебиетінде ерекше орын алатын өте қызықты туынды, көптеген оқиғаларға толы болғаны соншалық бас алмай оқуға болады.

★ **Ұқсас шығарма:** «Тәмпіш қара» Сансызбай Сарғасқаев

«ӘПКЕ» ДУЛАТ ИСАБЕКОВ

★ **Тақырыбы:** Қамқор әпке бейнесі

★ **Идеясы:** Әпке бейнесін ашу

★ **Жанры:** драма

★ **Композициялық талдау:**

Басталуы: Қабен мен Қамажай. Үйдегі жанжал. Әкелерінің келуі

Байланысуы: Тимурдың достарымен той жасап келуі. Ой таласу

Дамуы: Тимурмен ұрыс. Қамажай мен Қабеннің хабарласуы.

Шиеленісуі: Үйдегі жиналыс. Тимурдың жаңалығы. Соңғы кездесу

Шарықтау шегі: Балалардың өз жөндерімен, өмірде өз орындарын тауып кеті баруы

Шешімі: Қара шаңырақта болған той

★ **Кейіпкерлері:**

Қамажай - басты кейіпкер. Омардың, Темірбек пен Ермектің әпкесі. Мінезі жағынан қамқор, қарапайым, бауырмал, әрі мейірімді кейіпкер.

Омар - Қамажайдың інісі. Мамандығы жағынан ғалым, философ, көбіне ғылыми тілде сөйлейді, бірақ жаны ізгі жандардың бірі, сыпайы, адамгершілігі мол, көзілдірік тағады, бойын ашуға билетпейді, көп сөйлегенді ұнатпайды, білімді, жаны ғылымды сүйеді, лақап аты - Ом.

Темірбек (Тимур) - Қамажайдың інісі. КамАЗ-да бригадир болып жұмыс істейді. Тікмінезді, бұрама тілді, бірақ адал, қызу қанды, дөрекі, айналадағыларына қамқор.

Ермек - Қамажайдың інісі. Өте сүйкімді кейіпкер, үйінің кенжесі болып табылады.

Нәзила - Қамажайдың сіңлісі. Мұғалім болып жұмыс істейді. Мінезі - ерке, тікмінезді, тура сөзді.

Гауһар - Нәзиланың құрбысы. Омарға ғашық. Ойын көтеретін ақкөңіл, адамгершілігі мол жан.

Кәмила (Кама) - Темірбектің сүйген қызы, кейіннен әйелі, темекі тартады, тілінің уы бар қыз. Өте өжет жан, жүрген жерінде ұрыс-керіске ұшырап жағымсыз кейіпкер ретінде көрінеді.

Сұлтан - Темірбектің (Тимур) досы. Білімді, зерек, сыпайы, сөзі құлаққа жағымды.

Сұлхан (Светлана) - Сұлтанның жанындағы қыз.

Қабен - Қамажайды ұнататын жігіт. Өте ақылды адам. Бақытқа ұмтылған жан.

Көрші әйел - Адам жанын түсіне білетін, жаны ашып көмектесуге дайын тұратын жағымды кейіпкер.

★ **Маңызды деректер:**

Қамажайды бауырларының атауы: «әпке», «мамуля»

Нәзиланың Қамажайға «**Жолдас Оспанова**» деп, отбасы мүшелерінің бәрінің ашуын қоздырған себебі: өзге отбасы

Қамажайдың орналасқан жұмысы: кондуктор

Тимурдың үйленуіне қатысты Омардың айтқан ойы: **Отбасы - кішігірім мемлекет. Оны басқару үшін жалғыз махаббат жеткіліксіз.** Отбасы басшысының бойында ұстамдылық, көрегендік, кешір імділік, мейірбандық сияқты көптеген компоненттер жинақталуы тиіс. Оған қосымша отбасы басшысы нәзік дипломат болғаны да жөн. Егер осы қасиеттер адам бойында қалыптасқан болса, мен өз тарапымнан інімің үйленуіне рұқсатымды беремін...

Қазақ әдебиетіндегі әулет жүгін арқалаған қыз: Қамажай

Қамажайдың өзін ұнатқан жігітке өзін тәрк етіп берген жауабы: Мен сені түсінемін. Бірақ амалым не? Үйдегі төртеуі төрт азамат болмай, өз басымның қамын ойлауға хақым жоқ. Өз жөнін тауып әке кетті, талқаны таусылып шеше байғұс арманда ол кетті. Тағдырдың соққысынан есенгіреген естерін енді жинап, көкіректерінен қайғы ұмыт бола бастағанда «не болсан. о бол» деп өз жөніме мен кетсем, олардың күні не болмақ? Жо-жоқ. Қабен, кешір мені. Бақытыңа кедергі болғым келмейді. Сенің жолың басқа. Інілерімнің біреуі шығып қалса, ұят болар. Сау бол. Таңертең ерте жұмысқа баруым керек. Өмірімде бірінші рет (Күледі). Балалардың тамағы бар, жуатын киімі бар. О-о, тірлік деген бастан асып жатыр.

Кәмила мен Сұлтанның диалогінде көрініс тапқан көркем ой: объективті және субъективті пікірі, қазіргі жұрттың бәріне ұнай беруге шарт емес, бақыт деген не?

«Бақыт деген – сөз бен істің бірлігі» деп айтатын: Нәзила

«Ғылыми тұрғыдан қарағанда, әрбір адам өз қоғамына қай жағынан болса да, пайдалы болуға тиіс. Өйткені қоғам – адам ойының жемісі» деген: Омар

«Қазіргі заманда жұрттың бәріне ұнай беру шарт емес.

XX ғасыр – ғылыми-техникалық прогрестің ғасыры ғана емес, субъективті пікірдің ғасыры. Біреуге ұнау үшін әрекет жасау бекершілік» деп айтатын: Камила

- ★ **Ұлттық құндылық:** Бауырмалдық пен кішіпейілділік, отбасы, қара шаңырақ туралы ойлар
- ★ **Өз ойым+түсінік:** Әулет жүгін арқалаған Қамажайдың өмірі көпке үлгі, тәрбие.
- ★ **Ұқсас шығарма:** Т. Әбдік "Қонақтар", Б.Момышұлы "Ұшқан ұя"

«ТОРТАЙ МІНЕР АҚ БОЗ АТ» ОРАЛХАН БӨКЕЙ

- ★ **Тақырыбы:** Жетім өмірі
- ★ **Идеясы:** Жас баланың орындалмаған арманын көрсете отырып, ашына айту.
- ★ **Жанры:** әңгіме
- ★ **Композициялық талдау:**
Басталуы: Колхоз туралы

Байланысуы: Тортайдың тағдыры мен арман-ертегілері

Дамуы: Алтайдың арғы жағында...

Шиеленісуі: Ақ боз ат туралы арман

Шарықтау шегі: Көп жылдардан кейін

Шешімі: Орындалмаған арман

★ **Кейіпкерлері:**

Тортай- автордан екі-үш жас үлкендігі бар, әке-шешеден тым ерте айырылып, алыстан қосылар аталастарының есігінде жүретін. Қой аузынан шөп алмас жуас, құлағының сәл мүкісі бар, бала болып көп ойнамайтын, жасқаншақ еді. Бәрінен гөрі ерекшелігі, таңертеңнен кешке дейін бас алмай кітап оқи беретін. Қолына не тисе, соны талғамсыз оқитын балалардың ортасындағы білгіші, ауыздарын ашып тыңдар абызы сықылды.

Автор(Ораш)- әкесі ферма меңгерушісі, Тортайдың әсіресе жақсы көретін досы. Үйлерінде ішім-жем мол, тіпті ит басына іркіт төгіліп жатады.

★ **Маңызды деректер:**

Жер-су атаулары: ауылдары Салықсалған; Моңғолия, Бұқтырма өзені, Алтай тауы

Ауылдары отыратын орын: Салықсалған

Әсіресе, шілденің дәл ортасы болса, бұл жерде қоңыр салқын, бұлтсыз күндері тамылжыған тамаша мезгіл басталушы еді.

Аспанға қарағайдың бүршігін лақтырып ойнайды.

Ол кезде колхоз. Колхоздың сиыры күніне үш рет сауылады. Ал әр сауынның арасында шөп шауып, оны маялайтын. Кеште, тіпті түні бойы сеператорға сүт тартып, май шайқайтын. Шаршау дегенді білмейтін қыз-келіншектер соғыс жылынан кейінгі бейбіт күннің шуағына жылынып, сызылта ән салатын.

Балалардың күні бойғы жұмысы: өгіз үйретіп, бұзау жаяды, үш уақ сиыр сауғызады. Ымырт үйіріле, алтыбақан құрған азаматтардың маңайында арпалысып, тиіп-қашып ұлардай шулап ойнайды.

Тортай, әсіресе, авторды(Орашты) жақсы көреді. Жанынан бір елі қалдырмайды екен. Ол Орашты алдап, тамақ үшін дос болмайтын, қайта: **"Мен аш жүргенім жоқ, әкеле берме"**, - деп ұрсатын-ды. Өз бейілі мен көңіл хошы болмаса ләм деп аузын ашпайтын, әрі құлағы хақас еститін болған соң, әңгімеге зауқы бола бермейтін. Тек Орашпен ғана оңаша сәттерде ағыл-тегіл әңгіме құрады.

Бір күні автор Тортайды көп іздеп әрең табады.. Тұрған үйі аузына келгенін айтып, ұрсып қуып жіберіпті. Салық-салғанның ұшар басындағы қалың тас қорымның үңгіріне кіріп, от жағып отыр екен. Тортай тас күркені ұядай қылып жинап, тазалап қойыпты. Бұдан бұрын да осы жерге сан рет келіп, мекеніне айналдырған секілді. Қайран қалдым.

Ағаштан қиып нар жасап, үстіне шөп төсеген. Өзіне тиесілі кітаптар әбден көп оқылғандықтан, жемтір-жемтір болып бір бұрышта жинаулы тұр. Төр алдына ешкінің терісі төселген. Қарағайдың жуан кеспелтек шәркесінен стол жасап,

май шам қойыпты. Тастан қаланған жерошақта маздап жанған от. Сіркіреп жаңбыр жауды. Үңгірге су тимейді екен. Күн бұлтты болған соң ба, ымырт ерте үйіріліп, көз байлана бастады. Үйден ұрлап алып шыққан нан мен ірімшікті столдың үстіне қойдым. Нардың шетінде жалаң аяғын салбыратып үнсіз отырған Тортай: "Рақмет", - деді. Үні бір түрлі көңілсіз, қарлығыңқырап шықты. Ешкім жоқта жылаған секілді, оттың сәулесі тиген көзі қызарып, домбығып тұр еді.

"Әке-шешен" деген сөзді қырсығып айтқандай болды. Ал әке-шешемнің тірі, жер басып жүргеніне мен кінәлі емес едім.

"Ораза-намаз - тоқтықта ғана" деген. "Тоқ бала аш баламен ойнамайды" деген. Содан соң "Аласталған Алитет" деген кітапты қолына алып әрі-бері аударыстырды да, ірге жаққа лақтырып жіберд – Баяғыда бір жетім бала болыпты, - деп бастады.

Бүгінде менің есімде Тортай айтқан ертектің көбі қалмаған, тіпті сол арманшыл баланың өзін де ұмытқандай едім... Тек, **"баяғыда бір жетім бала болыпты" деп басталушы еді, ал, қалай аяқталатынын білмеймін**

–"Бұл дүниеде мен пір тұтар, сырласар жалғыз-ақ нәрсем бар, ол - кітап, - дейтін. - Әкем де, шешем де сол - кітап. Кейбірін екі-үш қайтара жалықпай оқып шықтым. Жалғыздығың, жетімдігің, бәрі-бәрі ұмытылып, басқа бір жұмақты өмірге сапар шеккендей боламын. Әттең, жағдай келсе, оқуымды одан әрі жалғастырып, Алматыға аттанар едім. Шынымды айтайыншы, кітап жазып, жазушы болғым келеді."

Жайлаудың жадыраған ашық күндерінің бірінде Тортайға еріп бұзау бағуға шықтым. Менікі еріккеннің ермегі сықылды еді. Тас шоқының ұшар басына дейін бұзауларды өргізіп бардық та, еркіне қоя бердік. Өйткені төрт аяқты мал бұл жерден ұзап ешқайда кете алмайтын. Биіктеген сайын қалың барағы орман таусылып, таудың таз төбесі басталатын. Заңғар таудың төбесінде үнемі суық жел соғып тұратындықтан, ағаш болмайды және шөп те бойлап қалың өспейтін тақыр.

Алтайдан шығысқа тартып кетсек Моңғолия деп қиялдайды Тортай. Онда барса "о, қазақтар келді" деп құшақ жаяр еді, қымыз, ет төгілер еді. Сосын бір-бірімен ақ боз атқа отырып елімізге қайтар ек деп армандайды. Астындағы жақпар тасты тебініп қояды.

Тортай түсінде "көк өгізі ақ боз ат болып жер тарпынып тұр" екен.

Тортайдың әкесі марқұмның тақымы қотыр тайға тимей кеткен екен, яғни кедей болған. Бір рет ауылға барғанымда, азаматтар сөз қылып отыр екен. Тортай үйленбек болып ішкері жақтан жуастау бір қызға сөйлеседі. Сонда қыз: "Жеке басыңды қорламаймын, мен көндім, бірақ жаман-жақсы болса да әке-шешем бар, солардың ықыласынсыз кете алмаймын, өзің алдарынан өтіп қайт", - деген екен. Содан Тортай атына міне шауып, қыздың үйіне барады. Сәлем алысқан соң, қалыңдықтың әкесі: "Кімнің баласысың, шырақ?" - деп жөн сұрағанда, құлағының мүкісі бар Тортай ұқпай қалып: "Малдан келдім, ата", - деп қойып қалса керек. **Шал: "Саңырауға қызымды бермеймін", - деп, ит қосып қуып салыпты.**

Елге енді бір рет келгенде Тортай үйленген, екі-үш баласы бар, қой бағарды.

Бытыр жазда ауылға барып, автор диванда шалқайып газет оқып жатқанда, үйге Тортай келеді. Автор Тортайдың дауысын танып қалады, бірақ тұрып амандасуға батылы бармай, ұялып тұра алмайды.

Шығарманың аяқталуы: «Тортай мінер ақ боз ат...менің тақымымда кеткендей еді...иесіне қайтаруға кеш еді...»

- ★ **Ұлттық құндылық:** Соғыстан кейінгі ауыл тұрмысын көрсетеді, жетімдікті сипаттайды.
- ★ **Өз ойым+түсінік:** Бұл шығармадағы жетім бала қандай өмір болып жатса да, армандай білді, үмітін үзбеді. Сонысымен де оқырманға ерекше сезім сыйлайды.
- ★ **Ұқсас шығарма:** "Жусан иісі" С.Мұратбеков

«ҰЛПАН» ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ

★ **Тақырыбы:** 19 ғасырдағы қазақ даласында болған «Ел анасы - Ұлпан» туралы тарихи оқиға

★ **Идеясы:** Ұлпан өмірін суреттеу арқылы сол замандағы қазақ қоғамының тыныс-тіршілігін көрсету, қазақ әйелдеріне тән асыл да құнды қасиеттерді жинақтап көрсету, аналарды дәріптеу.

★ **Жанры:** Роман

★ **Композициялық талдау:**

Басталуы: Есенейдің «Қаршығалы» жеріне жылқысын айдап келуі, Ұлпанмен алғашқы кездесу

Байланысуы: Айыпты өтеу, Артықбай мен Есенейдің басынан кешкен ауыр тағдырлары.

Кішкентай Ұлпан туралы естеліктер

Дамуы: Артықбай мен Есенейдің кездесуі, араларындағы сыйластық. Есенейдің Ұлпанға көз салуы. Артықбай мен құдаларының арасындағы жанжал. Есенейдің Ұлпанға құда түсуі

Шиеленісуі: Ұлпанның даналығы, ел арасында атағы жайылуы, Есеней мен Ұлпан арасындағы жақсы қарым қатынас

Шарықтау шегі: Есеней мен Артықбайдың қазасы. Кішкентай Біжікен

Шешімі: Біжікеннің Торсанға тұрмысқа шығып, аурудан қаза болуы. Ұлпанның қайғысы мен соңғы шешімі

Эпилог: Автордың соңғы сөзі, Әулие Ұлпанның бейіті

★ **Кейіпкерлері:**

Ұлпан - аналардың анасы, ел билеген көсем, сөз бастаған шешен, аузы дуалы, сөзі куәлі қоғам қайраткері, ел арасында «Ақнар» атанып кеткен Сибан елінде беделі бар жан.

Есеней - Шыңғыс сұлтанның беделді биі. Оның даңқы, атағы бес болыс Керей-Уақ елін Кенесарының шапқыншылығынан аман алып қалған тұста дүркіреп шыққан, жасы алпысқа келген.

Түрікмен Мүсіреп - Есенейдің ең сенімді серігі, жамағайын түрікпен, аздап сыбызғы тартады, одан соңғы құмары бір жақсы ат, қонымды киім, серілеу адам. Қалталарында қалампыр жүреді, әл ақ кірмеген сақал-мұртын жарасымды қырқып ұстайды.

Аңшы Мүсіреп - алдай елінен, аңшы адам. Оң қолында «түлкі перісі» атанған томағалы қара бүркіт, арқасында жалғыз оқ, аяқты шиті мылтық. Азырақ асыға сөйлейтін, азырақ асыра сөйлейтін ақкөңіл адам.

Бекентай батыр - руы басқа болса да Есенейдің қоныстасы.

Кенжетай - түрікпен Мүсірептің туған інісі. Кескіні әдемі, байдың мырзасындай жақсы киінген жас жігіт.

Артықбай мен Несібелі - Ұлпанның ата-анасы. Артықбай кезінде батыр болған екен, ал анасы Несібелі сұлу әрі мінезі де жағымды жан.

Қанікей - Есенеидің жеті жылдан бөлек тұратын әйелі, сұлу, жеңілтектеу атақты байдың қызы. 7 жылдан бері Кіркөйлек деген жерде жеке тұрады.

Сәдір - кезінде батыр болған Есенеи мен Артықбайдың досы, жылқышы.

Түлен - Артықбай құда болған Бағлан аузында отыратын бір саудагер.

Мырзаш(Мырзагелді)- Түленнің Ұлпанға атастырған ұлы.

Біжікен(Бибіжиһан) - Есенеи мен Ұлпанның қызы.

Өтеміс - кәрі би; Тілеміс - Торсанның тілмаш болған әкесі.

Торсан - Біжікеннің күйеуі, білгір де ұтымды, өресі биік, адал, еңбекшіл жігіт болғанымен Ұлпанның үмітін ақтамайды.

Ырымбек - Ұлпанды кіші баласы Мырзашқа айттырып қойған Түленнің әкесінің әкесі Тілепбайдың шешесінің сіңлісі Ақбайпақтан туған Қарабайдың Қайыргелдісінің жиені Игенбердінің немере қызын алып отырған адам.

★ Маңызды деректер:

Есенеидің жылқысы аңшы Мүсірептің ақылымен «Қаршығалы» жеріне келеді. Қазақ байлығы - жылқысында.

Есенеидің қасында төрт адам жолдасары болады: ең сенімді серігі - жамағайын түрікмен Мүсіреп, Алдай елінен - аңшы Мүсіреп, руы басқа болса да Есенеидің қоныстасы Бекентай батыр және Есенеидің қосалқы атын жетелеп жүретін жас жігіт, түрікмен Мүсірептің туған інісі - Кенжетай.

Түрікмен Мүсіреп сыбызғы тартады: «Бозіңген», «Бозмұнай», «Сүйір батыр», «Алғашқым», «Алқакөл» деген күйлері бар.

Кірме күрлеуіт - Қаршығалыны паналаған бірең-сараң кедейлеу келген үйі бар ру аты.

Есенеиге бір-ақ рет көз қиығын тасғанда, Ұлпанды таныған: түрікмен Мүсіреп.

Есенеиге шаншудай тиетін сөздер: «Баланның баласына», «ағасұлтан».

Артықбай Есенеиді Кенесарымен соғыста екі рет өлімнен құтқарған. Ал Артықбай Стап дәрігерханасында жатқан алты айда көмек көрсеткен Түрікмен Мүсіреп. Бұл оқиғаның болғанына 15 жыл, Артықбаймен кездесбегелі 13 жылдай уақыт болыпты.

Есенеи кешірім сұрап Артықбайға қара жорғамен бірге «Мұзбел» деген торы төбелн де жібертеді.

Кенесары қалың қолын Керей-Уақтың өкпе тұсына, Есіл бойына топтап, Есенеиге қарсы үлкен жорыққа әзірленіп жатқаны байқалған.

Аманқарағай дуанының аға сұлтаны Шыңғыс Уәлиханов деген төре. Ол адам Кенесары қозғалысына қосылған да жоқ, қарсылық көрсетпей де келеді.

Омбыда алты дуан үстінен бақылайтын **Тұрлыбек** отыр. Ол - **Есенеидің туысқаны, қарын бөлесі.**

Бергсен - неміс пе, швед пе, ел қазағы Берсен деп кеткен шикіл-сары майор.

Есенеимен үзеңгілес жүретін жолдастары: Сәдір, түрікмен Мүсреп, Артықбай.

Есенеидің түрікпен Мүсірепке айтқаны: Сенің «Алғашқым» деген күйің болса, менің «Соңғым» дейтін күйім осы қыз - Ұлпан...

Есенеи **Нұралы деген момын елдің** барлық жерін тартып алғанда, қарғыс көп естейді екен.

Осыдан соң **екі ұлы бірдей қарашешектен бір күнде өліп кетеді**. Өзіне де жұғады, бірақ ол «**Әулиесор**» атанған тұзды көлге түсіп жүріп, аман қалады. Осыдан кейін үлкен дақтар қалып қояды.

Артықбайдың бұрынғы мекені - «Ақсуат» деген жер.

Ұлпанның сипаты: «Басында күрең барқытпен тыстаған қара елтірі бөрік, үстінде сол күрең барқытпен тыстаған жеңіл пұшпақ ішік, күрең барқыт шалбар, белінде күміс жапқан қаптырмалы бұлғары белдік. Аяғына биік өкшелі шоңқайма етік - қосай калош, бәрі де сандық түбінде жататын бір киер екені танылып тұр.»

Кенжетай қамшысын екі бүктеп домбыра етіп айтқан жыры: «**Сұлушаш**» Жаугершіліктен, ұрлықтан қолға түскен адамдарды әуелі көгендеп алып қорлау - қорлаудың да ауыр түрі. Бұл кезде қалып бара жатқан ескілік. «**Көгенге түсіп**» қайтқан жігітте қадір-қасиет қалмайды. Сәдірдің «**Кебіс ауыз**», «**Қара жапалақ**» дегендерінде де мән бар.

Ұшықтау - ежелгі ауруды аластау кезінде жасалған ем-дом түрі.

Қарғыс - ежелден сөз киелі саналған, қуанса шын көңілмен бата айтса, керісінше ренжісе қарғыс айтқан. Айтылған сөздің орындалатынына сенген.

Құда түсеміз деген Есенеидің хабарын Артықбай мен Несібеліге және Ұлпанның өзіне тура жеткізген - **Түрікмен Мүсіреп**.

Ұлпанның айтқан жауабы: «**Мен арзанға түсетін қыз емеспін**». Бұл сөздің мәні: «**Маған оңаша отау - ойнақ үй керек емес. Мен үлкен үйге кіремін де, төріңізде отырамын.**»

Ұлпан Есенеидің үйіне келін болып түскеннен бастап, ел арасындағы істерге аралыса бастайды. Кедейленіп кеткен халықтың жағдайын көтереді. Ел арасында «**екінші Есенеи**», «**Ақнар**», «**Әулие Ұлпан**» атанып кетеді.

Ұлпан үйі жоққа үй беріп, «**орыс үй**» салдырып, елге атағы жайылады.

Есенеи де көп ұзамай Артықбай сияқты сал болып, қатты ауырып қалады. **9 жыл** Есенеи де, Ұлпан да азаптанады, дүниеден озған күні Артықбай да қаза болады екен.

Күмбезді күңіренітіп аят оқыған: Хұсайын молда.

Ол кезде Біжікен 10 жаста, әкесін алғаш 4 жаста көреді, басында шошып кеткенімен кейін үйренісіп кетеді. 7 жасында сабаққа кетерде, әкесіне бір тостаған қымыз апаратын болады. Әкесінің қазасына қатты қайғырып, жоқтау айтады.

Осыдан соң Ұлпан Біжікенге күйеу іздейді де өз тілегін **Керей адамдарына** айтады. Төрт жылдан кейін **Торсан** деген жігітке тұрмысқа шығады, көп ұзамай қатты ауырып қаза табады. **Соқырішек** деп ойлайды, соңында Ұлпанға бар шындықты айтқан екен. Жалғыз қалған Ұлпан қатты қайғырады, соңында өзіне қол жұмсайды.

Сөз соңында **1928 жылдың күзіндегі** автордың басқа да адамдармен бірге Қызылордаға барарда жолай Ұлпанның бейітіне барып құран оқығаны сипатталады және де Ұлпанның есімі мәңгі есте қаларын көрсетеді. Үлкен ағам мұғалім **Хамит** мені **Қожабай көлінің басынан Лебяжі теміржол стансысына** алып шықты.

Құран оқи бастаған: **Исахмет қари.**

«Ондай адам қайда» деп күрсінген: **Нарғожа қарт.**

«Есенедей адамды билеп алып, осы елді ел қылған - сол шешең» деген:
Тайжан ұста.

Кездесетін мақал-мәтелдер:

«Байлық - бір жұттық, батыр - бір оқтық»; «Түсі игіден түңілме»; «Малым - жаным садағасы, жаным - арым садағасы»; «Құдыққа құлан құласа, құрбақа құлағында ойнар»; «Ағашқа мәуе бітсе бәсең-бәсең»

- ★ **Ұлттық құндылық:** Ұлпанның қиын да шырғалаңы көп өмір жолын суреттеу арқылы жазушы қазақ әйелдерінің тағдырын көрсетеді, сол кездегі дәстүрлер мен ғұрптарды дәріптейді, ана қадірін көрсетеді.
- ★ **Түсінік:** Романда қазақ ауылының жүз жылдық тұрмысы, әдет-ғұрпы, барымта, қалың мал беріп, қыз айттыру, бай мен кедей арасындағы, ел ішіндегі жер дауы, жесір дауы кең көлемде сөз болады.
- ★ **Өз ойым:** Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» романы – ел шежіресін, қазақ ауылының тұрмыс-тіршілігін кең ауқымда бейнелеген туынды.
- ★ **Ұқсас шығарма:** Толстой «Анна Каренина»

«ТАҒДЫР» ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВ

«Бір халық – бір ел – бір тағдыр.» Н. Назарбаев

- ★ **Тақырыбы:** Ұлт тағдыры мен Демежанның өмірі
- ★ **Идеясы:** Шығыс Түркістанды мекен еткен қазақтардың XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы өмірін суреттей отырып, шекара бөлігіндегі халық тағдырын көрсету
- ★ **Жанры:** Роман
- ★ **Бөлімдері:** *«Жол торабы», «Тағдыр талқысы», «Уақыт керуені», «Дар ағашы»*
- ★ **Композициялық талдау:**

Басталуы: Екі үлкен империяның қазақ даласын екіге бөліп, шекара сызығын жүргізген кезеңі. Шекара жүргізілгеннен кейінгі қазақ халқының тағдыры.

Байланысуы: Цинь империясының аз халыққа жүргізген саясаты. Шәуешек аймақтық губернаторы - Ши-амбының қарамағында тілмәш қызметін атқарушы Демежан бейнесі. Демежанмен Бибінің шаңырақ көтеруі.

Дамуы: Орыс-қытай консулдары мен Демежан бастаған топтың шекара сызығын сызуы.

Шиеленісуі: Демежанның елі үшін күйзелісі, биік адамгершілік тұлғасы.

Шарықтау шегі: Демежанның жауларының көбеюі.

Шешімі: Аймаққа жаңадан келген ұлық Матен - амбының саяси айып тағып Демежанды қамауға алуы. Жазықсыз жала. Демежанның ішкі ойлары мен өлімі.

★ **Кейіпкерлері:**

Демежан - жасы жиырма төртке жаңа келген, денсаулығында титтей ақау жоқ, үйленгеніне әлі жыл толмаған, бойы сырықтай ұзын бұла жігіт. Орналасқан аймағындағы Ши-амбының тілмашы әрі тапсырмалар орындайтын көмекшісі.

Бибі - жасы он тоғыз-жиырмааларға енді келген атжақты, екі бетінің ұшында қан ойнап тұрған, тана көз сұлу келіншек, Демежанның жары.

Ши-амбы - Цин (Қытай) империясының жоғары дәрежелі өкілі, Тарбағатай және Алтай аймақтарының губернаторы, шын аты Ши Лун. Ел арасында Ши және Ши-амбы деген аттармен танылған. 1878 жылдан бастап, Тарбағатай аймағының амбысы (князь, губернатор) болады.

Керімбай - зәңгі, Демежанның өз әкесі емес(оның Гүлдерайым деген жалғыз қарындасынан туылған жиені.)

Гүлдерайым - Керімбайдың бойжетіп отырған сұлу қарындасы, Демежанның анасы.

Ажар - Керімбайдың әйелі, баланы бауырына алып, атын өз баласы Сүйежанға ұйқастырып, Демежан қояды.

Николай Никонорович Балкашин - Бүкілресейлік география қоғамынан келген, Тарбағатай мен Алтай өңіріндегі бас көмекшісі Шәуешектегі орыс консулы. Білікті кісілердің бірі, 1858 жылы Мәскеуде Кадет корпусын бітірген, губернатор кеңсесінде істеді. Өзінің алғыр ойымен патша ағзамға шын берілген адал қызметкер.

Әріп Тәңірберген - Демежаннан үш-төрт жас үлкен, өзі әңгімешіл, сөзге шешен, көпті көріп ысылған жігіт. Сүйегі - сыбан, Аягөз маңындағы Ақтайлақ бидің ауылынан. Осыдан бірнеше жыл бұрын Семейдегі «Штатское училище» деген орыс мектебін бітіріпті. Сонан кейін үш жылдай Сергиопольде орыс ұлықтарына тілмаш боп жүрген, орысшаға өте жетік, консул Балкашиннің тілмашы. Семей губерниясынан Шәуешекке әдейі жіберген.

Өлең жазады, қисса-дастандар оқиды.

Мамырбек төре - ауыспай ескіден келе жатқан Керейдің үкірдайы. Асыл текті Абылай ханның тұқымы.

Шихалдай - арық, тарамыс денелі, тал-тал сақалы иегінің астына жарылып біткен мысық мұрт Ши-амбыдан кейінгі екінші адам, халдай. Ең сауатты халдайлардың бірі, Демежанның суқаны сүймейтін адамы.

Зілқара - есік пен төрдей жалдас торыға мінген, пұшпақ бөрікті, барқыт бешпент сыртынан күміс қапсырмалы кемер белдік буынып, оның үстінен жібек шапан киген, жасы отыздар шамасындағы, зор денелі, қара бұжыр жігіт. Сүйегі - Саты, оның ішінде Дәулетбай, Бұтабай болысының адамы.

Ли-шансың - Демежанның бір кездегі мұғалімі, қаладағы қытай гимназиясының директоры.

Шәнішевтер - қалада Демежан мен Бибіні қонаққа, ерулікке шақырған отбасы.

Бабалық - жиырмааларға келсе жаңа келген, қол-аяғы жеңіл, елгезек жас жігіт, Шәнішев байдың жалшысы. Әке-шешесі өліп, қаралайтын ешкімі болмаған соң, бірер жылдың алдында кәсіп іздеп Шәуешекке келіпті. Сүйегі Қаракерей, Бибімен рулас болып шықты. Пысық, саудагер жігіт.

Еңсе - Жұмықтың үкірдайы, Таңғыттың әкесі.

Таңғыт - үкірдайлардың ең жасы.

Түйеші - Мәмбеттің тұңғыш үкірдайы Жалғабай өлген соң, орнына екі-үш жылдай отырған адам.

Шәйі - Түйешіден кейін билікке келген Отыншы бидің немересі.

Мадан - Тарбағатай өңіріндегі он сұм ойраттың тізгінің қолына алған қагілез жас жігіт.

Гауган - Жасы алпыстың ішін мол аралап кеткен, көзілдірікті, кәрі маньчжур, түрме бастығы. Бұдан он бес жыл бұрын Демежан құтқарып қалған, оған қарыздар жан.

Сұң Жун-таң - Қытай жағының басшысы, консул.

Фриде - комиссияны басқарушы генерал.

Медынеский - Орыс консулы Балкашиннің танысы, статс советник.

Диқанбай - егін егіп еңбек ететін қазақ жасы.

Еженхан - мәнжу, сібе-солаң, қалмақ қауымына жеңілдік жасаған адам.

★ Маңызды деректер:

Оның бірі – тарихи оқиғалар мен нақтылы деректер негізінде өрбісе, яғни Еженхан (Цин-Қытай императорына жергілікті қазақтардың қойып алған аты) мен Ақ патшаның (Ресей) арасындағы шекара бөлісі, одан кейінгі ел тағдыры, отаршылдық езгіге қарсы ұлт-азаттық қарсылық, ұлттық бөліну туралы мәселе болса, екіншісі – Демежанның жеке өмірімен байланысты. Мұндағы бір ерекшелік, жазушы Демежанның шыр етіп жерге түскен күнінен бастап, қайтыс болғанға дейінгі жарты ғасырлық өмір жолын тұтас қамтиды. Өйткені Демежанның өмірге келуінің өзі – жатқан бір хикая.

Роман сол өлкеге белгілі Құрбан қажының қызы Бибі ханымның ұйқысы құждың (алып күш иесі) ұйқысынан

да қатты, құдай қосқан қосағы, бас кейіпкер Демежанды оятудан басталады.

Бибінің сұлу сипаты, Шәуешек қаласының келісті табиғаты көркем тілмен нанымды баяндалады.

Мұнда хандар ғана жоқ, басқаларының аты басқа болғанмен, заты бір. Мысалы, үкірдай – аға сұлтан дәрежелі лауазым болса, зәңгі – болыс дәрежелес лауазым, басқалары осылайша төмендеп, ретімен кете береді.

Цин (Қытай) империясының жоғары дәрежелі өкілі, Тарбағатай және Алтай аймақтарының губернаторы Ши-амбыға Керімбай зәңгі баласы

Демежанды 13 жасында аманатқа тапсырады. Ол уақытта ру көсемдері өз

балаларын бауырынан жырып, ұлыққа әкеп беруге тиіс болған. **Түбін қуып**

келген де Демежан – Керімбайдың өз баласы емес, оның Гүлдерайым деген жалғыз қарындасынан туылған жиені. Төртуыл руының болысы

Керімбайдың аулы на керейдің меркіт руынан бір қашқын жігіт келіп

сінеді. Өте сымбатты, көр кі көз тойдыратындай өнді жігіт деген Керімбайдың бойжетіп отырған сұлу қарындасы Гүлдерайымға ғашық болып, сөз байласады. Алайда бұлар көздеген армандарына жете алмайды. Қашқынның ізіне түсіп жүргендер оның қай да екенін анықтаған соң, бір түнде жылқышыны тұтқынға алады. Содан қайтып оралмайды. Артында аяғы ауыр Гүлдерайым еңіреп қала береді. Жас бала сы бар Керімбайдың әйелі Ажар баланы бауырына салып, атын өз баласы Сүйежанға ұйқастырып, Демежан қояды. Келесі жылы Гүлдерайым қайтыс болады.

Демежан қытай-маньчжур балалары мен Ши-амбының қолында гимназияны бітірген соң, тілмаш қызметінде қалып қояды. Ши-амбы Демежанды шекара бөлісіне қатысатын комиссияның құрамына кіргізеді.

Демежанның әкесі Керімбайда, оқу оқытқан Ши-амбы да тарихта болған адамдар. **Керімбай Төртуыл руының алдымен зәңгісі, одан соң 1884 жылы қайтыс болғанша үкірдайы болады.** Керімбай байға да, кедейге де бірдей қарайтын әділетті, жарлы-жақыбайға қамқорлығы мол, адамгершілік қасиеті өте жоғары, ел ішінде үлкен беделге ие құрметке бөленген адам ретінде танылады. Ши-амбы – шын аты Ши-Лун. Ел арасында Ши және Ши-амбы деген аттар мен танылған. 1878 жылдан бастап, Тарбағатай аймағының амбысы (князь, губернатор) болады. Бұлардан басқа Ысмайыл, Балкашин, Әсет Тәңірбергенов, Керімбай, Бор батыр, Күдері, Әсет Найманбаев, Мамырбек төре т.б. сияқты кейіпкерлер де романда өз атымен алынған.

Қытай-Цин патшалығы мен патшалық Ресей өкіметтерінің өкілдері **1861 жылдан бастап, өздерінің шекараларын қалай белгілеу туралы келіссөз жүргізеді. 1864 жылы Шәуешек қаласында «Қытай-Ресей батыс солтүстік шекараны белгілеу келісіміне» қол қойылады.** Қазақтың жерінің Қытайға тиген бөлігінде отырған қазақтар жерімен бірге Қытайға, Ресейге қараған өңірдегі қазақтар жерімен бірге Ресейдің басқаруына қарады

Демежан – тарихи кейіпкер. Ол Тарбағатай және Алтай аймақтарының губернаторы, Цин империясының жоғары дәрежелі өкілі Ши-амбының қарамағында тілмаш болып жұмыс істейді. Бұдан кейін төртуыл руының үкірдайы Керімбай қайтыс болғаннан кейін Демежан Тарбағатай аймағын мекендейтін сол руға үкірдай болады. **1880 жылдары екі елдің шекара бөлісі тұсында комиссияның құрамында болып, шекара сызығы жүретін межені нақты айқындауда, қырғын болып кететін талай қиын-қыстау сәттерде шешімін тауып отырады.** Неден болса да тайынбауға дайын тұрған қарулы қазақтар ға істің мән-жайын түсіндіріп, қантөгістен сақтап қалады. Ал шекара бойына жақын отырған қазақтардың екі елдің ішінен өздері таңдаған жағынан өріс-қоныс берілу мәселесінің шешілуіне де ықпал жасайды. Ши-амбының орнына келген Мәтен-амбының саясатына Демежан бірден қарсы шығып, жайылым жерді жөнсіз егіншілікке айналдыруға, сондай-ақ егіншілік жерлер мен суды халдайлардың иелігіне беруге батыл қарсылық білдіреді. Тоған салдыруға үкімет тарапынан рұқсат қағазы бар екендігін көре тұра, бұған жол бергісі келмеген халдайлардың жүрегін қайта ру үшін кеуде соққан белсендісі Дохалдайдың тоқпақтай айдарын тай күзегендей дәл түбінен борт еткізіп кесіп алады. Мәтен-амбының парақорлығын әшкерелейді. Мәтен-амбы өз қылмысын

қалайда жасырып қалу үшін қолдан келген қастығын аямай, ең алдымен Қызыл баланың Ысқағымен келісіп, оны қаруландырып, Демежанға жабылатын жаланың себепкері ретінде пайдаланады. Келісім бойынша ертеңінде одан да көп полицеймен тергеушілер тобын әкеліп, өздері көмген дайын өлікті «тауып алған» болып, Демежанды дереу тұтқындайды. Сөйтіп алдауға түскен өкіл Демежанға тағылған айыптың ақ-қарасын ашудың орнына халдайлармен ауыз жаласып, істі жауып кетеді. Демежанның ісі ақ болғанымен, осындай қолдан жабылған жаланың құрбаны болып, **1907 жылы көктемде дарға асылады.** Бірақ Демежандай халық батырының рухы сөз түсінетін, сөз ұстайтын, ерін ардақтайтын елде мәңгі өлмейтінін автор Әсет ақын аузымен айттырады.

«Тағдыр» романының негізгі сюжетін құрайтын басты оқиғалар:

- Демежан сияқты халық қайраткерін дарға асып өлтірген патшалық Цин өкіметінің 1911 жылға дейінгі бірне-ше ғасырға созылған өткен тарихы, халқының құрамы, салт-санасы, өмір сүру дағдысы романда тарихи құжаттар негізінде ретімен кіріктіріліп, осы арқылы сол кезеңнің қоғамдық-әлеуметтік жағдайлары мен уақыт ты ны сы жан-жақты көркем айналымға түсуі;
- Шыңжаңның Тарбағатай аймағындағы қазақтардың орналасу тәртібі мен билік жүйесі, ел билеуші амбы, үкірдайлар мен зәңгілердің образы;
- романдағы бас кейіпкердің есімін төртуыл елінің үкірдайы Керімбай қарындасы Гүлдерайымнан туған баланыөз баласы Сүйежанға ұйқастырып, Демежан қоюы;
- Демежан он жасқа толғанда әке орнына әке болған Керімбайдың аймақ әміршісі Ши-амбыға қарасты мектеп-ке қытайша оқуға беруі;
- бас кейіпкердің оқу бітірген соң тілмаш болуы, одан шекара бөлісіне қатысуы, әкесі қайтыс болғаннан кейіноның орнына төртуыл еліне үкірдайлық қызметке сайлануы;
- елді диқаншылыққа үйретіп, Демежан займкесінің атағы жер жаруы;
- Демежанның өз қолымен отырғызатын жалғыз тал қарағашының үлкен бау-бақшаға айналуы;
- Тарбағатайдың теріскейіндегі (Зайсан) атағы екі өлкеге де кеңінен жайылған атақты бай Құрман қажының қы-зы, әйелі Бибі ханымның ағайын арасына, абысын-ажынға жайлылығы, қайырым-мейірімі, балаларын алаламай дұрыс тәрбиелеуі, осының бәрі жиналып келіп Демежан беделін биікте те беруі.

Бибінің сабыр-тағаттан айырылу себебі: **ертең ауылға аттанамыз деген хабар.** Жас келіншек бұл сапарға көптен бері дайындалып жүреді, базарлығын да алып қойғаан. Барлығын сары ала сандыққа салған.

Демежан осы жаңа Шәнішевтің атқосшысы Бабалықты ертіп, бір тығыз жұмыспен қалаға шығып кеткен. Бибінің киім сәніне көп өзгерістер енген. Бұрын ауылда киген қосетек көйлек, оқалы қамзол, асыл тасты биік сәукелесін тастап, қала сәніне, оның ішінде татар қыз-келіншектерінің киім үлгісіне **қарай бейімделе бастаған.** Қазір де ауылға жеңіл киюді лайық көріп, ауылдың көк торғыннан тігілген қосетек көйлек, қызыл қатипа қамзолын таңдады да,

аяғына қаланың хром етігін киіп, басына жібек шашақты бөртпе шәлісін бүркеді.

Қыр елінде де, Күнгейдегі Керімбай ауылына келін боп түскенде де айнаны көрмеген. Өткен жлы қалаға келгенде бірақ білді. **Онда алғаш рет Шәнішевтер үйіне ерулікке қонаққа барғанда үлкен айнаны көріп таңғалады.**

Жолаушылар арбамен Ой махалла тұсындағы жаңадан салынып жатқан қытай қамалы - жамбылдың құрылысына таман жақындайды. Жол екіге айырылатын: бірі шығысқа қарай тура жол, екіншісі түстікке таман едәуір ойысып барып, қамал құрылысын айналып өтеді. Қақпада сарыаяқтар - (маншың әскерін қазақтар осылай атаған) тұрады.

Кіреберістің дәл ортасында күтпеген көрініс болады. Шеріктердің бірі алдыңғы арбаны қақпадан өткізбей, жұмысқа салмақшы. Көзіне көрінген көлікті көшеден ұстап апарып, зорлықпен жұмыс істеткізу соңғы кезде әдетке айналған нәрсе. Демежан ашуланып, құтқарып қалады.

Демежан Ши-амбыға жолығу үшін ескі жамбылға бара жатқандағы ойы: қазақтардың кәсіп мәселесі. Бабалықтың еңбекқорлығы мен бәрінен озып кетуі мүмкін деген жағымды ойлар. Сауданың дамып бара жатқандығы.

Ши-амбы 3-4 күннен бері қызметте жоқ екен, үйінде ауырып жатады. Жолдан Шихалдайды кездестіреді. Ол оны мазақ қылып, кекетіп «ханзада» деп атайды. Демезанның қолына қағаздарды береді. онда қыр еліне түсетін алым-салық екі есе көбейгендігі, бұрынғы «сары нокта» салығы мен шөп бажының үстіне енді тағы «қан бажы», «қара шығын» дегендер шығыпты.

Жердің көгі жетіліп, ел жайлауға шығарда Шәуешекте жаңа жамбылдың ішінде Ши-амбы бастатқан той өткелі жатыр. Ұлықтың тойына бару үлкен дәреже болатын. **Қазіргі үкірдайлардың дені кейінгі буыннан шыққан жас жігіттер. Тек Мамырбек төре ғана ең үлкені. Ол да билікті ұлы Тұрысбекке бергісі келеді, бірақ сәті түспей жүреді. Себебі, ел ішінде қырқыстар өте көп болатын. Керей, Жуан ата Жантекей, Шеруші, Меркіттен шыққан: Көбен, Отаршы, Шөкібай сияқты азулы атқамінерлер жұлып әкетуге дайын тұр.**

Жамбыны арбаға тиеп, астыртын әкелісіп жүрген адам - Бабалық екен. Өткен қыста Демежан Мамырбектің «Көкбалақ» аталатын атақты қыранын сұрағанда, қимай бермеген болатын енді. Енді ұлын үкірдай етіп сайлау үшін соны еске алып Демежанға айтады.

Бірақ дәл сол сәтте Демезанның мерейін тасытып тұрған - шексіз билік е, шен-шекпен де емес, мүлде басқаша қуаныш. **Абдыра мен Қараүңгір өзенлерінен тартылатын екі тоған суға қағаз жасатады.**

Демезанды түрмеге қамап тастайды, бірақ «адам баласы үш күннен кейін көрге де үйренеді» дегенді, тауып айтқан. Қараңғы қапасты мекен еткеніне үш айдай боп қалды.

Адам санасы туралы, «Адам баласы не үшін өмір сүреді?» «Жалпы адам тірлігінің мәні неде» деген сауалдарға жауап іздейді. Конфуцийдің трактаттарын оқиды. Конфуций адамгершілік тәрбиесін бес салаға бөледі: адамды сүю, парыз, мінез-құлық нормалары, білім адалдық... Адамды сүю дегенде оның ұсынатын тағы бес принципі бар: қайырымдылық, кішіпейілділік, махаббат, жаңашырлық, шыншылдық. Ертедегі Яошунь сияқтылар да осындайды айтады. Демежанның бір таңғалғаны, Абайдың бес асыл ісі мен Конфуцийдің бес принципі бір-бірімен үндес екен.

Гауганды он бес жыл бұрын Ши-амбы жайлаудағы бүліктің бас күнәһары дегенде, Демежан құтқарып қалған екен, сол жақсылығын ұмытпапты. «Адамға жасаған жақсылық қайтпайды деп үміт үзуге де болмайды екен». Гаугаң күн аралатып, Демежанға келіп жүреді, барлық жаңалықты да айтады, кітап та әкеліп жүреді. Тар қапаста жатқан адамға мұның өзі үлкен мүдеу.

Тарбағатай жеріндегі шекараны бөлуге орыс-қытай консулдары мен Демежан мен Ли-Шаңсындар болып барлығы барады. Демежан мен Керімбай Сымайыл зәңгі айтқан бәтуалы сөзді айтады. Құлыстайдағы, Еренқабырға, Іле бойындағы қазақтарға келіп тұрған сынды айтады. «Көппен көрген ұлы той» демекші, қиындықты бірге көреміз дейді.

Балкашиннің еңбегі: «Батыс, Сібір, Орта Азия және Қытай иеліктері арасындағы сауда жолдары»

Демежан келіп тұрған Зілқараның тобына «найманшылап алсақ қайтеді» деп сөйлеседі. Ақсақалдардың бірі Демежанды танитын болып шығады. Бибіжан оның туған жиені екен.

Солай сөзге келіп, барлығын ауылға қонаққа шақырады. Бұл жерде қазақтардың қонақжайлық қасиеті сөз болады.

Шекарадаға тақау тұрған шағын қала Шәуешекте Петербург, Пекин сияқты ұлы астаналармен қатар аталып, «1884 жылғы Шәуешек протоколы» деген атпен тарихта қалады.

Календарьдың жаңа бетінде «1884 жылдың 25 мамыры. Император Гуансуйдің таққа отырғанына 10 жыл» деген қытайша жазу тұр.

Демежан Рамазан байға аймақ территориясын емін-еркін аралап, сауда жасауға губернатор Ши-амбыдан рұқсат алып береді.

Император Цяньлунның тұсында, 1758 жылы Цин империясы мол әскермен келіп, Шығыс Түркістан мен Жоңғарияны өзіне қаратады. ат басын тіреген бір жері - Тарбағатай өңірі.

Маньчжур өкіметі өз тілінде «Суанцзай-чан», яғни «жаңғырған қала» деп атаған. Ал қазақтар «Шәуешек» деп ат қойып алған, «Шәуешек» - түрік-моңғол тілінде тостаған деген мағына береді.

Бұл күнде қытай-маньчжур зиялылары мен әскери қауымды жайлап алған бір дерт: жаппай апиын тарту. Шәуешекті де жайлап бара жатқандықтан, Ши-амбы биыл жыл басына құмарпаздыққа қарсы қатал заң шығарған.

Төр жақтағы ежелгі қытай храмдарының үлгісімен салынған еңселі, биік үй - губернатор кеңсесі. Аймақ әміршісі Ши-амбы осында тұрады.

Бөлмеде отырғандар: **ұйғыр тілмашы Әсенажы, торғауыт Бадымжап және бар тілге бірдей жүйрік сібе жігіті - Дабынтай.**

Делбемше келген, жалпақ бетті, қысық көз, қара жігіт - Бадымжап.

Жалпы Бадымжап пен Демежан арасында жат көңіл, жаман ой жоқ-тұғын, қайта оңаша қалған кездерінде «Қазақ-қалмақ - киіз туырлықты бір елміз» деп жан тартып жүретінді. Жігіттердің арасына от салып отырған: мына сұм Дабынтай.

Дабынтайда: «Мен - халдай тұқымымын, Маншың өкіметінің оң қолы, бел баласымын» дейтін бір сасық кеуде бар.

Үкірдайлыққа сайланғанда ең алғашқы кезекті іргелес отырған жақын ел - Төртуылға беріп еді. Бұлар болашақ үкірдай, зәңгі, елубасылары бар - жиыны отыздай адам еді. Кандидаттыққа бір адамды ұсынған.

Ши-амбының жақсы танитын адамдары: төртуыл ішінен Сымайыл мен Керімбай еді.

Маншың өкіметінің салтында аймақ әміршісінің алдына кірген қарашы халық намаз оқығандай тізерлеп отырып, маңдайын жерге үш рет тигізіп, бас ұруы керек. «Қазақтар ұлық түгіл, құдайға құлшылық етіп те жарытпайды деуші еді, сол рас екен,» - деп ойлайды Ши-амбы.

Салт бойынша, аймақ әміршісі тапжылмай отыруы керек еді, бірақ Керімбайлар келгенде Ши-амбы орнынан тұрп амандасып кеткенін өзі де байқамай қалған еді.

Керімбайдың айтқан тілектері: біріншісі, Тарбағатай төсінен жаңа жайлау, Барлық тауынан қосымша қыстаулар алуға жәрдемдесіңіз. Қағаз жазып, мөр басып берсеңіз болғаны, қалғанын өзіміз реттейміз. Екіншісі, «**Соқырдың сұрағаны - екі көзі**», Еженханға қараған басқа халықтар сияқты біздің де жер емшегін еміп, кәсіп қылғымыз келеді. Сондықтан, елімізге тау өзендерінен тоған алып, егін салуға рұқсат беріңіз.

Ендігі кезек - Керейлердікі. **Мамырбек төре Абылай ханға алты атадан қослады. Алтайдағы Абақ Керейі біздің арғы атамыз Әбілпейісті хан көтеру үшін Абылайдан әдейі сұрап алған. Әбілпейістен - Көгедей төре, Көгедайдан Ажы төре мен Адеке туады. Мамырбек - Адекенің ұлы Жанымханның баласы.**

Билік үшін талас **Мәмбет** елінің ішінен де байқалды. Үкірдайлыққа екі кандидат ұсынған. Бір тобын **Жалбағай** бастаса, екінші тобын **Отыншы бидің немересі, жас жігіт Шәйі** бастап келген.

Төртуыл үкірдайы - Кермбай, Жұмықтың үкірдайы - Еңсе, Керейдің үкірдайы - Мамырбек төре болады.

1884 жылы қазақ халқын дүрліктірген шегара бөлінісі аяқталады.

★ **Ұлттық құндылықтар:** Ерулік пен үлкенге құрмет, ұлт тағдыры.

- ★ **Түсінік:** «Тағдыр» романындағы негізгі оқиға қазіргі Шыңжаң аймағының Шәуешек қаласында XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүріп, XX ғасырдың басында дүниеден өткен «мыңмен жалғыз алысқан» қаһарман тұлға Демежан айналасында өрбиді.
- ★ **Өз ойым:** Тарихи шындықты көрсететін ерекше, әдебиетте маңызы зор туынды деп санаймын. Демежан сияқты ел тағдырын ойлаған, сол үшін ба-рын берген жандардың өмірін көрсетеді.
- ★ **Ұқсас шығарма:** М. Әуезов «Абай жолы»; О. Бөкей «Атау-Кере»

«АҢЫЗДЫҢ АҚЫРЫ» ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ

- ★ **Тақырыбы:** Өмір Темір туралы аңыз
- ★ **Идеясы:** Аңыздың ізімен жазылып, философиялық-психологиялық ой тастау.
- ★ **Жанры:** роман
- ★ **Бөлімдері:** «Қызыл алма», «Мұнара», «Махаббат», «Аңыздың ақыры»

★ **Композициялық талдау:**

Басталуы: Шөл дала мен сусыма құм. Жорықтан қайтып келе жатқан әмірші.

Байланысуы: Аспанмен бой таласқан ұзын сырық - көк мұнара. Ұлы ханымның Әміршіге құрты бар қызыл алманы беріп жіберуі. Әміршінің ішкі ойлары мен мұнараның сыры.

Дамуы: Шебер Жаппардың өмірі туралы. Шаһарға келіп мешіт салуға қатысу. Әкесінің аманат айтып, қаза болуы.

Шиеленісуі: Жаппардың көк мұнараны салуы. Кіші ханымға деген махаббаты.

Шарықтау шегі: Махаббат. Әміршінің шебер мен Кіші ханымды қатал жазалауы.

Шешімі: Әміршінің ішкі ойлары мен Қағба туралы түс көруі, жолбарысты олжа етуі. Шөлдегі жорық, көзіне елестеген құмырашы жігіт пен ажал.

★ **Кейіпкерлері:**

Әмірші - Шаршы әлемдегі әрбір тірі пенденің құлағына көк найзаның сүңгісіндей суық естілетін айбарлы Алмас хан.

Кіші ханым - ақ желең көйлекті, басында да ақ селдір перде. Қымсына күлімдеген нәркес жанары бар, шиесідей албыраған екі етті ерін. Үлбіреп тұрған сұлу уыз жас. Әміршінің кіші әйелі.

Жаппар шебер - ендірі қара жігіт, шаһарға алғаш келгенде он жеті жастарда болатын. Кіші ханымға мұнара салу кезінде ессіз ғашық болады.

Жаппардың әкесі - Ортөбелік шебер құмырашы, көкжөтелден қаза болады.

Ұлы ханым - дүниеқоңыз, қызғаншақ. жаман мінезді жан.

Күтуші әйел - ернін жымқыра тістеген, опаны аямай жаққан ат жақты сопақша жүзі шығылтықтанып тұрады. Сүрмелі көздің сояу кірпіктері қыдығы кеткен

бетте өз-өзінен мен мұндалап тұратын қақсақалдыққа тән қайсарлықты астына бүгіп, өп-өтірік келтірген болады.

Бас шебер - мұнара ісіне араласушы, барлық жайтты біліп жүрген жан.

Ахмет саудагер - жуан қара кісі, майға бөгіп жылтырап көрінетін қысыңқы көзі бар. Қаладағы адамдардың барлығын дерлік танитын адам, Жаппар мен әкесі келген үйдің иесі.

Пір - құмандай қара шал елең етпей, бетін құбыладан аудармай безеріп отыра береді. Шақшадай басына дағарадай ақ сәлде орап апты. Қушық кішкене бетіне сұс беретін бір уыс сұйқылт шоқша сақалы әуелеп қапты. Шүңірек қастың астында сығалап жататын күлгін кегіс жылтырақ көзін бұл жолы тарс жұмып алыпты. Қолындағы аса таяқты мытып ұстап апты. Тарамыс қолындағы бар сіңір, бар тамыр бадырайып-бадырайып шығып тұр. Пір әлденеге ұйып қалған.

★ Маңызды деректер:

«Мектеп» баспасы

1. «Қызыл алма»

Осыдан он жыл бұрын диуан(кеңесте) күнгей елі жорыққа аттанарда пікір екіге жарылыпты. Үлкен ұлы елдің алтынына ие болсақ, күллі әлемді билейміз десе, әмірлер қара шыбындай қаптаған көп халықты билесек, көп ұзамай өзімізді жұтып қояды, ұрпағымыз ана тілін де ұмытып ұалады деп тартыншаұтайды екен.

Сонда құран аштырып: «Пайғамбар, заң білмес, жөн білмес бұзақыларға қарсы соғыс аш,» - деген сүренің үстінен шығады.

Барлық тіршілік Әміршіге «ойлан-ойлан» дейтіндей. Бой сергітем деп бақта серуендеп жүргенде де ойына қайқайдағының бәрі есіне түскендей болады. Жапырақ сыбдыры, су сылдыры, қыт-қыттаған торғайлар да, аңдып жүрген киік те мазақтап бара жатқандай көрінеді. Өрік ағашының астынан өткенде жиылып алынбаған жемітер үзіліп, шашылып жатады. Көбі иістеніп бұзылып кеткен. Осы өріктерге көкшыбындар үймелеп, кекең-кекең етеді.

«Шіріген жемістен жексұрын нәрсе бар ма? Кеше ғана аппақ боп үлпілдеп тұрған гүл-ау бұл. Одан түйнек салды, Көк жапырақты жөргек қып, мынау жатаған ағаштар жан-тәнін салып әлдилеген кішкене түйнек жер қойнауынан нәр еміп, аспан тесінен нұр еміп өсе берді. Сары алтындай құлпырып, көзге түскенше асықты. Болдытолды... Болғаны-толғаны осы, сирақтары салтақ-салтақ мына бір малғұндарға жем болды. Миуаның қадірі, шіркін, көзіңе от боп басылып биікте тұрғанда ғой... Биіктен бір құлаған соң, мынау өріктердей аяқ астыланып қор боласың... Жұрт аямақ түгілі тыжырынып жиіркенеді... Кешегі бал шырынға толып балбыраған тәтті мәуе екенінді не қылсын.»

Әмірші сұп-сұр күйінде өз бөлмесіне кіргенде, қызметші әйел ернін жымқыра тістеп, бұның дәл алдына кеп тоқтайды да қолындағы табақшасын дастарқанға әкеп қояды. Ернін қанша тістегенмен, ұялғанын білдіретін бетіне шапшыған бір тамшы қан жоқ болады.

Бұрын қызметшілеріне назарын тіктемейтін әмірші, бұл жолы тінте қарады. Қызметші әйел түк болмағандай шығып кеткенде, көзі қақ алдында тұрған нарт қызыл алмаға түседі. Бұл жолы пышақпен кесілген сызығы ақсиып көрініп тұр

екен, өзін өзге тағамдардан бөлектеп оқшау қойыпты. Әлгі әйел бәрін білген екен. Жастығының қасындағы қоңырауға қолының қалай тиіп кеткенін білмей де қалады. Қызметші әйел босағада мүләйімсіп тұрғанда, ұлы ханша жібергендігін айтады. Қызметші әйел жалт бұрыла бергенде, жымқыра тістеген езуінен жымыған күлкі қылаң берді...

2. «Мұнара»

Жаппар өміріне шегініс жасалады. Ортөбелік құмырашы ұлын ертіп Ахмет саудагердің үйіне келіп, мешіт салып жатқандардың қатарына қосылады. Жаппардың көз алдында әкесі көкжөтелден өледі де, баласына «шаһардан кетпе» деп аманат айтып кетеді.

Шебер жөткірініп қалғандықтан, алыстан шолып келе жатқан қалың нөкер мұның қасына тоқтайды. Не шайтан түрткенін білмейді, аяқастынан тамағының жыбырлап қоя бергені.

Қайдағы аяқ астынан болсын... «Әмірші бүгін намазға келеді» деген хабарды естігенде-ақ, бұның екі тізесі

дірілдеп ала жөнелгенді. Қорыққан баладай бірден сыр алдырып алғанына қысылып, қасындағыларға қарап еді, біразы қобалжып тұрса керек, әдетте түнеріңкі жүретін қабақтары жұмсарып, өңдеріне күлкі де емес, қорқыныш та емес, бір бейжай сезімнің табы қонақтапты. Іштеріндегі мосқалдары ғана сыр берген жоқ. «Келсе келгені жақсы» дегендей, мұрттарын ширатып қояды, көздерінде бір қуақы ұшқын ояныпты. Мұндайда қуану керек екенін, қорқу керек екенін анық білмейтін жастау жағы жүздері қуқыл тартып, абыржыған қалып танытты.

Күні бойы медіресе жақтан көз алмайды.

Мешіттің іргетасы Рамазан айының төрті күні дәл осы арада қаланғанын, әмірші өз көзімен көріп тұрды. Содан бері төрт ай өтеді. Бес жүз кісі тауда тас шығарып жатты. Екі жүз кісі оны сол арадан жылтыратып өңдеді. Арба жеккен тоқсан бес піл тасып тұрды... Төрт ай бойы таңертең күн көтеріле сары күйме медресе ауласына келіп кіреді де, күн бата ат мінген қалың нөкердің ортасында сарай жаққа қайтып бара жатады. Төрт ай бойы естігені: «Әне, анда өзі қарап отыр!»

Мешіттің біткеніне үш күн болды. Ішінде әрқайсысының биіктігі жеті құлаштан асатын тастан қашалған төрт жүз сексен баған бар. Әміршінің денсаулығына дұға оқып, жорықтарына бата беретін бұл мешітте бәрі алтын, бәрі мәрімәр.

Үш күннен бері жұма намазды күтіп тұрған муәзіннен бүгін ғана байтақ шаһарды түгел жаңғырықтырып азаншының айқайы шыққан-ды. Жұма намазды осында кеп оқыған Әмірші мешіттен шыққан соң, оның сырт ажарын қызықтады.

Әмірші өзіне жақындаған сайын құты қашты. Ту сыртындағы көк сида мұнара қақ төбесінен шаншыла құлап

келе жатқандай, басын көтермейді. Тамағы құрғап, кеуіп қалды, демі жетпей, тынысы тарылып барады. Бірақ көмейі әлденеге қыз-қыз жыбырлап, тамағы қышып қоя берді де абайсыз жөткірініп қалды... Ол аз дегендей, тағы

жөткірінді... Екі беті ду қызарып кетті. Сол-ақ екен, мұның деңгейіне жетіп қалған сары ала нөкер кілт тоқтады. Тамағын буып тұрған жөтел де жым болды. Бұның жасаурап кеткен көзі қақ ортадағы аласа адамның басын әнтек шалқайтып мұнарға қарағанын шалып қалды. Әміршінің сол екенін іші бірден сезді. Бірақ тіктеп қарауға батылы жетпей, көзін төмен салып тұра берді.

Мешітті салған Ортөбелік шебер деп ас ұста орнықты қоңыр дауыспен жауап береді.

Ертеңіне таңертең маңдайына асыл тастардан шатыра салған абажа қақпаның алдына кеп тоқтаған алпыс еркектің ішінде ортөбелік шебер Жаппар да тұрды. Олар әуелі бақ ішінде үлкен тұт ағашының түбіндегі парсының масаты кілемі төселген көлеңке бастырманың

астында монтиып-монтиып отырған үш кішкене баланың алдарына барып, тізелерін бүгіп тағзым етті. Бұл әміршінің немерелері.

үн-түнсіз ойға шомып отырған Әміршіге бастады. Таққа жиырма адымдай жер қалғанда олар кілт кідіріп, жер тізерлеп, қол қусырып, қайта-қайта иіліп тағзым етті. Үстіне мол пішілген өрнексіз желең шапан жамыла салған Әмірші шұбатылған мол жеңінен қолын зорға қылтитып, анадай жерде бір қапталда қырын орналасқан жеті уәзіріне әлдене деп белгі берді.

Төр жақтарында отырған бас уәзір екі қолын көкірегіне апарып, тағзым етіп, орнынан тұрды да, ту сырттарындағы көлеңке бастырманың тасасына қарай кетіп қалды. Көп ұзамай қайта көрінді. Соңында - қолына жерге шұбатылған жібек сүлгінің үстіне салып кішкене табақша көтерген бір топ жігіт.

Қолдарына табақша көтерген жігіттер бұлардың әрқайсысының қасына бір-бірден кеп тұра қалды да, бастарына алтын-күмісі аралас бір уыс теңгені саудыратып төге салды. Сосын иіліп алақандарындағы табақшадан аузын жібек шашақпен буған жұдырықтай кішкене қалтаны ұсынды. Жер тізерлеп отырғандар бастарын жерге жеткенше үсті-үстіне иіп, тағзым етті.

Хан енді шетелден келген елшілерді қабылдай бастады. Елшілер сәкіге барып жайғасты.

3. «Махаббат»

Әмірші келгенде мұнара бітіп тұрсын деп шеберге өзіне ұқсаған бір нөкер қызын жіберіп, өз арын сақтап қалғанымен, кіші ханым жазадан құтыла алмады. **Соңғы үш айда әміршінің өзіне бір кірмеуі - кіші ханым үшін қатал үкімге айналады. Сондықтан, ішқұса боп, азып-тозады. Оның бар айыбы - мұнара салдырғаны.** Сол мұнарада пәк сезім, адал махаббаттың менмұндалап тұрғаны үшін кіші ханым да, шебер де өз жазасын алады. Шебердің екі көзі ойылып, тілі кесіледі. Істің бас-қаында жүрген бас шебер де бұл жазадан аман қалмайды. «Барар жерің бәрібір жердің асты» деген жазумен өзі салған зындан оның өз басына сор болды. Ол өзі қазған көрге тірідей тасталды. Әмірші «Басқа шаһарға мұндай мұнара салынбасын» деп шешеді.

Шебер бұның көкейіндегі жорықта жүрген Ұлы әміршіге деген өзінің қаяусыз махаббатын, тұңғиық сағынышын бейнелейтін мұнара тұрғызғысы келген ойын дәл түсінген. Алыстан аяныш шақыратындай қып мұнараны мұңға бөктіріп қойғаны да соның айғағы. «. Сонау жер түбінен қарағанда ол бәлкім «асыға гөр,

тезірек жете гөр» деп жалынып-жалбарынып тұрғандай көрінетін шығар. Ал бірақ жақындаған сайын шалқақтай түсетіні несі? Шебер бұнысымен Әміршінің ашуына тиіп алмас па екен? Қаншама сағынып келген күнде де, өзіне арнап салдырған мұнараның әлгіндей шекелей қараған астамшылығы оған ұнай қояр ма? Оның үстіне бұл сарайдың ішінен қарағанда, ол неге осынша тұнжырап тұрады?»

Ханша күтуші кемпірге айтып, базардағы жұрт жаңа бітіп тұрған мұнара жайында не айтып жатыр екен, біліп келсінші деп астыртын адамдар жіберіп, тың тыңдатып еді, халық жорықтағы падишаның алдынан мынандай мұнара салдыртқан ханымның кемел ақылы мен салған шебердің асқан өнеріне таңдайларын қаққаннан басқа әлі ештеңе аңғара қоймапты. Ханым жансыздардың бұл хабарына көңілі біржола көншімегенмен де, қайдағыжайдағыға мән беріп құр бекерге қуыстанғанына өз-өзінен ыңғайсызданып қалды.

Кіші ханымда күндесі де қызғаныштан басқа айтар сөз таппас еді, Падиша да қаншама бәйбіше деп дабырайтып, бастас санап, басын асырып жүрген Ұлы ханымның қанша жыл отасқанда, қанша жорықтан жеңіспен оралғанда онсыз да асқақ көңілін астанасына кіре бергенде дәл мынадай қып одан бетер аспандатып тастайтындай ақыл таба алмағаны сол арада бірден есіне түсер еді, оның қанша асыл текті болғанмен алтын санап, асыл жиғаннан басқа ештеңені білмейтін дүние қоңыз, етегіне тоңғақ жұқтырғыштығымен ғана бағы асып тұрған жай әншейін жабық құрсақ әйел екеніне біржолата көзі жетер еді деген ойлар да болады. Сондықтан, Әміршінің келген күнін асыға күтеді.

4. «Аңыздың ақыры»

Әмірші бойында арпалыс болады, жанын жегідей жеген күйзеліске түседі. **Түсіне Мекке-Мәдине, Қағба кіріп, жан дауысымен: «Хақ тағала, қай қызметіне де әзірмін,» - днп айкай салып оянады.** «Тек жұртқа жасаған мейірімінді маған да қия гөр», - деп екі етек боп жалбарынып келеді. Бірақ тірсегінен қағып өтіп, шыр көбелек үйіріліп, шыр анала қашып жүрген Қағбаның қасиетті тарғыл тасы бұған бірңбір жеткізбейді. Түспен кейіпкер психологиясындағы дағдарысты бейнелейді. Ол түсін дорытайын деп піріне барса: «Кие үркіткен, аруақ ренжіткен жерің бар шығар, балам, ойлан», - дейді. Пірінің осы сөзі әміршінің есіне шебердің киесін үркітіп, оның құмыраш әкесінің аруағын ренжіткенін растайды. Алайда сабыр таппаған әмірші тағы да жорыққа аттанады. **Жорыққа аттанып бара жатқанда алдынан тілі мен көзден айырылған, боп-боз қу сүйегі қалған құмырашы кезеседі. Ол - баяғы Ортөбелік өндірдей жігіт.** Оның адам баласын арбап алатын нұрлы көзінің орнында екі шүңірек қана қалған. Бұл жай ған көзге елестеп тұрғанын кейін ғана аңғарады.

«Қорыққанға қос көрінеді», «Барар жерің бәрібір жердің асты».

Әмірші құба шөлде жорықта жүреді. Әмірші шынашақтай құсқа көзін қадап алады. Әмірші ойынан соқыр жігіт кетпей қояды. Шаршы әлемдегі әрбір тірі пенденің құлағына көк найзаның сүңгісіндей суық естілетін айбарлы Алмас хан атағынан да тайсалатын түрі көрінбейді. Шілде күні шатыр іші

ысып кетіпті. Тағы да көзін ашқанда төбесінен қара қоңыр күнгірт бірдеңе төніп тұрды. *Бірақ Әмірші бұл жолы өзінің, үйреншікті алтын күйме, атлас шатырында жатқанын, әлде баяғыда өзі салдырған тас зынданда жатқанын анық ажырата алмады.*

«Жазушы» баспасы

1. «Қызыл алма»

Әмірші жорықтың жеңіспен аяқталғанына той өткізеді. Той екі айға созылады. Тек Әміршінің шаршағаны тарамайды. Ол той өткен күннің ертеңіне шаһардың шыға беріс сыртындағы оңаша сарайға көшіп алады, сонда бақты аралап, жалғыз өз ойларымен жүреді. Немерелерін де алдыртпайды.

Құрты бар алманың шешімін ойлайды. Жаман айтпай, жақсы жоқ деп көзі жұмыла қалса мұрагері кім болатынын әлдеқашан шешіп қойған. Мұрагердің әзір сұрқия ойы шыға қоймас деп ойлайды. Сонда бәйбішенің жорамалы Кіші ханымға бағышталған болды.

2. «Мұнара»

Әмірші жорыққа аттанып кеткелі де екі жылдың жүзі болғанда, Жаппарға бас шебер келеді. Бас уәзір Кіші ханымның айтуымен мұнара салуды тапсырады. Мұнараны Кіші ханым тұратын бақтың түстік жағындағы оңашалау алаңқайға салуды ұйғарады.

Жаппардың әкесі оған құмыра жасауды үйретеді, оның қолынан шыққан құмыралар көп ұзамай барлығынын дерлік қолында болады.

Жаппар сегіз жыл бұрын әкесімен шаһарға көк есекпен келеді. Жолдағы нөкерлерден тығылып, сексеуілдің арасына тығады. Жаппар түйемен етіп бара жатқан дуананы және бір топ көп аттыны көреді.

Ахмет саудагердің үйінде тұрады, мешіт салу ісіне араласа бастайды. Екі айдан соң әкесі қатты ауырып, қаза табады.

Көк мұнараны салған кезде Жаппардың көзі Кіші ханымға түсе береді де, кетікті бітемей мұнараның басына шығып жүріп алады екен. Мұның сезімін бас шебер байқайды. Келесі күндері жалғыз адам ғана көтерілетін тас сатымен Кіші ханымның өзі де келеді, Жаппар келген жендет деп ойлап қалады. Ханымды көргенде баяғы Зухра есіне түседі. Бірдеңе дегісі келгенмен, аузынан ештеңе шықпайды.

Бір күні талма сәскеде әдейі шабарман кеп, Жаппарды сараға алып кетеді, сыйсыяпат күтіп тұрмағанын бірден түсінеді.

«Атамұра» баспасы

4. «Аңыздың ақыры»

Бас шебердің зынданға түскені жайлы хабар шаһар ішін бір дүңк еткізді де, басыла қалды. Шаһардың халқы жұмбақ мұнараның жауабын тауып, саққа жүгіртіп қойған. Бірақ Әміршіге айтуға ешкімнің де дәті жетпейді. Ертеңіне Әмірші бас уәзірді шақыртады. Бас уәзір есіктен бүгежектеп әрең аттайды, кәрі түлкінің дәл осылай қорғалақтап қалғаны Әміршіге ұнамайды. Егер қорғалақтаса бірдеңе білгендері.

Төрт-бес күннен соң әмірші аңға аттанады. Үйір-үйір аңшы иттер, тазылар, садақшылар, Әміршінің қарақұрым жеке нөкері, аспаздары мен қызметшілер, аң үркітетін кернейшілер мен дабылшылар — ұзын шуақ керуен астанадан шығып, ту-ту көз ұшында еміс-еміс көгеріп жатқан зеңгір тауларға беттеді. Бір күншілік жол жүріп керуен тауға да жетті. Сарай адамдары, әкімдер, қол басылар, Әмірші әулеті ақар-шақар шыңдардың арасынан арсы-гүрсі құлайтын жойқын өзеннің бойындағы ну жынысты қойнауға шатырларын тікті.

Тау бойына қонған күні Әмірші ағыл-тегіл дастарқан жайды. Шарап судай ақты. Жұрт қанша дуылдасқанмен, Әміршінің құлағы елең етердей ештеңе аңғарта қойған жоқ. Бәрі де сол ертең басталғалы тұрған аңшылықтың жайы. Ат мақтаған, ит мақтаған, құс мақтаған кеу-кеу. Мергендіктерін салыстырып қызарақтасқан мақтан әңгіме.

Сол күні түнде де көз іліндіре алмады. Аңшылыққа қонған самсаған көп шатырда сес жоқ. Маңай тым-тырыс. Сыртта маужыраған жазғы түн. Саф ауа, өн бойын ал-сал албыратып бара жатқан бал шарап. Ертеңіне ертемен басталғалы тұрған ду-ду сайран. Одан артық қандай рақат керек. Көрші шатырлардан қор-қор дыбыс көбейді. Әміршінің жақсы көретіні осындай түндер, осындай өмір.

Әмірші түсінде ихрам киіп, жалаңаяқ Қағбада болғанын көреді. Жұрттың барлығы қара сұр жотаға бара жатады, алдарынан үстіне кілем жапқан ашамайлы **аппақ желмаяға мінген ақ сәлделі біреу** көтеріледі. Түйеден түспеген күйі, тізезінде жатқан кітапты оқи бастайды. Күңіренген қою дауысы оқтын-оқтын үзіліп кетеді. Сол кезде барлық жұрт құлдық ұрады екен, Әмірші өзі айтып көрмеген соң, көптен соң барып қосылады. Ертеңінде ақ түйелі адам тағы да дұға оқиды, сосын намаздан соң тағы да етекке қарай барады. Тайқазандар түсіріледі. Кейін шаһарға беттегенде, алдарынан Қағба көрінеді. **Бірақ Әмірші Қағбаны ұстай алмай қояды, қолын соза бергенде Қағба да орнынан жылжып ұстатпайды.** Ол енді жұртпен бірге ауланың ішіндегі қағбаны салған Ыбырайым пайғамбардың қабіріне барып тағзым етті. Зәмзәмнің құдығынан су тартып ішті. Зәмзәм суды ішкенде де көкірегін сілтідей жидітеді.

Қағбадан шыққанда егіз тау Саф пен Мәруді көреді. Қағбаны Ыбырайым салады. Шұбырған халықтың алды баяғыда Ыбырайым қағба салып жатқанда жалғыз ұлы Ысмайылға бір жұтым су таба алмай әйелі Агөрдің жеті рет айналып жүгіріп шыққан Саф пен Мәрудің арасындағы қойнауға жетті. Екі өкпесін қолына алып, бұл да келді. Жан даусы шығып: «Хақ тағала, қай қызметіңе де әзірмін» — деп айқай салып келеді. «Тек жұртқа жасаған мейірімінді маған да қия гөр» — деп екі етек боп жалбарынып келеді. Бірақ тірсегінен қағып өтіп, шыркөбелек үйіріліп, шыр айнала қашып жүрген қағбаның қасиетті тарғыл тасы бұған бәрібір жеткізер емес. Ол дауысым Алланың құлағына тимей жатыр-ау деген кісіше, құрғап қалған көмейін қаттырақ кенеп, бар күшін салып, айқайлады: «Ләббай...» Әмірші әлдебір әжептарқы дауыстан оянып кетті.

Аңшылықта таста жатқанда жолбарыс шыға келеді, Әмірші ажалым осы екен деп ештеңе ісемейді. Бірақ нөкер жігіт келіп қалғанда, садағын алып жолбарысты атып өлтіреді. Шаһарға қайтып, пірінен түсін жорып беруін сұрауға асығады.

Жер-су аттары: қырлы шындар Арафе мен Мұздалиф, Саф мен Мәру, Мин алқабы, Байтақ шаһары.

Әмірші қасындағы нөкерін етекке тастап, киелі үңгірдің аузында көлеңкелеп отырған кәрі піріне ылғи да тек бір өзі ғана көтерілетін. Бұл жолы да сол әдетімен биік шоқының басына жаяулатып шығып келеді. Қандай алыс сапарға аттансын мейлі, қандай падишаның тәжі мен тағына сұқтансын мейлі, ол қай жорығын да әуелі осы бір біраз жерге дейін құмақтатып барып, сосын бірдей тайғанақ саз шаппа биікке тіп-тіке өрмелейтін бұралаң соқпақтан бастаған-ды. Ол осы бір қара шоқының басына қашан да болдыртып шығатын. Бұл жолы әдегеннен-ақ жіліншігі жеміріліп қоя берді. Әлсін-әлі тоқтап бел жазып алады. Бірақ екі бұғанасына қорғасын қаптап қойғандай, барған сайын бөксесі зіл тартып, аяғы ұйып барады. Тынысы да бітіп қалды. Сонау етекте қалғандар алтын тәжді падишаның үпірсең ұшып кететіндей қаңғалақтаған қара шалға бола осынша азаптанатынына қайран қалып тұратын шығар. **Ақыл да қоспады, бата да бермеді; бұрын бұны жасырақ кезінде мүсіркеп, маңдайынан сипайтын әдеті болушы еді; бұл жолы оның жүзінен аспандай қараған астамшылық пен қазымырлықтан басқа ештеңе байқамады.**

«Арман-ПВ» баспасы

«Кекілбаев дарыны – мейлінше ғибратты дарын. Оның кеңістігінің өзінен ұғымтал көкірек пен жіті көз адуын өнердің мінезін көреді.»

Асқар Сүлейменов

Сырт қарағанда жалаңаш көрінетін барқан құмның өзін жұмбақ, қорқынышты етіп көрсетеді. «Ат тұяғынан құм сауырын ойып түскен дөңгелек шұңқыр лезде қайта толады. Алдындағы оқ бойы озық өңшең құла ат мінген күзет сарбаздарынан тау-тау шағылдың беткейінде шашырап қалып жатқан көп із көзді ашыпжұмғанша-ақ ғайып болады. Сусыма құм баянсыздықтың тылсым құдіретін танытқысы келгендей, құп-қу жүзіне жолап кеткен сәл таңбаны жалмап жұтып жатыр. Әмірші ұлы шөлге келгелі бері оппа құмның осы бір обыр мінезінен назарын қанша алып қашса да, құтыла алмай-ақ қойды».

Әмірші төрт жыл бойы жорықта жүреді. Жүз мың аттың тұяғының баспаған жері жоқ.

Адам ғұмырын ұйтқып-ұйтқып басыла қалатын қырдың желіндей құр әншейін өткінші нәрсеге, тұсындағы соның әрбір ұсақ-түйегін жіпке тізіп тіркеп бағатын адамның жадын да мына сусыма құмдай тұрлаусыз бірдеңеге теңейді. «Сонда анау аспан мен мынау жердің арасында баянсыздықтан басқа ештеңенің болмағаны да. Басқасының бәрі – өткінші, тек баянсыздық қана мәңгілік пе?» деген ойлар да келеді.

Әмірші ұзақ уақыт жорықта жүргенде, жұбайын сағынған Кіші ханым оған арнап жұртта жоқ керемет ескерткіш салдырмақ болады. Алмас хан білмейді. Жорықтан қайтып келе жатқанда оның көзіне алыстан бір сырық шалынады.

Қақ төрде әлгі бір аспан мен бой таласқан көк сырық – мұнара. «Көк масаты көйлек киген әлдебір арудың алыстан арып-ашып келе жатқан жарына сағына қол бұлғап, көкке көтерген білегіндей жұп-жұмыр, сымбатты мұнара жақындаған сайын жалт-жұлт ойнап, жарқырай түсті».

Осы мұнараны салдыру оңайға түспейді. Кіші ханымды сыртынан көрген сәулетші жас жігіт оған өлердей ғашық болып қалады. Сөйтіп, мұнараның соңғы кетігін бітірмей жүріп алады. Кіші ханым өзінің киімін кигізіп, бір қызметші қызды жібереді. Шебер оған (Кіші ханым деп ойлап) ғашық екенін айтады. Әмірші айналасы да Кіші ханым мен шебердің арасында бірдеңе бар деп есептейді, бірақ ешқайсысының қаһарлы ханға айтуға жүрегі дауаламайды. **Тек бәйбішесі – Ұлы ханым өзегін құрт жеген қызыл алманы Әміршіге жіберткізу арқылы оның ең сүйікті әйелі Кіші ханымның «сырын» әшкерелемек болады.**

Қызметші әйел құрты бар алманы алтын табаққа салып әкеліп жүреді. Әмірші арасын ашып қараса, бұландап құрт шығады. Қызметшілерінің алдында мінез шақырып жатпайтын; байқамаған боп табаққа қоя салды. Қызметші әйел шығып кеткенде, Әміршінің көзі қақ алдында жатқан манағы нарт қызыл алмаға түседі. Бұл жолы пышақпен кесілген сызығы ақсиып айқын көрінеді. Өзін өзге тағамдардан бөлектеп оқшау қойыпты.

Бұдан соң Әміршінің ойы оңға бөлінеді: «Иә, көк мұнараның өне бойынан өліп-өшкен махаббатты тану қиын емес. Бірден көзге ұрып тұр. Бірақ сол кімнің кімге махаббаты? Көк мұнара алыс жорықтағы еріне ынтыға қол созған сағынышты жар ма, жоқ алыстан қол созған ғашық жүректі «мен мұңдалап» қасына шақырған сиқыр сұлу ма, қайсысы? Мана бұл қасынан көзі қиып кете алмай көп қараған жоқ па еді, сонда сиқыр мұнара өзіне тартып тұрмап па еді? Сонда оны салған шебер нені бейнелеген болды? Алыстағы жарын күткен сағынышты бейнелесе, қасына барғанда, асқақтап аспанға қарап жатып алатыны несі, сәл алыстасаң болды, қайтадан өзіне баурап, қараған көздің шырқ айналып шыға алмайтыны қалай? Жоқ, жоқ, шебер мұнараны салдырған ханымның алыс жорықтағы жарына деген пейілін емес, өзінің ханымға деген көңілін бейнелеген...».

Шығармадағы қызыл алма – опасыздықтың символы. Алмас хан өзегіне құрт түскен қызыл алма арқылы отбасындағы алауыздықты, күндестердің қылығын ғана емес, сонымен қатар, дүниежүзін тітіреткен атақ-даңқының да адам осалдығы, пендешілігі мен сезіміне бөгет бола алмайтын дәрменсіздігін түсінеді. Алыстан әсемдігімен сиқырлана баурай көз тартып, жақындағанда тәкаппарси қалатын мұнараның өзіне емес, ғашығына арналғаны оны тірідей жерге көмеді. Осылайша өткір қылышымен талай жанды жер жастандырған Алмас хан әйелі мен қарапайым жас шеберден оңбай жеңіледі.

- ★ **Ұлттық құндылықтар:** Жазушы Әміршінің бар болмысын, ішкі арпалысын соны көркемдегіш құралдармен оқырмандарына жеткізе білді. Бұл – жазушы стилінің өзіндік ерекшелігі.
- ★ **Түсінік:** Роман мазмұны түркі дүниесінің тарихында өзгеше орны бар, ұлы билеуші Әмір Темір өмірінің бір үзік сырын ашуымен ерекшеленеді. Шығармада билеушінің аты аталмайды, Әмірші Алмас хан образы арқылы ашылады.
- ★ **Өз ойым:** Романда «Ұлы жаулаушы» атанған Әміршінің ішкі сезімін беру үшін жазушы терең философиялық ойларға бойлап, табиғаттың сипатын да соған сәйкес астармен шебер толғайды.
- ★ **Ұқсас шығарма:** «Батыр Баян», «Ескендір» поэмасы

«ШАҚАН ШЕРІ» МҰХТАР МАҒАУИН

- ★ **Тақырыбы:** Жолбарыс перісі
- ★ **Идеясы:** Ұрпақтың кек қумай, еңсесін түсірмей, ұлттық құндылықтарды ұлықтап, қазақ халқының қасиетін арттыруға айтылғанын қалайды.
- ★ **Жанры:** роман

★ **Композициялық талдау:**

Басталуы: Тұтқындағы шері(эпилог)

Байланысуы: Шақанның бақытты отбасы

Дамуы: Жолбарыстың шабуылы. Отбасынан айырылған Шақан.

Шиеленісуі: Кек қуған Шақан. Шақанның шөнжікті асырауы. Ауылда болған оқиға

Шарықтау шегі: Шақан мен шөнжіктің кездесуі

Шешімі: Шерінің қолға түсуі

★ **Кейіпкерлері:**

Шақан- қайратына, қажырына сенген ешкімге ырық бермеген асау жанның салқам бітімі. Сол жақ бетте самайдан иекке түскен бұжыр-тыжыр терең, үш қатар тыртық. Қиығы кеміс, ызалы шегір көз шапыраштана түйіледі. Ұрты да жырық. Аппақ, өткір сойдақ тісі жарқырап тұр. Адам шошытарлық. Арбиған саусақ, бұлшықты мойын кең иық, зор кеуделі, еңсегей бойлы. Масақ мергеннің ұлы, өзі аңшы.

Шәркі тілмаш- орысша киінген, тақиялы.

Мәртебелі Төре- шашы ерапайсыз өсіп кеткен, түйенің шудасындай иығына түседі. Бірақ сабалақ емес, майлап, сәндеп, артына қайыра тарап қойған. Бет-аузы түгел түк. Мұрты оқтаудай, сақалы күйектей, сақал-мұрт та, ұзын шаш та сап-сары. Төренің өзі де сардар. Өңі ғана емес, киімі ле. Екі иығы алтынды желек саудыраған оқалы, алақандай тақта. Омырау сары ала шынжыр, тіпті түймелерге дейін сары.

Жалтақ Жантай- кемиек, талпақ танау, тайқы маңдай, Шақанның ата-туысы.

Ажар- Сәменнің анасы, Шақанның сұлу жүзді әйелі.

Сәмен- бес жаста, Шақан мен Ажардың баласы. Көйлегі шелтек, тұлымы жалбыраған. Жүні үрпиген, сарғыш кенеп көйлек, үстінен кәзекейін киген.

Құба мерген- кіндік әке, еңсегей бойлы, арық.

Қара батыр- нағашы ағасы.

Меңсұлу- Шақан ұнатқан қыз. Нәзік бітімді, үлбіреген дөңгелек жүз, қара көз, шашы ұзын.

Атабек- Меңсұлудың әкесі, әңгімешіл адам.

Тоқай мерген- тарғыл тонды, Жалтақ Жантайды өлтірген жан.

★ Маңызды деректер:

1-2 тарау. Бастау. Қамыстағы үй

Бүкіл халық **"жолбарыс жүректі Шақан-Шері"** деп атайды.

Төре Шақанға Жалтақ Жантайды өлтірді, Кенесары ханға қосылды, маған құрмет көрсетпеді деп жала жабады.

Аңшы атасының екі үйір жылқысы, бір келе түйесінен қалғаны - **қара бура мен кер жорға ат.**

Биылғы қысты өткеріп, жаз шыға жалайырға - нағашыларыма барам деп жоспарлайды.

Ажар екеуі Жезтырнақ туралы, батырлар туралы сөз етеді.

Қапшағайдың қамысы үлкен. Іленің екі өңірі - толған құс, әсіресе қаршыға көптеп кездеседі.

Жер атаулары: Жиделі-Байсын, Талғар, Қапшағай, Іле, Балқаш, Алматы, Қаскелең.

Батырлар: Өтеген, Ағыбай, Саурық

Жырау: Ақтамберді аты аталады.

Шақанның қыстауына қала тесірген, жерін тартып алып малын талауға салған ағ патшаның сенімді нөкері - Жантай.

Шақанның әндетіп отырағны: **«Қырғауылы қызыл екен, құйрық жүні ұзын екен...»**

Жолбарыстың сипаты: «Құлағы жылмиған, езуі ақсиып, шегір көздерінен көкшіл ұшқын атқан көлденеңдей келеді. Ала жыландай шиырылған ұзын құйрығымен қос бүйірін кезек соғып, құныса тағандап, ышқына өксіді.»

Жазушы аңшылық пен мергендікті Қамбар батырды еске алу арқылы жалғастыра жазады.

Арада апта өтпей, Қапшағайды өрлей, Іленің сол жағасына орнаған барлық ауылға, Алатауды көбелеген Түрген, Талғар, Алматы, Қаскелең бойындағы елге сұмдық хабар тарады. Кісі етін жейтін жалмауыз жолбарыс шығыпты!

Ағайынның ақырғы сөзі: «Өткен оңалмайды, берік бол».

Нағашының соңғы сөзі: «Еркексің ғой, Шақан, есінді жи!»

Кіндік әке Құба мерген мен нағашы аға Қара батыр Іленің иен жағасында, қопалы қамыс ығында қалған тұл үйге бір шамада қайтып оралды. Қаралы қос иесіз болып шықты. Мақамына келтіріп құран оқыған- **Қара батыр.**

3-тарау. Жолбарыс жымы

Бұл тарауда мейірімсіз **Қосаяқ** сөз болады. Ол - Шақан. Жолбарыстың тіршілігіде сипатталады. Жолбарысты да, оның шөнжіктерін де аяусыз өлтірген қатігез Шақан суреттеледі. Екі кішкентай шөнжікті жиденің жуан діңіне ұрып өлтіреді.

Меңсұлумен кезлеседі.

Шақан жолбарыс қанынан жеті мәрте дәм татады.

Шақанның жолы: Қапшағайдан Құйғанға дейін іленің екі жағасын, Топар, Қараөзек, Жиделі аталатын үлкенді-кішілі тарамдарын тегіс сүзіп шықты. Шақанның өз есебі бар еді. Ай мен күн есебі емес, мал мен жан есебі емес, **жолбарыс есебі.**

Бозбаламен танысады, бірақ ол Меңсұлу болып шығады. Жолбарыс түнде бір жетім емген саяқ көк тайды жарып кетіпті.

Жолбарыспен айқаста Шақанның бетіне жара түседі. Тек көзінің қиығы алайып, езу еті қаша біткен. «Бәрекелді, жарақат - жігіт көркі» деген Атабек ақсақал. Атабек ақсақал сандық түбінен жағасы биік, жеңі ұзын, етегі бітеу, сауытқа ұқсас, шұбар ала киім шығарады. Ол киім - **жолбарыс көбе.**

Атабек ауылы- түбектің ықтасын түкпіріне қонған он бес үй.

Меңсұлу кіші әйелден туған кіші қыз.

Шақан Атабек ақсақалға "бес жылдан соң келмесем, жаназамды шығарып, құран аудартыңыз" деп айтады.

4-тарау. Сары құмның шапқыны

Шақан жолбарыс ізіне қатты шөл қысқандықтан түседі.

Шақан үлкен-кішісіне қарамай, шөнжіктерге тиіспейтін болды.

Шақан мұның көп ұзамай кеңшілік емес, азапты өлімге байлаған ауыр жаза екенін ұқты.

Қызыл шөнжікті асырайды. Мойнына жіп тағып, жетектеп алған, апта бойы қасына ертіп жүреді. Жетекте жүрсе де, жұғысар емес. Босатып қоя берген, бірақ бір ай бойы із қуып арттан жүреді. Бір күні Шақан Іле жағасынан үлкен қабанды атып береді, бұл қоштасқаны еді.

Арада қаншама заман өтсе де, шөнжік пен Шақан кездеседі. Қызыл шөнжік Шақанды ұмытпапты, бір-ақ тарпигын еді, бірақ тарпымады, боршаламады.. Шақан бірінші рет көздегенде мүлт кетеді.

«Аялы көзі қалың түкті, бұрыс қабағы, тарам-тарам жібек сақалы...жеті жыл өтті» Меңсұлу Шақанды күтеді, бірақ Шақанды өлді деп басқа жанмен отау құрады.

Шақан-Шері деген өлді. Әйелі мен баласын жыртқыш жеген күні емес. Жаңадан тігілмек жылы ұядан ұшқан күні. Осыдан жеті жыл бұрын.

Жалтақ Жантай өліп қалған. Көк белесте. Патша туының астында. Тарғыл тонды Тоқай- мерген қара шитімен қапысыз ұрған. Шақан еліне қайтқанда, алдынан кісен тосып тұрғанын білмеген еді...

- ★ **Ұлттық құндылық:** Автор осы шығармаға жыртқыш аңды образға алып, сол кездегі жағдайды суреттеген және қазақ халқының аңшылық өнерін көрсеткен.
- ★ **Өз ойым+түсінік:** Бұл шығарма оқырманға психология әсер етеді. Және ерекше үлгіде жазылған.
- ★ **Ұқсас шығарма:** М.Әуезов "Көксерек"

«ҚАҢАР» ІЛИАС ЕСЕНБЕРЛИН

- ★ **Тақырыбы:** XIX ғасырдың бірінші ширегіндегі Кенесары бастаған қазақ халқының еркіндік жолындағы күресі
- ★ **Идеясы:** еркіндік рухының өшпеуі, тәуелсіздік идеясы; ұлттық идеология
- ★ **Жанры:** роман («Көшпенділер» трилогиясының 3-бөлімі)

★ **Оқиға реті:**

Ресей отарлау саясатына шыдамы таусылған халықтың, өз туған жерлерін тастап үдері көшуі. Ожар мен Сейтен бастаған көш.

Ел басына қайғы түскенде, сеніп, дос деп жүрген Ожардың Сейтенге деген сатқындығы. Сейтенді Лебедев әскеріне ұстап бергені. Ожар мен Сейтеннің соңғы сөздерін естіп қалған Таймас.

Жоламан көші мен бастаған көтерілісі. Жоламаннң хабаршы жігіттерді күтуі, Ақбөкеннің келуі. Жоламан бастаған көтерілісшілердің Карпов пен Серғазы жасақтарына қарсы күресі.

Саржан мен Есенгелдінің Хиуа және Қоқан хандықтарына кеңес сұрап баруы. Олардың қастықпен өлтірілуі.

Кенесары мен Наурызбайдың бейнесі, ішкі ойлары. Қасым төренің Кенесарыға ағалары үшін кек қайтаратуына сөз алуы.

Қоңырқұлжаның ойлары. Әшіраптың кеңесі, Ақмола бекінісіне жасалған шабуыл.

Кенесарының Сыздықты сынауы. Генс пен Перовскийдің арасындағы әңгіме. Жүсіп пен Кенесарының әңгімесі.

Кенесарының Ресей патшалығының отарлау саясатына қарсы күрес бастауы. Хандық билікке отыруы.

Соңғы түсі мен хандық ойлары.

★ **Кейіпкерлері:**

Азнабайұлы Сейтен - Арқадан оңтүстікке келе жатқан көшті бастаушы Баянауылдағы Қаржастан шыққан батыр. Астында есік пен төрдей, ай табанды

жайма жал қара көк айғыр. Тақымында келте шоқпар, қарына темір бауырлы қайың сойыл ілген. Үлкен өткір қара көзді, ұзын, қою қара мұртты адам. Таңмен бірге ашыла түскен қара сұр жүзі ақ сұпыдай.

Ожар Қубетұлы - Сейтеннің бір кезде барымтаға да, жауға да қатар шапқан үзеңгілес жолдасы әрі руласы. Патша үкіметінің тыншысы. түксиген қабақты, кескен томардай келте қара сұр жігіт келеді. Сары ала қынапты қисық табан келте қылыш тағынған. Кісі өлтірген адамдай түсі зәрлі. Соңғы үш-төрт жыл ішінде Ақмола аға сұлтаны Құдайменденің Қоңырқұлжасының қасында болып, жақында ғана өз еліне қайтып келген.

Тайжан - Сейтеннің патшаға қарсы ереуіл ұйымдастырғаны үшін өлім жазасына кесілген інісі, Алтыншаштың әкесі.

Қоңырқұлжа - Қараөткелдің аға-сұлтаны. Қарапайым халыққа жаны қас, өзімшіл, озбыр, Омбы генерал-губернаторының сеніміне ие болып, ойына келгенін жасайтын адам. Елдің бас көтерер адамына жала жауып, жазықсыз ұстап беріп отырады. Жоғары қызмет, «шен-шекпен» жолында халық мүддесін аяққа таптап, кез келген опасыздыққа бара салады.

Күміс - Қоңырқұлжадан қорлық көріп, намысы тапталған жалшының қызы.

Бопай - Кенесарының қарындасы – ержүрек, қайсар, батыл, сұлу ағасына көмектесу үшін қолына қару алып, атқа қонған.

Таймас - Сейтен мен Ожар сөзін, Алтыншаш жайын естіп қалған Кенесарыға жеткізуші адам. Ұзын бойлы, денелі ақ сары Бектас баласы, Қаржас руынан. Заты сабырлы жан.

Алтыншаш - Тайжанның 16 жастағы қызы. Кезінде Омбының бір бай саудагері сатып алып, генерал Фондерсонға тарту етеді. Ұзақ уақыт ақсүйек офицердің үйінде үй қызметшісі болған зерек қыз орыс тілін ғана емес, француз тілін де меңгерген, жас болса да көрген-түйгені мол.

Байтабан - 23 жастағы Алтыншашпен танысып, тез тіл табысып кеткен жан. Кейін Алтыншашты дер кезінде құтқарып, Ожарды өлтіреді. Алтыншашпен қосылады.

Сәмен - Ожардың мән-жайды айтып берген досы. Көштің жолын білетін, жөн көрсетіп келе жатқан жан.

Генс - Орынбор генерал-губернаторы

Есіркеген - Семейде төрт жыл орысша оқыған атақты Масан бидің немересі, көп нәрсенің мағынасын түсінгісі келетін жас жігіт. Петербургтегі кадет корпусына түспек. Есіркеген Кенесары ауылының үстімен жүріп, кетерінде Күмісті бір көріп қалуды армандап келеді.

Абзал ақсақал - көш басқарған инабатты қария, көш бастаған адамдардың бірі.

Лебедев - суық мылтықты, кәрлі қылышты әскер жасағын басқарып келген жирен мұртты есаул.

Шыңғыс - Қоңырқұлжа аға сұлтанның кіші баласы сары ала түймелі тілмаш жігіт. Уәлиханның ұрпағы.

Жоламан батыр - қарттардың ішіндегі қапсағай денелі, қара сақалды, орта жасқа келіп қалған тұлғалы кісі, көзі қырағы. Құбыла жаққа қадалып қалған. Оның үстінде темір торлы шолақ сауыт. Басында темір тор далбағай. Сауытының жеңі шынтағына ғана жетеді. Білегін ішінен киген көк барқыт пешпентінің

жеңі жауып тұр. Оюланған көк барқыт кең балақ шалбар. Аяғында күмістеген кең қонышты саптама етік. Сауытын ышқырланып алған. Күміс белбеуінде жез сағалы, қынына алтын жалатқан көк семсер. Сол қолының шынтағына ілген болат қалқан. Қазір қауіпсіз бір тыныштық шақ болғандықтан шетіне зер ұстаған көк барқыт шапанын иығына жамыла салған... Бұл — осы көптің қолбасшысы. Табын руының биі, мың жылқы айдаған сұлтан Тіленші ұлы Жоламан батыр еді.

Хабаршы жігіт(Байтабын) - Ат үстіндегі қара торы, жас қайындай берік, шымыр денелі жігіт. Байтабын үлкен апасынан туған Кіші жүздің Есентемір руындағы жалғыз жиені еді. Жанындай жақсы көретін. Әйтсе де ел қамын ойлаған Жоламан, қиын-қыстау қатерлі нартәуекел іске көбінесе Байтабынды жұмсайтын. Өйткені Байтабын шексіз батыр, епті, айлакер. Тапсырған істі тап-тұйнақтай етіп орындап қайтады. Бірақ өзгеге сыр бермегенмен, Жоламан да Байтабын оралғанша жанын қоярға жер таппайтын.

Қайрат пен Қанат - хабаршы жігіттер.

Мұқаметәлі, Тайман, Жүсіпқали - ақсақалдар

Қара Бура (Хорунжий Карпов)- өзі зор денелі, кеуде, білектерін жүн басқан ашушаң қара кісі. Әрине бұған Қара Бура деген ат дұрыс келеді. Ал қоржынды деген сөздің хорунжийден шыққанын қазақ әлдеқашан ұмытқан. Сондықтан қоржын артып жүрмейтін Қара Бураны неге қоржынды ейтіндерін өздері де білмейді.

Гаврилло мен Александр- ақ көз Жәбірейіл, маңқа әлексалды, Елек бойындағы бекеттердің Гаврилло, Александр деген урядниктері. Ашуланғанда көзі ағарып кететін Гаврилло мен мұрнынан мыңқылдап сөйлейтін Александр, Елек бойының қазақтары арасында белгілі қан ішер, тас мінез қатал урядниктер.

Ақбөкен - табын руының бір момын адамының жалғыз қызы. Бесіктен шықпай жатып Жоламан оны Байтабынға айттырған. Аққудың көгілдіріндей әдемі болып өскен, үріп ауызға салардай асқан сұлу қыз болды. Жүйрік үйретер өжеттігі де жұрт аузындағы жырға айнала бастаған.

Әшірап пен Дәулетші- зеңбірек құя білетін, топырақтан қорғасын қорытып, оқ жасай алатын әкесі Салауат Юлай бастаған көтеріліске қатысқан башқұрт жігіттері.

Серғазы- сатқын хандардың бірі, Жоламан батырға қарсы жасақтарды басқарушы.

Дулатұлы Иман- Қыпшақ батыры, Жоламан батырға көмекке келген ұзын бойлы, қапсағай денелі, елуден асып кеткен ерлердің бірі. Ор мен Ұлытауда Арғын, Қыпшақ, Найман, Керей, Алыш руларының көп ауылында ереуіл көтергенердің бірі.

Бағаналы Қараменді- балуан денелі, сом білекті, қара торы, қалың мұртты батыр.

Бегдербек- алпысқа таяп қалған ат жақты, аққұба келген ұзын бойлы кісі. Қансөлсіз еріндері жұқалаң, қалың қабақтары тұтасып біткен, сақалының ағы басым. Сүзіле қарайтын сұрғылт көздері ысылдаған жылан іспеттес бір суықтық танытады. Беті күлсе де көзі күлмейді. Алпысты алқымдағанмен бетінде әжім жоқ, тіп-тік таяқ жұтқандай сұңғақ денелі. Қытай жібегіне малына киінген. Тек

иығында өзбектің көк ала шәйі шапаны, басында ақ маржанмен кестелеген қара барқыт ала тақиясы. Ақ жібек көйлегінің ашық омырауынан кеудесінің көк буырыл түгі шығып тұр. Ұзын ақ саусақтары жыртқыш құстың тырнақтарындай әлсін-әлсін бір бүрісе жұмылып, бір жазылып тұрады.

Қасым төре - Абылайханның 30-ұрпағы, Кенесарының әкесі,

Есенгелді - Қасым төренің баласы, Кенесарының ағасы. Есенгелді етжеңді келген, дөңгелек қара торы жүзді, қой көзді адам. Шиырылған сұлу мұртты.

Саржан - Қасым төренің баласы, Кенесарының ағасы, жауынгер жан екені бірден білінеді. Саржан сұңғақ бойлы, қызғылт сары, өткір көзді, бәйгеге жараған жылқы тәрізді, қатып қалған, шапшаң қимылды кісі. Екеуі де елуді алқымдап тастаған. Есенгелді бірер жас қана үлкен тәрізді.

Саржан мен Есенгелдінің сыртқы сипаты: Екеуінің басында да үстін төрт салалы көгілдір барқытпен әдіптеген, қырдың қызыл түлкісінің терісімен көмкерілген, қандай түрге болса да көрік берер Арқаның сұлу бөркі. Үстерінде — жағаларына қара барқыт ұстаған, жібін жіңішке етіп иірген аппақ түйе жүн шекпен, аяқтарында — жарғақ мәсі, бұттарында — сала құлаш балақтары оюланған көк барқыт шалбар. Белдерінде — алтын жалатқан қарыс сүйем кіселі, қақтаған күміс белбеу. Саржанның беліндегі жез сақиналы күміс қында сабы сары мүйізден соғылған сегіз қарыс ақ семсер. Есенгелдінің белбеуінде кішкентай ғана күміс кездік, ай мүйіз, алтынмен зерлеген арқар шақша...

Шұбыртпалы Ағыбай - Қасым төре балаларының соңынан ерген, кедейден шыққан батыр. Биыл отыз төртте, зор денелі, түкті қабақ, қара сұр, шүнірек көз кісі. Қолдары бақандай ұзын, саусақтары анау-мынау адамды маңдайынан бір шерткенде үнсіз қатыратындай салалы, жұп-жуан. Сақал-мұрттан ада дерлік, тек иек астында селдір ана сақалсымақ бірдеңе бар. Құрдасы Кенесарыдан бастап үзеңгілес серіктерінің бәрі оны «көсе» деп атайды. Сырт бейнесі ызбарлы, бір көргеннен-ақ күш иесі екені танылады. Үстінде мол тігілген қара шекпен. Басында да түйе жүн қара далбағай, бұтында қара құлын терісінен иленген жарғақ шалбар. Аяғында кең қоныш саптама етік. Белінде тізесіне тиетін қайқы қара қылыш пен қап-қара болат семсер. Тек арқасына үнемі таңулы жүретін болат қалқаны ғана бозғылт.

Ержан - Саржанның он тоғыз жасар ұлы, әкесіне тартқан ат жақты, ақсары, талдырмаш келген бала жігіт. Әкесінен гөрі көзі шегірлеу, бойы шағындау. Арқа салдарынша киінген. Басында үкілі құндыз бөрік, үстінде жібек белбеумен қыналған оқалы мол жеңді барқыт шапан мен жарғақ шалбар, аяғында күміс зерлі биік өкше етік.

Ләшкәр - Қоқан даруғасы.

Мәделіхан- Мұғамет әлім - Қоқан ханы, Ташкент жұрты асыға күткен адам.

Ханпадшайым- Ташкент құшбегінің арнаулы қонағы. Ұратөбе кентінде тұратын Омарханнан он алты жасында қалған, қазір отызға келген, бүкіл Орта Азияға аты шыққан, алтын айдай толықсыған сұлу жесір ханша, Мәделіханның өгей шешесі.

Кенесары - орта бойлы, кең жаурын, арықтау тарамыс денелі, жатаған келген ат жақты сары сұр кісі. Сәл қызғылт тартқан қыран көзді, жуан балуан мойынды. Ашық жүзіне жараса біткен сәл келтелеу қыр мұрнының астында шағын ға-

на мұрты бар. Қою шоқша сақалы сүп-сүйір. Сақал-мұрты күнгірт сары. Басында жарғақ тысты құндыз тымақ, қара мақпал жеңіл құндыз ішігінің сыртынан бозғылт түйе жүн шекпен жамылған, Аяғында атқа мінуге ыңғайланып тігілген орта қоныш көк салмен өрнектелген саптама етік. Отырған отырысында, тұрған тұрысында ілтипаттық пен тәкаппарлық қатар аңғарылады. Сәл шегір тартқан өткір қырағы көзі қарағанда адамның ту сыртынан өткендей. Сараң қимылы, жұмыла біткен жіңішке еріндері, аз сөйлеп, көп тыңдайтын адамды сездіреді. Егер тұлғасына, көңіл райына қарасаң ішінде тұнып жатқан үлкен ақыл, бұлқынып сыртқа шыққысы келген жігер барын ұғасың. Абылайханның немересі, Қасым төренің ортаншы ұлы.

Нысанбай - жырау, ел аралаған әрі сыншы, әрі жыршы .

Наурызбай - жиырма екіге жаңа шыққан келбетті жігіт. Бір әке, бір шешеден туса да, бітімі Кенесарыға мүлде ұқсамайды. Сұңғақ бойлы, екі иығына екі кісі мінгендей құлаш жаурын, тіп-тік келген, ат жақты, екі бетінен қаны тамған аққұба түсті. Мұрын, көз, қас-қабақтары қазақ жігіттерінікінен көрі мол пішілген, танадай жалтыраған сопақтау келген үлкен қоңыр көздері адамға ілтипатпен қарайды. Қызылды-жасылды меруерт өрілген айдары самай тұсынан салбырап түсіп тұр. Жаңа тебіндеп келе жатқан қоңыр мұртты. Басында қызыл барқытпен тыстаған құндыз бөркі, үстінде құйыршықтары мен тырнақты аяқтары салбыраған қара қасқа күзен ішік. Ішігінің жағасына, жеңіне, шетіне қара қоңыр құндыз ұстаған. Беліндегі күміс белбеуіне былғары қынды селебе таққан. Наурызбай ұрысқа да осы киімімен шығатын. Білегіне дейін сыбанып түріп алған оң қолында бауыры қорғасын, бес батпан зілдей ауыр қара найзасын тудай көтере ұстап, астындағы сарғылт қылшықты ақбоз атын ойнақтата «Абылайлап!» шапқанда, жан қарсы келе алмайтын. Және зілдей қара найзамен ешкімді қос қолдап шаншып көрген емес. Оң қолында төрт жігіттің күші бар дейтін жұрт. Наурызбай асқан найзагер, заманында бұл соғыс қаруынан өзіне парпар келетін жан кездестірмеген. Және жауға шапқанда қабағы қарс жабылып, жүзінде ерекше қаһар пайда болатын. Ал жайшылықта Наурызбайдан ақ жарқын жан жоқ. Ол мұндайда әрі әнші, әрі әзілқой.

Күнімжан - биыл жиырма алтыға шыққан. Оймақ ауыз, құмай көз, қара торының сұлуы. Екі бала тапқанына қарамастан, сұңғақ бойына жарасқан тіп-тік қос жұмырықтай қос анары алтын жамбылы алқасын тырсылдата керіп, аш белі үзіліп кетердей талып, мықынынан төменгі бура санды бөксесін мейлінше айқындап тұр. Байдалы тұқымы.

Құдайменді батыр- атағы жер жарған баырлардың бірі, Қасым төренің ауылына қонақ боп келген.

Төлебай батыр- көлденеңі мен ұзындығы бірдей төртпақ келген, қою, қара мұрты құлағына дейін жеткен үлкен қара көзді, қара сұр адам. Тақымындағы бұзау тіс шоқпары да өзіндей шомбал, астындағы мінген қара көк аты да ұзақ шабысты, ошақ тұяқ, төрт таған, құлаш кеуделі, жалпақ жаялы мықты қазақы жылқы.

Қараүлек- дүлей, мылқау, алпамсадай зор денесіне қарап жұрт Қараүлек деп атап кеткен Кенесарының бас жендеті.

Бұқарбай- жауға шапқан Кенесарының сенімді батырларының бірі.

Басықара- Ақмола бекінісіне шабуылда атағы есте қалған ержүрек батыр,

Жанайдар- шеткі шептерде жүрген батырлардың бірі.

Қарапұшық- батыр, Ақмола бекінісін алуда ерлігі көзге түскен.

Сыздық - Кенесарының бөрі сияқты бес жасар үміт артқан ұлы, батыр.

Жүсіп-Иосиф Гербург - Польшадан келген, Кенесарының жақын сырласы.

Генерал Генс пен Василий Алексеевич Перовский - Орынбор әскери губерна-
торы граф

Бабажан - қаннен-қаперсіз жатқан Созақ датқасы.

Таймас пен Әбілғазы - маймене мен майсара. Оң жағындағы Маймене -

Таймас арғын руынан; Сол жағындағы Майсара - Әбілғазы сұлтан тұқы-
мынан шыққан өзінің немере інісі, нағашысы қыпшақтан шыққан.

Батырмұрат - Кенесарыны қорғайтын жасақты басқарады.

★ **Маңызды деректер:**

«Арман-ПВ» баспасы

*Кенесары, Наурызбай
Атағы шықты аңқылдап.
Жауды үркітіп, қашырды,
Ақ алмастай жарқылдап,
Зәресін алды дұшпанның,
Найзағайдай шартылдап.
(Нысанбай жырау)*

*Алашита Кенекеме ер жетпейді...
(Мағжан Жұмабаев)*

Романда кездесетін орыс сөздері қазақтың өз тіліне бейімдеп айтылуы бойынша берілген. Мысалы: устав – ұстап; пірказ - комиссия; жәсиәтірден - заседание; өкірік - округ

Арқадан Оңтүстікке беттеген көшті бастап келе жатқан Сейтен батырдың қасынан бір елі қалмай келе жатқан Ожар Кубетұлының арнайы қойылған патша өкіметінің тыңшысы екен. Бұдан патша өкіметінің ел бастаған қазақ батырларының көзін біртіндеп жою мәселесі зымияндықпен жүргізілгені көрінеді. Қазақ «батыр аңғал болады» деген сөзді бекер айтпаған. Сейтен Ожарға сыр ашып, патша өкіметі қазақ ісін екіге бөлгенін айта келіп: «Бірі – ауыл арасындағы жер дауы, алыс-беріс секілді кәкір-шүкір. Мұны ақсақалдар мен билер өзі шешеді деген. Екіншісі – кісі өлімі, барымта, үкіметке бағынбау тәрізді ауыр күнәлар. Мұны аға сұлтан басқарған өңірлік пірказ (комиссия) қарайды. Өңірлік пірказ екі патша қызметкері және екі жылға сайланған екі қазақ жәсиәтірден (заседатель) құралады. Бұлардың шешімін губерниялық сот бекітеді. Онда бірде-бір қазақ жоқ. Сөйтіп біздің тағдырымыз бәрібір өз қолдарында», - дейді.

Өңгімесін жалғастырған Сейтен: «...қазақ – Мұхаммед пайғамбардың жолын

берік ұстанған діншіл халық емес, оны шоқындырып алу оңай, тек ауылға уәкілдер жіберілсін», – дегенде, Ожар: «Ол уставта шоқынғысы келген адамға зорлық жасалмауы тиіс, «өз еркімен шоқынсын деген сөз бар ғой», – дейді. Сөзінен Сейтеннің секем алып қалғанын байқаған ол: **«Ел құлағы елу ғой»**, – деп, осы жайтты кездейсоқ білгендей сыңай танытады.

Сейтен **Қасым төренің тоқа, алтын, алтай, уақты ертіп, патша құрығы жетпейтін Бестаңбалы жеріне қарай көшкенін, ермей қалған бұлардың шекесі қызбағанын, сол 10 жылдың ішінде Талды өзенінің сағасында Қарқаралы бекінісі, Қызылжар бекінісінің жанында Көкшетау бекінісі, Семей бекінісінің тұсында Аягөз бекінісі, Омбы қаласынан төмендеу Ақмола бекінісі, Жәміш бекінісінің қасынан Баянауыл бекінісі, Аманқарағайдан жоғары Құсмұрын округі, Омбының оңтүстік саласында Үшбұлақ округтері құрылып, бүкіл Арқа жеріне тырп еткізбейтін темір тор жабылғанын, қарамағындағы елі түгіл, туған інісінің баласын арашалауға күші жетпей қалғанын ашына баяндайды.**

Сегіз округке бөлінген Орта жүздің әр округіне 15–20 болыс, әр болысқа 10–12 ауыл кіреді, әр ауылда 100 шақты үй. Ауылды үш жылға жұрт сайлаған – старшын, ал болысты Шыңғыс төренің тұқымынан шыққан сұлтандар басқарады. Округке үш жылға сайланған сұлтандар ие.

Патша үкіметінің озбыр саясаты: **«бөліп ал да, билей бер».**

Сейтеннің қатты ашынуының себептері: I Николай патшаның 1825 жылы 11 ақпан(февраль, қазақша тауық жылы)күнгі жарлығы бойынша қазақ қыздарын 15 сомға сатып алып, шоқындырып, Сібірдегі әйел жынысына мұқтаж үйлерге тапсыратындығы, інісі Тайжанның патшаға қарсы ереуіл ұйымдастырғаны үшін өлім жазасына кесілгені, оның ержетіп қалған үш ұлының Сібірге айдалуын, ал кәмелетке толмаған қызы Алтыншаштың қолға түскендігі, осының бәріне көмектесуге шамасы жетпегені.

Алғашында Сейтеннің көңіліне Ожар туралы күмән кіргенімен, ол өзінің де басынан тура осындай жағдайлар өткендігін айтып, күмәнді сейілтеді.

Сейтеннің жалғыз арманы: артынан ерген көпшілікті діттеген жерге жеткізу.

Арманда кеткен батырды жау қолына ұстап берген Ожар өзінің тыңшы екенін сездірмеу үшін «мені де байландар» деген бұйрығын Сейтен ап-анық естиді. Бірақ бәрі енді кеш. Құрылған торға мықтап ілінген Сейтен абақтыда мерт болады.

Сейтен мен Ожардың сөзін естіп қалған Таймас жалғыз өзі қарулы топқа қарсы шыға алмайды. Кейіннен Ожар абақтыдан қашып шығыпты, Тайжанның қызы Алтыншашқа үйленіпті дегенді естіген Таймас мән-жайды Кенесарыға айтады.

Ожар ауылда жоқ болғандықтан, хан Алтыншашты шақырып, Ожардың іштен шыққан жау екенін айтады. Осындай бір күдіктің бар екенін сезіне бастағанын айтып, әке кегін қайтаруды өзіне қалдыруын сұрайды. Франсуз тілін білетіндігін оларға сездірмеген Алтыншаш Кенесары туралы талай мәліметтің шет-жағасын естіп-біліп жүреді. Жас болса да, көрген-түйгені мол Алтыншаш жолай алтыбақан ойнап жатқан жастарға қосылады, сол жерде 23

жастағы Байтабан батырмен танысып, екеуі бірден тіл табысады.

Сәмен жолаушылап келген досы Ожарға мұны айтады және Алтыншаштың хан ордасына барғанын, Таймастың осында екенін жеткізеді. Әшкере боп қалғанын бірден аңғарған Ожар Алтыншашты дырау камшымен сабап өлтірмекші болады, әкесі Тайжан мен Сейтен батырды ұстап берген өзі екенін ашық айтады. Алтыншаш кешіккеннен кейін үйіне іздеп келген Байтабан қызды дер кезінде құтқарып қалып, Ожарды өлтіреді. Талықсып жатқан Алтыншашты көтеріп, хан ордасына келеді. Кенесарыдан рұқсат сұрайды. Екеуінің тойы дүрілдеп өтеді.

Бұл кезде Қоңырқұлжадан көрген зорлық-зомбылығына жаны күйген Күмістің әкесі үй ішімен Кенесары қолына кеп қосылған. Орысша тіл білмейтін Күмісті Орынбор генерал-губернаторы Генске алып кірген Алтыншаш Қоңырқұлжаның үстінен шағым айтады және жазықсыз айдалып кеткен ағаларын тірі болса, шығартуға көмектесуін сұрайды.

Ақ патшаның бір топ «кәрі қылыш» жендеттері Кенесарыға қол ұшын берген алтай руының бір ауылын қаннен-қаперсіз отырған жерінде шабады. Отыз шақты адам қайтыс болады, ажарлы қыз-келіншектері мен бар малын айдап, «Кенесары жағына шыққандардың көретін күні осы» деп, сәлем айтып кетеді.

Орынборға жеткен Есіркеген Күміспен кездесіп, келесі күні Петербургке аттанады. Орынбор шешімі бойынша Петербургке барған Күміске Есіркеген көмектесіп, Қоңырқұлжаны орнынан түсіртеді. **Есіркеген мен Күміс үйленеді.**

Кенесары қолы 1843 жылы полковник Бизанов басқарған орыс әскерімен соғысып, ығыстырады.

Қазақ халқының басына түскен қауіптің бірі: Оңтүстік қазақтары тәуелді болып, зорлық-зомбылық көріп келе жатқан Қоқан, Хиуа хандықтары. Орта Азия хандарының қазақтармен одақтасуға құлқы жоқ. Керісінше, қазақ даласын талан-таражға салатын оңтайлы сәтті күтіп отырғаны **Ташкенттің құшбегісі (билеушісі) Бегдербекке** көмек сұрап келген **Есенкелді мен Саржан** сұлтандардың қасындағы **18 нөкерімен** қоса, ұйықтап жатқанда өлтірілуі арқылы ақиқат ашыла түседі. Тек **Ағыбай батыр мен Саржанның баласы Ержан** атқора жақта жүріп, тірі қалады. Бұларға сол жерде жұмыс істейтін бір құл көмектесіп, қашырып жібереді.

Роман соңында Абылай сияқты көрген түсі дәл келіп, Кенесары Көкілтау баурайында ажал табады.

Көрген ұзақ түсінің қысқаша мазмұны: «Қырғыз манаптарына «Ағайынды екі жұрт бірігіп, Қоқанды жояйық. Жеке ел болайық» деп хат жазыппын. ...Келісім сұрап барған Саурық батырды олар өлтіріпті. ...Біз соғыспақ болып жатқанда **Сыпатай батыр мен Рүстем төре** біздерді тастап кетеді. Қалың қол қоршауға түседі. Бір жағында патша солдаттары, бір жағында қоқандықтар, бір жағында ала қалпақ манаптар. «Жекпе-жек» десем, манаптар күледі. Мен бір-екеуі болса ғой деп арман еткен патша зеңбірегі патшаның 5000 адамына бой бермеген әскерімді қырып барады. Бір уақытта **Ақауыздың жалын құшып, Наурызбай құлады. Мен Қарасу өзеніне секіріп, арғы бетке өтсем, Төрегелді манап басқарған Қалиғұл жасағы тұр екен. Қалиғұл: «Иманыңды айт, басыңды аламыз», – дейді. Мен басымнан өткен өмірімді, туған-туы-**

сымды, қатын-баламды, үзеңгілес серіктерімді, туып-өскен Көкшенің көгілдір тауларын, Сарыарқаның айдын шалқар көлдерін көз алдыма елестетіп, ән салдым. Сондағы қоштасуымның екі ауызы қазір де есімде: «Қош, аман бол, Сарыарқа, өскен жерім», – деп басталады. ...«Кенесары өлді» дегенді естіп жатырмын. Нысанбай жоқтауы дара естіледі ... Бұдан кейін сыбан, албан жігіттері менің кегімді алам деп, Төрегелдіні ат құйрығына байлап өлтіріпті. Мұны көре алмадым...» дей келе, Кенесары оны көре алмауының себебін айтады.

Роман «Ал мынау көш Шыңғысхан шабуылынан бастап, алты жүз жылдан астам өзінің жері, суы, тәуелсіздігі үшін күрескен қазақ атты көшпенді көкжалдардың ең соңғы ұлы көші еді», – деп аяқталады.

«Жазушы» баспасы

Тайжан Омбы Орданс-Гаузе сотының үкімімен өлім жазасына кесілген, жеті жасар қызы Алтыншаш та қармаққа түскен. Ер жетіп қалған үш ұлын Сібірге Туринскіге айдаған.

Сейтен 3 жыл өткен соң әкесін өлтірушілердің бірі Фондерсеннің қолында үй сыпырушы болып жүргенін естіп, Омбыға келеді. Бірақ жолыға алмай, өзі де қолға түсіп қала жаздап әзер құтылады.

Осы кезде Сейтен мен Ожар Ақ патшаның салығы туралы сөз етеді. Зекет, малға төлейтін салық, ұшыр туралы айтады. Жұт жылы да ірі қара малдан беру керек болған екен.

Ожардың күдікті түрде айтқан жайы: Ташкентке кеткен Қасым төренің ұлдары Есенгелді мен Саржан жайы.

1824, яғни мешін жылы Көкшетау приказы құрылады. Бұл - Ақ патшаның Абылай ұрпағының атамекеніне ауыз салуы. Осы жылдан бастап Саржан сұлтан қол бастап, патша әскері мен ұстапты жақтайтын Сәмеке, Бөкей, Уәли хандардың ұрпақтарына, Көкшетаудың аға сұлтаны Қара Тоқаның Зілқарасына қарсы күрес бастады.

1834, яғни Жылқы жылы Қоқан хандығының бас күші Ташкент құшбегі, тәжіктің Қалпы руынан шыққан Мәмет Әліммен тізе қосып, қазақ жерін Россия империясынан бөліп алмақ болып, алты мың әскермен Ұлытау өңіріне келді.

Осы өңірге Қорған бекінісін тұрғызады. Қараөткел, Көкшетау жеріндегі қалың арғын елін шаба бастайды. Мұны естіп Сібір губернаторы Ұлытауға генерал-майор Броневский басқарған алты зеңбіректі бір мың әскер жібереді. Қорыққан құшбегі Бетбақдалаға қарай қашады, ал қорған Броневскийге беріледі. Ташкент құшбегі Мәмет Әлім қазақ жерін Россияға оңай ала алмайтынын түсініп, күресті тоқтатады.

Қасым төре балалары Сыр бойындағы қазақтарды жинап, Қоқан хандығының ықпалынан құтылмақ болады. Бірақ Ташкент құшбегісі сезбегенсиді, сондықтан Ташкентке жиырма жігітпен қолбасшы балалары Есенгелді мен Саржан, Шұбыртпалы Ағыбай батыр мен Саржанның жиырма жасар баласы Ержан жолға шығады.

Көште он төрт- он бес жасар қара торы қыз айтқан ән: «Елім-ай».

Сатқындар: **Ожар мен Сәмен.**

Абзал қарттың айтқаны: «жылы сөйлесе жылан інінен шығады, қатты сөйлесе мұсылман дінінен шығады. Біз мал баққан момын елміз...»

Сейтен мен Ожарды ұстап, Омбыға жол тартады. Үш күннен кейін Баянауыл округінің Сібірмен шектес Төрткөл болысының жеріне жетеді. Бұл Бел ағасы Бектас баласы Таймастың ауылы.

Ожар мен Сейтеннің сөзін естіп қалған: **Таймас.**

Сейтеннің соңғы өкініші: Ожарды тоқтата алмай қалғандығы.

Сейтеннің соңғы қалаун кек етіп жүрегінде сақтап қалған жан: Таймас.

Шағын келген Елек өзені жыландай сумаң қағып тынбай ағады.

Осы өзен басында, Қандыағаш тұсында қаптаған қалың көш келіп қонады. Бұл - Тіленші бласы Жоламан бастаған Табын руының көші.

Қатарлас қонғандар: Жағалбайлы, Шөмекей, Шекті ауылдары.

Жоламан көші Сейтен көшіне мүлде ұқсамайды. Киіз үйден бөлек, шоқши-та тігілген қараша лашықтар мен ақ шатырлар да көрінеді. Мықты жылқылардың арасында сидаң бойлы, көтеріңкі кеуделі түрікменнің ақалтеке, текежаумыт тұқымдастары да бар. Көштің, малдың да сәні түйе.

Киімдері де Арқа өңірінен басқаша.

Қалың ел кеше кешке келген, түйенің қомын алып, қос шатырлар тігіп, екі-үш күн тынығуды ұйғарған.

Бұл көш те атамекен кең жайлауынан босқан көш.

Бұл ауылдар сонау күнбатыс жақтан хабар күтіп тыпыршуда еді. Сондықтан, ер азаматтар құбыла жаққа жиі қарайды. **Батыс жақтан салт аттыны алғаш көрген: Жоламан батыр.**

Хабаршы жігіт жамандық хабар әкеледі. «Бізді қуып Орынбордан қалың әскер келеді».

«Ереуіл атқа тағы да ер салатын күн туды, — деді күйіне дауыстап, — халық кегіне суарылған ақ семсер жүзі мұқалмай бетімнен қайтпаспын.» Жоламан батырдың бұлайша серт беруінің ерекше себебі бар. Табын — аса бай ру емес. Көп жылдан қонар көлі де, ұшар көгі де Електің Ақ Жайыққа құяр сағасынан бастап, Рын құмы мен Үшөзеннің малға жайлы, бидайықты, бозды шалқар жағасы болатын. Бұл ара ежелден-ақ қазақ жері саналатын. Россия патшасының ана жылдардағы рұқсаты бойынша Кіші жүз Жайықтың арғы бетінде де мал жайып, шөп шабуға ерікті еді. Ал 1810 жылдан бері қарай бұл жай бұзылып, патша үкіметінің отаршылық саясаты Табын руының ежелгі мекені осы Елек бойына да қол сұғуға кіріскен. Елек сорындағы тұзды Россияға жеткізетін жаңа жол салудан басталған әрекет Жаңа Елек пен Орынбордың арасына жиырма тоғыз бекініс орнатуға дейін барды. Бірте-бірте Үшөзеннің бойы мен Рын құмының жағалығы да казак-орыстарға берілді. Бұл араларға бекіністер, қалашықтар салынып, Табын руы біртіндеп

өзінің сегіз мың шаршы шақырымдай ең оңды мал жаятын жерінен айырылды. Міне, осы оқиғалар Жоламан батырдың атқа қонып қалың Табынды соңынан ертуіне себеп болды. Жоламан ең алдымен патша өкіметінен жерін қан төгіспей тату-тәтті келісіммен алуға ниеттенді. Осы үмітпен ол **1822, яғни Жылқы жылы Орынбордың әскери губернаторы Эссенге ата-мекенімізді қайтарып бер деп хат жазды.** Бұған еш жауап келмеді. Эссен жауап орнына қазақтарды құмға қарай сырғыта түсу үшін есаул Падуровты бас етіп арнаулы жасақ шығарды.

Азғантай адаммен аттанған Падуров қолға түсті. Эссеннің қылығын қорлық санаған Жоламан Петербургтағы Бірінші Александр патшаның өзіне әбілғазының әрінғазы сұлтаны мен Сырым батырдың баласы Жүсіпті уәкіл етіп жіберді. Патша бұларды қабылдамады, әрі Петербургтен қайта шығартпай қойды.

Бір жыл өткеннен кейін Жоламан Эссенге тағы хат жазды, өзінің ата-мекен жері жайындағы өтінішін айта келіп, әрінғазы мен Жүсіпті, Орынбор түрмесінде жатқан Құндақ баласы Төленбайды қоя берсе, есаул Падуровты босататынын білдірді. Бұл хат та жауапсыз қалды. Бір ай өткеннен кейін әбден күйінген Жоламан Эссенге үшінші хатын жолдады... Әскери губернатор бұл жолы да жөнді жауап бермеді, тек қолындағы тұтқындардың төлеуі деп үш жүз жиырма жеті сом ақша жіберді «және бұдан былай қарай аразмыздағы келіссөз Серғазы хан арқылы жүргізілсін» деді сол сүлесок қалпында.

Бұл қорлыққа шыдай алмаған Жоламан ақырында атқа қонды. Соңынан сарбаздарын ертіп, үш жыл бойы Елек маңайына салынған бекіністер мен жаңа орнап жатқан қалаларды шабуылдаумен болды.

Жоламан батырдың ойы: «Көп қорқытады, терең батырады.»

Қазақ ат қоюға қандай шебер. Адамның бойындағы бір жақсылығын, не кемістігін тауып алады да соған сәйкес не мазақтайтын, не кекесін, немесе мадақтайтын бір ат таба қояды. **Қара Бура дегендері - Хорунжий Карпов.**

Карабин мылтықтың оқтауы жылдам болмағанмен, ол кездегі ең мықты қару. Жоламан сарбаздарында бұл мылтық атымен жоқ. Жігіттердің қолында сойыл-шоқпар, садақ. Тек кейбіреулерінде ғана Хиуа шеберлері істеген ұзын мойын білтелі мылтық. Ең қолға ұстар қарулары - садақ.

Жоламанның ақ көз Жәбірейіл, маңқа әлексалды деп тұрғаны Елек бойындағы бекеттердің Гаврилло, Александр деген урядниктері. Ашуланғанда көзі ағарып кететін Гаврилло мен мұрнынан мыңқылдап сөйлейтін Александр, Елек бойының қазақтары арасында белгілі қан ішер, тас мінез қатал урядниктер.

Ақбөкен Табын руының бір момын адамының жалғыз қызы. Бесіктен шықпай жатып нағашысы Жоламан оны Байтабынға айттырған-ды. Өзі аққудың көгілдіріндей әдемі болып өсті. Мал баққан ата-ананың осы жалғызына бір үлкен аста Серғазы ханның көзі түседі. Аста бәйгеден келген Табын руының аты шулы қара көк ақалтекесінен көрі, ханды осы атқа шапқан сегіз жасар бүлдіршіндей ерке-шора қыз таң қалдырады. Қыздың бой тұлғасы өзгеше еді. Анау-мынау бала жігіттер шыдай алмайтын алыс ат

жарысына сегіз жасар Ақбөкен шыдады. Қыз тани білетін Серғазының қырағы көзі осы сұлу пішінді балдырған жасты бірден шалады. Түбі осы қыздан бір ғажайып көрікті, не өнері асқан әйел шығатынын айтпай ұғады. Содан кейін барып... ас бітпей хан Ақбөкеннің әкесіне өзін төлеңгіт етіп алатынын білдіріп «біздің ауылға көш» деді. Хан әмірі екі болған ба, үш-төрт күннен кейін момын Жантемір Серғазы ауылына көшті. Ханға төлеңгіт болған адамның, өз бетімен қыз беріп, қыз алуға құқы жоқ. Бәрін хан шешеді. Жантемір де осы салтты сақтап азын-аулақ алған қалың малын Жоламанның туған апасы, Байтабынның жесір қалған шешесі Күнкейге қайтып берген. Ауылдас болып, өзінің Байтабынға айттырылғанын білетін Ақбөкен оған деген отты сезімі оянбаса да, біртүрлі жылы тартып, іштей оны өзіндік санап, жақсы көре бастаған. Кенет тағдырының неге өзгергенін анық түсінбесе де әйтеуір бір сұмдықтың болғанын сезіп, қимастықпенен жылай-жылай кете барған.

Бұл уақиға бір тайпы елдің биі, сұлтаны Жоламанға қатты батқан, іштегі ыза өшпейтін кекке айналған. Жоламан батырдың Серғазы ханға өте-мөте өшігуінің де бір себебі осы еді.

Табын руының салты: найза, сойылдарын көлденең ұстап, ертәуіл жігіттер қоршай шабады.

Ертәуілдер алып келген адамдар: **Ақбөкен, башқұрт жігіттері Әшірап пен Дәулетші.**

Бүгін түнде ай бойы әр күні айдай созылып, әбден сары жамбас болып құшбегінің рабат сарайында күтіп жатқан Қасым төренің балалары Есенгелді, Саржан мен Шұбыртпалы Ағыбай бастаған жиырма жігіттің тағдыры шешілмек...

Және бүгін Қоқан даруғасы Ләшкәрдің ақылы бойынша құшбегінің арнаулы шақыруымен үш ақ пілге шатыр тігіп, кілең қара көк арғымақ мінген, қасында бір топ ешік — аға, муәдзин, наиб, геджағы бар Қоқан ханы Мәделіхан (Мұғамет әлім) келген. Ташкент құшбегінің арнаулы қонағы. Ұратөбе кентінде тұратын Омарханнан он алты жасында қалған, қазір отызға келген, бүкіл Орта Азияға аты шыққан, алтын айдай толықсыған сұлу жесір ханша Ханпадшайым, Мәделіханның өгей шешесі.

Саржан мен Есенгелдіні, ұйқыдағы 18 жігітті қапыда өлтірген: Танкент құшбегісі.

Бегдербектің еске алатын тағы бір гәп ойы: Мәделіханға Ханпадшайым тоқал шеше еді...

Аман қалғандар: ат қора жақта жүрген, қашуға құл көмектескен Ағыбай мен Ержан.

Ағыбайдың ең сүйікті қаруы тоғыз буынды, жез сақиналы жуан қайың найза.

Күншығыс жақтағы кәрі Қаратаудағы Қазықұрт жжағындағы бір биікте отырған адам: Кенесары.

Нысанбай ақын, ақ кигізге малдасын құрып отырып ап, Қасым төренің алдында Шыңғыс шежіресінің біраз жерін қисса етіп айтып береді.

Қасым төре Есенгелді менен Саржаннан бір айдан бері хабар ала алмай іші бітеу жараға толы еді. Суық хабар сумандап әп-сәтте-ақ тарайды ғой. Еш жаманаттың естілмеуі Саржан мен Есенгелді сау дегендей жұбаныш беретін.

Қасым төренің оқыс аталған Кенесарының атын хош көргендей болуы ортаншы ұлына үлкен сенім артатынын танытты. Жұрт та мұны аңғарса керек.

Кенесары батыр қазақтардың өз тәуелсіздігінен айрылуының ең басты себебі — «ортақ өгізден оңаша бұзау артық» деп қарайтын ел ағаларының ауыз бірлігі жоқтығынан деп білетін.

Абылайдың тұсында Россия патшасы Сарыарқаны төңіректеп бекініс салғаны болмаса, бәлендей ішіне кіре қоймаған-ды. Сондықтан атасы Абылай біресе Россияны еміндіріп, біресе Қытайды дәмелендіріп екі ортада бостандығын сақтап жүре берген. Ал қазір қазақта ондай мүмкіншілік жоқ. Бір жағынан әбден орын теуіп алған патша әскері болса, екінші жағынан қазақ жерінің бүкіл оңтүстігі мен Сыр бойын басып алған Қоқан мен Атырау, Арал тұсынан Үстірт, Маңғыстауға дейін өкімін жүргізген Хиуа хандықтары тұр. Абылай кезіндегіден қазір қазақ елінің басын қосудың қиындығы да, жеңілдігі де осында деп түсінеді Кенесары.

«Хандыққа таласудың екі жолы бар. Оны сан айқастан өткен Кенесары жақсы біледі. Бірі саған хан билігін әперем деген халықтың артында тұрып басқара білу. Екіншісі соңынан ерген қолдың алдында жүріп ерлігіңмен өзіңе тартып алу. Хандыққа жүз бен жүз, ру мен ру таласса, жұрттың арт жағында тұрып елді қырғынға айдап салып, ақыл-айламен, зұлымдық-жауыздықпен мұратқа жетуге болады. Ал бүгінгі таластай, қалың бұқараның тәуелсіздігін қорғау арманы мен сенің жұрт билігін қолға алам деген көкейкесті тілегің ұштасып жат- қанда, соңынан ерген қолдың артында емес, алдына шығу қажет. Сонда ғана саған қара халық сенеді, соңынан ереді. Бұқара өз басыңның қамы үшін емес, халқың үшін алысып жүргенінді көзбен көргені жөн. Сөйткен күнде ғана, арманыңа жетесің. Халық өзі арманыңа жеткізеді».

Осындай шешімге келген Кенесары, кенет тізесін бүгіп беліндегі Исфаған шебері соққан наркескенін суырып алып, қылшылдаған суық жүзінен сүйді. Үйге Күнімжан кіреді.

Кенесары мен Қоңырқұлжаның бітіспес қас-жау болуларының да бір себебі осы Күнімжанда...

Күнімжан қазақ әйелдерінің салты бойынша Кенесарыны күйеуім, ерім демей тек «төрем» деп қана атайды.

Наурызбай соңғы кезде өзі туып-өскен Көкшетау туралы көп ойлайтын болған.

Құйындата шапқан екі атты жетіп те қалды. Енді олардың «ой бауырымдаған» айқайы да естілді.

Кенесары сазарған қалпынан қозғалған жоқ. Наурызбай мен Күнімжан шыдай алмай келе жатқандарға қарсы жүгірді.

Ағыбай пұшпағына дейін терге батқан атынан қарғып түсіп, белбеуін мойнына

салып, қазақтың жамандықты естіртетін көне дәстүрі бойынша, екі қолын көкке көтере, тізерлей отырып ағыл-тегіл жылаған қалпы суық хабарды естіртті.

«Осыдан екі күн бұрын. Жауыз күшбегі бізді алдап шақырған екен. Мәделіхан келген күні түнде Есенгелді мен Саржан сұлтанды диуан сарайына шақыртып алды. Сендердің Қоқан хандығына қарсы шығатын ойларың бар екен деп бастарын алдыртыпты. Ержан екеуміз төрелердің жарлығы бойынша керуен сарай ауласындағы аттарды қарауға кеткенімізде рабатта ұйықтап жатқан өзге жігіттерді жендеттері келіп бауыздапты. Біз әзер құтылдық.»

Әлсіреп қалған Ержанды Наурызбай мен Күнімжан сүйеп тұрған. Суық хабарды естісімен Күнімжан басындағы үкілі сәукелесі мен үлгін торғын шәлісін жұлып алып, қара шашын жая, екі белін таянып жоқтау айта жөнелді.

Қасым төре иленген терідей жұмсарып, үстіндегі жүні уыс-уыс түсіп қызыл шақа болған көтерем қойдай әлсіз кәрі-құртаң шал. Тек көзінде ғана ыза, ашу қалдығы бар. Ол сәске көтеріле Кенесары, Наурызбай, Ағыбайды және аулында қонып жатқан Құдайменді батырды шақырып алды. Айтқаны: «Жас кезімде, есер кезімде Көкшетауды мекендеген тағы ақ бураны садақпен атып өлтіріп едім. Бұл қылығымды естіген аузы дуалы ақсақалдар «Шырағым, Абылайдың ақ бурасы Көкшетаудың иесі еді, киесі ұрып жүрмесе нетсін!» — деп еді. Көкшетауымнан ырылғанымды сол қылығымнан көруші едім. Есенгелдім мен Саржанымды да сол ақ бураның киесі атты ма? Олай болса алла тағала жолыңа ақсарбас айтып, мойныма бұршақ салып тілеймін: қаһарыңды, өзге балаларымнан аулақ ет!...» **Кенесарыға батасын беріп, ағаларының кегін қайтарсын дейді, сүйеулі тұрған киік мүйіз мылтығын береді.**

Кенесары Ташкентке бірден шаппавиды, арақойын Қашырлыға көшуді ұйғарады. Кенесарыға қосылған қолды бастағандардың бірі: Төлебай.

«Мектеп» баспасы

Абылай ханның қай қатынынан тараған ұрпағын алсаң да, тастай берік, ұйымшыл. Әсіресе Қасым төре ұлы-қызы: Есенгелді, Саржан, Күшік, Мұса, Кенесары, Наурызбай, әбілғазы, Кенесарының апасы батыр Бопай, олардың балалары Құдайменді, Ержан, Иса, Қошқарбай, әбілпейіз. Қасымның інісі Дайырдың балалары Тәті, әті, Сатыбалды, оның баласы Қалдыбай, бәрі өзен қайда құйса, тамшы да сонда құяды дегендей, үлкені қайда бастаса, өзгесі соңынан еруге бар. Нағыз бір ұялы көкжал қасқырлар тобы дерсің. Тек аталас Күшік қана бозөкпелеу. Әкесінің айтқанына тек қатігез бауырларынан қорыққанынан ғана көнетіндей. Бір биеден ала да туады, құла да туады, бір шіріген жұмыртқа кімді бүлдірер дейсің дейді ішінен Кенесары.

Аға алдына түсу Қасым төре балаларының арасындағы дәстүр емес, сөйтсе де ағалары Саржан мен Есенгелдінің қылығына Кенесары түсінбейді.

Үш жүзді билеу - сұлтан атаулыны аяғыңа жығылтып, Әбілқайыр, Сәмеке, Нұралы, Бөкей, Серғазы, Уәли ұрпақтарын өзіңе табындырып, барлық қазақты аузыңа қарату. Үш жүздің баласын қойдай өргізіп, қозыдай көгендеу.

Қоңырқұлжаның қолындағы қағаз: осы жылы он бесінші Маусым күні

Бірінші Николай патша қол қойған Ақтау бекінісін салу жөніндегі жарлық еді. Қоңырқұлжа көз жүгіртіп оқи бастады: «Омбы облысына жататын сырт округтердің Ақтау деген жерінде бекініс салынсын. Бұл бекіністің бастығы-коменданты етіліп полковник не подполковник шеніндегі адам тағайындалсын. Комендант мынандай міндеттер атқарсын: Ақмола, Қарқаралы, Аягөз округтерінің ішкі тыныштығын бақыласын. Осы үш округ ауылдары оңтүстіктегі Бетпақдалаға дейін көшкенінде, солардың қорғаншысы болсын. Шекараны үнемі бақылап тұрсын. Қазақтарды шекарадан әрі қарай бөтен жаққа өткізбесін. Басқа жұртты да шекарадан бері қарай кіргізбесін. Осы үш округтің жерімен көшкен керуенді ұры-қарыдан, шапқыншылардан қорғасын. Осы төрт міндетті орындау үшін жоғарғы аты аталған үш округтің әскерлері Ақтау комендантына бағынатын болсын. Және комендантқа біздің бекіністерімізге, не қоластымыздағы қазақ уылдарына шабуыл жасайтын қастар табылса, оны Шу өзенінің бойына дейін қуып, қару қолданып тыйым салуға рұқсат етілсін».

Кенесарының бас жендетімен бірге тоғай ішінде қарамай қайнатып жатқан әшірап «ағаш құлап» ажал тапқан.

Ақмола бекінісін алу жоспарын ұсынған: Әшірап.

Ақмолада ерлігімен қаза тапқан Басықара, артынан шапқан жеке батыр атанған Төлебай.

Кенесарының Сыздықты сынауы: «Өткір кездіктің үстіне кеуденді төсей құла!»

Абылайды үш жүздің игі жақсылары боз биенің сүтіне шомылдырып, ақ кигізге орап, хан ғып көтерген күнінің түнінде ол бір ғажайып түс көріп шығыпты. Бұқар жыраудан жоруын сұрапты... «Астымда Жалынқұйрық жүйрігім бар. Сарыарқада серуендеп келе жатыр едім, — депті хан Абылай, — алдымнан бір арыстан тұра қашты, қуып жетіп, алдаспаныммен ішін жарып жіберіп едім, арыстанның ішінен бір жолбарыс шықты да тұра жөнелді. Жолбарысты да қуып жетіп аш бауырынан орып жіберіп едім, ішінен бір көкжал қасқыр шыға келді де тұра қашты. Көкжал қасқырды да қуып жетіп, ішін тіліп жібергенімде, одан бір қызыл түлкі ата жөнелді. Қызыл түлкіні де қуып жетіп қарнын осып қалғанымда ішінен құрт-құмырсқа, бақа-шаян, жылан-кесіртке ақтарыла түсті... Бірақ бұлар менен қашпады, бәрі быжнай келіп, атымның сауырына, жалына жабыса бастады. Шошынғанымнан айқайлап жіберіп, оянып кеттім. Жоруын айтшы осы түсімнің, жырауым», — депті Абылай хан.

Сонда Бұқар жырау былай деп жорыған екен: «Жалынқұйрыққа мінгенің — хан тағына мінгенің. Ал алдыңнан арыстан қашса, сенен арыстандай айбарлы ұл туады екен. Одан туған бала да жолбарыстай қайратты, жүректі болады екен. Жолбарыстан туған шөберен де көкжал қасқырдай жүректі жаратылады екен. Ал көкжал қасқырдың баласы, төртінші ұрпағың, қызыл түлкідей заманына қарай қу, тәсілқой келеді екен. Ал қызыл түлкіден әрі қарай тараған тұқымың бақа-шаян, құрт-құмырсқа, жылан-кесіртке секілденіп уақтанып кетеді екен», — депті. Осы кезде Жүніс туралы айтылады.

Кенесары ақылдасатын өзге ұлт өкілінің адамы: Жүсіп, Иосиф- Гербург. Генс пен Перовскийдің түйгені: «Қазақ сөз жоқ батыр халық, тек бастары бірікпейді».

Кенесары хандықты аңсайды, Жаппас руынн бастап бағындырамын дейді. Бағынбаса, артымнан ермесе қорқытып дегеніме жетемін дейді. Кенесары түсінде өз өлімін көреді.

«Атамұра» баспасы

Нысанбай жыраудың қиссасы Шыңғыс шежіресі туралы: ол монғолдармен іргелес Керөлең, Онон өзендерінің бойында көшіп жүрген Керей руының қалайша Шыңғысханның алғашқы жемі болғанын күңірене жыр етті. Бір мезет Орхон, Ом, Ертіс өзендерінің жағасындағы Найман, одан төмен, осы күнгі Сарыарқаның солтүстігі мен батыс өңірін жайлаған Алшын, Қыпшақ руларының Шыңғысханға қалай бағынғанын желдірте өтті. Содан кейін Арғын, Найман, Керей, Қыпшақ, Қоңырат, Алшын сияқты белді рулардың Шыңғысханның үлкен баласы Жошының Ұлысына бағынып, Батуханның Алтын Ордасының негізін қаласқанын, Сарыарқа мен Еділ, Жайық бойын еркін жайлағанын бір шолып кетті. Жетісудағы Үйсін, Дулат, Жалайыр руларының Жағатай ұрпақтарының иелігіне қалғанын да жыр етіп өтті. кәрі домбырасын екпіндете ұрып Жағатай мен Жошы ұрпақтары нешеме жүз жыл бойы осы ұшы-қиыры жоқ кең даланы билегенін мақтан етті. Алайда бірімен бірі хандыққа, баққа, жерге таласып рәсуа боп, Алтын Орда ыдырағаннан соң Жошыдан шыққан Керей, Жәнібек сұлтандар Шу ойында әлімсақтан бері келе жатқан Арғын, Қыпшақ, Үйсін тәрізді, көне тайпаларға бірте-бірте Уақ, Тарақты, Керей, Найман, Қоңырат, Дулат, Жалайыр, Бестаңбалы секілді түркі тілдес руларды қосып қазақ хандығын құрғанын мадақ етті. Содан кейін Жәнібектің баласы Қасым ханның кезінде қазақтың айбынды ел болғанын бір мақтаныш етіп берген. Нысанбай жыршы сәл дем алып шежіреге қайта көшкен. Бұл жолы Қасым ханнан соң қазақтар аз уақ тағы да быж-тыж болып келіп, тек Хақназар кезінде ғана қайтадан бас қосып, іргелі ел болғанын, Тәуекел, Есім, әз Тәуке хандардың тұсында тасы өрге домалаған, сырт дұшпандар шеніне келе алмаған айбынды мемлекетке айналғанын көзі от шаша отырып жырға қосты. Кең байтақ жерді алып жатқан үш жүзден құралған елдің ауызбірлігі күшті болғанын, үнемі бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып отырғанын дәріптей келе **Арғын, Найман, Матай, Алшын, Адай** туралы да сөз етеді. Қазақ елінің ең жауынгер руларын шашпауларын көкке көтере бір шыр-қап, осы бірлестік Тәуке хан өлісімен тағы бұзылғанын, әр тайпа сұлтандары хандыққа таласып елдің шырқын кетіргенін айтып берді. **Содан кейін Нысанбай жыршы қарағайлы кәрі домбырасын еңкілдете жылатып, іле-шала Қаратау мен Шу, Сарысу мен Сыр бойын жайлаған қалың қазақты қалай Жоңғар ханы Сыбан Раптан шауып, «Ақтабан шұбырынды — алқа көл сұламаға» ұшырағанын мақам етті.** Ұлы жүз бен Кіші жүздің көп ауылдарының Арал мен Атырау теңізінің жағасына, ал Орта жүздің Есіл, Нұра, Тобыл өзендерінің жоғарғы саласына көшкенін әдейі тоқтай айтып кетті. Алдымен Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың, бір жылдан кейін Орта жүздің ханы Сәмекенің Россия патшасына бағынғанын, сонан «Ақтабан шұбырындыдан» отыз үш

жыл өткеннен кейін Қытай патшасы бір миллионға таяу қалмақты қырып Жоңғар хандығын құртқанын бір мәлім етті. **Осы шақта Найман, Керей рулары бұрын-ғы өзінің ата-мекен жері Тарбағатай тауы мен Қара Ертіс бойына көшіп кеткенін мақұм әуеніне сала зарлана қалды.**

Осыдан соң Нысанбай жыршы әр жүздің әйгілі хандары әбілмәмбет, Барақ, Нұралыларға қысқа-қысқа сөз тастап, үш жүздің басын қосу жолында күрескен, кейін Абылай деген атпен хан болған әбілмансұрға тоқтаған. әбілмансұрға келгенде Нысанбай жыршының екі көзі оттай жайнап, күре тамыры білеудей боп, кең тамағы торғай жұтқан қурай жыланның көмейіндей ісініп кетті. Домбырасын бәйге атына шапқандай сабалай ұрып, жыр шумағын құшақ-құшақ лақтырды. Енді Нысанбай домбырасын лақтыра ойнатып, Абылайдың Қоқанға қарсы шыққанын, Сайрам, әзірет, Шымкент, Созақ секілді жеті қаласын алып, Ташкентті қалай бағындырғанын, өзіне сес көрсеткен қырғыздың қалың қолды маңаптарын Қызылсу, Шәмсі өзендерінің Шуға құятын сағасында кездесіп, «Жәйіл қырғыны» деп аталатын ұрыста қалай жеңгенін айт-қанда екі көзі қанталап, қоянға түскен бүркіттей шаңқылдай серпіп, тіпті долданып кетті. Әбілмәмбет сұлтанның есігінде жүргеннен бастап, торғауытқа көрсеткен ерлігі мен ел басқарар ақылдылығы арқасында Орта жүзге хан атағына ие болғанын жыр еткенінде шабар бурадай тіпті құтырынып алды. Ақын енді алпысқа келген Абылайды үш жүзден шыққан өңшең қасқа мен жайсаңдарының шешімі бойынша Телікөлдің жағасында жұрт ақ кигізге көтеріп Үлкен хан сайлағанын толғағанда төбесі көкке тигендей екі көзі жайнап кетті. Бірақ Россия қатын патшасы қазақ елінің басын біріктірудің қауіпті екенін ойлап тек өлерінен екі жыл бұрын ғана оны Орта жүзге хан етіп указ бергеніне бір тоқтап, сол Абылайдың жетпіске келгенше ыңғайына қарай біресе Россия патшасына, біресе Қытай боғдыханына икем көрсетіп, Түркістаннан бастап Есіл, Нұра бойына дейін көшкен қалың қазақтың еркінділігін жоғалттырмай ел ғып сақтап өткенін тағы да бір алуан жыр ғып шырқатты. Бәйгеге шапқан жүйріктей, жыр желісінен маңдай тері бұршақтап аққан Нысанбай ақын, бір мезет Абылайға Атығай — Қарауыл рулары алты қызын беріп, оның үстіне Абылай қарақалпақтан бір, қалмақтан бір қыз алып, олардан отыз бір ұл, қырық қыз көргенін аса бір асқан жыр етіп толғатты. **Дауысы қарлығып болдыруға айналған Нысанбай тек ел жатарда ғана Абылайдың қарақалпақ әйелінен туған Уәлидің Россияға қол шоқпар болып кеткенін, қалмақ қатынынан туған Қасым төренің әке жолын қуып, қазақтың басын қосамын деп бәйек болып жүргенін мадақтай келіп, кенет оқшау отырған Кенесарыға қарап сөзін аяқтайды.**

Кенесары мен Жүсіп Алаша хан кесенесі жанында кездеседі.

Бір мың сегіз жүз қырық бірінші, қазақша Сиыр жылы, қыркүйектің жетісі күні Алаша ханның бейітінің басында үш жүздің ақсақал, билері жиналып, Кенесарыны ақ киізге салып хан көтереді.

Хандық кеңесте көтерілген мәселелер: әскер және оны жабдықтау мәселесі, ұшыр, зекет сияқты салық мәселесі, ел билеу, әкімдік жүргізу, билік айту мәселесі.

Үш күн бойы батырлар, сұлтандар, ақсақал, билер жаңа хандықтың қандай болуын талқылап, төрт мәселе қарап мынандай қорытындыға келді:

★ Бірінші шешкендері әскер мәселесі. Бұрын Кенесарының қарамағында сегіз мың атты әскер болатын. Және бұлар жаз жиналып, қыс тарқайтын. Сұлтан маңында қорған боп қысты күні бес жүздей ғана сарбаз қалатын. Кеңес енді әскер санын жиырма мыңға жеткізуді жөн деп тапты. Және бұл әскердің бес мыңы қысы-жазы хан ордасының маңында болады. Әр жүзбасы, мыңбасы өздерінің қарамағындағы әскерін осы жаздан бастап орыс әскерлерінің тәртібімен соғысу әдістерін үйретеді. Мылтық атуды, найза, сойыл пайдалануды, жаяу соғысуды төгіс өтеді. Жүзбасылардан төменгі жауынгерлер кеудесіне үш қатар жасыл жуан жіп іліп, иығына тілдей жіңішке жасыл шүберек тағатын болады. Жүзбасылардан бастап одан жоғарғылары мұндай белгіні қызыл шұғадан етеді. Ал ең жоғарғы қолбасшы Кенесарының өзі үстіне көгілдір шапан киіп, иығына орыс полковнигінің эполетін тағады. Мыңбасына әйгілі батырлар мен атақты сұлтандар тағайындалады. Өзіне сенімді адамдардан мыңбасылар тағайындау ханның өзіне тапсырылады. Бұлардан бөтен жеке мың адамнан мергендер тобы құрылсын делінді. Оған мыңбасы етіп Байтабын белгіленді.

✍ **Әскерде бұдан былай қарай мықты тәртіп орналсын деп шешті жиналғандар. Тәртіп бұзушыларға Кенесары «шық» деп аталатын жаңа жазаны қолдануға рұқсат етілді. «Шық» тәртіп бұзған адамның бетіне қылышпен, не найзамен белгі салу. Мұндай белгісі бар жауынгер өзінің айыбын ерлікпен, немесе адалдығымен ғана жууға тиісті. Екі рет «шық» белгісі салынған адам - билер сотына түседі, малмен, не басқа ауыр шарамен жазаланады (үй ішінен бір жыл бөлек ұстау, не болмаса қой бақтыру тәрізді). Үш рет «шық» белгісін алған адам, Кенесары тобынан қуылады, ал жазығы ауыр болса, өлім жазасына бұйырылады. Жаңа хандыққа осындай тәртібі күшті әскердің керектігін айта келіп Кенесары, «қазақтың атақты ханының бірі Қасым соғысты жақсы кермесе де, қарамағындағы бір миллион жанның төрттен бірін атқа қондырып, найза ұстаттырған екен. Екі жүз елу мың әскері бар Қасым ханның айбарынан сескеніп, еш жауы оған қарсы соғыс аша алмаған. Ал біздің заман ондай заман емес, үш жағыңнан бірдей қаптаған жау. Оларға жем болмау үшін бізге айбарлы қол керек. Қазір қарамағымызда бала-шағаны қосқанда бір миллиондай адам бар. Бүгінгі бала ертең жауынгер. Миллионға таяу жаннан жиырма мың сарбаз шығар деп сенемін», - деп сөзін бітірген. Ру басшылары, батырлары Кенесарының бұл ойын мақұлдаған. Және уәделерінде де тұрды. Келесі жазда Кенесарының қарамағында жиырма мың әскер болды.**

★ Екінші қаралған - қалың әскер жинаумен байланысты оны жабдықтау мәселесі еді. Кеңес бір ауыздан хандыққа жататын елден салық алынсын деп шешті. Салық екі түрлі болсын делінді. Бірі мал салығы «зекет». Екіншісі «егін салығы «үшір». Зекеттің мөлшері: қырық қараға дейін салық салынбасын, қырықтан жүзге дейін малы бар адам бір қа-

ра, ал жүзден артық малы бар адам, жүзден артық әр қырық қарасынан бір бас беретін болды. Ал «үшір» салығы жайында, осыншама әскерді асырау үшін әр егіншінің жылда алатын бидайының оннан бірін хандықтың қоймасына құйылсын деп шешті жиналғандар. Егін салығына келгенде кеңесте бірталай сөз көтерілді. Кенесары, қарамағындағы Торғай, Ырғыз, Сырдария, Іле өзендерінің бойы мен көптеген көлдердің жағасын жайлайтын елдерден бұдан былай қарай егін шаруашылығымен қатты шұғылдануын талап етті. Өйткені Орынбор әскери губернаторына қарайтын қазақ ауылдары көптен бері-ақ егін салуға құмарланған-ды. Бірақ бұған Перовский де, одан бұрынғы Орынбор әскери губернаторы граф Сухателен де қарсы болып келген. Екеуі де қазақтың тек мал шаруашылығынан аумағанын жақсы көрген. Сухателен: «Қазақтар еш уақытта да астық екпеулері керек, ешбір ғылым түгіл, тіпті бірде-бір кәсіп білмей, өмір бақи мал бағып қана көшіп жүрулерін бар жан-тәніммен тілер едім»,— деген пікірді мақұлдаса, ал Перовский егінді тек казак-орыстарға салдыртып, қазақтарды астықты солардан қымбат бағамен сатып алып тұруға мәжбүр етуді дұрыс көрген. Бұл туралы генерал Обручев өзінің соғыс министріне жазған баяндамасында: «Бұрын менің орнымда болған генерал-адъютант граф Перовский, қазақтардың егін егіп, отырықшылыққа айналуына өте-мөте қарсы болып келген. Оның бүйтуіне қазақтар өздері еккеннен гөрі, астықты бізден сатып алып, Россияға байлаулы бұзаудай тырп ете алмасын деген ой себеп болған»,— деп Перовскийдің ойын дұрыс жазған. Сондықтан Орынбор шекарасында отырықшы қазақ поселкелері пайда бола қалса, оларды алдыменен граф Сухателен, одан кейін генерал-адъютант Перовский жойып отырған. Өшпес барымта, жұт, оның үстіне Россия солдаттары мен өзінің сарбаздарының шабуылынан қарамағындағы елдің тіпті жүдеп кеткенін Кенесары жақсы білетін. Сол себепті кей қазақ ауылдарының егін егумен шұғылдануы олардың өз шаруасын көтерумен қатар, болашақ қалың әскерді астықпен қамтамасыз ететін ең тиімді жол деп тапты.

Бұл мәселені қарағанда тағы бір ойланатын жағдай туды. Ол - салықтарды кім жинайды және қалай жинайды деген мәселе еді. Бұрын патша салығы болсын, Қоқан хандығы салығы болсын, әр рудың, әр ауылдың басты адамдары жинайтын. Кеңес Кенесарының өтініші бойынша бұл тәртіпті де өзгертті. Зекет, үшір бұдан былай қарай әр ауылдан, әр рудан Кенесары өзі белгілеген жа-сауыл арқылы жиналсын делінді. Кенесарының бұндағы ойы, қазақ жеріндегі жоғарғы үкімет - ханның дәрежесін көтеру еді. Жиналғандар бұған да көнді.

★ Үшінші әңгіме - ел билеу, әкімдік жүргізу, билік айту жайында болды. Бұрын ел арасының дау-жанжалдарын, барымта, жесір дауын ру билері, ақсақалдары шешетін. Осы кеңестен бастап мұның бәрін әр рудан Кенесарының өзі тағайындаған билер шешсін десті. Бұндағы саясат тағы да хандықтың дәрежесін көтеру еді. Екі рудың болмашы таласы, жесір ісі, яки

шабындық дауы секілді жеңіл шешілер жанжалды да, осы Кенесары бекіткен билер қарайды. Ал кісі өлімді барымта, ел шабу тәрізді ауыр қылмысты істі ханның өзі шешеді. Кенесары қарамағындағы ел мен Россия империясына жататын рулар арасындағы таласты аға сұлтандар қарайтын болады. Ал кейбір асқынып кеткен іс болса, Орынбор шекара комиссиясына хат жазылып екі жақ бірдей шешімге келуді дұрыс тапты. Кенесары қарамағына жатпайтын рулардың таласы, егер екі жақ бірдей келісіп ханға жүгінісе келсе, хан жарлығымен тағайындалған билер кеңесіп үкім айтулары мүмкін деп табылды. Осы мәжілісте Кенесары қазақ елінің бірлігін бұзады деп ру арасындағы барымтаны тыйдыру ісін әдейілеп: «Бұрын есікте жүрген құл өлсе қожасы құн төлемейтін. Құл да ел қорғауға жарайтын жан» деп өлген құлға құн төлететін еткізді.

★ **Төртінші және ең ақырғы мәселе - сауда-саттық жайында еді.** Бұрын Кенесары қазақ жерін Россия патшасына Шығыспен сауда-саттық жүргізу үшін керек деп қана ойласа, енді салынып жатқан бекіністерге, көшін келіп орналасып жатқан казак-орыстарға қарап бұның бәрі отарландыру саясаты екенін түсінген. Бұрын керуендерді тонап, Россия мен Орта Азия хандықтарының сауда-саттық байланыстарын бұзып келсе, енді бұл саясатынан қайтты. Керуенді өткізбеудің орнына салық салынсын делінді. Бұл салық әр түрлі болуға тиісті. Өзіне дұрыс қарай бастаған елдерден, рулардан аз, ал теріс қарайтын жұрттан көп алынады. Мысалы, Жаппас руының әр қосынан үш түйе, жиырма төрт зат, татар саудагерлерінің қосынан бір ат, сегіз зат алса, бұқар саудагерлерінің қосынан тоғыз зат қана салық алынылып, ал арғын руларының керуендері тіпті тегін өтетін болсын деп бекітті.

★ **Бұнымен қатар мәжіліс шекара орыс поселкелерімен орынсыз жанжалды тоқтатып, олардан астық сатып алу ісін жөнге қойсын деді. Сонымен қатар әскерге керек қару-жарақ, қорғасын, оқ-дәрімен қамтамасыз ету үшін Хиуа, Бұқарлармен де сауда-саттық қарым-қатынасының күшейтілуін талап етті.** Осындай шешімге келген ру бастары батыр, сұлтан, би ақсақалдардан Кенесары тағы да бір өзіне өте керекті билік алды. Ол Хандық Кеңесі жайында еді. **Әбілқайыр баласы Нұралы кезінде Абылай тұсында жойылып кеткен хан жанындағы Хандық Кеңес қайтадан құрылған.** Бірақ ол Хандық Кеңестің қақы үлкен болатын. Хан күрделі мәселені Хандық Кеңессіз шешуге тиіс емес-ті. Егер Хандық Кеңес дұрыс көрмесе, хан қандай ойлаған ісі болса да бас тартуы керек-ті. Кенесары жанынан да осындай Хандық Кеңес құрылды. Бірақ бұл Хандық Кеңес ақылшы ретінде ғана тағайындалып, барлық билік ханның өз қолында қалды. Оның шешімі кімге болса да заң, Хандық Кеңесте қолбасшы батырлар да, қарамағындағы ел де хан шешімін бұлжытпай орындауға тиісті делінді.

Көздеген арманына жеткен Кенесары, мәжіліс біткеннен кейін ең жақын серіктерімен тағы да біраз ақылдасып, кейбір әскер тобының ойын-өнерін көріп, бір жетіден кейін Қара Торғайдағы өз ордасына қайтты. Көп кешікпей хан төңірегіндегі жайылымға жасақтарын ертіп өзге батырлары да жинала бастады.

Жаңа алған тұжырым бойынша әскери ойын қыза түсті.

Биліктің бәрін қолына алған Кенесары енді хандық әмірін жүргізіп, кектескен руларынан, тіпті кейбір жеке адамдардан өшін алуға кірісті. Ол Орынбор әскери губернаторына жататын орыс поселке, бекіністеріне тимей, бұл ісін Батыс Сібір генерал-губернаторының шекарасындағы бекіністер мен өзіне бағынғысы келмеген қазақ ауылдарын шабуылдаудан бастады... Енді екі жақтан бірдей қан төгіс күшейе түсті. **Кенесары жаздың ортасында Торғай бойына жаңа келіп жайлауына қонған Жаппас ауылдарын шапты.**

- ★ **Ұлттық құндылықтар:** XIX ғасырдағы қазақ халқының жағдайын, ұлт идеологиясын көрсетеді.
- ★ **Түсінік:** Қазақ тарихында болған оқиғалармен жазылған көркем шығарма. Кенесары Қасымұлы мен халық көші, сол уақытта орын алған түрлі тарихи деректермен келтіріп қазақ елінің тұрмыс-тіршілігін, салтын ашып көрсетеді. Барлық кейіпкерге тоқталып, образын ашады.
- ★ **Өз ойым:** Шығарма өзінің тарихи деректілігімен қазақ әдебиетінде үлкен орын алады. Бірақ дегенмен де мұнда Кенесары образын ашуда автор өзінің бояуларын қосқанын да ұмытпаған жөн. Жалпы алғанда, І.Есенберлиннің «Қаһар» романы — қазақ халқының азаттық жолындағы күрес шежіресіне қосылған, оның Кенесары қозғалысы сияқты аса ірі кезеңінің ішкі сырларын көркем түсінуге көмектесетін елеулі тарихи шығарма.
- ★ **Ұқсас шығарма:** М. Әуезов «Хан Кене»; Нысанбай жырау «Кенесары-Наурызбай»

МУҚАГАЛИ МАҚАТАЕВ «АҚҚУЛАР ҰЙЫҚТАҒАНДА»

★ **Тақырыбы:** Қасиет пен қасірет

★ **Идеясы:** Ананың баласына деген махаббаты мен адамзаттың өзін қоршаған ортаны аялайбілуі жарыстырылып, адамдарға ой салу

★ **Жанры:** поэма

★ **Композициялық талдау:**

Басталуы: Жетімкөлдің тамаша сұлу табиғаты.

Байланысуы: Жетімкөлге аққулардың келуі.

Дамуы: Сырқат бала мен ананың шарасыздығы.

Шиеленісуі: Сорлы ананың мылтығымен Жетімкөлге келуі.

Шарықтау шегі: Аққулардың сұлулығы. Тыныштықты бұзған мылтық дауысы.

Шешімі: Баланың өлуі. Ананың өз қателігін түсінуі.

Эпилог: Жетімкөлге аққулардың қайта айналып келмеуі.

★ **Кейіпкерлері:**

Анасы- қамқор ана, балажан, сәбиі үшін аққуды атты, адуынды, өжет мінезді.

Баласы- төсекте албырап жатқан сырқат жан.

Әкесі- адал жан, халық дәстүрін берік ұстанады.

Тәуіп шал- мейірімсіз, таяз ойлы жан, «аққумен баланы аластандар», - деп кеңес берген ем-ші.

Жылқышы қарт- ақылы мол, көргені көп адам.

★ **Маңызды деректер:**

Оқиға болған жер: **Алатаудың жанындағы «Жетімкөлде».**

Аққулар асықпайтын, сұлу, жалп беріп жағаға көкқұтан секілді қонбайтын ақ мүсінімен кер-без жүзіп жүретін болған. **Жетімкөлде ежелден келе жатқан дәстүр: Айдын көлдің аққуын налытпаған.**

Тәуіп шалдың айтқаны: «Аққуменен баланы аластандар».

«Айдынның аққулары ұйықтағанда, өрген мал, өскен шырша абайлаған, барлығы қасиетке қарайлаған...»

Тамылжыған тамыз айының таңында болады.

«Аққу мойын, сүмбе қанат, Алаңсыз тарануда күнге қарап. Айдынның еркелері, білмей тұр-мын, Етермін тағдырыңды кімге аманат?!» - деп ерекше сипатталады.

Ана мылтығын көздеп, шырша қалқасында отырады.

Жетімкөлдің басында **жылқы бағып қарт бақташы жүрген** болатын, мылтық даусын естіпқұстардың зіресін ұшырған қандай қаніпезер екен деп барғанда, орамалды әйелді көріп таңданып қалады.

Жылқышы қарттың айтқаны: «Тәуіптің айтқаны бәрі өтірік, үйіне қайт. Бұл істегенін дұрыс болмады. Тым құрыса аққуға кезенерде ырым жасап, саусағыңды қанаттың ба?» **Ананың жасынан естігені:** «Аққу атқан оңбайды».

Ана ат басын бұрып үйіне сескеніп қайтып бара жатқанда, бір нәрсені сезгендей жаман күй-де болады. **Аққуды атқандағы бар ойы сырқат баласы еді.** Үйіне келсе, бала қаза болып- ты. Ана сонда ғана қателігін түсініп, ес кетеді, аққуд өлтіргендегі соры осы екенін ұғады.

Поэманың эпилогінде айтылатын ой: **Аққулардың содан кейін «Жетімкөлге» оралмаға-ны. «Тек қана тыныштықта ұйықтайды олар, Шошыса, екінші рет оралмайды», - де-ген түйін жасайды.**

- ★ **Ұлттық құндылықтар:** Қазақтың ежелгі аңыз-әңгімелеріне жан бітіреді, құс киесін, қа-зақ ырымдарын көрсетеді. Қасиет пен қасірет ұғымдарын сөз етеді.
- ★ **Түсінік:** Адам мен табиғат, мейірімділік пен зұлымдық, қасиет пен қасірет тақырыбынаарналған шығарма. Аққу - киелі құс. Халқымыз құс төресі саналатын аққуды ежелден қастерлеп, пәктік пен сұлулықтың белгісі деп, оған ешқашан оқ атпаған. Аққу туралы елаузында аңыз-әңгімелер де көп сақталған, ақын-жазушыларымыз да туындыларын ар-наған.
- ★ **Өз ойым:** М.Мақатаев өзінің поэмасында адам табиғаттың перзенті бола тұра, өз баласы үшін қатыгездікке барып, қаталдық танытып, қасиетке оқ атқаны туралы баяндайды. Ана-ның балаға деген ұлы махаббатының күшін көрсетеді.
- ★ **Ұқсас шығарма:** «Ақсақ киік»

МҰХТАР ШАХАНОВ «НАРЫНҚҰМ ЗАУАЛЫ»

- ★ **Тақырыбы:** Махамбеттің өлімі
- ★ **Идеясы:** Махамбеттің күрескерлік айбынын, ұлттық болмысын, ақындық тереңдігін, аза-маттық парасатын таныту
- ★ **Жанры:** поэма

★ Композициялық талдау:

Басталуы: Махамбеттің соңғы монологы. Махамбеттің сұмдық түс көріп, өзіне келетінажалды алдын ала білуі

Байланысуы: Батырды қапыда өлтіріп, басын алуы.

Дамуы: Батырдың басын алып, әкесінің алдына келген ұлының мақтаны.

Шиеленісуі: Әкесінің баласына деген қайтпас реніші, өзінің жасаған қателіктері.

Шарықтау шегі: Ел дәстүрін, ер дәстүрін қорлаған сорлы бала.

Шешімі: Әкесінің үкімі, баласын жазалауы. Төбедегі соңғы сөз.

★ Кейіпкерлері:

Махамбет(1804-1846)- қазақтың әйгілі ақыны, батыры, отаршылдыққа қарсы Исатай Тайма-нов бастаған көтерілісті (1836–1837) ұйымдастырушылардың бірі, осы көтерілістің жалындыжыршысы.

Әкесі- жас кезінде Махамбетті жек көрген, кейін қателігін түсінген, ұлын өз қолымен өлтірген намысты адам.

Баласы- шомбал жігіт, Махамбетті өлтіргені үшін Баймағамбет сұлтанның сый алған надан, залым.

Баймағамбет- Махамбетті өлтіруге бұйрық берген сұлтан

Ықылас- Махамбетті өлтірген сатқын

★ **Маңызды деректер:**

- **Махамбеттің соңғы моноlogy.** Баз бір адамдарда болашағын елден ерек сезіну, түйсіну күші болатынын ғылым жоққа шығармайды... Махамбет ақын өлерінен екі күн бұрын айнала-сындағыларға өзінің жан шошырлық сұмдық түс көргенін, түсінде иығынан үзіліп түскен өз басы өзіне қоштасу айтып тұрғанын әңгімелеген.

Жер-су аттары: Нарынқұм, Ақжайық, Жайық.

Зұлымдықтың жасырын келетіні жаман-ақ, бір таныс қол соғып өтті дейді.

Махамбет түсін-де басының көкірегінен домалап, Ақжайықты жағалап бара жатқанын, ажалының жет-кенін көреді. «Туған елім, жерімнің заңғар ақыны едім, қоштасар сәт те жеткен сияқты», - деп туған елімен, халқымен қоштасады.

«Менің бассыз қалғандығым, туған елімнің бассыз қалғандығы болмаса екен», «ақын- дықтың басты шарты - шындықты айту», «ертең өлкем нұрлы үмітпен оянарына, зұлымдықтың болмайтынына, ақындарды сұлтандардан артық сыйлар кез келетініне сенемін», «дулығаны қақ жарып гүл шыққанша, жер астынан болсын қарап жатам» де-ген ойлар айтылады.

- **Әке үкімі.**

Баласына Баймағамбет сұлтанның берген сыйы: **жағасы алтын жіппен әдіптелген сүрішік(бағалы тон).**

Әкесі 2 ай бойы қандай ерлік көрсеттің деген сұрағына ұлының берген жауабы: **Төрт адам болып топ бастап, менің ақылымның арқасында Махамбеттің жақыны Ықыласты үгіт-теп, қосып алдық. Махамбетті алдап соғып, басын кесіп, Баймағамбет сұлтанға сыйға тарттық.**

Әкесі бұл сөздерді естіп көзіне жас үйіреді, мұнша залым екенінді қалай танымай келгем депзор қасірет естігенін айтады.

«Айтылған сөз оқпен тең». Әкесі жас кезінде, Махамбетке әйелі ғашық болғандықтан жек көріпті. Бірақ ақын оны құлай сүйген жан бар екенін де білген жоқ, ал әйелі(анаң) болса соліңкәр сезімін өзімен бірге көрге ала кетті. **Әкесі Махамбеттей батырға бүкіл қазақ ғашық болса да айып емес екенін тым кешуғады.**

«Күдіретті шындығынан танбаған, Парасатын

**ізгілікке жалғаған, Ақын
деген киелі аққу самғаған.**

Ал, ендеше, аққуды атқан пендені

Қай атаңнан көріп едің, оңбаған?!» - деп аққу құсының киесін Махамбетке ұқсатады. Әкесі баласының жасаған ісіне қатты налиды. Ертең ызалы ұрпақ бетіне түкірер, қанымыз бір, енді сенің кесіріңнен маған да туған жердің топырағы бұйырмайды, осы қорлықтан өзімқұтқарайын, ішігіңді қолыңа ал, кеттік дейді.

Ұясына күн батып бара жатқан шақта, құм шатқалдардағы үлкен қара жолға түсіп, бір төбенің басына кеп тоқтайды.

Әкесі «құралайды көзге атқан, атқан оғын маздатқан мерген» екен.

«Сен менің үміт-қызығымның өлшемі едің, еңселі қайғым болдың. Қасиетті мекенді қара- лап, әкенді де тұрмастай жараладың, енді мен сені осында қалдырамын, мына жолмен өткенжұрттың аузынан шыққан Махамбет жырын тыңдап жатарсың, сонда бәлкім қа- телігіңді ұғынаарсың», - дейді әкесі.

«Кім дала заңын аяққа басса, сол қатал тарихымызды ұмытқан жан».

«Дала заңы, баба заңы үшін», - деп әкесі қолына садағын алады.

- ★ **Ұлттық құндылықтар:** Тарихпен сабақтастығы бар, Махамбеттей батырларды дәріпте-уге шақырады.
- ★ **Түсінік:** Ерлер ісінің қиындығы, болашағы бұлыңғыр бола тұра қайыспас жігер ақынның сенімін күшейте отырып, оқырманға Махамбеттің өр тұлғасын көрсетеді.
- ★ **Өз ойым:** Бұл шығармада автор Махамбеттің монолога арқылы барлығын сөз етіп, оқыр-манға ерекше ой тастайды. Ал бала мен әкесі арасындағы диалог арқылы жақсы мен жа- манды, дала заңы мен ел дәстүрі жайлы сөз етеді.
- ★ **Ұқсас шығарма:** М. Жұмабаев «Батыр Баян»

АЙГҮЛ КЕМЕЛБАЕВА «МӘҢГІЛІК БАЛА БЕЙНЕ»

- ★ **Тақырыбы:** Ай мен Ләйлә
- ★ **Идеясы:** Семей полигонының зардабын жеткізу
- ★ **Жанры:** Әңгіме

★ **Композициялық талдау:**

Басталуы: Ләйләнің терең сайға келіп Аймен сырласуы.

Байланысуы: Қатираның зәбір көрсетіп, мазақ етуі.

Дамуы: Көрші аудан басшыларының келуі.

Шиеленісуі: Ләйләнің жүрегінің қан жылауы, төсек тартып қалуы.

Шарықтау шегі: Ләйләнің Аймен, өмірмен қоштасуы.

Шешімі: Жер баласы мен түн баласы.

★ **Кейіпкерлері:**

Ләйлә - шығарманың басты кейіпкері. Күнәсіз, сезімі бүтін, ақылы дұрыс, мәңгілік өспей қалған бала кейіптегі мүгедек жан. Намысшыл жүргеі ыза мен қасіретке толы.

Қатира - ащы тілді, Ләйләнің қатігез әпкесі.

Құмар - Ләйләнің бала күнгі жақын досы, сыныптасы, парталасы. Ләйләні «Ақ Ләйлек»(құс) деп атаған.

★ **Маңызды деректер:**

Ләйлә - Қарауылдың тумасы, Терең сайға жасырынып жалғыз сырласары Ай. Жапан түзде жүрген жан: адамдар әулетінің рухы.

Айды көргенде ана-бейне дауыс салады, қыздың есінде қалған жаөсы кездер, апасның дауысы естіледі.

Әжесінің айтқаны: «Сен де сол саңырауқұлақ сияты, жұрттың көзінің жауын алып, лаулап тұратын боласын».

Ләйлә тойда елестеткен жан: Құмар.

Қарауылда тағы қасірет, тартылған су мен тұтылған Айды көрді.

«Екі тіршілік: бірі - жер баласы, бірі түн баласы».

Ләйләні қаралы жиында қолға алып шықпақ болады.

Ләйлә Қатираның баласының тойы болып жатқанда қаза табады.

★ **Ұлттық құндылық:** Адами қасиеттер, адамгершілік.

★ **Түсінік+өз ойым:** Ләйлә қыздың тағдыры арқылы ядролық жарылыстың зардабын көрсетіп, адами қасиеттерді сақтауға шақырады.

Ұқсас шығарма: «Заман-ай»

ЖҮНІС САХИЕВ «АЙДАҒЫ ЖАСЫРЫНБАҚ»

★ **Тақырыбы:** Айда болған оқиғалар

★ **Идеясы:** Қоршаған ортаны, табиғатты сақтау және қорғау.

★ **Жанры:** Әңгіме

★ **Композициялық талдау:**

Басталуы: Жаңа оқу жылы

Байланысуы: Айға саяхат

Дамуы: Айда болған қызықтар

Шиеленісуі: Жасырынбақ ойнау

Шарықтау шегі: Әкесімен сөз

Шешімі: Қоршаған ортаны қорғау

★ **Кейіпкерлері:**

Гүләйім - мұғалім апай.

Жантемір - сыныптас бала, сөзді Айдағы саяхатқа бұрған жан.

Мерген - оқиғаны баяндаушы.

Сартай - Мергеннің айға бірге барған досы.

Ертілес - Мергеннің планетолог әкесі.

★ **Маңызды деректер:**

Сусыз ойпаттар: Дауыл мұхиты, Жаңбырлар теңізі, Дағдарыс теңізі.

Айда 200 градус суық.

Мерген мен Сартай «Ғалымдар үйіне» жетеді.

Айдағы таңның атуы ұзаққа созылады. Күн Жерде жүргенде батыс жақ Дағдарыс теңізі жақтан шығады. Айда ол - шығыс. Ондағы жарты күн Жердегі екі апта.

Өліара қарсанында Ай Күнмен қабат шығып, бірге батады. Ай Күннің сол жағына өтіп, Жердің батыс жағынан қияктанып көрінсе - Жаңа Ай туғаны.

Сартай мен Мерген қараңғы шұңқырларға тығылып жасырынбақ ойнайды.

Озондық ойықтың ұлғаюынан Күн радиациясының электромагниттік ағымы, рентігенді, ультракүлгін сәулелер Айдағы тіршілікті жойған.

Шығарманың шешімі: «Экологиямызды сақтайық. Табиғаттың болашақ тазалығы біздің қолда.»

★ **Ұлттық құндылық:** Табиғатты аялау

★ **Түсінік+өз ойым:** Шығарма қоршаған ортаны қорғауға шақырып, табиғаттың болашағы өзіміздің қолымызда екенін еске салады.

★ **Ұқсас шығарма:** Жүніс Сахиев «Дабыл»

ЖҮНІС САХИЕВ «ДАБЫЛ»

★ **Тақырыбы:** Бұрынғы Талас жазуы

★ **Идеясы:** Көне мұраны сақтап, қазақ жазуын жандандыру.

★ **Жанры:** Әңгіме

★ **Композициялық талдау:**

Басталуы: Түрколог Жасағанның ауылға келуі

Байланысуы: Ақтаудың табиғатына шығу

Дамуы: Көне түркі жазулары туралы

Шиеленісуі: Ғарыштан түскен ғажайып тас

Шарықтау шегі: Айдан келген қонақтар

Шешімі: Өзге ғаламшардан келген дабылдар. Талас жазуының маңызы

★ **Кейіпкерлері:**

Жасаған - жасы елуден асқан, орта бойлы, шашы сиреген, қыр мұрынды, қой көзді кісі. Қазаққа белгілі түрколог, ғылым докторы. Төленнің туған інісі. Әйелі - **Балайым**.

Төлен - Жасағанның ғалым болуына себепші болған жан, ағасы. Жұбайы - **Перузат**.

Әбен - бойшаң, арық, шашын сол жағына жантайта қайырған, көзілдірік таққан сары кісі.

Таңатар - Әбеннің жолдасы, орта бойлы, мұртты, қыр мұрынды, даусы гүрілдеп шығатын адам.

Қазыкен - Төленнің құрдасы, бесаспап көліктің иесі.

Айгүл - дөңгелек жүзді, тәмпіш мұрын, арық келген, Әбеннің әйелі.

Ұлдай - орта бойлы арық, бірақ жүзі реңді, бетінде шамалы секпілі бар, Қазыкеннің әйелі.

Әсел - дөңгелек жүзді, толық бет, балық ауыз, ботакөз Таңатардың жұбайы.

Бөрібай - жолдан мінген қасапшы.

Жанқуат Пазылұлы - академия басшысы, ғалым. Жасаған бірден хабарласатын адам.

Баламұрат Еңсерұлы - Жанқуат Пазылұлының көмекшісі.

Кит(Күнгей) ғаламшарының адамдары - киімдері ақшаңқан түсті, өздері денелі. Белдеріне жалпақ өрнекті белдік буынған, шаштары қысқа. Сақал-мұрт қойғандары да алыстан байқалады. Қолдарында қол шам тәрізді бірденелері бар.

Балбек Ерқуатұлы - Асы-Түргендегі расытханаға басшылық ететін академик.

★ Маңызды деректер:

Ғарыштан түскен тас - созылыңқы тамш тәріздес пішінді.

Ақтаудың тау бөктерінен табылады.

Дөңгелекпен де, адымдап та жүре алатын, «қазіргі заманның түйесі» - бесаспап көлік.

Жасаған жасынан тауқұмар. Орхон-Енисей, Талас жазуларын зерттеген. 6-8 ғасырлар тұсында пайда болған деп санайды. 3 жылдық ғұмыры осы таңбаны зерттеумен өткен.

Барлығына берген уәдесі: «Қалған өмірімді алфавит жасауға арнаймын».

Барлығының селк етуінің себебі: қара шұбар жылан.

Алапат үңгірге мың қой емін-еркін сыйып кетеді, төбесі тесік ошақ тәрізді болған соң, іші жарық.

Үңгір алдындағы тасты бірінші көрген: Қазыкен.

Жазуды жолдаушылар: Кит шоқжұлдызындағы Күнгей ғаламшарынан.

Жасаған Жанқуатқа суреттерді телефакс арқылы жібереді.

Бесаспап жүк тасушы әуе кемесімен келгендер: кемеңі басқарушы, Баламұрат Еңсерұлы, жүкті әуе кемесіне тіркеуге көмектесуші.

Жасаған Қайдарұлы алфавит құрастырып, оны барлығы оқи бастайды.

Өзге ғаламшарлықтарды кездестіріп сөйлескен: Төлен.

Расытхана(обсерватория) орналасқан жер: Алматы маңындағы Асы-Түрген жотасындағы зерттеу орталығы. Радиодабыл арқылы сөйлесетін - Балбек Ерқуатұлы.

Радиоқабыл келген ғаламшар: Жарық

Тағы бір сәлем жолдағандар: Мерген шоқжұлдызындағы Көгілдір ғаламшарынан.

★ Ұлттық құндылық: отбасылық, салт-дәстүр, тілдің маңызы.

- ★ **Түсінік+өз ойым:** Осы шығарма арқылы автор көне тілімізді ұмытпай, дәріптеуге шақырады.
- ★ **Ұқсас шығарма:** Жүніс Сахиев «Айдағы жасырынбақ»

ШАХИМАРДАН ҚҰСАЙЫНОВ «ТОМИРИС»

- ★ **Тақырыбы:** Сақтардың еркіндік үшін күресі, Томиристің жеңісі.
- ★ **Идеясы:** Томирис пен сақ жауынгерлерінің қаһармандығын көрсете отырып, туған жерді сақтауды сөз етеді.
- ★ **Жанры:** Драма, пьеса

★ **Композициялық талдау:**

Басталуы: Жәдігөй кемпірдің көк аспанға табынуы. Ардаширмен сөз.

Байланысуы: Спаргапистің тілек-арманы.

Дамуы: Кир еліне аттанған елші Шұғыла-Томирис.

Шиеленісуі: Шайқас даласындағы Спаргапистің сатқындығы. Жаза

Шарықтау шегі: Кир патшаның Балхаштан жеңілуі, екеуінің өлімі.

Шешімі: Елес кемпір мен Томиристің диалогі

★ **Кейіпкерлері:**

Томирис - Шұғыла, сақ патшайымы.

Балхаш - Шұғыланың күйеуі, сақпен туыстас «тиграхад» тайпасының бас сардары, сақтарды тастап Кирмен одақтасқан.

Спаргапис - 16 жасар бекзада, Шұғыланың ұлы.

Кир - Патшалардың патшасы атанған парсы билеушісі. Шұғыланың ғашығы.

Елес - «жәдігөй» (аса айлакер) кемпір, жасы жүзден асқан Тәңірдің құлы.

Амаға - сарматтар падишасы.

Мард - Кирдің кеңесшісі.

Ардашир - массақ көсемі.

Қосымша кейіпкерлер: күшетші, көсемдер, жасауылдар.

★ **Маңызды деректер:**

Ұлы Тұранды жалмаған өрт: жаудың өрті емес даудың өрті, бақталастық пен бақастықтың, тойымсыздық пен топастықтың өрті.

Кир Аракс (Әмударияға) көпір салдыртады.

Томирис елшілікке «Шұғыла» деген есіммен барады.

Кирмен бірге қолдарын кесіп, қанды құтыға ағызады: «Ажалдан соң да өмір бар, үшінші құты - ажалдікі».

Кир осыдан кейін бойында тасыған, қарақұсынан қысып ұйқы бермеген арам қаннан құтылады, ұйқысы қайта оралады.

Шұғылаға жала жабу ретінде жасауылды өлтірге - Мард.

Оның өлімін өз мойнына алған - Балхаш.

Парсылардың құдайы: Ахурамазда.

Қара түнек, өлім құдайы: Агро-Майню.

Томирис: «Аттан түспесең - сақтығың, шешінбей ұйықтасаң - жауынның көптігі, шешінбей ас жесең - дауынның көптігі».

Елес: «Баланды құрбандыққа шалдың! Байды құрбандыққа шалдың! Сүйгеніңнің басын алдың! Өзің ғана қалдың! Өзіңе не қалды?»

Томирис: «Сақ деген ел қалған жоқ па! Сақтың сары даласы - жері қалған жоқ па?!»

Кирді Балхаш өлтіреді, қан толы торсыққа салған - Томирис.

Елес кемпірдің Тәңірге қойған сауалы: «Адамды неге жараттың?»

Томиристі алғысы келген - Ардашир.

Спаргапистің қалауы: таққа отыру. Дай патшалығының тағы.

Спаргапистің сатқындығы үшін берілген жаза: өлім, кейін елден қуылсың дейді. Өз-өзіне қол жұмсап өледі.

Кир Мидия мен Хорезмді жаулаған, көзге түскені Жейхундариядағы сақ даласы. «Түбі - тұр. Бәрі - тағы.»

Томирис Балхашты «тас төбет» атаған.

Томиристің айтқан үш байлығы: шексіз көк аспан, кең дала, үшіншісі - жусан, яғни жер қайысқан қалың сақ.

- ★ **Ұлттық құндылық:** Сақ тайпасының ерлігі, туған жерге деген сезім, тәуелсіз елдік, ұлттық рух пен мүдде.
- ★ **Түсінік+өз ойым:** Сақтардың еркіндік жолындағы жанқирлық ерлігі тарихи оқиғаларға негізделіп, терең жазылған.
- ★ **Ұқсас шығарма:** Абай Құнанбаев «Ескендір»; «Алып Ер Тұңға»

СМАҒҰЛ ЕЛУБАЙ «ЖАЛҒАН ДҮНИЕ»

- ★ **Тақырыбы:** Қазақ қоғамының тоқырау жылдарындағы көрінісі.
- ★ **Идеясы:** Қазақ халқының басынан өткен ауыр тағдырын суреттеу.
- ★ **Жанры:** Роман

★ **Композициялық талдау:**

Басталуы: Құм үстінде жатқан Хансұлу мен оның ойлары.

Байланысуы: Түгелхан мен Үміт

Дамуы: Хансұлудың өткен өмірімен байланысы

Шиеленісуі: Хансұлудың аждасқан ойлары. Түгелхан оқиғасы

Шарықтау шегі: Едігенің ауылға келуі

Шешімі: Тыныш қана дүниеден өткен Хансұлу

★ **Кейіпкерлері:**

Хансұлу - талай зұлматты жылдардың куәсі болған кейуана. «Кербез келіншек» деп аты шыққан, халық жауының әйелі. Ашаң сопақ жүзінен жұмсақ балқыған иман нұры төгіледі. Табиғатынан сұлу да тұнжыр, саналы қарақат жанары, әлдебір тұңғыыққа қадалып қарайды.

Тоқтасын - Хансұлудың жұмбақ өліммен қазақ болған күйеу баласы.

Түгелхан - жасы елуді алқымдап қалған, бастық болып қарны шыққан. Жастау кезінде бойшаң, сылыңғыр қара, тура айнымаған Шегенің өзі еді.

Үміт - Хансұлуың қызы, қара торы, қағылез.

Моторбай - Тоқтасынның денесін жеткізген тракторшы.

Маусымжан - Едігенің ширек ғасырлық ғұмырын бірге өткізген жары. Жасы 50-ді алқымдаған, ащан жүзді, аққұбаша әйел.

Югай - ауылдағы егінші кәріс, ішімдік ішетіндер.

Бұлыш мерген - Едігенің әкесі; Атырау, Арал арасындағы ел ішінде аты аңызға айналған аңшы. «Банды», «баспашы» деген жала жабылады.

Дәу апа - Едігенің қапсағай ұзын, ер мінезді әжесі.

Балқия сұлу - Едігенің анасы.

Ждақай - тарғыл бет, басында жапырайған қарасұр тақиясы бар, иығына көне-тоз шапан киген, төртбақ, көкшіл көзді шал, соғыстан аман келіп, құран ұстап мүләйімсіреген кейіпке келеді. Шегені Сібірге айдатқан шолақ белсенді. Әкесі - Жорға Күрең.

Едіге - Алматыда тұратын, Қарақалпақстаннан арман қуып, Алматыға келген жетім, жазушы. **Дембелше бойлы, ақсары, сұйқыл шашты.**

Шеге - Хансұлудың «Халық жауы» деп жала жабылған күйеуі.

Бөпенай - Хансұлудың студент немересі, Үміттің қызы.

Айтан Таңжарықович - біресе кеңшар, біресе аудан басқарған Маусымжанның әкесі, бай адам.

★ Маңызды деректер:

Хансұлудың естен кетпес естелігі:» «1932 жылы жазғытұрым әлі көз алдында. Қарақалпақтың түстік тұсы, жетімсіреп қалып бара жатқан киіз үйлер. Бір тілім нан үшін өз үйін тастап, Әмудария жағасындағы Қоңырат деген жерге баруы.» 1931-1933 жылғы тарихтағы ұлы жұт сипатталады.

Жетім бала Едіге Қарақалпақстаннан арман қуып, Алматыға келеді. Ең беделді университетке оқуға түседі. Ешкімнен теперіш көрмеу үшін спорт секциясына қатысады. Сәнді киім киеді. Жазушылықпен айналысады.

Едігенің 3-4 жыл бойы жазған, бірақ цензурадан өтпей қалған шығармасы, кітабы: «30-жылдардағы аштық, шындық туралы»

«Отыз екінші жыл» - Едігенің жазушылық тағдыры.

Хансұлу жас күнінде «Халық жауының» әйелі атанып, жесір қалған, қой бағып, айналасын асыраған Хансұлу баласы ер жеткенде кедейліктен құтылады.

Маусымжан да Алматыда бесінші қабат үйдің балконында ой үстінде.

Маусымжанның әкесінің Едігеге екі өтініші:

1) Шашын дереу қысқартуы керек.

2) Мамандыққа қатысты, жоғары партия мектебіне түссең дейді. «Мынау болмайтын бала.»

Маусымжан ұнатқан Едігенің қасиеті: әңгімешіл.

1937 жылы Дәу апаға берілген жала: НКВД-ның «Кеңес үкіметіне тіл тигіздің!»

Едіге қыздары Бағдагүлдің тойына 2 мың сом қарыз алады.

Едіге шет елде, Чехословакияда болады. Берген сыйлық Хансұлуға жібек мата, Үмітке жібек орамал.

ЦК арасында 3 күн жүреді, кітап шықпайды.

«Жиһаз, ыдыс» десе Маусымжанға Аида еске түседі.

Едіге - қыңыр адам. Бағдагүлді қазақ мектебіне бергісі келеді, Маусымжан қарсы болады. Ал Қамбарды қоймай қазақ класқа береді.

Хансұлуға Ждақай елестейді, «Жаңа жол» ауылы еске түседі, Ждақайды кешірмейді.

Хансұлу жағдайы: «Бір аяғы көрде, бір аяғы жерде».

Хансұлу түсінде бітіруде киген ақ көйлекті Бөпенайды Алматы алаңында жүргенін көреді. Бір кезде милиция келіп, Бөпенайды да ұстап алады. Желтоқсан оқиғасын суреттеп отыр. Хансұлу түсінен оянып кетіп, Бөпенайға қарай қолын созып барып өмірден өтеді.

Едігеге «Қалың бет» Балқаш комбинаты тарихы туралы фильмге госзаказ тапсырмақшы болады.

Едігенің Хансұлудың өмірден өткенін көргендегі ойы: «...тынш қана жүріп кеткен неткен иманды жан! Бірақ ұмтылып барып көз жұмғаны жұмбақ.»

Едіге 14 жасында хат тасып, Ждақайдан таяқ жеп, Қарақалпаққа кетуге мәжбүр болған.

Хансұлу Сарытауқұмда бұзау іздеп жүргенде қан қысымы көтеріліп, талп қалады.

Хансұлу ауруханаға бармайды, «өлсем, өз үйімде өлем...»

Хансұлу қайын інідей боп кеткен Едігені «палуан» дейді.

Шегені 1944 жылы «Халық жауы» деп үшінші рет ұстағанда Түгелхан 13-те, Үміт 8-де болады.

Хансұлудың үш немересі бар: біреуі- Үміттен, Хансұлу назар салатын суретте осы Бөпенай.

Хансұлуға келгедер: құрдасы Қозбағар, Шонай, Тәттібала т.б.

Түгелхан Югай кәрістің егінжайындағы «Бичтерге» қосылып ішімдік ішеді.

Радиодан (Үміт қосады) Генсек-Брежнев ауырып қалғанын естиді.

Түгелхан 5-6 жыл Алматыда машина жөндейтін АТС-та бастық болған.

Едіге Хансұлу туралы: «Асылдың сыры кетсе де, сыны кетпейді.»

Биыл 1982 жыл, Жетісуға көшіп келгеніне 29 жыл өткен.

Тоқтасынның жұмбақ өлімі: ақбөкен етін жеген немесе кеңестік әскерде жүргенде әлімжеттік болып, басқа ауыр соққы алған.

Тоқтасынның әскерде бірге боп, қайтыс болған досы - Жарас.

«Әжелеп, ап-ап» деп Хансұлуға жүгіріп келген: Бөпенай.

Едіге соңында «Өктем үнді» естиді.

Едіге аузымен қолданған эпитеттер: кер заман, тозақ тірлік, ұстасқан заман, тістескен заман.

Романда не үшін өмір сүріп жүргенін білмей депрессияға түсетін: Хансұлу мен Едіге.

Романда көтерілген халыққа ең басты керек нәрсе: баспана.

Роман кейіпкерлері бастан кешіретін оқиға: қара шаңырақтарын тастап бас сауғалап қашу.

"...Ертесіне жаяу-жалпы шұбырған жұртқа ере алмай, сырқаттанып, жолда бұйрат басында әкесі мен шешесі қалды. Соның бәрі әлі күнге көз алдында сайрап

тұр." - 1931-33 жж.

Бұлар – Дәу апа екеуі осы Едіге мен Түгелханның бірін жетелеп, бірін арқалап, арттарына қарай-қарай жалтақтап, көз жастарын тия алмай, ұзап барады. Кет-песке лаж жоқ.

Автор тәңірлік дінді аспан арқылы көрсеткен.

«Шықпаған кітап та бір, дүниеге келген нәресте де бір.»

«Тоқырау заманының» құрбаны - Түгелхан.

Хансұлу тұратын ауыл: Сарытауқұм етегіндегі Аққұм ауылы

Шілде айының дүниені қуырған ыстық күні: ұзынсары.

Түгелхан Алматы-Қарағанды тас жолдан келе жатты.

Алматыда институтқа сын тапсырып жатқан: Бөпенай

Балқия мен Бұлыштан қалған жалғыз тұяқ: Едіге

Хансұлудың ауру халі туралы мақал: "Үйреніскен жау атыспаққа жақсы"

Тоқтасынның өлімі туралы шығармада қолданылған мақал: "Қырық күн қырғын болса да ажалды өледі"

Үміттің мінезін көрсететін мақал: "Қол сынса - жең ішінде"

Маусымжанға тән ақпараттар: «Мына өмірде таршылық болады-ау» деп ойламайтын; Едігенің қолға алған дүниесінен қорқатын; «Ең бастысы - махаббат» деп біледі.

Едігенің мінезіне сәйкес мақал: «Қырық адам бір жақ, қыңыр адам бір жақ».

«Үмітсіз - шайтан» деген сөзді өз сөзінде қолданған: Едіге.

«Көрмес түйені де көрмес» деген сөз қатысты: Едігеге

"Жерден жік шықты, екі құлағы тік шықты"-Маусымжан.

Едіге қатты қиналғанда тілден айрылып, түйіліп қалатын әдеті бар екен.

★ **Ұлттық құндылық:** Халық тағдыры, намыс, шындық

★ **Түсінік+өз ойым:** Қазақ халқының басынан өткен қиын, зұлмат кезеңдерді шынайы суреттеп, салыстыра жазады.

★ **Ұқсас шығарма:** Қабдеш Жұмаділов «Тағдыр»

АСҚАР СҮЛЕЙМЕНОВ «БЕСАТАР»

★ **Тақырыбы:** 1916 жылғы көтеріліс пен Созақ көтерілісі

★ **Идеясы:** Ұлттық құндылықтарды көрсете отырып, жеке адам трагедиясын көрсету

★ **Жанры:** повесть

★ **Композициялық талдау:**

Басталуы: 1916-1917 жылғы ауыр кезеңде орыс шолақ белсендісі Иноземцевтің қазақ ауылына шабуылдауы.

Байланысуы: Иноземцевтің Төрехан бастаған қазақтар қолына түсуі.

Дамуы: Крейгель қазақ ауылын қырмай, Төреханды тұтқынға алуы.

Шиеленісуі: Сәруардың әкесі Төреханды құтқару үшін Крейгельдің алдына келуі, олардың арасындағы диалог.

Шарықтау шегі: Иноземцевтің Мұқағалиға болған жайды байқамай мойында-

уы, Крейгель мен Сәруардың арасындағы сыйластықтың бұзылуы.

Шешімі: Крейгельдің Голоножкинге Сәруарды атуға бұйрық беруі, нәтижесінде Сәруар да, Голоножкин де жер құшуы.

★ **Кейіпкерлері:**

Иноземцев - Петербургтегі оқуын майда тастап, майданнан бас сауғалап Ташкенттегі банкир әкесіне тығылған. Арманы - полиция бастығы болу. Ойран салып жүрген офицер, қазақша жетік біледі. Крейгель «Шура» деп атайды.

Төрехан - Қарала ат мінген аққұба шал, көтерілісті ұйымдастырған Сәруардың әкесі, аз сөйлейді.

Сәруар - 21 жасар оқыған жастардың бірі. Төреханның ұлы. «Баранчук» - жас жігіт деп Крейгель атайды.

Фольбаум - Крейгельдің дуанбасы.

Мұқағали - қызыл бет, тақыр бас, батыр тұлғалы, Иноземцевті күзетуші, мойындатушы адам.

Крейгель - офицер-тергеуші, көпті көрген, өмірлік тәжіриесі бар, қазақ дәстүрін, мақалын, тілін жақсы білетін адам.

Голоножкин - Крейгельдің жалпақ сары көшірі. «Үкі» деп атайды.

★ **Маңызды деректер:**

Сәруар Шымкенттен келеді, әкесін «тәте» деп атайды.

Қазығұрт тауында 1916 жылы 7-8 шілде аралығында орын алған оқиға.

Иноземцев тұтқынға түсіп амандасқанда, шал сәлемін алмай, қамшысының ұшын ғана ұстатады. Оны үңгірге қамайды.

Крейгель Қазығұрттың асуына дүрбі салады. Қарала атты ойлайды. Сауысқандай сақ Голоножкин ат қораға тыққан екен деп отыр.

Иноземцев ұрланған үш күннен бері Рабат пен Черняевканы тінтіп шыққан.

Үш ұя: Біріншісі - Қазықұртың бачындағы Айтас; Екіншісі - Ташкент жақ Қазақбайдың қыстауы, Қосмола; Үшіншісі - Рабатта Мұқағали ауылы.

Крейгельдің туған жері - Сычевка.

Түркістанға 61-жылдың реформасынан кейін кеп, Шымкентке кеткен.

Құнығып бір оқитын кітабы - «Идеот».

Сәруардың санауы бойынша Қарала 3 рет оқыранды.

Қазақ-қырғыз бүлігі большевиктердің құлағына жетпеу керек, алтыншы күннің төртінші күні.

Шымкент - Черняев.

Крейгель Иноземцевті «Шура» деп атайды, Крейгельдің жүрегіндегі бітеу жара: Әйелі мен Иноземцевтің тізе қосуы.

Крейгель: «Дала үстінен оқ атылмаған, елу жыл ішінде жілік майлары бітеуленген болу керек.»

Төреханның Сәруарға айтқаны: «Біздей шобырдан гөрі сендей жалғыз ішек оқымыштың, оқыған арғымақтың жаны тәтті»,

Сәруардың ойындағы бір жол өлең: «Жетім қозы тас бауыр».

Қазаққа тән мінез: қазақ екеу болса бірі - шоқ, бірі - мұз. Ал үшеу болса цирк.

Мұқағалидің Иноземцевке айтқан сөзі: «Батыр»

Мұқағали «Жаубүйрек» жейсің бе деп оның жасалуын айтады.

Иноземцев Рәйімнің екі інісі мен үш баласын өлтірген. Нұрғазының аузына оқ атып, әйелдерді ұрып-соғып, Рәкеңнің өзің өртеген.

Сәруардың Крейгельге айтқаны: ауылдардың қалмағандығы.

Қымыз ішетін ыдыс - зерен.

«Өкеңді алдырған - мен, бірақ есаул Иноземцевті алып қашқан Төрехан. Баш на баш.»

Иноземцевті құтқармаса, өзі де мансап пен жұмыстан айырылуы мүмкін.

Крейгель ойлаған үш сыңай: 1-ші сөзге сараң қақпастың айтпауы мүмкін; 2-ші мынаның сұрамауы мүмкін; 3-ші бекініс мынау сұрап, кәрі айғырдың айтпауы мүмкін.

4-ші сыңай Сәруардың 3-бекініс жайлы ауылдан құлақтанғанын Крейгель ескерген жоқ.

Майдан-бір; Ташкент, Торғай, Жетісу қазағы - екі; Алатау қырғызы - үш; есінші жылдан бері большевик қарақұлақ.

Төрехан көрген самауыр: Мұқағалидің сұр бәйбішесінің он литрлік ақ самауыры.

Голоножкин - Жалаңаяқ. Төрехан одан «құзғын бар ма?» деп сұрайды.

Сәруарды жетектеп Рабат маңына әкеледі, Керегетаста тоқтайды.

Голоножкин: «Я не могу, я живу на их земле».

Сәруардың ең соңғы көргені: Қазығұрт - туған жері; Қараласы - жан жолдасы аты; елі-халқын ойлайды. Голоножкинге жете алмай құлайды.

- ★ **Ұлттық құндылық:** көтеріліс кезі, адамгершілік қасиет
- ★ **Түсінік+өз ойым:** Бір күндік сәтті, бірнеше кейіпкердің диалогі арқылы заман шындығын көсетуі автордың жазу шеберлігін байқатады.
- ★ **Ұқсас шығарма:** Жамбыл Жабаев «Зілді бұйрық»

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА «ӨЛЕҢ, МЕН СЕНІ АЯЛАП ӨТЕМ»

- ★ **Тақырыбы:** Өлеңнің өмірдегі алар орны
- ★ **Идеясы, түйіні:** Өлең сөзді құрметтеу, оны сүю және бағалай білу.
- ★ **Тармақ, бунақ, буын саны:** 1-2 бунақ, 6 буын, 5 шумақ
- ★ **Ұйқас түрі:** аралас
- ★ **Әдеби теориялық ұғымдар:**

Дара күндерімнің,
нала түндерімнің ЭПИТЕТ
серігі болғаның үшін,
сенімі болғаның үшін ҚАЙТАЛАУ
мен сені аялаймын.

Біреудің пасықтығынан,
біреудің жасып мұңынан, АНАФОРА

жүрегім сыздаған кезде,
жаным мұздаған кезде
мен сені саялаймын.

Біреудің күлкісін көріп,
бақыттының түр-түсін көріп,
шаттанып қалған шағымда,
жеткендей арман-сағымға,
қуаныштан дірілдеп денем,
алдыңа күлімдеп келем.

Ажалмен айқасқан сәтте
қыршын жас көз ілгенін көріп,
өткінші сезімдерді көріп,
кешегі "доспын" дегеннің
минутта жерінгенін көріп,
кімнен өшімді аларымды **білмей,**
кімдерге кінә тағарымды **білмей, ЭПИФОРА**
алдыңа лапылдап келем,
жарылуға жақындап келем. ГИПЕРБОЛА

Өмірдің өткелдерінен ЭПИТЕТ
қиындық көп көргеніммен,
өртегіп от басқаныммен,
өзіңмен қоштаспадым мен.
Күлкімді, жайлы күнімді,
азапты, қайғы-мұңымды
өзіммен бөліскенің **үшін,**
қатем мен жеңістерім **үшін**
менің мынау **қиындау тағдырым** болып **ЭПИТЕТ**
о баста көріскенің **үшін ЭПИФОРА**
Өлең, мен сені аялап өтем!

«БАУЫРЛАР» ТҰМАНБАЙ МОЛДАҒАЛИЕВ

- ★ **Тақырыбы:** Атажұртқа шақыру, бауырмалдық
- ★ **Идеясы, түйіні:** Барша қазақты Атамекенге шақырып, қазақ тұтастығын насихаттау
- ★ **Тармақ, бунақ, буын саны:** 4 тармақ(72), 3 бунақ, 11-12 буын
- ★ **Ұйқас түрі:** қараөлең ұйқасы
- ★ **Әдеби теориялық ұғымдар:**

Менің жерім мына жер - сенің жерің,
Жарасып тұр сол жерге келулерің.

Осы алқапта сенің де малың жатыр,
Жайқалып тұр шабылмай егіндерің.

Менің көлім мына көл - сенің көлің,
Сенің арқаң **көңілге семіргенім. ПЕРИФРАЗ**
Жоғалмасын, ағайын, жоғалмасын,
Жетем деген сол көлге сенімдерің. АЛЛИТЕРАЦИЯ

Менің тауым мына тау - сенің тауың, ҚАЙТАЛАУ
Ақбас шыңын алты ай жаз жуған жауын. **ТЕЦЕУ**
Жалғыз рет көрсең де тірлігіңде,
Мүмкін емес сол тауды сағынбауың.

Туы да бір ішетін суы бардың,
Әуреледі бұл жерден қуып әр кім.
Мына орман менікі, сен де соның,
Ағашынан үйіңе уық алғын. СИНЕКДОХА

Көрдің бәрін, көп түсті жан да азапқа,
Түскен кезі көп және ар мазакқа.
Тоғайдағы толғағыш құстар да ортақ,
Дүниені жайлаған бар қазаққа.

Мынау өзен менікі, ел күніге
Сүйінеді ұрпақтың ерлігіне.
Қимай кеткен сол суды аталарың,
Бетін жуып соңғы рет мөлдіріне.

Мынау теңіз менікі - сенікі ол да,
Ел ырысы дәл бүгін бекем қолда.
Әр бұтасы, ағашы туған жердің,
Ыстық тарта береді екен жолда. ГИПЕРБОЛА

Желбіреді көгімде міне туың,
Тұлпарым да дайын тұр мінетұғын.
Мынау үлкен мәңгілік қалаларда,
Үйлерің тұр көшіп кеп кіретұғын.

Келші, бауырым, кешікпей кір қатарға,
Меңіреуге меңіреу тіл қатар ма.
Мына тауда сенің де жылқыларың,
Жату керек шұрқырап күн батарда.

Жазым да ерек, биылғы күзім бөлек,
Алмам да ерек мол биыл, жүзім де ерек.

Мына көлде сенің де балаларың,
Асыр салып тал түсте жүзу керек.

Кел, бауырым, несіне жүрсің жырақ,
Ішің де ұнап тұр маған, сыртың да ұнап.
Сендердің де бір салған әндеріңе,
Бар таулары қазақтың түрсін құлақ.

Жеңдік біздер тіршілік күресінде,
Әні есінде еліңнің, жыры есінде.

**Қай қиырға ұшсаң да қазақ болсаң,
Абайыңды еске алмай жүресің бе?! РИТОРИКАЛЫҚ СҰРАҚ**

Жастау болсаң жайқалып, жалындап ал,
Бақыт өзі кеп сонда қолыңды алар.
Қазақ болып туғаның рас болса,
Сарыарқаға сағыныш қаныңда бар.

Туған елсіз ешқашан көгермейсің,
Кім қашанғы бұғауға көнер дейсің.
Қазақ болып туғаның рас болса,
Алматыға бір келмей және өлмейсің.

Мүлгисің бе жырыммен ұшықтасам,
Қуатым деп Сыр суын ішіпті Асан.
Қазақ болып тудым деп айта көрме,
Алатаудың басына бір шықпасаң.

Оянады көңілден қайдағы арман,
Бақыт желі ескендей жайлап алдан.
Президентім бар менің елі түгел,
Ақ киізге көтеріп, сайлап алған.

Туым биік бүгінде, нуым да әсем,
Естілер шақ кетті өтіп үнім бәсең.
Қазақпын деп айпа сен, жан бауырым,
Алматыныны тірлікте бір көрмесең.

Қауқылдасып қалдық-ау, есендесіп,
Таңнан тағы тербетті шешем бесік...
Қарсы алуға дайын тұр бауырларың,
Өз жеріңе бәрің де келсең көшіп...

«САҒЫНЫШ» ТӨЛЕГЕН АЙБЕРГЕНОВ

Тақырыбы: Сағыныш сезімі

★ **Идеясы, түйіні:** Сағыныш атты алапат сезімді буырқанып, теңіздей толқып, таулардай асқақтап құштарлықпен жырлау

★ **Тармақ, бунақ, буын саны:** 4-5 бунақ, 17 буын, тармақ саны көөп))

★ **Ұйқас түрі:** аралас ұйқас

★ **Әдеби теориялық ұғымдар:**

Бораған өсек-ғайбат; ұшан-теңіз арман; көкірегімде өрт; ару арман - **перифраз, метонимия**

Жастық шағындай - **теңеу**

Таулар шықпас асқақтап, үмітке толы түп қарағай, теңіз тебіренбес; бабалар сағынған; жазира белдер шектемек; алдыңнан кес-кестеп шықса; ағады тыңбай күңіреніп; аэропорттар мен вокзалдар; Сұрша құмдарға тандайы кеуіп сел күткен - **кейіптеу**

Бір қасық суды аңсау, үш-ақ түйір тал - **литота**

Көгілдір көлге сағынып ұшып барамын; ғұлама жылдар судырлатады парағын; сағыныштың кірпіктеріне сүйеніп; сағыныш өтер түйдек-түйдек бұлт болып; Мен жүз қызға ғашық болған шығармын; Қазір менің ессіз шөлім басталды еш қайнардан қанбаған; сан ғасырлар төсінен, сан дария кешіп ем - **гипербола**.

Жортпаушы ма еді таң алды тырнакөз көлдер қырау шақ?

Жарықтан іздеуші еді ғой жазым боп кетсе қайтем деп? - **рит. сұрақ**

Сөйлейді сенің тілінде барлық құс біткен - **кейіптеу**

ЖЕРДЕГІ БАРЛЫҚ АРБАЛАР, ВАГОНДАР... ТАРТА АЛАРМЫСЫҢ ЖАБЫЛЫП Осынау БАЙТАҚ САҒЫНЫШЫММЕН КӨШСЕМ МЕН?! - ГИПЕРБОЛА, РИТАРИКАЛЫҚ СҰРАУ(ойбуу үлкеен әріппен кетіп қапты ғооой, енді көрдім)

Мұхтар Шахановқа

Сағындым жаным, мен сені!

Көркінді жүрген қуаныш қылып,
мендей ме екен бар ағаң...

Шын інім болсаң, бас бұрма, жаным, өсек-ғайбатқа бораған.

Қажет жерінде қатыгездік пен қаталдық керек, десек те,

Адамның заңғар ұлылығын, сен, сағынышымен есепте.

Онсыз сен, тіпті, тұлпар да болсаң, қосыла алмайсың қатарға.

Әуелі әбден сағынып алмай, шығушы болма сапарға.

Сағынбай барсаң теңіз де сенің тебіренбес жастық шағындай.

Бұлбұлдың даусын ести алмайсың, бауларға кірсең сағынбай.

Сағынбай барсаң таулар да сенің алдыңнан шықпас асқақтап,

Ойлауың мүмкін дүниені мынау кеткен екен деп тас қаптап...

Үмітке толы, арманға толы әр жерде бір түп қарағай,

Сағынбай жүрсе, қалуы мүмкін жамырасуға да жарамай.

Биікте тұрған таулар да мынау нұрына таңның боялған,

Сені мен менің ғасырлап күткен сағынышымнан оянған.
Балалар бізді сағынған, жаным, арманның аңсап биігін,
Әжелер бізді сағынған, жаным, талдырып асқар иығын.
Көкірегінде сағыныш барда мұрат та сенде бар, жаным,
Алдыңда тұрған қыраттың саған көрінбей жатқан ар жағын.
Жазира белдер қуанышыңды болмасын мәңгі шектемек,
Алдыңнан орман кес-кестеп шықса, сағынышыңмен көктеп өт!
Мен бұны саған жазып отырмын, арманымды орап сезімге,
Жан-жақтан түскен шұғыланың бәрін сағынып жүрген кезімде.

II

Сағыныш жайлы қайтадан толғау болар да, бәлкім, қолайсыз,
Дегенмен, жаным, көгілдір дүние сағынбағансын арайсыз.
Өмірде мынау сағынбағандар – бақытсыз, бақсыз, талайсыз,
Қазақтың жыры Абайсыз!
Өткелі қыруар жолдарда жанға батқан да шығар сан ызғар,
Бір қасық суды аңсатқан шығар сан тарам – сарша тамыздар,
Бірақ та, жаным, өледі қыран қияға самғап баратып,
Болғасын бейбақ өз жүрегінің сағынышына қарыздар.
О, шіркін, менің сағынышымдай көлемі шексіз болса аудан,
Ондағы жандар көз ашпас еді-ау, қуану менен шаршаудан.
Сүйем мен сені, сүйем мен сені көкірегі ыстық дүние,
Тұратын түгел сағыну менен аңсаудан!
Сағыныш деген – молшылық қазына, бола да берер артық-кем,
Ал, нағыз асқақ сағыныштарда араның балы бар, тіптен.
Мен мынау ыстық жүрегіммен қара тасты да сағынам,
Қаланып қалса тәртіппен!
Сағыныш деген алдыңда тұрған ақ ала басты көк заңғар,
Бақытың сенің – бағытын солай бара жатсаалып пәк жандар.
Заманым менің жанарымда алып сағыныш болып жарқылдап,
Ағады тынбай күңіреніп-сыңсып аэропорттар мен вокзалдар.
Сағыныш шалғай сапарларыма жасаған шақта иелік,
Кеудеме менің сан рет кеткен табан астынан күй еніп.
Қойнымда менің қалғиды бүгін ақ жұпар әлем қыз-өмір,
Сол сағыныштың кірпіктеріне сүйеніп...
Мен бүгін сонау көгілдір көлге сағынып ұшып барамын,
Бірге қақ қанат қасымнан қалмай, сағынып көрген, қарағым,
Жалғасын сен айт бұл асқақ әннің, жабылып кетсем егер мен
Ғұлама жылдар судырлатқанда парағын.
Қараңғы түнде қамығып жүрсең, қанатына алып қаусыар,
Бұл өзі, жаным, әйбат-ақ дүние, күні жоқ тіпті таусылар.
Сағыныштар да төбеңнен өтер түйдек те түйдек көш болып,
Көктемдегі барлық тырнаның онда даусы бар!
Зулайды ол бүгін – тұсымда менің жаңғырып барлық ендікпен,
Сұрша құмдарға, құм шағылдарға таңдайы кеуіп, сел күткен,

Егер сен жарық жанарыңды алсаң қайғы мен мұңға қаптатып,
Сағынып жүрмегендіктен!
Сағыныш деп ұқ жүйткісе поезд босағасына әнді іліп,
Сағыныш деп ұқ далалар жатса, қалалар жатса жаңғырып.
О, сәлем саған, шартарап қырға жұлдыз боп ағып баратқан,
Өз жүрегімнің түкпіріндегі тұңғиық, түпсіз мәңгілік!

III

Ей, адамдар !
Айналайын туғандар,
Жалғыз минут тыңдаңдар!
Мен сендерге көп болды сыр шертпедім,
Қазір түгел көкірегім өрт менің!
Шартарапқа жүргеніммен жүз аттап,
Бұрын мұндай кермеп едім ұзақтап.
Бір сағыныш мәңгі-бақи дос еткен,
Қазір мені жұлып алды төсектен.
Жатыр екем оянсам,
Көкірегімде астаң-кестең басталып,
Жастығыма жас тамып!
Шырт ұйқымнан жұлмалап,
Сағындырып оятты үш нәрестем.
Иә, кәдімгі ұшан-теңіз арманның
Ұшындағы үш-ақ түйір тал өскен.
Басқа дүние шығып кеткен бәрі естен.
Ұзақ жолдан шаршап келгем,
Жыр жазатын халде емен,
Жындандым ба әлде мен?!
Мұндай түстер бұрын маған енбеген,
Онсыз да мен сағыныштан кенде емен.
Мұндай халді шерткен бір кез өртені,
Жұмағали жырына да сенбегем.
Саясында болдым мен сан шынардың,
Мен жүз қызға ғашық болған шығармын.
Адаммын ғой, шын сағыныш тән маған,
Бірақ, менің тамды бүгін көз жасым,
Сол қыздардың біріне де тамбаған.
Қазір менің ессіз шөлім басталды,
Еш қайнардан қанбаған...
Ей, адамдар!
Айналайын жыр кені,
Менің осы қайнарымнан қанып іш!
Әкем өлген кезінде де бұл мені
Өртемеген сағыныш!
Мен сағынбас адамдармен дос емен,

Сан ағынға келдім толған кесемен.
Жүрмін қазір көрінгеннің баласын
Ұстап сүйіп көшеден.
Мен осынау азын-аулақ жасымда,
Сан заңғарлар төсінен,
Сан дария кешіп ем.
Құштарлығым бермегесін тіпті бой,
Бәрі бұдан терең болмай шықты ғой.
Ешқашан да менің мынау кеудемде
Ешбір теңіз мұншалықты тасқан жоқ.
Мен бармаған аспан жоқ,
Бәрі мұның биігінен асқан жоқ.
Мен осынау азын-аулақ жасымда,
Жүрегімнің лапылдаған отымен,
Сан жолдардан өтіп ем.
Сан орманның ұшар басын идіріп,
Сан тұлпардың құйрығын шарт түйдіріп,
Сан жарыққа өз шұғыласын сүйдіріп.
Бірақ менің мына мөлдір өз дертім,
Бара жатыр тиген жерін күйдіріп...

IV

Сағыныш!

Көбірек жүріп кеттім-ау, деймін көшеңнен,
Жиірек тартып кеттім-ау, деймін кесеңнен.
Артық та болар ма екен-ау, осынау зымыран жылдар ішінде,
Күн сайын сені жүз рет көрдім десем мен!
Көріңдің маған түнекте – жарық, өкпе түс болып түстіктен,
Сөйлейді сенің тіліңде барлық құс біткен
Махаббатымсың сен менің
Сан рет лаулап күйдіріп ала жаздаған
Жүрегімдегі ыстықпен.
Жолықтың ару армандар болып алысқа тартқан жолда кең,
Босатып қайта қоя да бергем, қондырып алып қолға әрең.
Орамал сыйлап Оралда қалдың, қара бұрымды қыз болып,
Сағынып кеткем сонда мен.
Кірпігімді ілмей қарадым саған, найзағай болып көк тілсең.
Жұлдызды күндер, басымнан талай өттің сен!
Көзтаңбақ ойнап көгілдір Ертіс кешінде
Омырауымның түймесін үзіп кеттің сен...
Болдың сен маған күндерде қиын дос сенген
Сен барда, жаным, еш сөнбен.
Жердегі барлық арбалар,
Вагондар, платформалар
Тарта алармысың жабылып

Осынау байтақ Сағынышыммен көшсем мен?!
Осылай да бір өссем мен!
Қарар еді онда әлем де маған көз қанбай,
Сағыныштардың керуеніндегі саз қандай!
Көшер еді онда дүние түгел, Жер түгел,
Ормандар, таулар жұпар иісімен қозғалмай...
Соңғы бір жылдар есімнен кетпей, түсіме сен ең көп енген,
Ағып та жүрсің ракеталар керуені болып төбемнен.
Жолдарың сенің осал да маған соққан жоқ,
Сағынып өттім дегенмен!

ТЕМІРХАН МЕДЕТБЕК «ТӘУЕЛСІЗБІН»

Тақырыбы: Тәуелсіздік

- ★ **Идеясы, түйіні:** Тәуелсіздікті мақтан етіп, бейбітшілікті аңсау.
- ★ **Тармақ, бунақ, буын саны:** әр шумақта 4-5(102), 2 бунақ, әртүрлі буын
- ★ **Ұйқас түрі:** аралас ұйқас
- ★ **Әдеби теориялық ұғымдар:**

Тәуелсізбін!

Тәуелсізбін мен бүгін. АЛЛИТЕРАЦИЯ

Келді, міне, азаттығым, теңдігім.
Бостандықта бойлығым мен ендігім,
Шешіл енді, шемен болған **шерлі үнім! ЭПИТЕТ**

Қарсы қарап қатал мынау заманға,
Айналдық біз **қайтпас, қайсар қамалға. ЭПИТЕТ**

Алды бүгін тәуелсіздік тау-тасым,

Орман,

Көлім,

Далам менен балам да!

Жаным менің,

Қаным менің тәуелсіз!

Арым менің,

Жарым менің тәуелсіз!

Заңым менің,

Бағым менің тәуелсіз!

Әнім менің,

Дәнім менің тәуелсіз! ДАМЫТУ- ГРАДАЦИЯ; ЭАИФОРА, МЕТАФОРА

Тәуелсізбін! –

Танып тұрмын өзімді.

Ұшырамын қанат байлап сөзімді.

Ешкім енді көкірегімнен итеріп,

Ешкім енді шұқымайды көзімді. ГИПЕРБОЛА

Тәуелсіз ғой ойым менен ұғым да,

Бақыт құсым қонды келіп тұғырға. СИМВОЛ-ТӘУЕЛСІЗДІК

Тәуелсіздік алды бүгін, қараңдар,

Тойым түгіл,

Қайғым менен мұңым да.

Заман өтті –

Қансыратып қанаған.

Заман өтті –

Қалтыратып тонаған.

Тәуелсіздік келді міне ақыры,

Зорға жеттім,

Зорға жеттім мен оған! ҚАЙТАЛАУ, АНАФОРА

Құтылмаған кінәраттан, күнәдан,

Бар шындықты іштей үнсіз құраған, –

Ағыл-тегіл көздің жасын көл етіп,

Күні кеше былай деп мен жылағам:

«Жаным кетті қарайып,

Қопарылды тірегім.

Айтыңдаршы, халайық,

Қалай өмір сүремін?!

Қалай жүрем темірден

Соғып шыдам төзімді...

Көріп едім бәрін мен

Ойып алды көзімді.

Қалай жүрмін құламай!

Қазды менің түбімді.

Сөз айтып ем шыдамай!

Қырқып алды тілімді. ГИПЕРБОЛА(ГРОТЕСК)

Қай жерде мен тайқып ем?!

Сынап тағы бағымды –

Ойымды мен айтып ем,

Отқа салды жанымды.

Төктім үнсіз жасымды,

Кеуіп қалды таңдайым.

Көтеріп ем басымды

Қақ айырылды маңдайым».

Күні кеше дәл осылай жылағам!

Жылағанмын –

Көздің жасын бұлағам.

Уһілеген менің жастық демімнен,

Теңіз толқып,

Тау күңіреніп құлаған.

Соны ойласам –
Умен зәрді ішем мен.
Соны ойласам –
Қайғы-мұңға түсем мен.
Тудық біздер көрінбейтін бұғаумен,
Жүрдік біздер көрінбейтін кісенмен. ПЕРИФРАЗ
Өз жерімде ала алмастан рұқсат,
Өзімізге жүрдік біздер құрық сап...
Үндетпестен тас тықты да көмейге,
Қойды сонсоң аузымызға құлып сап...
Таптап, қырқып,
Жоқ етті де нуымды.
Жазарымды отқа салды, қуырды.
Жуынды етті кәусар менен суымды,
Шұлғау етті қасиетті туымды.
Мұның бәрін, мұның бәрін ұғынам...
Жүрек жара –
Зар заманның мұңынан.
Сол кезде мен «азаттық» деп, «теңдік» деп,
Бөрі болып айға қарап ұлығам.
Тәуелсізбін!
Тәуелсізбін мен бүгін.
Келді кіріп азаттығым, теңдігім.
Бостандықта бойлығым мен ендігім,
Шешіл енді, шемен болған шерлі үнім!
Кеуделерді тарылтпастан кек қысып,
Кетеді одан өр далама өрт түсіп...
Құсқа айналып кеудемдегі жүрегім,
Сүйіншілеп келер күнге кетті ұшып.

ҰЛЫҚБЕК ЕСДӘУЛЕТ «БІЗ ТҮРКІЛЕРМІЗ»

Тақырыбы: Түркі халықтары

- ★ **Идеясы, түйіні:** Түркі халықтарының бірігу идеясы
- ★ **Тармақ, бунақ, буын саны:** 29 тармақ, 2 бунақ, 5-11 буын
- ★ **Ұйқас түрі:** верлибр, ерікті ұйқас
- ★ **Әдеби теориялық ұғымдар:**

Біз - түркілерміз...

Біз - түркілерміз! ҚАЙТАЛАУ, АЛЛИТЕРАЦИЯ

Көк аспандай жарқылдап, күркірерміз,

Көк аспанның бұлттындай сілкінерміз, ТЕҢЕУ

Көк бөріден туғанымыз рас болса, СИМВОЛ

Көк тәңірден қуат ап, бір түлерміз.

Кеудемізді билеген асқақ арман,

Тарихымыз дастан боп таста қалған,

Тірсегіміз тілінген кездерде де

Жан жүректі жерім жоқ жасқа малған.

Жұтып қойған ғасырлар өктем үнін, МЕТОНИМИЯ

Айға қарап ұлыған көк бөрімін. МЕТАФОРА

Атқа мінсем кетемін аруақтанып,

Арасында желік бар ет-терінің.

Атқа мінсем кетемін айбаттанып,

Қылыш көрсем кетемін қайраттанып. ГИПЕРБОЛА

Ғасырлардың бетіне қалқып шыққан,

Біздің халық - бұ да бір қаймақ халық! ПЕРИФРАЗ, ЭПИТЕТ

Намысымдай ешкімге таптатпаған,

Түркістанның күмбезі асқақтаған.

Бабаларым жатыр ғой бата беріп, КЕЙІПТЕУ

Аруақтар аманатын ақтап бағам.

Көк тәңірден көңілге нұр тілерміз,

Көк аспандай әлі де күркіерміз.

Көк бөрілі көк байрақ көкке шықса,

Қай дұшпанның алдында іркілерміз?

Біз - түркілерміз!

Біз - түркілерміз!!

Біз - түркілерміз!!! ҚАЙТАЛАУ

НЕСІПБЕК АЙТҰЛЫ «БӘЙТЕРЕК»

★ **Тақырыбы:** Тәуелсіздік

★ **Идеясы, түйіні:** Елдігіміздің қадірін білуге, мәңгілік ел болуға шақыру

★ **Тармақ, бунақ, буын саны:** 2 бунақ, 11 буын, 4 тармақ(1 шумақта)

★ **Ұйқас түрі:** қараөлең ұйқасы

★ **Әдеби теориялық ұғымдар:**

«Қызыл тіл ұара тасты балқытады» - гипербола, эпитет

«Қылқобыздай», «алмастай, пайғамбардай», «көзіндей бабалардың», «ошақтың үш бұтындай», «сиырдың бүйрегіндей», «тулақтай ескен», «дауылпасдай» - **теңеу**

«Бәйтерек» - **символ**

Өмір - майдан, «Бәйтерек - ел басының өр тұлғасы», «Ол - әке, халқы - бала»,

«Нұрсұлтан - арқа тірегі, ер айбыны», «Қазақстан - мұхиттың аласұрған көк айдыны» - **метафора**

Ақ қағаз, алтын қалам; жүйрік қалам; қу қарағай; кең дала; асыл мақсат, асқақ арман; Талғар шың; Алтын тәж; Алауыз алтыбақан - **эпитет**

Тәуелсіздік падишасы; Алаштың арысы мен кемеңгері; Қыранды құс патшасы;

Алатаудың мұзбалағы - **перифраз**

Риторикалық сұрақ көптеп кездеседі.

Қол; Ойлары шалқасуда патшалардың; Дешті-Қыпшақ дәуірі; Бостандық көші;

Жұрт ошағы; Дұшпанның сұқты көзі сұқтанады - **синекдоха**

Құлақ түру, жаһан, жерге сінді; Аспандағы мұнара; шаңырағы жас қаланың;
шаһар - **перифраз**

Алланың ашып-жұмған алақаны; сыйғызар көл-көсірді уысына; Күні ертең

Есілдің жағасында Париж кеп орнай қалса, таң қалмаңыз! - **гипербола**.

Қасықтай қара су - **литота, теңеу**.

I

Түбіне тіршіліктің тағдыр ие,

Тәңірдің ғұзырында бар дүние.

Қызыл тіл қара тасты балқытады,

Келгенде қылқобыздай зар күйіне.

Сүрінбес, су төгілмес тілім жорға,

Атасы ақпа жырдың, пірім, қолда!

Шақырып аруағыңды, атыңды атап,

Өзіңе сыйынбаған күнім бар ма?!

Өлеңнің ақтангері арғы бабам,

Басынан ешкім асып қарғымаған.

Түсімде Тәуелсіздік Падишасы

Ақ қағаз, алтын қалам берді маған!

Сенемін асыл сөздің тозбасына,

Жетеді өз бақытым өз басыма.

Күбірлеп құлағыма жеті түнде,

Қоймады осы жырды жазбасыма!..

Қолыңда жүйрік қалам жарқылдаса,

Сөзіңді арманың не ел тыңдаса!

Кеудемде көз бар шығар қайнап жатқан,

Тамшысы таңдайымның сарқылмаса!..

II

Жаныма жақындасаң мұңдасыңмын,

Келмейді енді ешкімнен сыр жасырғым.

Не пайда дүниенің кеңдігінен,

Болмаса бостандығы бір басыңның?

Шүкірлік жарылқаған Аллаға мың,

Маңдайы жарқырады кең даланың.

Тәуелсіз атқан таң мен шыққан күннің

Керемет құдіретіне таңғаламын.

Айығып ой тұманнан, сана бұлттан,
Жазылды ескі жара жан ауыртқан.
Азаттық аясында қандай бақыт
Тәуелсіз тыныс алып, ауа жұтқан.

Халқымның сан ғасырлық ғұмыры да
Уақыттың жүк болмапты жұмырына.
Армысың, Азаттығым, қыран қанат,
Қалықтап қайта қонған тұғырына.

Қаймықпай тас қамалдан, мұз бөгеттен,
Жарқ етіп түскендейсің бізге көктен.
Жолыңда жорық салып бабаларым,
Арыстар аласұрып іздеп өткен.

Аруақтар аунап түсті тебіренген,
Сақтасын жатқа қайта телігеннен.
Алмастай жарқылдаған ақ жүзіңді,
Адамда арман болмас көріп өлген!

Тағдырын тәлкек қылып айлалыға,
Талайлар тура жолдан таймады ма?
Шынжырда шыр айналып тұрса-дағы,
Ит қана семіреді тойғанына.

III

Жеткізбес құдай сүйсе баққа кімді,
Қарыны ақ түйенің ақтарылды.
Ат шаптыр, аруақ шақыр, тойла, қазақ,
Тәуелсіз Президентің атқа мінді.

Ошақтың үш бұтындай үшкіл қазақ,
Ел болып еңсе көтер, күш қыл, қазақ.
Сиырдың бүйрегіндей бытырасаң,
Қашанда көрер күнің мүшкіл, қазақ!

Тажалдың тамағы боп игілігің,
Заманның көрдің салған қиғылығын.
Еркінде қалай бұрсаң аттың басын,
Өзіңе өз тізгінің тиді бүгін!

Жүндеген жуанды да, жуасты да,
Бодандық батты мәңгі су астына.
Ұлт болсаң ұятың бар, иманың бар,

Ал енді жиналыңдар Ту астына!

Томирис, Еділ патша, Елтеріс хан,
Ансаумен еркін өмір арпалысқан.
Жете алмай жерұйыққа Асанқайғы,
Желдіртіп желмаясын жер тауысқан.

Жерұйық іздемесең таптыра ма,
Бұйырар бір түп жусан тоқтыға да.
Қызырды кіріп келген танымасаң,
Басыңа байырқалап бақ тұра ма?

Бұтағы бойламаса күнге қарай,
Халық – бір қаусап біткен қу қарағай.
Қандағы қасиеттен айырылсаң,
Қалмайды қуған қырсық құлғанадай.

Тірісің – туған ана тілің барда,
Өлісің – түп тамырың жұлынғанда.
Қуатты күннің нұры құтқармай ма,
Жас өркен үскірікке ұрынғанда.

IV

Қисыны келелі істің дер шағында,
Күш-қуат келіде емес, келсабында.
Сөйлейді Назарбаев Нұрсұлтан боп,
Көк тулы Қазақстан жер шарында.

Шарпысып жаңа дәуір ескіменен,
Көз көрді хикметті естімеген.
Елбасы шарқ ұрады шартарапқа,
Қырандай балапаны кеш түлеген.

VII

Саңқ етті Алатаудың мұзбалағы,
Жаңғырып жартас біткен, құз қарады.
Шарықтап шырқау көкте жүрді-дағы,
Бетке алып тартып кетті түз даланы.

Тұр міне, Үшқоңырда – өзі шыңда,
Ақиық барады ағып көз ұшында.
Қыранды құс патшасы деп атайтын,
Айналды бұрынғының сөзі шынға.

Ақиық Алатаудың иесі ме,

Көк аспан соған ғана тиесі ме?
Сияқты Абылайдың ақ бурасы,
Көрінген әлде өзінің киесі ме?

Аспанда атқан оқтай құс ағады,
Еске сап қасиетті нысананы.
Қанатын сол қыранмен бірге қағып,
Қиялы қияндарға ұшады ары.

Кеткендей елес беріп әлгі қыран,
Қайыспас қайсар ердің тағдырынан.
Шыққан күн көкке өрмелеп бара жатты,
Әлемнің алтын зерлі сандығынан.

Суырмай бұлттар бүгін алдаспанын,
Шыңдар да құра қапты малдастарын.
Қаз-қатар қолын жайып, бата беріп,
Тілеуін тілегендей марғасқаның.

Көз тікті көк тіреген Талғар шыңға,
Асқар жоқ одан асқан алды-артында.
Биікке бір шықпаған бейшаралар
Тәккаппар таудың сырын аңғарсын ба?..
Жарлыққа қолын қойды нық сеніммен,
Астана ауыссын деп Ақмолаға!

Сарыарқа – сайын дала, жер кіндігі,
Баянды Байтағымен елдің күні.
Қазағым, көш көлікті болсын енді,
Көтерген жолда қалмас Нардың жүгі!..

VIII

Аршында, шығар, қазақ, үніңді асқақ,
Кім сені тоқтатады бүгін жасқап?!
Астана Ақмолаға келе жатыр,
Айбынды Нұрсұлтандай ұлың бастап!

Тағдырдың талқандалып тас қамалы,
Талайдың төңкерілді тостағаны.
Құлағы қияпаттың көрінгені –
Қарбалас ауыстырса астананы.

Көсемге көштің түсер салмағы бар,
Көк толқын кеме жүзсе қақ жарылар.
Көреген, қол бастаған дара батыр,

Көкжалдай мұз төсеніп, қар жамылар.

Отырсақ өзге жұрттан аса қарап,
Қонғаны бақ пен дәулет қоса-қабат.
Ерлігі Елбасының жарқырап тұр,
Бұлт қалай күннің көзін тасаламақ?!

Көрейін көштің көркін көлденеңдеп,
Төгейін сүйіншіге сөзден өрнек.
Бір күннің біте қалар жұмысы емес,
Мың күнгі меңатпен келген еңбек.

Саңлақтың салған жолы жатыр дара,
Ақ таяқ ұстатқандай соқырға да.
Бұл көштің абыройы халыққа ортақ,
Шығармас бір адамның атын ғана.

Жаңарып Қаратаудың ескі өлеңі,
Бауырынан Алатаудың көш келеді.
Сыртынан қарап тұрған дос сүйініп,
Дұшпанның сұқты көзі сескенеді.

Көрмедім ұлы көшті басқа мұндай,
Бүгінгі батырлықтың дастанындай.
Келеді тәуекелдің тауын асып,
Асқардан бабалардың асқанындай!

Сарыарқа – сан ғасырдан қалған мұра,
Риза бақытына жанған мына.
Күтіп тұр салтанатты көштің алдын,
Қолында Ақмоланың ақ домбыра.

Арда едің, асау едің, Арқа, неткен,
Төсінде небір бағлан дархан өткен.
Ақмола осы еді ғой Кенесары
Бөрінің бекінісін талқан еткен!

Айналдым аруағыңнан, ер Кенекем,
Тәңірі тілегінді берген екен.
Тентіреп жердің түбін жеті айналып,
Қазақтың құты қайтып келген екен!

Жетерлік көріп келген көрешегі,
Болса екен мәңгі жарқын келешегі.
Ту ұстап, тұлпарына қайта қонған

Халқының айдарынан жел еседі.

Қалың ел қазағына бесік болған,
Бұл жұртта ошақ қанша өшіп қалған.
Есілім осы еді ғой ер Қабанбай
Ен жайлап, жағасында көшіп-қонған.

Дұшпанның аян бізді шақырмасы,
Қасықтай қара суын татырмасы.
Не іздеп жүрсің деме бұл арадан,
Бабамның арыстандай жатыр басы!..

IX

Ақмола – кеше ғана басқа қала,
Айналды Бәйтеректі Астанаға!
Еміреніп өз анасы емізбесе,
Сәбиге шайнап берген ас бола ма?

Бақытым басымда тұр талай күткен,
Сеземін келмегенін оңайлықпен.
Үзіле жаздап еді өндірішегім,
Өзекке тепкілеген өгейліктен.

Көңілге сәуле құяр Сарай нұры,
Астана – ел тірегі, ел айбыны!..

Жаһанның жанарында жаңа қала,
Жұлдыздай туа қалған өліарада.
Бес жылда бой көтерген ғимараттар
Жайнап тұр шомылғандай самалаға!

Жырламас ғажайыпты кім мұндағы,
Жеткенше сөздің дәмі, тілдің нәрі.
Алғысын жаудырады Елбасыға
Бақытты бұл шаһардың тұрғындары.

Қарашы, шаңырағы жас қаланың
Аспанның бұлтын серпіп тастағанын!
Бүгіннен басталатын шежіресі,
Авторы – Назарбаев Астананың!..

X

Бәйтерек – Астананың төріндегі –
Өресі биіктіктің өмірдегі.
Аялы алақаны Елбасының

Секілді өшпейтұғын сенім мөрі.

Самсаған қара орманым – байтақ елім,
Сынға сап сан жақсыны байқап едің.
Еңсесін елдігіңнің биіктеткен,
Ортаңда бойлап өскен Бәйтерегің!

Өтінде арпалысқан өмір-майдан,
Жайқалсын болашағың тамыр жайған.
Бәйтерек – Елбасының өр тұлғасы,
Әкеліп өз қолымен Тәңір қойған!

Туындай қанат керген желді күнгі,
Танытты кең әлемге теңдігіңді.
Тұрғанда Бәйтерегің көкке шырқап,
Ұстай біл асқақтатып Елдігіңді!..

ЕРЛАН ЖҮНІС «МЕНІҢ АТЫМ-ТӘУЕЛСІЗДІК»

- ★ **Тақырыбы:** Тәуелсіздік
- ★ **Идеясы, түйіні:** Тәуелсіздікке жету жолындағы қиындықтарды көрсете отырып, тәуелсіздіктің мәні мен маңызын түсіндіру
- ★ **Тармақ, бунақ, буын саны:** 64 тармақ, 2 бунақ, буын саны әртүрлі
- ★ **Ұйқас түрі:** шалыс ұйқас
- ★ **Әдеби теориялық ұғымдар:**
Эпифора, ассонанс, кейіптеу, теңеу, гипербола, гротеск, метафора, жай қайталау, эпитет, инверсия, метонимия, анафора, синекдоха

Алып қорғанның құлауы, алып таулардың шайқалғаны, алып құрлықтардың теңселуі, алып мұхиттардың толқуы - **кейіптеу, гипербола.**

Ат төбеліндей халық, сұлаған жаудай - **теңеу**

Алып қорған, жас өмір, нзік сезім, темір шымылдық, ұлы қорған - **эпитет**
Бастарын сүйеп ғасырға, алып ойлардың қорқуы, империяның көз-жасы, бір тамшы суға байлану, темір шымылдық түрлерін көрдім, ұлы қорғандардың күйреуі - **гипербола(гротеск)**

Тәуелсіздік - мен, ол - менің асқақ аңызым - **метафора**

Жұмыстан жаңа әнұран айтып оралған - **инверсия**

Алып жүрек, алып сағат, сахнаға шықты жас өмір - **метонимия**

Империяның көз жасы, Алып сана мен ой, көзінің жасы сөйлеген түн - **синекдоха**

Қайталау түрлері кездеседі, «алып» деп бастала береді - **анафора**, «көрдім» деп аяқтала береді - **эпифора**

Ассонанс дауысты дыбыстан бірыңғай басталатын жолдар көп кездеседі.

...Алып қорғанның құлағанын көрдім,
Небары алты жасымда,
Алып тұлғалар жылағанын көрдім,
Бастарын сүйеп ғасырға.
Алып таулардың шайқалғанын көрдім,
Алты жасымда соны ұқтым:
Алып сөздерді айта алғанын көрдім,
Ат төбеліндей халықтың.
Алып кітаптар торыққанын көрдім,
Сол сәтте-ақ одан безінгем,
Алып ойлардың қорыққанын көрдім,
Ең бір нәзік сезімнен.
Алып сағаттар тоқтағанын көрдім,
Өлшенді уақыт жаңадан,
Алып жүректер ақталарын көрдім,
Алты-ақ жасар баладан.
Алып құрлықтар теңселгенін көрдім,
Темір бұғаулар тозғасын,
Алып заңдардың кемсеңдеуін көрдім –
Империяның көз жасын!
Алып мұхиттар толқығанын көрдім,
Бір тамшы суға байланып,
Алып тәждердің балқығанын көрдім,
Елтаңбаларға айналып.
Алып мүсіндер қирағанын көрдім,
Сұлаған жаудай жебедең,
Алып саналар жиналарын көрдім,
Тұрғызу үшін жаңа әлем!
Құрыштардың да шірігенін көрдім,
Сен боса, болат, тас егіл!
Темір шымылдық түрілерін көрдім,
Сахнаға шықты жас өмір!
Алты жасымда!
Жылаған жоқпын,
сұраған жоқпын аманнан,
Сол күні жаңа әнұран айтып оралған,
Сол түні неге ұйықтамай маған бір аңыз айтып шыққанын
Ұл жайлы Күннен жаралған.
Түсінбесем де тыңдаймын,
Онсыз да оны жесірлік салған жасытқан еді мұң-қайғы...
Көзінің жасы сөйлеген түнді ұқпасам да,
Аңыз ұнаған
Жаралған Күннен Ұл жайлы!
Деген де шығар «бодандық жайлы білмесін»:
Сен түсін, дәуір, сонау бір қанды жыл кешір!

Тарихтан дәріс оқитын менің анашым орта мектепте
Ұлына бірақ айтпапты кісен, құлдық пен түрме бүргесін.
Ерлікті айтқан, үйретпеді ол ездікті,
Ұстатқан қалам, ұстатпады ол кездікті,
«Құлыным, сенің тарихың басқа» деген тек,
Ол, бәлкім, менен Сөз күтті!
Ал бүгін, енді,
Тарихты өзім білемін,
Жолдарды сезем жонарқамменен мыңжылдар өткен ұлы елім.
Ұлылық жайлы ойлайды басқа,
Жап-жас шақ
Ұлы қорғандардың күйреуін көрген жүрегім –
Алты-ақ жасында ақырын көрген алыптың!
...Тәуелсіздік ше?
Ол – менің тегім,
ұлдарыма оны дарыттым.
Тәуелсіздік – мен,
ол – менің асқақ аңызым,
Болмысы ол ұлдың өзіңнен туған, Жарық Күн!

УРАА БІТТІМ!!!

ТӘУЕЛСІЗДІК ДЕГЕН СӨЗ ЖАҚСЫ ҒОЙ, ӘРИНЕ, БІРАААҚ УЖЕЕ ЖҮЙ-
КЕМДІ ҚҰРТТЫ)))

ҚАЖЫҒАЛИ МҰХАМЕТҚАЛИЕВ «ТАР КЕЗЕҢ»

- ★ **Тақырыбы:** Сырым Датұлы көтерілісі
- ★ **Идеясы:** Ресейдің отарлау саясатындағы озбырлықтардың етек алуына халықтың қарсыласу қуатын таныту.
- ★ **Жанры:** Роман

★ **Композициялық талдау:**

Басталуы: Игельстромның кіші жүздегі хан билігін жою саясаты

Байланысуы: Сырымның қоныстарды көшіруі

Дамуы: Халықты шайқасқа дайындау

Шиеленісуі: Сырым батыр мен патшалықтың санасуы

Шарықтау шегі: Сырым қолы қойылған қағаз

Шешімі: Нұралыны тақтан түсіру

★ **Кейіпкерлері:**

Игельстром Осип Андреевич- Орынбор өлкесінің генерал-губернатор, Санкт-Петербургтен Уфаға 2 ай мекендегі жол кешеді, Уфаға барар жолда Мәскеу мен Қазан шаһарларынан өтеді

Граф Безбородко- он жылға жуық патшайымның хатшысы

Григорий Александрович Потемкин-граф, таяуда ғана генерал-фельмаршал атағы беріліп, енді осы жерге қызметке келіп отыр.

Аким Иванович Апухтин – генерал-поручик, әкім, орталығы Орынбор Уфа мен Симбирск әкімшілігінің әкімі

Императрица – Екатерина II

Байбақты Сырым – батыр, би, Пугаш батырдың көтерілісіне 30 жасының көлемінде қатысады

Сатыпалдыұлы Барақ –Сам құмынан шыққан Шөмішті Табынның бас батыры, сол күні Шөмішті Табынның Барақ бастаған әскері де келеді

Көтібар батыр – Шектіден Тілеу-Қабактың жас бағландарын ертіп әкелген

Атаман Акутин, Даниил Донсковке – Нұралы хан Текеге өз аяғымен барып, жетпіс жылқы, 350 сом ақша беріп, Сырымды босатады.

Жандыбай сақау- Сырым бидің туған інісі, дәл қазір барып орыстарға ойран салуға ниеті болған, оны Сырым би тоқтатады

Малайсары би-Тана руынан, қадірменді, шынашақтай ақшұнақ шал

Нұрмұханбет – қожа, Нұралының күйеу баласы

Батырша – башқұрт жігіт, қырға орыс-казактармен бірге шабуылдамақ болады, дегенмен Шәпи оны райынан қайтарады

Есаул Ферапонтов- форпост бастығы, казак, Қаршидың есаулы

Апақ сұлтан - Айшуақ сұлтанның баласы

Айшуақ- жасы алпысты алқымдаған, Нұралы ханның туған інісі, Жетірудың ұлысбасысы, сұлтан Айшуақ Әбілқайырұлымын деген кейіпкер, Апақ деген ұлы Назаровтың отрядының қолынан қаза болады. Еңсегей бойлы, жасы алпысты алқымдап қалса да, әлі тіп-тік, кісіге шаншыла қарайтын қазақ.

Назаров - орыс-казак отрядын басқарушы, қатал, озбыр.

Александр Александрович Пеутлинг-Уфадағы правитель қызметіндегі генерал-майор

Нұралы хан – 37 жыл билеген, алғашқы 8 сегіз ата дәстүрін сақтаған, кейіннен өзгеріп кеткен, «Хан кеңесін» таратып жіберген. Нұралы туралы айтатын Беріш Алдар би

Орманбет - Ұлы Ноғайдың ең соңғы ұлы биі. 18 жыл бойы Тасобада атысып өлген.

Дәуқара батыр мен Бармақ батыр - бір-бірімен айқасып, ерлікпен қаза тапқан батырлар. Дәуқара - ерегесте опат болған Сырымның өз атасы, әлтеке байбақты, Бармақ - табын руынан.

Пугаш батыр - Емельян Пугачев, Сырым бірге соғысқан көтерілісті бастаушы

Шағынгерей - Қырық таңбалы қайран Қырымның ең соңғы ханы.

Суорып деген батыр жандарал (Суворов) - осы Орыс-Түрік соғысында көзге түскен генерал, Пугачев көтерілісіне атысқандарды қан сасытып қырған қолбасы. Сол кезде жас шамасы қырықтың үстіне шығып кеткен, әйтсе де, сақал-мұртын үнемі тап-таза қылып қырып жүретіндіктен, шанап беті көзаязданып, қатпар-қатпар боп тұратын, қапсағай бойлы, қайыстай қатып қалған арықша кісі. Бірақ сол нәзіктеу, әлжуаз түріне қарамастан, діні де қатты, ділі де берік. Қимылы да шалт, ширақ. Көкшіл сұр көзі тіпті суық, тым сұсты.

Табын Барақ - Еділ қалмақтарымен ұрыстардағы ерліктері туралы талай әңгімелері бар батыр. Ірілік танытып, елдің алды болып көмек қолын созуға келген азамат.

Көтібар батыр - Ұлықұм мпн Кішіқұмды қыстаған шекті елінен келген құдасы, еш хабарсыз көмек беруге келеді.

Рақ - Сырымның өзінің қасынан көп шығармайтын, тек осындай аса жауапты істерге ғана жұмсайтын атқосшысы әрі аталас інісі.

Достан мырза - араларында жомарттығын жұрт тамсана айтып тауыса алмайтын, салиқалығымен атағы дүйім елге ерте жайылған жан.

Едігеұлы Қайдауыл - түбіт мұрты тікірейген, жастығына қарамай өңі сұп-суық, еңсегей бойлы, қиғаш жауырын жігіт. Қайраулы қара қылыш атанған, шекті ішінде тата қырғыз.

Дәули Қаражігіт Бектау баласы - сүйегі - Әлімұлы, дөңгелек қара сақалды, сұлу қияқ мұртты, аса көркем тігілген құндыз бөркі қызыл шырайлы жүзіне құп жарасқан сақа жігіт. Осыдан он шақты жыл бұрын, жиырманың үстіне енді шыққан кезінде, Орынбор генерал-губернаторы Рейнсдорптың фәрменімен әлімдуанының серқатибі болып тағайындалып, келер жылы мұсылмандардың Қазандағы үлкен жиынында мұфтиятқа мүшелікке сайланған санаулы қырық жеті адамның бірі, қазақтан шыққан тұңғыш мұфтият мүшесі.

★ **Маңызды деректер:**

«Атамұра» баспасы

- «У ішсең - руыңмен» дегенді ұмытпау керектігін Сырым би айтады.
- **Сырым би келелі кеңестерде алшиып отырып, ағылып сөйлейді. Кенет мүлдем басқа адамға - бетінің түгі сыртына теуіп, жүзіне тіке қарауға жан шыдамас сұты да қаһарлы кісіге айналып кетеді.**
- **Бұл - осы сәттен бастап, тынымсыз жортуыл күн кешуге біржола бел буған кісі сыңайы еді.**
- **Бұрын да талай жорықтарға қатысқан, сан мәрте қалмақпен қидаласып, сан рет башқұртпен барымталасып, оғы қардай бораған от қарулы орыспен де жан алысып, жан берген, қақырғанда қан түкірген, бірақ ешқашан рухы жасып, жігері мұқалмаған мүлде басқа адам, бұл би Сырым емес, Батыр Сырым. Сырымды дәл қазір адам танымастай, түсі суық, сесінің өзі-ақ жұртты оған бойсұндырып тастаған, осы сәтте не айтса да, ел, қалың ағайын оның сөзін екі етпеуге қайыл.**
- **Кісіні қатты қылатын - артындағы қалың елдің қамы, жамағаттың жағдайы. Сырым би Байұлының бір жуан бұтағы Байбақтының тізгінін қолға алған.**
- **Сырым шириғып, осы жолы ата жолмен аянбай айқасып барып өлуге біржола бел буған. «Қырық жыл қырғын келсе де, ажалды өледі».**
- **«Бөрі арығын білдірмес»**
- **Үш жыл бойы патша әскерімен табандапсоғысқан: Пугаш батыр.**
- **«Кейінгі туған жас бала, Кәуірден қорлық көрер» деп амандық тілейді, яки**

«Алтын басым аяққа басылар» деп қор еткісі келмеген.

- «Арыстандай екі бұтын алшайтып, арғымақ мінді» деседі, «Кілең бұздай кіл-шейтіп, көбе киді» десетін батыр бабалардан кім қалды?
- Өзіне тиген дұшпаны қарт бурада тіздеген - Қарғабойлы Қазтуған: **«Өттең, бір қапы дүние-ай!»** - деп өткен.
- Нарын құмы - Нарынбай байдың қонысы; Сарыкөл, Самар сулары - Самарбай байдың қонысы; Балығы тайдай тулаған, бақасы қойдай шулаған мынау Жайық суы - Жайықбай байдың қонысы; Жанарыстан, Үш қомыс - Алшағыр ханның қонысы; Боқсақтың бойы, Боз Қомыс - Жаңбыршының ұлы Телағыс бай қонысы; Еділ суы - Еділбай бай қонысы; Алтыатаның ар жағы, Талекпенің бер жағы, мына Сақмар деген су - Едіге би қонысы; Бесешкі, оның Еділ беті, Бұлғыртаудың шеті, Бадашы деген кең тоғай - ер Сидақтың қонысы; Адырмақты Алатау - ер Орақтың қонысы... **Бұ күнде қазақ барлық қоныстан айырылған. Бәрін «көкала шекпен, жез түйме, аузы түкті орыс» алған. «Кәуір тоқ болса, мұсылман тыныш»**
- Тарихи есімдер: Қазтуған, Орқа, Мамай, Асан би, Ноғай, Қырық таңбалы Қырым, оң таңбалы Ұрым, Есет Көтібарұлы, Пугаш батыр, Сырым Датұлы, Игельстром, Нұралы және т. б.
- **«Орта бойын сырлаған, оқ жаңбырдай жауған жер, Мұсылманның басынан, дәреже қайтып ауған жер» делінетін Өлеңтінің аяғы, Шідертінің Қоспасы, Аңқатының басы - Тасобада он сегіз жыл атысып өлген Орманбет бидің жолын қалаған: Сырым батыр.**
- Дәуқара батырдың өндірішіден найза тиіп өлгелі жатқанда айтқаны: «Бармак күшке келгенде, менен қарулы емес, бірақ әдісқой, әйтсе де, найзамен бүйірін ұрдым, ұзамас. Екеуімізді де осы жерге қойғайсыңдар, бір-бірімізді көріп жатайық». Бармақтың да сөзі сол болады, Екі батыр бәйіті сол төбеде.
- Бала Сырым осы ырзашылық өлім құпиясын ұрпақ боп, талай бас қатырған. **«Ел-жұртыңның намысы үшін соларға ұқсап жығылсаң, ол да бір абырой»** екенін кейін түсінген екен.
- **Сырым батыр құпиясын ашқан жер:** Қарақамыстан аттанғандарына аптадан аса уақыт өткенде, Жем, Сағыздың жоғарғы жағын бетке алып, үдере көшіп келе жатқан бес сұлтанықтың құрама көшінен, тап Мұғалжар тауларына кіреберісте...
- **Қару-жарақ: орыс мылтығы, бұхара мылтығы, Хиуадан алдыртқан шамқал, бағзыдан келе жатқан қозыкөш, күлдірмамайлар.**
- **Ендігі соғыс - баяғы еңіреген ерлер соғысы емес, амал мен айланың соғысы, қару соғысы.**
- **Қазақ-орыс жаппай көтерілген кез: 1773-1775 жылдардағы Пугачев көтерілісі**
- Қалмақ көшпелі қаңырап жатқан **Еділ-Жайыққа** елді жағалай қондырып, өзі артынан ерген алааманымен Пугаш батырға қосылып кеткен.
- Сырым батыр орыстармен соғыспақшы, сол үшін қол жинауда.
- **«Қырымның қондыкері»** - бір кезде қаһарынан дұшпанының тізесі дірілдеп тұра алмайтын, қазір соңғы ханы Шағынгерей атадан қалған алтын

тақтан айырылып, кәуірдің қолына қарап отыр.

- **Қалмақ көшкелі - 1771 жылы қалмақтардың Үбәші тайцзы бастаған ұлы сүргіні.**
- **«Кіріптарлық қамытын мойнына ілді...» - 1783 жылы Қырым хандығының құлауы.**
- **Бөлек деген жұрт - поляк**
- **Күшік - Қайнарлы деген жерде бітім сұрайды.**
- **Қозылы деген ұрыста түріктердің талқандаған Суорыпты, қатын патша енді Жайық бойына жіберді.**
- **Суорып Пугаш батыр әскерін шегіндіреді. Суорып Хажы Тархандағы әскерде сардар болған, жерді жатқа біледі.**
- **Сырым ол кезде Пугаш батыр қосынында, Сейдалы сұлтанмен бірге. Суорып Сырымды «разбойник» деп санайды, басын алыңдар деп бұйырады.**
- **«Еркек тоқты құрбандық» - біз болармыз, - деп ойлайды Сырым.**
- **500 мергенді іріктеп алып, солардан бес бөлек арнаулы топ жасақтап саябыр тапты.**
- **Орынбор мен Текеден шыққалы жатқан казак-орыс қолына қарсы.**
- **Жемнің жоғарғы жағындағы қостанып жатқан жерлері - Жағабұлақ пен Шұбаршиден наурызда Жайыққа.**
- **Сырымға қайтқан уағында қосылуға әзірміз деп хабар еткендер: табын Тіленші би, таманың ағайынды Қадыр, Садыр батырлары.**
- **Бір аптада қасынан табыламыз, күтсің дегендер: Ойыл бойындағы кете Көккөз, ысық Қаратау билер мен Есентемір Сасықбай батыр.**
- **Таңертең сонау шалғайдағы Сам құмынан шөмішті табынның бас батыры Сатыбалдыұлы Барақ келді. Қасында қаражон табын Маман батыр, атақты досы би, Құдайсүгір мырза; жалпақтілден Құламан мен Таламан; сазаннан шыққан Көней, Таубасыр батыр, т.б. «Әйтеуір қарасы мол, тас түйін шоғыр» десті айтушылар.**
- **Дүрдана ауылын Дат балалары «Дәкем ауылы» деп атайды.**
- **Рақ - тілеу қабаққа белігілі азамат, Сары Шоңай бидің Сарыалтын деген қызын алған күйеу бала. Бұл біріншіден, ал екіншіден, Раққа оны айттырып, алып берген, сөйтіп ағасы Бұлан бидің (Рақтың әкесі) үш аманатын адал орындаған Сырымның өзі еді.**
- **Бұлан бидің үш аманаты: Сүйегімді «Ұшқан Ата» қорымына апарыңдар, елдің қамын төмендетпе, Рақ кенжемді саған тапсырам...**
- **Сары Шоңай, Сегізбай билермен құда болысты.**
- **Өзінің Сырға деген қызы Ноғай - қазақ Қазақай ахунның Ахметжан деген баласымен көңіл жарастырып, екінші рет құдаласты.**
- **Қолды бастап келген Қарабас Қабақ Бәсенұлы Көтібармен оның жақын туысы - айтулы батыр Арыстан Тінәліұлы болғанда, әлі отызға да толмаған бұл сүлейлердің соңынан ергендер - сол елдің солқылдаған мырзалары мен таудан-тастан жүрегі қайта қоймаған кілең жас жігіттер.**
- **Сырым Қаражігітті алғаш рет сол Қазан сапарынан қайтып келе жатқанында, Орынборда, Нұралы ханның Тойғара деген қызын алып отырған, сон-**

дағы Дуддут маһкамасында қызмет істейтін Нұрмұхамед қожаның үйінде көрген.

- **Күллі Кіші жүз қол берген пірдің - Әбужәлел қожаның баласы Нұрмұхамед, алыс сапардан абыройлы келе жатқан бұл азаматтың - Қаражігіттің құрметіне қонақасы даярлатқан екен. «Баталы құл арымас»**
- **Қаражігіттің алғашқы ұстазы - әуелі Дағыстанда, сосын Ыстамбұлда оқып білім алған, ақырында бір себептермен дәм айдап осы елге келген ноғай-қазақ Қазақай ахун екен.**
- **Сырғаның туған қайынбикесін - Қазақай ахунның қызы Ұрқияны осы Қаражігіт алып отыр.**
- **Қаражігіттің құдалыққа келгендей сәнденіп келу себебі: соғысқа қатыспаса да қолдауға келді.**
- **«Уәде - құдай аты».**
- **Сол күні кешкісін Барақ бастаған шөмішті табынның қалың қолы да келді.**
- **Жер қайысқан ауыр қол Жем бойына көтеріліп, терістікке тартты.**

«Жазушы» баспасы

- **Игельстром келген жер:** Григорий Алексанрович Патемкиннің қабылханасы(таяуда генерал-фельдмаршал атағы берілген).
- **Граф Безбородконың қабылдауына барады.**
- **Игельстромды шақыру себебі:** Орынбор, Уфа, Симбирск әкімшіліктеріне генерал-губернатор етіп тағайындамақ.
- **Танысу керек материалдар: Уфа, Симбирск, Орынбор.**
- **Барон Игельстром күнде таңертең 7-де сыртқы істер коллегиясының архив бөлімі алдында тұрады. күнде кешкісін 4-те ат жеккен жеңіл күймесімен қаланың шет жағында тұратын қарындасының үйіне қарай кетеді.**
- **Ел тізгінің уыста ұстаудың екі әдісі: телі-тентектерді тез арада жөнге салу және бүйрегі бұратындарды ара-тұра болса да арқадан қағып, қолпаштап-қолдап отыру.**
- **Баронның дәлел ретінде оқыған документтері:**
 - ☐ 1749 жылы 6 ноябрь жарлығы: «Қырғыз-қайсақ тарапынан әлдебір тентектік шықса, дереу ханға хат жазып, олардың тез арада қайтарылуын талап ету»
 - ☐ 1760 жылы 18 июль жарлығы: «Қырғыз-қайсақ тентектік жасаса, жазалану-сыз қалмауы үшін малын айдап, адамдарын байлап әкету»
 - ☐ 1779 жылы 4 октябрь бұйрығы: «Барымтаға шығып жүрген қырғыз-қайсаққа тиісті соққы беру, қуғын ұйымдастыру аз, барлығын ұстап алып қамап қою»
 - ☐ 1783 жылы 3 июльде шыққан жарлық: «...қырғыз-қайсақтарға репрессалия жасалсын; адамдары байланып, малдары алынсын; ол үшін тұрақты әскер күші де, казактар да, башқұрттар да - бар-бәрі пайдаланылсын»
- **Императрица бұларды Петр ағзамның аруағына бағышталған әйгілі қызылкүрең залда қабылдамақ. барон мұны жақсылыққа жорыды.**
- **Игельстром сарайдан Безбородкомен бірге шыққан.**
- **Игельстромның басты шаруасы - шегара тыныштығы, бұратана жұрттың**

бейілін бағу. Әсіресе, қырғыз-қайсақпен қарым қатынасқа, Орынбор бетке қатты көңіл бөлу.

- **Жайыққа жеткен ұзынқұлақ хабар: «Орынбордағы үлкен ұлық орнынан түсіп, Петерборға біржола кетіпті. енді жаңа жандарал келгенше, казак-орыстар қазақты тағы бір шауып қалу керек деп қапылып жатқан көрінеді».**
- **Шағанақ деген атаман кімнің ауылын кімнің ауылын шапқан: төменгі Топайлының бойында жатқан Нұралының ауылын**
- **Чаганов немесе Шағанақ** Нұралының ауылын шапқаннан кейін ерлер намыстанып, байбақты Сырым батыр Чагановты сауда-саттықпен келіп жүрген Хиуаның бір сартына құлдыққа сатып жібереді. Казак-орыстар Сырымның ізіне түсіп, оны қолға түсіреді.
- **Сырым батыр Хиуаға құлдыққа сатып жіберген адам: Атаман Чаганов**
- **Сол үшін Сырымды Текенің(қазіргі Орал) тас түрмесіне 4 ай қаматады. Байбақты ызғарынан қаймығып, Нұралы хан елге жақсы көрінуі үшін Сырымды түрмеден босатып алады. Хан Текеге атаман Акутин мен орынбасары, әскери ағаман Даниил Донсковке - жетпіс жылқы, үш жүз елу сом ақша беріп босатады. Көкек туа елге оралған Сырым 2-3 апта ешкіммен тілдеспей, үйінде жатады.**
- **Сырым батырдың ең алдымен істегені - жөн-жосықсыз тізе батырып, әркімдерге зәбірі әбден өтіп кеткен хан баласы Есім сұлтанды ел ішінен айдап тастаған. Көктем шыққанда, Жайықтың казак-орыстарына қарсы қайтадан атқа мінді.**
- **Сырымның Орынбордағы астыртын хабарласып отырған адамдары - Мінәнайдың ақ базарындағы делдал Шүкіралы бай мен мешіт мәзіні Шәпи молда.**
- **Сырым би елді Қырмызы мен Қособадан, Мақарша мен Қарағұстан, Қосағаш, Көкайыл, Бөлекқұмақтан, Жетікөл мен Тұздықөлден де көшіріп, Қалдығайты сыртындағы Қарақамысқа қазан-қараша айында әкеліп қондырған.**
- **Шаруа баққан кісінің көзі қимайтын жер: Тұздықөл мен Жетікөл**
- **Сұлтансықтан Алаша мен Масқарды, Жанбай батырға тәбия Қызылқұрттарды, Жосалы мен Қоңырда Талдыбұлақ пен Тасқұдықта отырған Таналарды ала келген.**
- **Оларды Көшекбасар, Шықымбайға, Жібек пен Сұлукөлге орналастырған.**
- **Суық хабар: «Орынбор мен Текенің казак-орысы қазаққа шаппақ!»**
- **Сырым би Көшекбасар мен Шықымбайдағы Таналарға , сонда отырған Сұлтансықтың қадірменді қарты Малайсарыға ат шаптырады.**
- **Іле Жібекте отырған Масқардың Дөнен батырына, Қызылқұр Дөнен батырға шұғыл шапқыншы жібереді.**
- **Жандыбай сақау - осы жұрттың төбелесін тайлы-биеге сатып алып жүретін, бидің туған інісі, «тентектерді» бастаушы.**
- **Ет пісірім шамасында көп ел әрең сыйып отырған Қарақамыстың қалың қопасы әп-сәтте иесіз қанырады да қалды. Қалың жұрт енді Жем,**

Сағыздың жоғарғы жағына қарай шұғыл аттанған. Сырым бидің дәл қазір көңілі де, көзі де - мына қаңырап қалған Қарақамыста. Ойына **Мұрат Мөңкеұлының жырлаған жыры** еске түседі.

- **Игі жақсылардың кеңесінен кейін Қараман тана Малайсары 3 тоқтам:**
1) Қарақамыстағы елді аттандырып жіберу 2) Соғысқа аттануға баратын азаматтар жұртының аман екендігіне көз жеткізу керек 3) Өткен жылы шекара бойында соғысқан батырлардың орыстың қолына түспеу керектігі, түскен жағдайда жағдай қиындайтындығы туралы айтылады
- **1785 жылы ақпанда** Орынбор мен Оралдағы казак әскерлеріне Санкт-Петербургтен, тікелей әскери Коллегия Президенті генерал-фельдмаршал Потемкиннен шұғыл бұйрық келді. Бұл бұйрықтың басты мақсаты қазақтарға репрессалия жасау.
- **«Біреуге мал қайғы, біреуге жан қайғы»**
- **Шүкіралы бай таңертең көршісі Орынбор экспедициясының надворный советнигі Чучаловтың үйіне Метрей Пивоваров казак келгенін көреді, одан естігені: «Майор Смирнов бастаған отряд ертең қырға шығады».**
- Метрейдің ішкі ойларынды «олжа» ғана болды
- **Бұл хабарды Жаубасар Табын шал мен дуддот маһкамасында істейтін Нұрмұханбет қожаға(Нұралы ханның күйеу баласы) жеткізеді.**
- Шәпи молда Мінәнайдағы мешітке барса, көбі башқұрттар екен, татарлар да бар.
- Шәпиден бата, құран оқып беруін сұраған башқұрт жігіті - **Батырша.**
- **Бас имам - сұлтанайдағы Хұсайынов дейтін саудагер татардың Бұхара мен Кабулда ұзақ жыл оқып келген Мұхамбетжан деген ғұлама баласы.**
- **Шәпи молданың үйіне рақат күйде, жаны қанағат тауып қайтуының себебі:** 1) Батырша секілді бір мұсылман баласын жаман жолдан қақпайған болса; 2) жұма намазы үстінде бас имамға берген сауалдары арқылы обал, сауап дейтін ұғымдар жөнінде қанша мұсылманға ой түсірді...
- **1785 жылы 17 ақпанда шыққан Смирнов бастаған қалың қол боранға ұрынып, жарты ай шамасында шаһарға түксіз, әрез жеткен.**
- **Текенің казак-орыстары да дәл осы күнде шығуға тиіс еді, Басқарған Колпаков пен Понамарев.**
- **Теке мен Үйшік арасын шарлап, наурыздың басында Сарайшыққа жетіп, Қаракөл, Қарабаудағы Беріш пен Адайдың екі ауылын шауып кеткен.**
- **Сырым бастаған әскерді талқандауға 1250 казакт отряд барған; Сырымға ерген - 2700; Бараққа ерген - 2000; Тіленшіге ерген - 1500 адам бар.**
- **Ферапонтовқа талап етілді:** біріншіден, форпосттан он адамды отрядқа қосу; екінші, қырғыз-қайсаққа тиісу үшін «айғақ» керек, осындағы жылқылар қазақтарға айдалсын; үшіншіден, әскер алаңсыз тынығу үшін форпост күзетін күшейту керек.

- **Назаровтың отряды.** Тағы да қазақтарға қарсы бағытталған.
- Назаров есаулға тапсырма береді. Жақын жердегі жылқылар кімдікі деген сұраққа Айшуақ сұлтандікі деген жауап алған Назаров ойланып тұрып, бұл жылқылардың Әжібек табындар мен Жиенбет табындарға тиесілі екендігін айтып, есаулға шабуыл жасауға бұйрық береді.
- **Қаршидің есаулы - Ферапонтов.**
- **Айшуақ сұлтанның ұлы Апақ** Салындылыда Назаровтың отрядына қарсы шығып қаза табады, ал **Назаровтың ендігі көздегені Сақарлы (Сахарный) бекінісі.**
- **Екі жылға жуық кәуір қолында еріксіз жәсірлік күй кешкен - Айшуақ сұлтан.**

«Мектеп» баспасы

- **«Жалмауызға да жан керек»** деген рас екен, казак-орыс та дүркірей қашты. Жаз бойы пішен шабылмай, егін салынбады.
- **Орынбордағы үлкен ұлықтар мен Текедегі Уәйіске кеңсе атамандарына арыз еткен қазақ сөзі аяқсыз қалды.**
- Егер башқұрт пен қалмақ орыстардың боданы болса, қазақ боданы емес пе? Неге қазақтарға әділетсіздік жасалады. Бұл сұраққа Уәйіс пен Теке кеңселерінде «біз көрмедік» деген ғана жауап келеді. Мал, барымта мәселесіне байланысты.
- **«Естімесе - керен, көрмесе - соқыр»;**
- **«Мал ашуы - жан ашуы»** - Ашулы қазақтар қалмақ пен башқұрттың малдарын барымталамақшы болады, дегенмен шекара бойындағы казак-орыстар қазаққа келгенде әділетсіздік жасайды.
- Орыспен ескіше соғысу мүмкін емес еді. Олармен соғысу үшін алдын ала ұйымдастырылған нақты әрекет керек еді.
- **Барымта неге тоқтамайды:** біріншіден, бұл шеп бойындағы бастықтардың табыс көзі; екіншіден, бұратаналардың тату өмір сүргенінен қарағанда, кикілжіңмен өмір сүруі – Империя мүддесі үшін...
- **Уәйіске кеңсесі - Жайық қазақтарының әскери кеңсесі.**
- **Қаратон(Харитонов), көп ұзамай Күлініп(Кульнев) деген атаман, «Жығылғанға - жұдырық» болып Шағанақ(атаман Чаганов) деген де талай ауылды ойрандатқан.**
- Казак-орыстар тапқан себеп: **қазақтар шауып, мал айдап әкеткен, жәсір(тұтқын) алған.**
- **Күгір** - аумағыалты-жеті үйден тұратын шаруалар мекені, қыстақ.
- Қарақамыста Сырымның ойлағаны: **«Құсы ауған көл жетім, елі ауған жер жетім»**
- Уфа мен Сіңбір(Симбирск) әкімшілік аймағына жаңадан тағайындалған наместник - **барон Игельстром.**
- Орынбор өлкесін 16 жыл бұрын билеген **Иван Иванович Неплюев**
- **Уфа правитель Пеутлингпен кездеседі.**
- **Башқұрт пен қалмақ қырғыз-қайсақпен қырқыса береді.**

- **Урал казактарының басты міндеті - екі жақтағыларды да бір-біріне барымта жасауға, қақтығысқа жібермеу.**
- **«Қырғыз-қайсақ Қызыл бекіністе 10 адамның екеуін өлтірген, майор Рештейнер отрядын, атаман Овчинниковты, қасындағы 21 казак пен 40 башқұртты қоса тұтқындаған. Тана бекінісінде казак-орыс мен қазақтар арасында қақтығыс болып, жеңіс қазақтарға бұйырған екен. 70 жаралы адамды, 28 өлі денені алып қайтудан басқа амалымыз болмады, Тана бекінісі бос тұр», - деп хат жіберген Зенбулатов.**
- **Бес мыңға тарта ауыр қолдың алдында Байбақты Сырым, Табын Барақ пен Тіленші, Шекті Көтібар. Оларға ілесе Тамалардың ел ағалары - ағайынды Қадыр мен Садыр, бес Сұлтансиықтың белгілі батырлары - Масқар Дөнен, Алаша Өтеулі; Қызылқұрт Жанбай мен Жабан; Тана Сұлтанәлі; Табын Құламан, Таламан, Жарас, Көней, Сырым ағасы Атантай батыр, бөрідей інілері: Жандыбай, Барлыбай, Қалдыбай.**
- **«Айқас» бөліміндегі Сұлтансиыққа ортақ : қызыл күрең ту**
- **Майдан алаңында жалғыз қалып, қолға түскен: Рештейнер.**
- **Рештейнердің тұтқындалып, мәңгіріп отырғанда ойына келгені: «Е-е, күрке-тауық көп ойланамын деп, көжеге қатық боп кетіпті»**
Тұтқындаған - Табындар, «Стакан!» деп естілген ұрандары - «То-стаған!». Ал өзін байлап алған түбіт иек бозбала - табынның атақты батыры Сатыбалдыұлы Барақтың Асау атты әлі жиырмаға толмаған жас өскіні.
- **Уфа және Сіңбір әкімшілігінде талқыланатын негізгі мәселе: Таналық секілді мықты қамалдың оқыстан шабуылы турасындағы шатақ әңгіме.**
- **Таналық қамалының шабуылы да қырғыз-қайсақтың басынғанынан болған барымта емес, шектен шыққан озбырлық нәтижесі.**
- **«Ұлы жиын» болатын жер - Боз төбенің басы.**
- **Қақ төрге Шеркеш Тұрманбет би, Беріш Алдар би, Адай Атағазы батыр. Оң жағында: Төртқара Қаракөбек, Өтебас, Шекті Құдаш, Бәйіш, Сегізбай, Кете Көккөз билер бастаған Әлім ата балалары.**
Сол жағында: Табын Тіленші би мен Барақ батыр, Тама Қадыр мен Садыр, Жағалбайлы Сағыр, Тотай батыр, Кердері Қоныс би бастаған Жетірудың игі жақсылары.
Өз төңірегінде: Ысқақ Қаратау би, Беріш Қара Батыр, Масқар Дөнен.
- **Шешілген мәселе: ханды биліктен түсіру, «Ханталапай!» Алдар би «Хан кеңесі» жайлы сөйлейді. Жиенбет жыраудың «Еңсегей бойлы Ер Есім» жырын сөз арасында айтады.**
- **Нұралы хан 37 жылдай билеп келеді. Петербор мен Орынборға дейінгі үлкен ұлықтар не айтса, соны істеумен келеді. Ол «Бұл елді өзім ғана билеймін!» деп күллі игі жақсыларды кеудеден итерген.**
- **Үш жақсы: Әлімұлы Шекті Сегізбай би; Байұлы Шеркеш Тұрманбет би;**

Жетірулы Табын Тіленші би.

- Төбе би болсын деп сөз бастаған: **Тұрманбет би.**
- Халық кеңесінің төбе биі болып сайланған: **Сырым батыр.**
- Хандық кеңес жылына бір рет болады.

★ **Ұлттық құндылық:** Азаттық, тәуелсіздік үшін күрес

★ **Түсінік+өз ойым:** Шығармада автор тәуелсіздік жолындағы Сырым Датұлы бастаған көтерілісті сөз ете отырып, тарихи оқиғалардан сыр шертеді.

★ **Ұқсас шығарма:** Ілияс Есенберлин «Қаһар»

МАРАТ ҚАБАНБАЙ «БАУЫР»

★ **Тақырыбы:** Бауырлар туралы

★ **Идеясы:** Жетім бала тағдырына жақсы көзбен қарау

★ **Жанры:** Әңгіме

★ **Композициялық талдау:**

Басталуы: Манаптың балалар үйіне келіп інісін іздеуі. Директормен болған әңгіме

Байланысуы: Эльжбета Сергеевнаның Манапты Қалимен кездестіруі

Дамуы: Манаптың Қалимен алғаш көрісуі

Шиеленісуі: Екі бауыр арасындағы үйлесімсіздік, тіл табыса алмуы

Шарықтау шегі: Қали мен Манап арасынағы қысқа әңгіме

Шешімі: Қалидың асығыс кетуі, Манаптың да қаяу күйде қалуы

★ **Кейіпкерлері:**

Манап - 24 жасар, университетте оқиды, болашақ философ. Төрекелдиев отбасынан шыққан Қалидың ағасы, әкесі - Сыбат.

Виктория Ивановна - балалар үйінің 15 жыл бойғы директоры, ақжарқын, жылы жүзді, жасамыс ақ сары әйел.

Эльжбета Сергеевна - аға тәрбиеші, отыздың жуан ортасындағы әдемі келіншек күлімсірейді. Қырым артық еті жоқ денесі ауада қалқып тұр. «Етек-жеңінде желбіршектері мол әрі ұзын етек жібек көйлек киіп, жел өтіне шыға қалса, Икар құсап дөңгеленіп айналып, аспанға ұшып кетер еді-ау» деп ойлады Манап.

Қали - тығыз қара шашы ұсақ-ұсақ бұйра, қол-аяғы таралып қалған, кең иықты болмаса да, ешкімнен қарызға жауырын сұрай қоймайтын кішірек көзді ақ сұр бала, дұрысы бозбала, Төрекелді тұяғының сынығы.

★ **Маңызды деректер:**

Төрекелді тұқымының маңдайына жазылған қасиет: төмен қарап, көзімен жер сүзу.

Директор оң қолының астындағы қызыл түймені басып, Лидочкамен сөйлеседі. «Адам жаны мөлдір әйнек секілді, шытынатып алсақ, қайта жамай алмаймыз» деген Виктория Ивановна.

Төрекелдиевтер тұқымы: жайшылықта қой аузынан шөп алмайтын жуас, мо-

мын, ал жиын-тойда шетінен түйе палуан атанған, додаға түссе, көкпардан көкпарды қақшып қоймайды. Туркелдиев Гали болып жазылған екен.

Әкелері Сымбат соғыста болып, аман қалғанымен, контузия алып, ауырып қалған екен. Аналары да қылтамақтан қаза болған.

Төркелдиевтердің соңғы ұрпақтары: Манап пен қарақұлақ Қали.

Қали спортпен айналысады, спортзалда жаттығуда жүреді.

Манап та жетімдікті көріп өскендіктен, кездескенде қаздырып тұрып қалады.

Қалиды зааман шекесіне қараған жылы, 4 жасында балалар үйіне амалсыздан өткізген. Қалидың қазір жасы 15-те, балалар үйінде 11 жылдай болған.

Өскемендегі балалар үйіне күзде кәмпит әкелеміз деп алдап апарады.

Қали Манапқа тілі келмей «Мака» деп атаған. Ауыл, тау аты - Қалғұты.

Манап құрылыс отрядында жұмыс істеп, қырық алтыншы костюмді әкеледі, кішкентай болып шығады, Қалидің өлшемі қырық ссегіз.

Қалидың әкесіне аумаған әдеті: күлімсірегенде үстіңгі ернінің сол жақ құйрығы дір етіп шапши қалды.

Манаптың «інім» деген сөзді айтуға батылы бармайды.

Манап бұрнағы жылы көкесінің басына «тас жинап», қорған көтереді.

Қали спортқа бейім, мереке қарсаңында жасөспірім боксшылардың қалалық біріншілігі өтеді екен, соған дайындалуда.

Быттыр финалда ұтылып қалған екен, жасөспірім тобы бойынша бірінші разряды бар. Табиғатты жақсы көреді, жануар, жәндіктерді.

«Біздегі тірі табиғат мүйісі менің қарауымда. Жылан, бақа, шаян, қоңыз, құс – бәрі табылады. Түгел өзіміз бағып-қағамыз. Үйірмеге отызға жуық оқушылар мүше. Кеше қала іргесіндегі орманға серуен құра шығып ек, сапарымыз сәтті болды. Аузының салымы бар екен, Коля Жеребцов Патрикеевнаның кішкене үйшігінің үстінен шықпасы бар ма...»

Патрикеевна дегені - түлкі. Қалидың бармағын тістеп алған.

Болашақта ұшқыш болғысы келеді.

Клубта кездесуге ұшқыш Сидоров Александр Павловичпен танысып, жақы араласып кеткен. «Аға» деген сөзді осы сәтте айтады.

Костюмді қатар жатқан Эльдар Ғизатулинге беремін, өзі тәштеп дейді.

Манаптың сағаты бес минутсыз бес болған екен.

Манап «Волга» таксиға отырып, вокзалға кетеді.

Манаптың Қали үшін қалдырып кеткен «Манаптың көзі»: дипломат.

★ **Ұлттық құндылық:** Бауырмалдық, жетім балаға жақсы қарау

★ **Түсінік+өз ойым:** Бұл шығарма бауырмалдық пен жақсылыққа тәрбиелейді, қысқа болса да астары мол.

★ **Ұқсас шығарма:** Дулат Исабеков «Әпке» драмасы

ТЫНЫМБАЙ НҰРМАҒАМБЕТОВ «АНАСЫН САҒЫНҒАН БАЛА»

★ **Тақырыбы:** Бала сағынышы

★ **Идеясы:** Сәби көңілін, сезімін көрсету

★ **Жанры:** Әңгіме

★ **Композициялық талдау:**

Басталуы: Есмағамбеттің ауылға келуі

Байланысуы: Өндеткен бала дауысы

Дамуы: Балаға берген уәде

Шиеленісуі: Сержан мен Есмағамбеттің жақындасуы

Шарықтау шегі: Бала үміті

Шешімі: Есмағамбеттің өкініші

★ **Кейіпкерлері:**

Есмағамбет - Алматыдан ауылға сағынып келген Балмағамбеттің інісі, Сержанға бауыр басып, өзімен алп кетем деп уәде берген жан.

Сержан - мөлдіреген қара көзді, қуаныштан екі беті ерте піскен алмадай алабұртып тұрған, үстіне су жаңа ақ футболка, шорттик киген төрт жастар шамасындағы бала, сүйкімді әрі ақылды, тілі тәтті. Жаңадан өсіп келе жатқан шаштары жұп-жұмсақ, шампунь иісті.

Күміскүл - Балмағамбеттің оқуға түсе алмай, Алматыда базар маңында жұмыс істейтін, тұрмыс құрып қайта ажырасып кеткен қызы, Сержанның анасы.

Балмағамбет - Сержанның атасы.

Мейіркүл - Балмағамбеттің әйелі, Сержанның әжесі.

★ **Маңызды деректер:**

Есмағамбеттің бұл сапары ауылына төрт жылдан кейінгі оралуы.

Өртүрлі жеміс ағаштары мен көкөністер өсіп тұрған аулада серуендеп жүргенде, жүзімнің көлеңкесінен ән салып, құммен ойнап отырған баланы көреді.

Баланың әні - ана туралы. «Мама, сенсің ғой ең дана...»

Есмағамбеттің балаға берген уәдесі: Алматыға бірге барамыз.

Бала Алматыға мамасы әкеп берген топли мен шалбарымды, қып-қызыл гүлдері бар көйлегім мен ақ сызықтары бар костюмді киемін дейді.

Есмағамбет ертең ауылға барып қайтаын, арғы күні Алматыға пойызға отырамыз дейді.

Есмағамбеттің сасқан себебі: бала сезіміне қатты әсер етіп, уәдесінде тұра алма-са үлкен күнә болар еді.

Бірақ «Алып кетем, несі бар... мамасына табыстаймын. Тіпті біздің үйде де жүре береді. Онда қандай қиындық бар?» деп өзін-өзі жұбатып барып, көңілі тынғандай болды.

Сержанның мамасы «анау жазда» келген екен. Сержанға көктем де жаз, жаз да жаз болса керек.

Есмағамбеттің әңгімені бұрып жіберіп қойған сұрақтары: «Алтыаяқ, Аязбай, Кертұмсық атаңды білесің бе?»

Екеуі балмұздақ алуға барған ең жақсы дүкен - «Шағала». Себебі балмұздақтың әр түрі бар, жұрт ұйықтағанша ітей береді және үйге жақын. Балмұздақ бағасы - үш жүз жиырма теңге.

Сержан қалған балмұздақты досы әрі бір үйден кейінгі көршісі Сағынайға беремін дейді.

Сержан: «Ең жақсы көретінім - Есмағамбет атам, сосын екі балмұздақ әперген Аязбай атам, ең соңынан Балмағамбет атам. Себебі, ол балмұздақ әпермек түгілі, ақша да бермей ұрысқан».

Сержанның соңында айтқаны: «Сен мені бұл жолы Алматыға алып кетпей-ақ қой...» Жүзі алабұртулы.

- ★ **Ұлттық құндылық:** Отбасылық, баланың анаға деген мхаббаты
- ★ **Түсінік+өз ойым:** Кішкентай бала мен анасының жағдайы арқылы қазіргі өзекті мәселелерді қозғаған.
- ★ **Ұқсас шығарма:** Төлен Әбдік «Қонақтар»

НҮРДӘУЛЕТ АҚЫШ «НАҒЫЗ ӘЖЕ ҚАЙДА?»

- ★ **Тақырыбы:** Нағыз әже
- ★ **Идеясы:** Отбасындағы әже рөлін көрсету
- ★ **Жанры:** Әңгіме

★ **Композициялық талдау:**

Басталуы: Әкесінің қыздарына айтқан ертегілері

Байланысуы: Балабақшада

Дамуы: Әже деген кім?

Шиеленісуі: Қонаққа барғанда болған жайт

Шарықтау шегі: Қонақтағы әже мен балалардың сөйлесуі

Шешімі: Әкесінің берген уәдесі

★ **Кейіпкерлері:**

Ая мен Райхан - әже жылуын көрмеген, қалада өскен кішкентай балалар. Үні нәзік, бірақ орнықты, Райханның алдында өзің үлкен адамдарша ұстауға тырысатын - **Ая**. Екі жас кіші, ойына келгенді төтесінен қойып қалп, қарап отыратын - **Райхан**.

Азат - балалардың әкесі, көп жиын-тойға бара бермейтін, әже тәрбиесін көріп өскен жан. Ғылыми еңбек жазу үстінде.

Ажар - Жолдастың оқуға түскен, конкурстан алдңғылардың бірі болып өткен қызы. Той осыған орай болып жатыр.

Балқыз - дөңгелек жүзіне момақандық ұялаған Азаттың әйелі, қыздардың анасы.

Жолдас - даукестеу жігіт. Сөзге де, іске де алғыр, өжет, епті жігіт. Азатпен ана бір жылдары республикалық ғылыми-зерттеу институтының филиалында қатар қызмет істегелі таныс. Бойында кез келген адамда табыла бермейтін ептеген ірілік те бар. Сонда да мансабын көлденең тартып, кергімей, біз сияқты қарапайым кісімен жылы қарым-қатынаста болуы оның адамшылығын, азаматтығын білдіретін еді. Гүжілге жуық жуан даусымен анекдот, қалжыңды оңды-солды сапырып отырған Жолдастың дәл қазір жағасы жайлау, төсі қыстау. Дарақылау еркін қылығында анау-мынауды елемейтін көңілді жанның кейпі бар.

Әже - Иығына көгілдір жемпір іліп, басына жаздық гүлді орамал салған егде

кісі. Бұрынғы әжелер сияқты емес, «современная бабаушка».

Әсия - Жолдастың әйелі, пысық, енесінің алдында өзін-өзі ұстауы өзгешелеу.

Алик - Жолдас пен Әсияның баласы.

★ Маңызды деректер:

Айналдырған екі бөлмені астан-кестен етіп мазаны ала бастаған кезде:

«Келіндер, ертегі айтып берейін», - деп жалынып-жалбарынып жүріп, үй ішінен безіп кеткен тыныштықты әрең қайырып алатын: Азат.

Құрғақ ақылды құлақтарына қыстырмай, ойнақ салатын қос тентек «ертегі» деген кезде еріксіз жуасып, айтқанға оңай көнеді.

Азаттың көбіне айтатын ертегілері: «Ер Төстік», «Құйыршық», «Түлкі мен та-зы» сияқты киіз туырлықты көшпелі елдің баласының құлағына сіңісті халық ертегілері. Перзентханада өмірге келіп, балабақшада өсіп-өніп жатқан бүгінгі заманның сәбиі үшін қызық та, тосын дүниелер.

Балабақшада айтатын ертегілер: «Айболит», «Қызыл телпек», «Кірқоймас»

«Бұл екеуі - тек әженің ғана емес, жалпы қарт адамның мейірім-шапағатын сезінбей, балабақшаның бағымында, папасы мен мамасының қасында өсіп келе жатқан балалар. Әкем соғыста, шешем бертінірек қайтыс болды. Жалғыз әжем де уақыттың басқа салғанынан аса алған жоқ. Әйелім Балқыздың алыста жатқан әке-шешесі ауру-сырқаулы адамдар. Ұғымына жат нәрсе болғандықтан, «әже» дегеннің кім екенін төрт жасар сәби шынында да қайдан білсін.»

Сол түні Азат түсінде өз әжесін көреді: «...Сол түні өз әжем түсіме кіріпті. Осыдан отыз жыл бұрынғы қалпы, басында аппақ кимешегі бар екен деймін. Ескі мақаммен ыңылдап ән айтып, ұршық иіріп отыр. Мен болсам әжемнің бүйіріне басымды тығып, еш алаңсыз ірімшік жеп жатыр екенмін.»

«Мақсатым - қыздарыма өз әжем сияқты нағыз қазақи кейіптегі кейуананы керсету еді. Ондағы ойым - әже деген жарықтықтың анау-мынау қарапайым адам емес, былайғы жұрттан өзгеше, ардақты да қасиетті жан екенін сәбилер шын көңілмен сезінсін, оларды не үшін құрметтеу керегін түсіне білсін деген ниет.»

Азаттың айтқан әңгімесіндегі балаларға түсініксіз тағы бір зат: ұршық.

Дүйім жұрттың уақытын алып отырған бүгінгі салтанатты бас қосудың негізгі себепкері үйде жоқ болып шықты. Әлгінде ғана достары келіп, бір жаққа алып кеткен көрінеді.

Қазақтың үлкен асы - ет. Азат айтқан тосын ұсыныс: әжеміз ас қайырсың.

Жолдастың әжесі бата беру, намаз оқу, ертегі айту дегенді білмейді, керісінше жастарға ілесіп алғандай қылықтар жасайды, әңгімеге де еркін араласады.

Райхан мен шешесі тым көңілді, қонақтан алған әсерлерін жарыса бөлісіп, сөзден дес берер емес. Қызыл шырайлы өңі қоюлана түсіп, қысықтау көздеріне жылт еткен жанды ұшқын жүгірген Балқыз сөзуарланып, ашылып кетіпті. Ішуге келгенде, рюмкаға жасқана қарайтын тартыншақ әдеті бар еді. Бұл жолы қоярда-қоймай тақымдап отырған үй иелерінің мәселін қайтара алмай, көңілшектік жасап қойған.

Біреуден ұрыс естіген адамдай болып, тымырайып үнсіз тұрған - Ая мен Азат.

Бір-екі рет өзара жасқана қарағандары болмаса, бір-бірімен жарытып сөйлескен де жоқ.

Ая мен Райханға Алик жыртып тастайсыңдар деп кітаптарын бермей қойыпты. Азаттың соңында берген уәдесі: Нағыз әжені көрсету.

- ★ **Ұлттық құндылық:** Отбасы, әже тәрбиесі
- ★ **Түсінік+өз ойым:** Әже бейнесін көркем, дана етіп жеткізу
- ★ **Ұқсас шығарма:** Бауыржан Момышұлы «Ұшқан ұя»

АСҚАР АЛТАЙ «ПРОПИСКА»

- ★ **Тақырыбы:** Туған жерге деген шексіз махаббат
- ★ **Идеясы:** Желтоқсан оқиғасын сипаттау
- ★ **Жанры:** Әңгіме

★ **Композициялық талдау:**

Басталуы: Архаттың жолға шығуы

Байланысуы: Боранның кенеттен басталуы

Дамуы: Жаяу кеткен үш жолаушы

Шиеленісуі: Архаттың ойлары

Шарықтау шегі: Ертістен өте алмаған автобус

Шешімі: Алтайға кері қайтқан Архат

★ **Кейіпкерлері:**

Архат - желтоқсан оқиғасына қатысты деп айыпталған, әскерге барып қайтқан, прописка ала алмай жүрген басты кейіпкер, қызба да адал мінезді. Прототипі - Асқар Алтай.

Подполковник - кеңес үкіметіне адал қызмет ететін, «шаш ал десе, бас алатын» милиционер бастығы, қзын бойлы адам.

Ауылсовет Қақатаев - Жетісу ауылының ауылсоветі, туылған баланы, жалпы кез келген адамды тіркейтін, пропискаға отырғызатын міндеті бар кейіпкер.

Шофер - өте сабырлы, жер жағдайын жақсы білетін адам. Автобус аударылған да бәрін алдын-ала болжағандай ұтқыр шешім қабылдап, жолаушылар өмірін сақтап қалуда өз септігін тигізді.

Егделеу тартқан ер адам - елден ақ құла өкініш білдірген, соған қарағанда бұл өңірден емес екені болмысынан білініп қалған.

Автобустағы келіншек - қолында екі-үш айлық сәбиі бар келісті жүзді жас келіншек. Қолындағы нәрестені уатып, емізуге ұялып отырады.

Үш жолаушы - боранда автобустың жүргенін күтпестен кетіп қалған үш жас жігіт. Сол күйі оралмапты.

Базиев - Архатқа Қаскелеңде қол ұшын берген балқар, капитан.

★ **Маңызды деректер:**

Күн ұзарған, түн қысқарған көкектің кәрі қыздай қылтың-сылтың басы. Өскеменнен түсте шыққан автобус Ұлан арқылы Самарға тікелей асып, Ертіс түсіп, Күршімнен бір-ақ шығуға бел байлаған. Көкек келсе де наурыз жылымығының қайырма қызыл шұнағы қала ішін дірдек қақтырып, Ұлан асуы-

на қарай созылған ұзақ жол беті сиыр жалағандай. Жып-жылмағай көк мұз.

Архат ең артқы орындықта отырады.

Ұлан асуына көтерілер тұстағы тау ішіне дендеп енген екен. Ақтұмсық Алтайдың танауына әлі сірге жүгірмепті. Маңай мұрты бұзылмаған сере-сере қар. Алты ай қыс ағыл-тегіл аспаннан саулаған ақ тасқын қымтаған қалпы.

Күршімге асығып та келеді. Туған жеріне **жеті жылдан астам уақыт өткенде** оралды-ау бұл. Өне келем, міне келем деп жүріп өмірдің ағымымен келе алмаған. Жол түскені - бүгін. Онда да төрт ай бойы сергелдеңге түсіріп, құрдастары **«Сергелдең Сері»** атаған **паспортқа отыру мәселесі** болмаса, келе қоймас еді.

Мұнда бірақ ұзақ болмас. Ары кетсе - үш ай. Екі қолға бір жұмыс: табылса - жеңіл-желпі қызмет, табылмаса - қара жұмыс. Көңілге демеу, Шірікайқта тұратын үлкен ағасы, соның үйінде тұрмақ. Ол да ауру: әйтеуір ептеп-септеп елмен бірге күн кешіп жүр. Жеңгесі орысша өскен, шайпау болатын. 1979 жылы жазда әкесі қайтыс болғаннан кейін бұл аға-іні, жалғыз анасымен Алматыға көшкеннен бері тұңғыш көргелі отыр. Қазір екі баланың анасы, бәлкім өзгерген де шығар.

Ең бастысы - паспортқа “пропискаға” отырып, бес жүз сом ақша тауып, Алматыға қайту.

Желтоқсанның ызғары армиядан **«запастағы офицер»** болып оралған.

Көрші-қолаң «желтоқсаншы» екен деп шығармағанда, ал Николай бригадир мұның туған ағасы Дәуреннен өшін бір алуға қолайлы сәт туды деп: «Інісі әскерден келе салып 17-ші желтоқсаннан 21-не дейін үйінде қонған жоқ. Ел декабристермен бірге Алматыда болыпты деп жүр... Анық-қанығын анықтаңыздар! Ағасы коммунистік партия мүшелігіне кандидат болса да «сенімсіз адам», інісінің іс-әрекетін жасырып отыр. Тексеріңіздер!» деп «донос» жазып, Мемлекеттік Қауіпсіздік комитеті мен Ішкі істер орнына жазбағанда құйрығына қалжуыр байланбаған болар еді. Өкініш жоқ бірақ, көтеріліске 18-і күні дәрігер жездесін әдейілеп ертіп барып тұрып қатысты.

Автобустың төңкерілуінің себебі: боран, қардан жол жоқ.

архаттың автобустағы ойы: прописка жөні.

Архат бірінші болып қырынан жатқан автобустың үстіне көтерілді.

Жас балалы келіншек пен үш-төрт қартаң әйелдерден басқалардың бәрі де шофердің айтуымен автобусты аяғынан тік тұрғызуға кірісті.

Автобустың ұзына бойы бел-уардан ойылды. Ондағы мақсат: бір қырынан жатқан автобусты түзеген кезде төрт дөңгелегі тең басуы үшін.

шофердің автобуст оталдыра алмауының себебі: корбаторға бірдеңе болған.

Ленинград маңындағы қар жамылған қалың орманда «ЗИЛ- машинасымен» «Р- радиостанциясы үшін екі жігіт үш күн бойы жалғыз қалғанын еске түсіріп отырған. Совет армиясында байланыс ротасының старшинасы болған Архат әскери дайындық кезінде **«ЗИЛ»** моторының кесірінен Ямов деген жауынгер жолдасымен орманда қалған еді. Сонда үш күн бойы ашық алаңқай ортасында ұйқы-күлкісіз күні-түні от жағып, моторды жөндеген. Ладогадан соққан дымқыл суық лепке дірдектеп шыдап баққан-ды. Бір-ақ күнде жөндейміз деген жорамал сенімдері ақталмай, үш күн жатып, радиостанция ішінде қатып қалған

қақпыш нанды талғажу еткен. Әскери өмірдің ащы-тұщысын Архат мұғалімдер даярлайтын институтты бітірген соң татты ғой.

«Сұрап алған аурудың емі жоқ»

Калинин ауданы милиция бастығының соңынан Архат еріксіз ере шыққан.

Самар мен Күршім – екі ауданға автобус барады.

Өзен өткелсіз болып шығып, жолаушылар мінген автобус Самарға кері қайтты.

★ **Ұлттық құндылық:** Ел, жер үшін тәуелсіздік жолындағы күрес

★ **Түсінік+өз ойым:** Желтоқсан зобалаңын қарапайым адамдар тарапынан өзгеше көрсетеді.

★ **Ұқсас шығарма:** Асқар Алтай «Сібір офицері»

ТАЛАСБЕК ӘСЕМҚҰЛОВ «БЕКТОРЫНЫҢ ҚАЗЫНАСЫ»

★ **Тақырыбы:** Перінің қызы Бекторы

★ **Идеясы:** Кез келген жағдайда адамдық болмысты жоғалтпау, жүректі таза ұстау, қайырымды болу, сабыр сақтау, сонда ғана уайымсыз-қайғысыз өмір сүресің.

★ **Жанры:** Әңгіме

★ **Композициялық талдау:**

Басталуы: Сағындықтың түсі. Қайырболдының жұмыс істеуі

Байланысуы: Бекторының жүзігі. Қайырболдының өмірінің өзгеруі

Дамуы: Бекторының ұсынысы. Кедейліктен құтылған Қайырболды

Шиеленісуі: Кредитпен айналысуы. Қайырболдының кішкентай баланы қағып кетуі, оған көмектесуі.

Шарықтау шегі: Бақытсыз Қайырболды

Шешімі: Кеейлікті де, байлықты да көрген Қайырболды мен Сағындық

★ **Кейіпкерлері:**

Қайырболды Намазбеков - әскерден кейін Алматының орталығындағы ресторанның біріне жұмысқа тұрды. Ет пен көкөніс турап, қамыр илейтін ас үйдің қызметшісі болып бастаған талапты жігіт бес жыл дегенде түнгі ресторанның даяшысы дәрежесіне көтерілген. Тамақ тоқ, көшеге киіп шығатын бірсыдырғы киім бар. Тапқан-таянғаны қаладан тәп-тәуір пәтер жалдауға да, атасы мен әжесіне жәрдемдесуге де жететін. Бірақ көңілдің терең түкпірінде әлдебір маза-сыз ой күнінде неше оянып жегідей жеуші еді.

Сағындық Тілешев - байлықтың да, кедейліктің де қызығын көрген, түсінде Қайырболдының өмірін сүрген адам. Тележурналист-редактор болып істейді.

Бекторы - жұқа көк жібек көйлек киген, өте сұлу қыз, адамның жүрегін айыр-бастайтын жын-пері. Адамның ойын оқи алады.

Сәрсен - Қайырболдының зергер досы, ақылшысы.

Аристарх Никаноровис - ақ шашты, ашаң жүзді, тәжірибелі адам, алаяқ емес, бай, жүзікті тексеріп, Қайырболдыдан сатып алады.

Бейтаныс адам - ашаң, ақ шашты, көзі реңсіз, шаршаған жүдеу адам.

Даяшы қыз - ресторанда он жылдан бері істейтін жан.

Залдың меңгерушісі - қалың қайратты шашын қырау шалған, егделеу келген, денелі адам. Отыз бес жыл осы қызметті істейді.

★ **Маңызды деректер:**

Бала кезінде ең жақсы көріп тыңдайтын, әжесі айтатын ертегі: «**Ер Төстік**».

Түнде түсіне, **Ерназарды құдықтың жанында ұстап алып азапқа салған Бекторы кіреді.** Оянғанда көргенін әжесіне айтатын.

Жұмадан сенбіге қараған түні Қайырболды Бекторымен танысады.

Түн ортасында ресторанның шыққан үш бойжеткен барға келіп отырды. Валютаға ғана сатылатын қымбат коктейль алдырып, өздері ұнататын блюзді қойғызып қойып көңіл көтерген қыздар таң ата есеп айырысқанда бармен жігітпен арада әдептен аспаған, бірақ ыңғайсыз жағдай болып қалған. Қайырболды қыздардың абыржыған түрлеріне қарап ақшаларының жетпей тұрғанын түсінген.

Біреуі бұрыннан келіп жүрген сенімді адам. Жұқа көк жібек көйлек киген сұлу қыз барменнің алдына өзінің куәлігін қойып жатқанда шыдай алмай кетті. Қыздардың жанына жетіп барып, жетпей тұрған ақшаны төлеп берген. Өзінің бір айда табатын шайлығы кетеді, «**Айтылған сөз - атылған оқ**».

Қыз гаухар орнатылған ауыр алтын жүзікті жігіттің алақанына салды.

Арада екі ай өткенде ломбардқа барып, каталоктан тексеріп көсре, бұл жүзік 8 млн доллар тұратын болып шығады. Алтыны сиқыр арқылы жасалған химиялық алтын, кәдімгі алтыннан жүз есе қымбат. Ал гаухар жер бетінде өте сирек кездеседі, зергерлік тарихында бұл гаухар бір-екі жерде ана айтылады.

Өкініштісі бұл жүзіктің бағасын білетін рынок әлі қалыптаспаған, «**Итке темір не керек?**»

Аристархпен бес жүз мың доллардан жиырма бес процентке, яғни жүз жиырма бес мың долларға келіседі.

Пәтерге келгеннен кейін Қайырболды бес мың долларды Сәрсеннің қолына ұстатты.

Екі аптадан кейін аэровокзалдың жанындағы ескілеу үйден үш бөлмелі пәтер сатып алды. Нотариуске апарып құжаттарын заңдастырды.

Арада төрт ай уақыт өткенде бейтаныс қыз бой көрсетті. Тағы да жұмадан сенбіге қараған түн еді. Түн ортасынан ауа барға үш қыз кірді. Қайырболды қайран қалған. Үш қыздың үшеуі сол өткендегідей киінген. Содан соң, таң ата тағы да... барменмен шағын дау-дамай болды. Қайырболды күліп қыздардың жанына келгіп, тағы да төлеп береді. Осы жолы қызбен танысады.

Қайырболдының өзі жайлы айтқаны: «Мен... әке-шешеден ерте жетім қалып ата-әжемнің қолында өстім. Кедей болдық. Ит басына іркіт төгілген заманда қара нан, қара сумен отырушы едік. Ақырында ержеттім. Тәуір кәсіпке іліндім. Жолым ешқашан оңай болған емес. Басқаға өзінен өзі келе салатын нәрсе маған

жүз есе қиынға түсетін. Өмір бойы өзімнің талабыммен, өзімнің адал еңбегіммен ғана нан тауып жүрген адаммын.»

Медеуге баратын жолдың оң қапталындағы қымбат аудандардың бірінде тұрады екен. Екеуі таксиден түсіп қалың бақтың арасымен бұлдырап ұзақ жүрген. **Үйі патша сарайына бергісіз зәулім.** Ақ, қара, сары, қызыл мәрмәр дінгектер, әр бұрышта зүбәржаттан қашап жасаған алып вазалар, төбеден салбырап тұрған алтын люстралар. Ат шаптырым залда кем дегенде жүз адам сиятын үстел. Ақ дастарханның үсті қисабы жоқ тамақтың, шараптың түрлері...

Екеуі ұзын дәлізбен жүріп жер астындағы қабатқа түсті. Қызыл ағаштан шауып шыңылтырмен қапталған ауыр есік өзінен өзі ашылған. Бұлар күңіреніп тұрған тағы бір үлкен бөлмеге кірді. Самаладай жарық. Қабырғаны жағалай орнатылған қисапсыз сөрелер. Биікке қанша кететіні, бөлменің алға қарай қанша созылатыны белгісіз - бұл бөлме гиперкеңістікке, яғни шексіздікке кетеді.

Бекторының айтқаны: «Қазақта қорқақ адамды жүрегі жоқ адам дейді. Әрине, сенде жүрек деп аталатын нәрсе бар, бірақ ол қанды ары-бері айдайтын мүше ғана, бір жапырақ ет қана...»

Банкілерде әлдебір сұйықтың ішіне салынған жүректер. Бекторы иелерінің аттарын атап келе жатыр. Қайырболды өзі танитын бірнеше кеденші офицерлердің, полиция қызметкерлерінің, жұмыс бабымен алдарына барған тағы да талай үлкен шенеуніктердің жүректерін көрді. Олардың, адамға деген аяусыздығының, зорлық-зомбылықтарының сырын енді түсінген. Адамдардың бір-біріне неге қиянат жасайтынын ұққан.

Бекторының ұсынысы: «Жүрегінді маған бер, орнына мәрмәр жүрек салып беремін.»

Бекторының ойынша бүгінгі бостандық, бүгінгі азаттық пен еркіндік - ақшада.

Қайырболды он бір бөлмелі үйде оянады. Жаңа өмірін меншік иеленуден басыды, қисапсыз ақша туыстық сезімді де, ұятты да ұмыттырды. Ата-әжесінің үйіне кірмей жиіркеніп кетіп қалады, бір рет қана есіне салып, ақша салып жібереді.

Содан соң жанына шетелдің тілдеріне жетік, жөн білетін бірнеше адамды алып дүниені аралап сайранды салды. Аз жылдың ішінде бармаған жері қалмады. **Париж, Лондон, Рим, Мадрид, Амстердам... Мұхиттан өтіп Нью-Йорк, Токио, Гонконгқа барды...** Әлемдегі ең ірі буржуазиялық курорттардың көбінде болды... Қызық үшін Ресей олигархтары таңдап алған Куршевельде екі апта болып Швейцарияның қысқы көркін тамашалап қайтқан. Және барлық жерде **«Меркурийдің», швейцар тағы басқа банктердің сиқырлы кредит кәртiшкесiнен ақша тоқтаусыз төгіледі,** есіктер өздерінен өздері ашылады, қызмет өз-өзінен көрсетіледі. Ақша әкелетін бостандықтың не екенін енді түсінгендей.

Сәрсен дәрежесі өсіп енді Қайырболдының іс басқарушысы болып тағайындалған.

Көлік атауы - **«Бентли».**

Қайырболды қағып кеткен бала өзінен төрт жыл бұрын ақша алған адамның баласы болып шығады.

Бес жүз мың доллар алған, ет бизнесіе салған екен. Жылқы алған, бірақ жұт болып қырылып қалыпты. Кепілге пәтері мен бүкіл бизнесін қойып, одан айырылып қалады. Бір жылдан кейін өзі қаза тауып, әйелі мен баласы қалған.

Тұздыбастау деген жерде тұрады екен.

Совминнің ауруханасына жатқызады. Аман екенін сегізінші күні түсте айтады.

Баланы қағып кеткенде Қайырболды өзіне ұқсатады. «Бала кезінде өз басынан өткен бір хикмет көз алдына келіп тұра қалған. Бірінші класты бітірген. Жаз. Қайырболды шөпшілердің ауылында қайрақшы атасына көмектеседі. Бірде мая салып жүрген жігіттер Қайырболдыны сусын алып келуге жұмсаған. Қолына ашыған көже құйылған бидон ұстаған Қайырболды өзіне қарай зымырап келе жатқан жеңіл машинаны көрді. Бірден таныған. Совхоз директорының «Волгасы». Ығысып жолдан аулақтау тұрған. Бірақ ыржалаңдап жалғыз келе жатқан шопыр Қайырболдыны **«Волганың»** оң қапталымен аямай соғып өткен. Есін жиғанда жолдың үстінде жатыр екен. Шошынған атасы, - Балам-ау, мәшине келе жатқанда жолдан шығып тұрмайсың ба, - деді бұның үсті-басын сипалап, – -Құдайға шүкір, аман қалдың.

Реанимациядан шыққаннан кейін бір жыл бойы сынған сүйектерін бітіріп емдеген. Қайырболды ауылға мүгедек болып оралды. Өзінің жолдан аулақта тұрғанын дәлелдей алмаған. Заң орындарын жолатпай, ауыл арасындағы ғана сот болған. Шопыр ештеңені мойындамады.»

«Бұл келе жатқан рухтың, жанның, иманның апаты...»

Қайырболды жүрегін қайтарғанда, бар сезімі де қайта оралады. Барлығы сегіз жыл уақыт өткен. Содан соң Медеудің жолымен төмен қарай асығып жөнелді Алматыға. Ол кейін әжесімен кешу айтысып табысады, атасының төрт жыл бұрын дүниеден қайтқанын естіп қайғырады, ақырында өзі сүйген қызға жүрегі дауалап асықтық сөзін де айтады. Бірақ бұның бәрі кейін болады. Ал қазір ол Алматыға, өзінің Алматысына асығып бара жатыр еді.

Осының барлығы Сағындықтың түсі болып шығады.

Бекторы Сағындықты «Кавалер» дейді.

Екеуі барған ресторан: **«Алматы»**

«Жанында жамандық тұрмаса жақсылықтың жақсылық екенін қайдан білесің. Қарсысында жалған мен өтірік тұрмаса ақиқаттың ақиқат екенін нендей тиянаққа сүйеніп білдің. Жолдың серті – адасу, адасып барып түзелу. Екі түрлі пәктік бар. Біреуі анадан туғандағы, күнә мен зина, қиянаттан бейхабар, тәжірибесіз, мінезсіз пәктік. Екіншісі, бұ дүниенің барлық са-тыларынан қан кешіп жүріп өткен, өтсе де лайланбай қалған пәктік. Адам болып қалам десең осының бәрінен өтуге, осының бәрін көруге міндеттісің...» (Ең ұнаған ой)

«Перінің қызы Бекторы қазаққа әманда керек...»

- ★ **Ұлттық құндылық:** Тәуелсіздік алған жылдардағы халық қамы, адамдық болмыс пен қайырымдылық
- ★ **Түсінік+өз ойым:** Автор бұл әңгімені фантастикалық сюжетте жаза отырып, әдебиетке жаңа леп алып келді.
- ★ **Ұқсас шығарма:** «Ер Төстік»

РАСУЛ ҒАМЗАТОВ «МЕНІҢ ДАҒЫСТАНЫМ» (Кенжеболат Шалабаев)

- ★ **Тақырыбы:** Елдің тарихы мен тілі
- ★ **Идеясы:** Тілді, елді, тарихты ешқашан ұмытпау
- ★ **Жанры:** Повесть

★ **Оқиға реті:**

- Дағыстан халқының түрлі тілде сөйлеуі
- Алла елшісінің тіл таратуы туралы аңыз
- Парижде кездестірген дағыстандық суретші. «Менің ұлым авар анасы үйреткен тілді ұмытуға тиіс емес»
- Индиядағы от мейрамы, бұлақ туралы
- «Жаңбыр есек» салты
- Аналардың соғыстағы балаларды күтуі. «Тырналар» өлеңі

★ **Кейіпкерлері:**

Расул Ғамзатов - оқиғаларды баяндаушы.

Әке-анасы

Әбуталып

Аңыздан: қашыр мінген Алла елшісі

Шамиль - қолбасшы, бұлақ-суды қастерлейді.

Дағыстандық суретші - революциядан кейін іле-шала Италияға оқуға кетіп, еліне қайта алмай, Италиян қызына үйленген. Парижде тұрады.

Суретшінің шешесі - ана тілін құрметтейтін жан.

★ **Маңызды деректер:**

- **Сөз**

Авар тіліндегі «миләт» сөзінің екі мағынасы бар: «ұлт» және «қам».

– Ұлтының қамын ойламаған адам дүние қамын ойлап жарытпас, – дейтін **әкем.**

– Ұлтының қамын ойламаған адамның қамын ұлты да ойламас болар, – **деп, қостар еді Әбуталып.**

– Тауық та, қаз да, қаптесер де ұлт бола қоймас, бірақ адамдардың ұлты болуы керек қой, – дейтін **менің шешем.**

«Халықтың да, тілдің де үйілген бір тауы екен», – депті **Дағыстан жайында бір жолаушы.**

«Мың басты айдаһар», – дейді **Дағыстанды жаулары.**

«Алуан бұтақтары бар бәйтерек», – дейді **Дағыстанды достары.**

«Дүниенің жүзінен қолыңа күндіздің өзінде шырақ алып іздесең, мұнша адамы аз, бірақ халқы көп жерді таппассың», – дейді екен келушілер...

Дағыстанда бір арбада келе жатқандар бес тілде сөйлесуі мүмкін де, егер жол айрығына бес арба келіп тоқтаса, онда отыз тілде сөйлесіп кете береді.

Тағы бір әңгіме бар, **Хунзахтың ханы Гидатлиге тыңшы жібереді**, оған годеканда, базарда сол жерліктердің әңгімесін тыңдап, не пікірі бар екенін біліп кел деп тапсырады. Тыңшы баруын барғанмен, тез оралады. Себебі әркім өз тілінде сөйлейді, олардың тілі өзгелерге түсініксіз.

Дағыстанда тоғыз тілде кітап шығады. Қаншама тілде ән шырқалады. Әр кілемнің өзінше өрнегі бар. Әр қылыштың өз жазуы бар.

Дағыстандағы тілдердің шығуы туралы әкесінің айтқан аңызы: «Алланың елшісі қашырға мініп ап, жер бетін аралап келе жатып, өзінің үлкен қоржынынан әр халыққа тіл үлестіріп жүріпті. Қытайлықтарға барып қытай тілін берген. Арабтарға барып араб тілін берген. Гректерге грек, орыстарға орыс, французға француз тілін берген. Тілдің неше түрі болса керек: бірі әуенді, бірі сазды, бірі қатқыл, үшіншісі сырлы, өрнекті, төртіншісі нәзік, әсем дегендей. Мынадай олжаға қарық болған халықтар кәдімгі адамша сөйлеп, өз тілінде шүйіркелесіп қалады. Тілдің арқасында біреуді біреу танып, бір халық екінші көрші халықты біліседі. Сонымен, қойшы, әлгі қашыр мінген кісі біздің Дағыстанға жетеді.

Жаңа ғана грузиндерге, кейін Шота Руставели өзінің поэмасын жазған грузин тілін беріп, кейін Коста Хетагуров өз сонеттерін жазатын осетин тілімен аралап шыққаны сол екен. Кезек бізге келіп жетіпті. Алайда сол күні Дағыстанның тауларында қарлы құйын соғып кетпесі бар ма! Аңғардың қары алай-түлей бұрқырап аспанға шығып, түкті көрсетпей, жолды да, мекенді де жа уып тастапты. Қара түнекте тек желдің ысқырғаны, жартастың гүрсілі. Сөйтіп, Алланың елшісі қоржынның түбінде әлі үлестірілмей қалған қос уыс тіл бар екен, соны біздің тауларға шаша-шаша салады. – Таңдағандарыңды алыңдар, – дейді және.

Шашылған тілдерді боран алып қашып, тастан-тасқа, шатқалдан-шатқалға жеткізсе керек. Солай барлығы **«тау»**, **«теңіз»** деген сөздерді әртүрлі айтыпты. Содан былай авар, лезгин, даргин, құмық, тат, лак болып кете барады, барлығы Дағыстан болып аталады.

«Одан соң бізге **Ақсақ Темір, арабтар, Иранның шахы келді**, өз тілдерін бізге теліп баққысы келді. Алайда қолымызды қанша тартқылағанмен, саусақтарымыз жұлынған жоқ, біздің ағашымызды қанша теңселткенмен бұтақтарымыз сынған жоқ.

Ана тілім менің! Сен маған ризасың ба, білмеймін, бірақ менің тірлігім – сенсің, мен сені мақтан етем. Сонау тұңғиық терең жер түбінен жарыққа, күнге, жасыл шөпке асыққан бұлақ суындай ана тілімнің сөздері жүрегімнен қайнап шығып, алқымыма тіреледі. Ернім күбірлейді. Өз күбіріме өзім құлақ тігем, ана тілім, саған құлақ тігем, сонда маған бейне тұңғиықтан шымырлап шыққан таудың асау өзені елестейді. Мен судың бүлкіл қаққан дыбысын сүйем. Мен болатың сыңғырын ұнатам, қынабынан суырылған екі қанжардың бір-біріне

соғылған дыбысын сүйем. Осының бәрі менің тілімде бар. Сондай-ақ махаббат сыбырын да жақсы көреді. Уа, менің ана тілім, сені де жұртқа білгізу маған өте қиын, сенің алуан түрлі үнің неткен әсем еді, авар боп тумаған кісіге үйрену де қиын оларды, о, егер біле қалсаң, оларды айту дүниенің рақаты емес пе, шіркін!»

Дағыстанның үйлену салты мен кәде-жорасын айтуға ұзақты күн жетпейді. **«Дағыстан халықтарының салттары»** деген кітапты қалағандарыңызға сыйлауға болады.

Дағыстан, ол тек географиялық ұғым емес. Оның өз кескіні, өз мақсаты, өз арманы бар. Ортақ тарих, ортақ тағдыр, ортақ қасірет, ортақ қуанышы бар.

- **Менің ұлым авар анасы үйреткен тілді ұмытуға тиіс емес**

Суретші жігіт қайда барса да, өз елін, туғанжерін аңсап, зарыққан екен.

Бір суреттің аты «Елді аңсау» екен. Суретте байырғы авар киімін киген итальянка (суретшінің әйелі) бейнеленген. Ол тау ішіндегі бұлақтың басында тұр, қолында – атақты гоцатлин шеберлері нақыштап жасаған күміс құмыра. Тау баурайында – қайғырып, тұнжырап тұрған авардың тас ауылы. Ауыл үстіне төніп тұрған таулар бұдан да бетер қайғырып, тұнжыраулы. Тау төбесін тұман басқан. Тұман - көздің жасы, яғни суретшінің өзі. Таудың баурайын тұман басқанда, тастың тілім-тілім әжімін бойлап, мөлдір тамшы ағады ғой.

Екінші суреттен тікенек бұтаның басында отырған құсты көрдім. Ал бұта болса, жалаңаш тасты қақ жарып шығып, өсіп тұр. Құс сайрап тұр да, оған өз үйінің терезесінен қайғылы бір тау қызы қарап тұр. Бұл сурет аңызға негізделген: Құсты ұстап ап, торға қамап қойыпты. Торға түскен құс күні-түні бірдей: «Елім, елім, елім, елім, елім», – деп қақсай беріпті... Соңғы жылдар бойы тап осылай қақсап жүрген мен сияқты... Құс иесі ойлапты: «Мұның елі қандай екен, ол қайда болды екен? Мүмкін, мұның елі жұмақтағы ағаш өсіп, жұмақтағы құс мекендейтін гүл жайнаған тамаша бақ секілді шығар? Мен осы құсты далаға қоя берейін де, оның қай жаққа ұшып кеткенін көрейінші. Сонау алыстағы ғажап елдің жолын көрсетсін маған» деп ойлап, тордың қақпағын ашып, құсты босатып жіберіпті. Құс он қадам ұшып барыпты да, жалаңаш тасты қақ жарып, өсіп тұрған тікенек бұтаға қоныпты. Осы бұтаның жапырағының арасында оның ұясы бар екен.

Елге қайтпауының себебі: кеш деп санайды. Кезінде туған жерімнен жанып тұрған жас жүрегімді алып кетіп едім. Енді еліме қаудыраған қу сүйегімді қайтаруға хақым бар ма менің?

Парижден оралысымен, суретшінің туған-туыстарын тауып алады, шешесі әлі тірі екен. Автор - орысша, баласы - французша тілмаш арқылы сөйлескенін естігенде, шешесі **«Менің ұлым баяғыда өлген, сенің көргенің менің ұлым емес. Менің ұлым өзім үйреткен, авар анасы үйреткен тілді ұмытуға тиіс емес»**, - депті.

- **Салттар мен мейрамдар туралы**

Индияда от мейрамына қатысады. Онда жанып тұрған шырағдан сыйлайды. **«Жалынды сәлем!»** ретінде Дағыстанға алып келеді.

Адамдар сөз сәлемінің орнына от, жалын жолдаған кездері де болған шығар. Бейбіт жалын. Өрт пен соғыстың жалыны емес, ошақтың жалыны, жылылық пен жарықтың жалыны.

Дағыстандағы тағы бір салт: қыстың (кейде көктемнің) алғашқы күнінің кешінде тау ауылдары шыңдардың басына «амандық», «сәлем» алауларын жағады. Ауыл басына - бір алау. Олар алыстан көрінеді. Ауылдар аңғар, шатқалдардан асыра бір-бірін қыстың не көктемнің басталуымен құттықтасады. Отты сәлем, отты тілек!

Автордың өзі де Цада аулының үстінен төнген Хамирхо жартасының басына осындай отты жаққан.

Жазғытұрым тауда қар ери бастағанда, автордың анасы аққан ағыстан көзін алмай, жаңбыр суын жинау үшін ағаш күбісін қыстан қамдап қоюшы еді.

Автордың тағы бір ең сүйікті кәсібі: жалаң аяқ шалшықты кешу.

Шамиль өз әскерлеріне айтады екен: «Жау, мейлі, ауылды, бүкіл жерімізді алып қойсын, бірақ бұлақ әлі бізде, біз жеңеміз!»

Қатал имам, жау жасағы шабуыл бастағанда, өз адамдарына: «Алдымен бұлақты қорғандар!» - деп әмір етеді екен. Ал өзі жауға шапқанда: «Алдымен бұлағын алыңдар», - дейді екен.

Қанды кекшілдер біреуі бірінің суға түсіп жатқан үстінен шықса, ол оған қашан судан шығып, қаруын таққанша тимейді.

Автордың есіне жиі түсетін, басқа бір бейбіт, суға байланысты салт - «Жаңбыр есек» деп аталады. «Шаңқай түс, жазығында Дағыстанның» деп тегіннен-тегін айтылмаған. Талма түсте қатты ыстық болады.

Сонда ауыл баласын индеецтер құсатып әлем-тапырық киіммен жасандырып, құрап кеткен шөптермен қаптап қояды. «Жаңбыр есек» дегеніміз - осы. Оны өзіндей балалар ауыл айналдыра жетелеп кездіріп жүріп, тілек өлең, біздіңше жарапазан айтады. Ауылдың ересектері далаға жүгіріп, «Жаңбырлы есекке» біреу құмырадан, біреу легеннен су шашып балаларға қосылып өлең айтып, «Аумин!» - деседі.

Автордың өзі де болып көріпті.

Дағыстандағы қатты ыстық күнді олар - «Мұңды күн» деп атайды.

Егер жалпы Еуропаны алсақ, күн көзінің көп түсетін жері - Дағыстанның Гуниб ауылы. Автор ауылы Цада да қалыспайды. ауылдарды «Ындыны кепкендер» деп атаған екен.

Су ауылдан үш шақырымдай жерде. Жаңбыр жауғанда шешесі қатты қуанады.

Соғыс жылдарында ауылдық советтің ішкі қабырғасында үлкен карта тұрады екен. Ол кезде осындай карталар көп болған. Сол карталарда жылжыған майданның шекарасын қызыл жалаушалармен белгілейтін.

«Бізде де осындай қызыл жалаушалар тұратын, бірақ олардың мағынасы басқашалау. Ол жалаушалар цадалықтардың қаза тапқан жерлеріне қадалған еді. Сол түйреушілер қанша болса, сонша ананың жүрегін де жаралаған еді олар».

Ұзыннан-ұзақ ұшқан тырналарға аналар көз тігіп, өздерінің соғысқа кеткен балаларын еске алады.

Авардың «Ригь» деген сөзінде екі мағына бар: **бірі - жасаған жас, бірі - үй**. Автор үшін бұл екі мағына бір тоғысып кетеді: Жас - үй. Жасың жеткен екен - үй болуың керек. Жаңылтпаш секілді аварша мақал: **«Ригь - ригь» жас - үй**.

Автордың шешесінен ылғи сұрайтын сауалы: **Дағыстан қайда?**

Анасының жауабы: **Сенің бесігіңнің ішінде**.

«Сенің Дағыстаның қайда?» - деп бір **андийліктен** сұрағанда, ол былай депті: **«Мынау төбе - Дағыстан, мынау шөп - Дағыстан, анау өзен - Дағыстан, мынау таудағы қар - Дағыстан, ал ана төбедегі бұлттар - ол Дағыстан емес пе? Олай болса, үстіміздегі мынау күн де Дағыстан болмай ма? Барлық жерде менің Дағыстаным!»**

★ **Ұлттық құндылық:** Дағыстанның салт-дәстүрі, тілі, тәрбиесі

★ **Түсінік+өз ойым:** Елін, жерін, ең бірінші тілін ұмытқандық ең жаманы. Тілді құрмет тұту керек.

★ **Ұқсас шығарма:** Бауыржан Момышұлы «Ұшқан ұя»

РАСУЛ ҒАМЗАТОВ «АНА ТІЛ» өлеңі

★ **Тақырыбы:** Туған тіл

★ **Идеясы, түйіні:** Ана тілін қастерлеу

★ **Тармақ, бунақ, буын саны:** 4 тармақ(12), 3 бунақ, 11-12 буын

★ **Ұйқас түрі:** егіз ұйқас

★ **Әдеби теориялық ұғымдар:**

Адам деген не көрмейді түсінде,
Жатыр екем бүгін қабір ішінде.
Дағыстанның кең аңғары **күн ыстық**,
Көкірегімде орнаған бір тыныштық.

Асау өзен арқырайды жарды ұрып, ЭПИТЕТ

Жұрт тараған жалғыз мені қалдырып,
Мен жатырмын үнсіз туған жерімде,
Жер болады балғын тәнім менің де.

Мен жатырмын қара жерге табына,
Жоламайды келмейді ешкім маңыма.
Тек қырандар шаңқылдайды шың жақта,
Бұғылар кеп ыңырсыйды бір жақта.

Кетті ғой деп **қыршын ғана жасында, ЭПИТЕТ**

Жыламайды ешкім молам басында.

Жарым қайда, досым қайда кешегі?

Анам қалай жатқанымды білмеді.

Бар адамнан жатырмын тек бөлек мен,
Бір дауысты естіп қалдым кенеттен.
Естідім мен осы арадан үнін де,
Екі кісі сөйлесті авар тілінде.

Мен жатырмын қара жерде көз жұмып,
Мына екеуі күбірлейді сөз қылып,
Ғасан деген бір кісінің қулығын,
Али деген бір кісінің сұмдығын.

Естідім де сөзін ана тілімнің,
Бойым жылып лезде мен тірілдім. ГИПЕРБОЛА
Балгер де емес, дәрігер де емес емдейтін,
Тек өзімнің тілім екен сөйлейтін.

Өзге бір тіл емдер басқаларыңды,
Мен онымен айта алмаймын әнімді.
Егер тілім ертең болса құрымақ,
Мен дайынмын өтуге де бүгін-ақ. ПАФОС

Мен жаныммен сүйем осы тілімді
Кедей деп-ақ айта берсін білімді
Ассамблеяда естілмесін үні де,
Ана тілі - ұлы менің өзіме. ПАФОС

Махмұт жырын оқу үшін жастауын
Күтем әлде аударуын басқаның? РИТОРИКАЛЫҚ СҰРАҚ
Мен болдым ба ең соңғы ақын бүгінде
Өлеңдерін жаза алар тілінде ИНВЕРСИЯ

Қымбат маған елімнің бар даласы
Балтық пенен Сахалиннің арасы
Қайда болсын қия маған жанымды
Туған жерден қазсын бірақ қабірді

Аварша бір жазып қойған құлпытас
Тұрсауылда хабарлар да ұмытпас
Еске ап жүрер кәрі жасы жақын кеп
Мұнда Расұл Ғамзаұлы жатыр деп!

ДЖЕК ЛОНДОН «МЕКСИКА ҰЛЫ»

★ **Тақырыбы:** Әлеуметтік теңсіздік

★ **Идеясы:** Жекпе-жек арқылы әлеуметтік жағдайды көрсету, әділеттілік әрқа-

шан жеңетінін дәлелдеу.

★ **Жанры:** Әңгіме

★ **Композициялық талдау:**

Басталуы: Рингке шыққан Ривера

Байланысуы: Ривера мен Дэннидің арасындағы жекпе-жек

Дамуы: Ривераның жойқын соққысы

Шиеленісуі: Ривераға бар жұрттың қарсы болуы

Шарықтау шегі: Дэннидің қулық істері, естілген сыбдыр сөздер

Шешімі: Ривераның әділ жеңісі

★ **Кейіпкерлері:**

Ривера - кара торы өңі оны барынша арық та әлжуаз етіп көрсетті. Бұлшық еттері болса да, қарсыласымен салыстыруға келмейді, кең кеуделі он сегіз жасар талдырмаш бала, бірақ төзімді.

Дэнни Уорд - аты шулы азулы боксер, жиырма төрт жастағы нағыз ер мүсінді жігіт, айлакер әрі тәжірибелі, ринг королі.

Роберт - көрермен адам, Ривераға өзінше ақыл айтқыш.

Спайдер Хонерти - Ривераның тоқыма көйлегін шешкен адам.

Росалью Мартинес пен Порфирно Диас - жұмысшыларға қамшы ойнатқан озбыр генералдар.

Майкл Келли - Дэннидің жеңісіне ақша тіккен адам.

Билл - төреші.

★ **Маңызды деректер:**

Ривера рингке елеусіз көтеріледі. Әр тұстан шашыраңқы сараң ғана созылған алақандар көрермен қауымның оған деген сенімсіздігін айқын сездіргендей. Шындығында, бұл қауым үшін Ривера бөрі аузына тасталған жетім лақпен пар-пар еді.

Дэнни өзін ұзақ күтуге мәжбүр ету себебі: қарсыласқа қорқыныш ұялатып, сабырын сарқып, жүйкесін құрту.

Ривераны ақасқа итермелеген ұлы күш: елінің аянышты тұрмысы, жанары ыза-кекке толы бейнесі.

Дэнни Уорд ақша үшін, сол ақшаға негізделген жеңіл өмір үшін айқасып келеді. Жұмысшыларды Росалью Мартинес пен Порфирно Диастың солдаттары қырып, Вера-Круске жөнелтіп, акулаларға жем қылуда. Ривера ата-анасының парша-парша мәйіттерін ғана табады. Әсіресе, үйілген өліктер арасында жатқан анасының басы жанды тілгілейді.

Дэннидің Ривераға ыстық лебіз білдіргендей айтқан сөзі: «Кеудеңнен жаныңды суырып аламын!»

Айқас басында Ривераның тоқыма көйлегін басынан сыпырған: Спайдер Хонерти

Тілшілердің ту сыртында отырған, әдеттегіден гөрі масандау, тілі бұрынғыдан бетер күрмеле түсіп «Жасқанба, Ривера, есінде болсын, ол сені өлтірмейді» деп міңгірлеген: Роберт

Бірі минуттан соң, Ривера Дэнниді сол жақ қапталдан қолымен ұрып, мұрттай ұшырады.

Ривера «екі қолымен де бірдей ұра алады,» - деген Роберт.

2-3-раундта көзге ұратын сәт болмайды.

Қорғаныста Ривера шабуылды сол қолымен қағу әдісін қолданады. Дэнни үшін бұл қауіпті.

Жетінші раунда Дэнни қатты соққымен Ривераны құлатады, бірақ ол революция, Мексика үшін берілмейді.

Сегізінші раундта Дэнни соққысын қайталағысы келеді.

Тоғызыншы раундта Ривера оң қолымен соққы жасап Дэнниді тағы құлатады.

Оныншы раундта Ривера бәсекелесін иек астынан екі рет оңдырмай ұрады.

Он бірінші раундта Дэнни сыр бере бастайды.

Он төртінші раундқа дейін сақ болып, күш сақтайды, рұқсатсыз тәсілдер қолданса да оған ешкім ештеңе демейді.

Сыбырлап сөйлескендер: Майкл Келли мен Роберт.

Ривера Дэнниді сұлатып түсіргеннен кейін Риверадан жеңілуін сұрап, «Жеңіл, Ривера, болашағын үшін мені тыңда! Сені байлыққа кенелтемін... келесі жолы Дэнниді жеңуіңе мүмкіншілік жасаймын. Бүгін сен жеңілуге тиістісің!» деген: Майкл Келли

Төреші, жанкүйер, көрермен, секундаттар жеңуін қалаған боксшы: Дэнни

Он жетінші раундта Ривера жойқын күшпен иек астынан қатарынан үш рет ұрып, Дэнниді нокаутқа құлатады.

Зал мұндайды күтпей тым-тырыс болып қалады.

Айқаста жеңіске жеткен боксшы: Мексика ұлы Ривера

★ **Ұлттық құндылық:** Әділдік, намысшылдық, төзімділік, өз ұлтына деген сүйіспеншілік

★ **Түсінік+өз ойым:** Автор қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті, өмірге деген құштарлық пен адамгершілік пен құштарлық қасиеттерді сөз етеді.

★ **Ұқсас шығарма:** Қалмақан Әбдіқадыров «Қажымұқан»

ЭРНЕСТ ХЕМИНГУЭЙ «ШАЛ МЕН ТЕҢІЗ»

★ **Тақырыбы:** Сантьяго балықшының өмірінен

★ **Идеясы:** Адамдардың табиғатпен үйлесімдікте өмір сүре алатынын, табиғаттан керегінді ғана мөлшермен алу, босқа құртпау.

★ **Жанры:** Повесть

★ **Композициялық талдау:**

Басталуы: Жолы болмаған балықшы. Шал мен бала

Байланысуы: Сексен бесінші күн

Дамуы: Ерлікке бастар жол. Шалдың теңізге жалғыз шығуы

Шиеленісуі: Теңіз үстіндегі айқас. Жайын балық

Шарықтау шегі: Акулалардың шабуылы. Әлі біткен шалдың ойлары

Шешімі: Жеңіс пен жеңіліс. Шалдың аман оралуы

★ Кейіпкерлері:

Сантьяго шал - титықтаған арық кісі, маңдайы, мойыны арса-арса; бетіне күрең қоңыр дақтар түсіп, өңі шұбар тартқан(теңіз бетіне түскен күн сәулесінің адам өңіне шағылысуынан болады). Бетін басқан таңдақ мойынға дейін жайылып тараған; екі қолы тілім-тілім(ірі балық ұстағандағы тіліп кеткен қармақбау іздері, ескі жарықтар). Шалдың өңі де, киімі де - бәрі де тозған, көнерген, тек көзінде ғана ерекше бір нұр бар, теңіз суы түстес жанары қайсар адам қалпын танытады.

Манолин бала - бес жасынан шалмен бірге балыққа шығып, шалға бауыр басып қалған шәкірті, шалға қамқорлық көрсетіп жүреді, осы кәсіпті тек шалдан үйренгісі келеді.

Педрико - балықшы, шал жайынның басын береді.

Мартин - мейрамхана қожайыны, тамақ беретін жақсы адам.

★ Маңызды деректер:

Шал балық аулаудың қыр-сырын әбден меңгергенімен, сексен төрт күн жолы болмайды.

Бала бес жасынан шалмен бірге балық аулаған.

«Бала дүниежүзіндегі ең жақсы адамды, балықшыны - шал деп есептейді».

Жапатдан-жалғыз шал үнемі серік баланы аңсайды. Теңізде әр нәрсені ойлап, қиялы әр саққа жүгіреді.

Кішкентай, тозығы жеткен ескі қайық мінген шал жайын ұстайды, жолшыбай судағы ең қауіпті жыртқыш - акула сан мәрте жолығады, кейде тіпті үйірімен.

Шал: «...адам күйреу үшін жаралмаған. Адамды құртуға болар, ал жеңуге болмайды,» - дейді.

Шал жайын акулаларға жем болса да, үш күннен соң оралады, бұл - үлкен жеңіс.

Бала бұдан-былай балықшы кәсібін толық меңгеру үшін тек шалмен шғуға бел байлайды.

Шал - батыл, күрескер, рухани жағынан күшті, өмір майданында шыныққан адам.

«Бала - болашақтың, шал - өткеннің» символы(антитеза); бір-бірін толықтырып, бірлесіп ғұмыр кешеді.

Шал Гольфстримге қайығымен шығады(84 күн сәтсіз болады).

Бастапқы бір жарым айдай уақыт бойында бала серік болған. Балық ұсталмаған соң ата-анасы күдер үзіп, шалды «жолын қырсық шалған сорлы - бейбақ» деген, басқа қайыққа бар деп әмір еткен. Алғашқы аптада 3 жайын ұстайды.

Қарттың қайығындағы қырық жамау желкен - бейне тас-талқаны шыққан жасактың құлаған туы сияктанып елестейді.

Бірде 87 күн еш нәрсе іліктіре алмай, баламен шыққанда үш апта бойы күн сайын бір-бір ірі жайын әкелген.

Балық осы арадан рефрижераторға тиеліп, Гавана базарына жөнелтіледі.

Жел шығыстан соққанда мұрынға акула фабрикасының қаңсық иісі келеді.
Террас жанға жайлы жер.
Баланың жаңа иесі мүлде соқыр болуға айналған.
Шал жағадан аулағырақ барып аулауды ойлайды.
Көзге теңіз тасбақасынан зақым келеді екен.
«Мен елден ерек шалмын».
Үлкен балық түссе, ең бастысы - ептілік.
Балық аулайтын құралдар: багор мен гарпун.
Шалдың үйінде Тәңірінің бейнесі мен Санта Мариа дел Кобренің суреті ілінген,
бұл - шалдың әйелінен қалған мұрасы.
Әйелінің де сәнді жасалған суреті ілулі тұратын, көңілі босай беріп, бұрыштағы
сөреге, таза көйлек астына тығып қойған.

«Сексен бес - құтты күн».
Шал газеттен бейсбол туралы оқығанды ұнататын.
Бейсбол командалары: «Янки», Кливлендік «Индейстер», Детройттың «Жолбарыстары», Цинциннатидің «Қызылөңділері», Чикаголық «Ақ шұлықтар».
Сексен бес деген саны бар лоторея билетін екі жарым долларға алуды ойлайды.
Қыркүйек - қазір осы ай, көз мегілі. Қыркүйекте ірі балықтар жөңкіліп жүре береді, қайратты осы кезде көрсету керек. Мамыр айында балық аулау оңай.
Баланың Мартин берген, шалға әкелген тамағы: қара бұршақ қосқан күріш пен қуырылған банан, піскен сиыр еті.
Америка лигасында «Янкилер» ұтысқа ие болулы екенін шал газеттен оқиды.
Шалдың кумирі: «ұлы Ди Маджио»
Екінші лигада Бруклин мен Филадельфия. Бруклин жеңетін сияқы, Дик Сайзлердің допты тебуі ғаламат. Террассаға келген екен.
Шал ұлы Ди Маджиомен балық аулағысы келеді, оның әкесі балықшы болған екен. Оның өкшесінде мүйізі бар.
Шал Африка жағалауында жүзген, юнга болған.
Баланың әкесі ұлы бапкер санайтын бейсбол мен жүйрік атты ұнататын адам: Джон Мак-Грау.
Ең ұлы жаттықтырушылар: Лэюк пен Майкл Гонсалес.
Шал баланы ерте оятатын қоңыраулы сағат сияқты.
Шалдың көретін түстері: жас кезінде көрген Африкасы, Канар аралдарында ойнап жүретін арыстанның күшіктері.
Шал кофе ішіп, теңізге аттанады.

Балықшылар «үлкен құдық» деп атайтын жерде су терең, балықтар жиналып қалатын.
Шал теңізді «Ла мар» деп атайды. (Теңізді жақсы көретін испандықтар секілді).
Жас балықшылар еркек әуенге сап, испанша «Ел мар» дейтін.
Теңіздегі тіршілік иелері: фрегат құсы, қанатты балық, макрель, көгілдір түсті, улы мақұлық - физалия, тасбақалар.
Шал бірінші альбакоре, кейін жайын ұстайды. Қайық солтүстік бағытқа сырғи бастайды, Гавана шаһарынан алыстап барады.

«Өттең, серік баламның болмағаны-ай!»

Шал қабағың жарып алады, алақаны жарақаттанады, сол жақ қолы ұйып қалады.

Жайын басы мен арқасы көкпеңбек, бүйірінде жалпақ жолақтары бар, қайқиған ұзын сүйір тұмсықты, қайықтан екі фут ұзын екен.

Бір жолы Сантьяго шал Касабланка тавернасында Съенфугостан келген зор негрмен қол күрестіреді. Жексенбі таңертең басталып, дүйсенбі таңертең аяқталады. Шал жеңіске жетіп, чемпион атанады.

Шал: «Есіңді жи да басқа түскен азапты не адамша көтер... не балықша шыда...»

Шал жайынды гарпунмен өлтіріп, қайығының жанына орап байлап қояды, қызыл ала қан теңізге тарайды.

«Ал, қартым, қимылда,» - дейтін шалдың өзі.

Жайынның жолақтарының жалпақтығы - кере қарыс, көздері шарадай.

Багормен балдырдан іліп алып, сілкіп ұсақ шаяндарды қорек етеді.

Бір сағаттай өткен соң, қан иісімен жеткен бір акула соқтықты.

Бірінші, Мако тұқымдас, ең ұшқыр балықтай шапшаң жүзетін ірі акула, арандай аузынан басқа жері әсем біткен сұлу жыртқыш - Дентусо.

Шал гарпунды акуланың дәл қарақұсына қадайды.

Жайынның қырық қадақтай етінен, қыруар жіп пен гарпуннан айырылады.

«Бірақ адам күйреу үшін жаралмаған...»

Енді шал екі ескектің біреуінің сабына пышағын бекітіп, соны қару етеді.

«Үмітсіздікке салыну ақымақшылық болады. Мұның өзі және күнә секілді...»

Жайын етінің түсі қызыл болмаса да, сиыр еті секілді тығыз әрі дәмді екен.

Екінші рет, екі акула үш бұрыштанған қоңыр қанатты, жалпақ тұмсықты - Галанос. Акула ішіндегі ең озбыры, өлексені де талғамай жұта беретін сасық жыртқыш.

Бұлар жайынның жарты етіне жуық, ең жақсы деген жерлерін әкетті.

Келесі акула жалғыз, бұл да жалпақ тұмсықты, шошқа секілді, арандай ауызды.

Шалда багор, екі ескек, бір румпель мен тоқпақ қана бар.

Күннің көзі ұясына батарда тағы екі Галанос акула тиісті. Жайынның жарты еті ада болады, тұмсығы найзадай сүп-сүйір.

Кенет шалға «өлген екенмін,» - деген ой келеді, бірақ денесі сыздап ауырды, бұл - тіршілік белгісі.

«Егер сатылатын болса, аздап бақыт сатып алар едім...»

Түн ортасында акулалармен тағы айқасты, үйірмен келеді. Бұл ең соңғысы болады, жайынның құр сүйегі ғана қалады.

Шал демін әрең алды, аузына өгеше дім келді, қолқасы үзілгендей.

Шал Гаваньға жеткенде тып-тыныш бәрі ұйқыда.

Өзінің лашығына жеткенше бес рет аялдайды. Лашығына жетіп ұйқыға кетеді.

Ертеңіне бала шалға кофе әкеліп, аяп кетіп жылап алады.

Бала: «Мен сенің қолыңа бақыт құсын қондырамын,»-дейді.

Жайын басын Педрико алсын, мүйіз тұмсығын балаға береді.

Сол күні Террассаға туристер келеді, балықтың оыртқа сүйегін көреді.

Бұл - «Tiburón» ақула.

Ал шал лашығында ұйықтап жатыр, серік бала қасында, ал түсінде арыстандарды көріп жатты...

- ★ **Ұлттық құндылық:** табиғатпен үйлесімділік
- ★ **Түсінік+өз ойым:** Автор қандай жағдай болса да, үміт отын өшірмеу керектігін, берілмей, істеген істі соңына дейін жеткізу қажеттігін астарлайды.
- ★ **Ұқсас шығарма:** Әбіш Кекілбаев «Шыңырау»

АЛЕКСАНДР ПУШКИН «ЕСКЕРТКІШ» өлеңі (Ғ. Омаров)

- ★ **Тақырыбы:** Автордың өзіне баға беріп, ескерткіш орнатуы.
- ★ **Идеясы, түйіні:** Поэзияның биігін және өзінің гуманистік бағытын көрсету
- ★ **Тармақ, бунақ, буын саны:** 5 тармақ, 3 бунақ, 11 буын
- ★ **Ұйқас түрі:** қараөлең
- ★ **Әдеби теориялық ұғымдар:**

Ескерткіш орнаттым мен қолдан келмес, ЭПИТЕТ, ГИПЕРБОЛА

Ел ізі оған салған суи білмес. АССОНАНС

Асқақтап Александр мұнарасынан МЕТАФОРА

Жоғары оқшау шығып тұр ол дербес.

Жоқ, өлмен, жаным жасар өлеңімде,

Шірімей, жасаңғырар денем мүлде. ГИПЕРБОЛА

Бар болса **жалғыз ақын** ай астында, ЭПИТЕТ

Ардақтап қасиеттер мені әр күнде.

Дабысым ұлы Россияға кетер жалпақ,

Тіл біткен жүрер менің атымды атап. ГИПЕРБОЛА

Славян елдерінің пәк ұрпағы,

Қазіргі тағы тұңғыс, қырда қалмақ.

Халқыма сүйікті ұзақ болар жерім –

Туғыздым өлеңіммен мейірлерін.

Жыр етіп тар заманда еркіндікті,

Мархабат пақырларға тілегемін.

Уа, Муза! Құлағың сал, сөзіме бақ,

Жабықпа жәбірлеуден, тілеме атақ.

Мақтауды жаламенен тыңда салқын,

Тіреспе тіл үйіріп, не десе ақымақ! ИНВЕРСИЯ